

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік  
университетінің ғылыми журналы  
Научный журнал Павлодарского государственного  
университета имени С. Торайғырова

---

1997 ж. құрылған  
Основаи в 1997 г.



İ İ Ó  
ÕÀÁÀÐØ ÛÑÛ

ÂÃÑÒÍ ÈÊ Ì ÑÓ

ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ

**3** 2015

---

---

---

Научный журнал Павлодарского государственного университета  
имени С. Торайгырова

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на учет средства массовой информации  
№ 14210-Ж

выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия  
Республики Казахстан  
4 марта 2014 года

Жусупов Н. К., д.ф.н., профессор (главный редактор)  
Демесинова Г. Х., к.ф.н., доцент (зам. гл. редактора)  
Шахметова Н. А. (отв. секретарь)

**Редакционная коллегия:**

Брицын В. М., д.ф.н., профессор (Украина);  
Дементьев В. В., д.ф.н., профессор (Россия);  
Еспенбетов А. С., д.ф.н., профессор;  
Жусип К. П., д.ф.н., профессор;  
Трушев А. К., д.ф.н., профессор;  
Казимирова И. А., ст. науч. сотр. НАН, Украина;  
Маслова В. А., д.ф.н., профессор (Белоруссия);  
Пименова М. В., д.ф.н., профессор (Россия);  
Ыскак Д., д.ф.н., профессор;  
Хасанулы Б., д.ф.н., профессор;  
Нургожина Б. В. (тех. редактор).

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели.  
Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.  
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.  
Рукописи и дискеты не возвращаются.  
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна.

© ПГУ им. С. Торайгырова

**МАЗМҰНЫ**

<b>Абдуллаева Қ. М.</b> Қазақ жұмбақтарының зерттелуі .....	12
<b>Әбікенова Г. Т., Карипжанова Г. Т., Қадыров Ж. Т.</b> Баяндау мәтіннің мазмұндық және формальдық жақтары .....	21
<b>Әділбекова Л. М., Мырзақұлова Г. С.</b> Бауыржан Момышұлы және «Волоколамск тас жолы» .....	26
<b>Азаматова А. Х.</b> Интенция сөйлеу іс-әрекетінің маңызды компоненті ретінде .....	30
<b>Аязбаева В. Қ., Хан Н. К.</b> Көркем мәтін негізінде коммуникативтік қабілеттерді дамыту .....	37
<b>Әбдіқалық К. С., Муталиева Р. М.</b> М. Әуезовтің «Хан Кене» трагедиясындағы мәтіндік айырымдар .....	44
<b>Әділбекова Л. М., Мырзақұлова Г. С.</b> Қазақ қанатты сөздері туралы .....	50
<b>Бекбосынова А. Х.</b> Этномаркерлі сипаты бар теңеулер .....	54
<b>Даутова Г. Р.</b> Мифтік әлем .....	61
<b>Дәлелбекқызы А.</b> Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабоз» роман-диалогиясындағы Абылай хан бейнесі .....	67
<b>Ерғалиев Қ. С., Асанбаева Е. Б.</b> Әлемнің тілдік бейнесінің публицистикалық тақырыптардағы көрінісі .....	71
<b>Ерланова А. Е.</b> Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы этномәдени лексика .....	85
<b>Ерсултанова Г. Т., Сейдуллаева А. Х.</b> М. Шаханов поэзиясындағы фонетикалық эффект .....	92
<b>Жұмабекова Б. К.</b> Сөйлеудегі жүйе мен ортаның бірлескен іс-әрекетіндегі семантикалық қауіптер .....	99
<b>Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н.</b> Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «есік», «айна», «теңіз», «жіп», «кілт», «ақ» ұғымдары .....	104
<b>Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н.</b> Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «жақсы», «надан», «жүйрік», «адасу», «ұйықтау», «ояну» ұғымдары .....	110
<b>Зейнулина А. Ф.</b> Ілияс Есенберлин шығармаларындағы дәуір шежіресі мен тарихи тұлғалардың суреттелу көркемдігі .....	116
<b>Зейнулина А. Ф.</b> Қартқожа Тоғанбаев шығармашылығындағы дәуір тынысы мен халық тарихы .....	124

<b>Исмагулова Г. К., Капанова Д. Е.</b> Германиядағы пікірталастан кейінгі Қазақстандағы гендерлік буындардың сөзді қолдану мәселелері .....	131
<b>Ибраева Ж. К., Верецкак Ж. А.</b> Киім және аяқ киім кірме атауларының жастар социумындағы тілдік бейімделуі .....	137
<b>Казмирова И. А.</b> Украин тіл білімі терминологиясының қалыптасуында славян грамматикалық еңбектерінің ролі .....	144
<b>Кананьянов К. Н., Кадырова Б. М.</b> М. Ж. Көпеев шығармашылығы мен қазақ поэзиясының «Күміс ғасыры» .....	152
<b>Касымбекова А. Н., Карбозова Г. К.</b> Туыс емес тілдердегі есімшелердің қызметі (қазақ, орыс, латын, ағылшын, неміс тілдерінің материалдары негізінде) .....	159
<b>Мамедова М. Г., Жунусова Н. А., Рахметова А. Т.</b> Орыс тілі сабақтарындағы коммуникативтік құзыреттіліктің дамуы .....	166
<b>Манабаева А. К., Лабик К. В.</b> Аббревиатуралардың заманауи сөйленімде қолданылуы .....	172
<b>Момынова Б., Әнесова У. Ғ.</b> Қазақ халқының дәстүрлі ишарат-символдарының семантикасы .....	178
<b>Мұқышева Қ. С.</b> Қазақ дүниетанымындағы «дала» концептісінің ерекшелігі .....	186
<b>Мұсабаева М. Д., Акимқожаева Ш. К.</b> Тіл біліміндегі күрделі құрылымдар парадигмасы .....	193
<b>Мұхамеджанова Г. Т.</b> Керіктеуіш тілдік құралдардың түрлері .....	201
<b>Мұхитов Қ. С., Трушев А. Қ.</b> Мәшһүр-Жүсіп жинастырған мақал-мәтелдерінің зерттелуі .....	206
<b>Омарова Р. А., Кенжетева Г. К., Кенбаева Р. Д.</b> Аббревиатуралар немесе қысқарған сөздер .....	213
<b>Панзабек Б. Т., Куанышқызы У.</b> Көркем әдебиеттегі психологизм мәселесі .....	221
<b>Рустембаева Б. А.</b> Халықтық дүниетанымның тағылымдық-тәрбиелік мәнін ашудағы этно-фольклорлық сарындар (обал, сауап, кие т.б.) мен фольклорлық ұғымдардың көркемдік мәні .....	227
<b>Рысбаева Г. Қ.</b> Ертеде түркі халықтарының ағаш культін қастерлеу салты .....	233
<b>Саметова Ф. Т.</b> Концепт лингвистикалық және лингвомәдениеттанушылық категория ретінде .....	239
<b>Сапарова Н., Курманова З. К.</b> Библиографиялық қызметтің сипаты: терминологиялық аспект .....	248

<b>Сизов Д. В.</b> Ағылшын тіліндегі әлем суретіндегі «Жан» тұжырымын білдіру мен түсінігін зерттеу: антропоморфты және гендерлік белгісі .....	252
<b>Сизов Д. В.</b> Публицистік дискурста «Идеология» супертұжырымын нысаналау: диахрондық аспект .....	260
<b>Фоменко Е. С.</b> Second life виртуалды әлемдік дискурстағы ұлттық ұқсастылық .....	270
<b>Акпарова Г. Т., Мерғалиев Д. М.</b> Этномәдени дәстүрлердің даму тарихынан .....	277
Авторларға арналған ережелері.....	283

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абдуллаева К. М.</b> Исследования казахских загадок .....	12
<b>Абикенова Г. Т., Карипжанова Г. Т., Кадыров Ж. Т.</b> Содержательные и формальные стороны докладного текста .....	21
<b>Адилбекова Л. М., Мырзакулова Г. С.</b> Бауржан Момышулы и «Волоколамское шоссе» .....	26
<b>Азаматова А. Х.</b> Интенция как важнейший компонент речевой деятельности .....	30
<b>Аязбаева Б. К., Хан Н. К.</b> Развитие коммуникативных способностей на основе художественного текста .....	37
<b>Абдикалык К. С., Муталиева Р. М.</b> Текстовые различия трагедии М. Ауэзова .....	44
<b>Адилбекова Л. М., Мырзакулова Г. С.</b> О казахских крылатых словах .....	50
<b>Бекбосынова А. Х.</b> Этномаркерные сравнения .....	54
<b>Даутова Г. Р.</b> Мифический мир .....	61
<b>Далелбеккызы А.</b> Образ Аблай хана – героя романа-диалоги К. Жумадилова «Дарабоз» .....	67
<b>Ергалиев К. С., Асанбаева Е. Б.</b> Отражение языковой картины мира в публицистических заголовках .....	71
<b>Ерланова А. Е.</b> Охотничья этнокультурная лексика в произведениях Машхур Жусипа .....	85
<b>Ерсұлтанова Г. Т., Сейдуллаева А. Х.</b> Фонетический эффект в поэзии М. Шаханова .....	92
<b>Жумабекова Б. К.</b> Взаимодействие системы и среды в высказываниях с семантикой угрозы .....	99
<b>Жусупов Н. К., Баратова М. Н.</b> Понятия «дверь», «зеркало», «море», «нить», «ключ», «белый» в стихотворениях Машхура Жусипа .....	104
<b>Жусупов Н. К., Баратова М. Н.</b> Понятия «хороший», «невежественный», «скакун», «заблудиться», забрести», «спать», «проснуться» в стихотворениях Машхура Жусипа ...	110
<b>Зейнулина А. Ф.</b> Художественность изображений исторических личности и эпохальной летописи в произведениях Илияса Есенберлина .....	116
<b>Зейнулина А. Ф.</b> Портрет эпохи и история народа в творчестве Карткожа Тоганбаева .....	124

<b>Исмагулова Г. К., Капанова Д. Е.</b> К проблеме гендерных слогов словоупотребления в Казахстане (казахский язык и русский язык) исходя из спора в Германии .....	131
<b>Ибраева Ж. К., Верещак Ж. А.</b> Языковая адаптация заимствованных наименований одежды и обуви в молодежном социуме .....	137
<b>Казиминова И. А.</b> Роль ранних славянских грамматических трудов в становлении украинской лингвистической терминологии .....	144
<b>Канальнов К. Н., Кадырова Б. М.</b> «Серебряный век» казахской поэзии и творчество М. Ж. Копеева .....	152
<b>Касымбекова А. Н., Карбозова Г. К.</b> Функционирование причастий в неродственных языках (на материале казахского, русского, латинского, английского, немецкого языков) .....	159
<b>Мамедова М. Г., Жунусова Н. А., Рахметова А. Т.</b> Развитие коммуникативной компетенции на занятиях по русскому языку .....	166
<b>Манабеева А. К., Лабик К. В.</b> Употребление аббревиатур в современной речи .....	172
<b>Момынова Б. К., Анесова У. Г.</b> Семантика казахских традиционных жестов-символов .....	178
<b>Мукушева К. С.</b> Специфика концепта «степь» в языковой картине мира казахов .....	186
<b>Мусабаева М. Д., Акимкожаева Ш. К.</b> Парадигма сложных конструкций в языкознании .....	193
<b>Мухамеджанова Г. Т.</b> Виды выразительных языковых средств .....	201
<b>Мухитов К. С., Трушев А. К.</b> Изучение пословиц собраны Машхур-Жусупом Копеевым .....	206
<b>Омарова Р. А., Кенжетеева Г. К., Кенбаева Р. Д.</b> Аббревиатуры или сокращения .....	213
<b>Панзабек Б. Т., Куанышқызы У.</b> Проблема психологизма в художественной литературе .....	221
<b>Рустембаева Б. А.</b> Художественная ценность концепции фольклора и этно-фольклорных мотивов в раскрытии исследовательского и образовательного смысла в народном мировоззрении .....	227
<b>Рысбаева Г. К.</b> Древне-тюркский обычай почитания культа Дерева .....	233
<b>Саметова Ф. Т.</b> Концепт как лингвистическая и лингвокультурологическая категория .....	239
<b>Сапарова Н., Курманова З. К.</b> Характерность библиографической деятельности: терминологический аспект .....	248

**Сизов Д. В.**

Исследование понимания и выражения концепта «душа» в английской языковой картине мира: антропоморфные и гендерные признаки .....252

**Сизов Д. В.**

Объективация суперконцепта «идеология» в публицистическом дискурсе: диахронический аспект .....260

**Фоменко Е. С.**

Национальная идентичность в дискурсе виртуального мира Second life .270

**Акпарова Г. Т., Мергалиев Д. М.**

Из истории развития этнокультурных традиций .....277

Правила для авторов .....283

**CONTENT****Abdullayeva K. M.**

Research of Kazakh riddles .....12

**Abikenova G. T., Karipzhanova G. T., Kadyrov Z. T.**

Substantial and formal sides of memo text .....21

**Adilbekova L. M., Myrzakulova G. S.**

Bauirzhan Momysuly and «Volokolamsk highway» .....26

**Azamatova A. Kh.**

Intention as an essential component of speech activity .....30

**Ayazbayeva B. K., Khan N. K.**

Development of communicative abilities based on literally text .....37

**Abdikalyk K. S., Mutalyeva R. M.**

Text differences in the tragedy by M. Auezov .....44

**Adilbekova L. M., Myrzakulova G. S.**

About Kazakh winged words .....50

**Bekbosynova A. H.**

Ethno-Marker comparisons .....54

**Dautova G. R.**

The Mythical World .....61

**Dalelbekkyzy A.**

The image of Ablai khan in the novel-dilogy “Daraboz”  
written by Kabdesh Zhumadilov .....67

**Yergaliyev K. S., Asanbayeva Y. B.**

Reflection of a language picture of the world in publicistic headlines .....71

**Yerlanova A.**

Ethnocultural vocabulary of hunting in Mashkhar Zhusip’s works .....85

**Yersultanova G. T., Seidullayeva A. Kh.**

Phonetic effect in poetry M. Shakhonov .....92

**Zhumabekova B. K.**

The interaction between the system and the environment  
in the expressions of the semantics of the threat .....99

**Zhussupov N. K., Baratova M. N.**

The concept of “door”, “mirror”, “sea”, “thread”, “key”,  
“white” in the poems of Mashkhar Zhusip .....104

**Zhussupov N. K., Baratova M. N.**

The concepts of “good”, “ignorant”, “fast”, “get lost, wander,”  
“sleep”, “wake up” in the poems of Mashkhar Zhusip .....110

**Zeinulina A. F.**

Artistic image of historic people and epochal chronicle  
in Iliyas Esenberlin’s works .....116

**Zeinulina A. F.**

Portrait of an era and people history in the works of Kartkozha Toganbayev ..124

<b>Ismagulova G. K., Kapanova D. Y.</b> Zum problem des gundersilben sprachgebrauchs in Kasachstan (kasachisch und russisch) ausgehend von der debatte in Deutschland .....	131
<b>Ibraeva Zh. K., Vereshak Zh. A.</b> The language adaptation of borrowed items of clothes and shoes in youth society .....	137
<b>Kazymyrova I. A.</b> Historical aspects in formation of Ukrainian linguistic terminology .....	144
<b>Kanapjanov K. N., Kadyrova B. M.</b> «Silver age» of Kazakh poetry and heritage of M. Zh. Kopeev .....	152
<b>Kassymbekova A. N., Karbozova G. K.</b> The functioning of participles in unrelated languages (on material of Kazakh, Russian, Latin, English, German languages) .....	159
<b>Mamedova M. G., Zhunusova N. A., Rakhmetova A. T.</b> Development of a communicative competence at the Russian language lessons .....	166
<b>Manabayeva A. K., Labik K. V.</b> Usage of abbreviations in a modern speech .....	172
<b>Momynova B., Anessova U.</b> Semantics of Kazakh traditional gesture-symbols .....	178
<b>Mukusheva K. S.</b> Linguocultural specificity of the concept «steppe» in the language picture of the world of Kazakh people .....	186
<b>Musabaeva M. M., Akimkozhayeva Sh. K.</b> Paradigm of complex structures in linguistics .....	193
<b>Mukhamejanova G. T.</b> Types of expressive language means .....	201
<b>Mukhitov K. S., Trushev A. K.</b> Study of proverbs collected by Mashkhur Zhusup Kopeev .....	206
<b>Omarova R. A., Kenzhetayeva G. K., Kenbayeva R. D.</b> Abbreviations or shortenings .....	213
<b>Panzabek B. T., Kuanyshkyzy U.</b> The problem of psychology in imaginative literature .....	221
<b>Rustembaeva B. A.</b> The artistic value of the concept of folklore and ethno-folk motives in the disclosure of research and educational sense in the national outlook .....	227
<b>Rysbaeva G. K.</b> Ancient Turkic tradition of honoring the cult of Tree .....	233
<b>Sametova F. T.</b> Concept as linguistical and linguoculturological category .....	239
<b>Saparova N., Kurmanova Z. K.</b> Specificity of bibliographic activity: terminological aspect .....	248
<b>Sizov D. V.</b> Study understands and expresses the concept of «soul» in the English language picture of the world: anthropomorphic and gender signs .....	252

<b>Sizov D. V.</b> Objectification of the superconcept «ideology» in the publicistic discours: diachronic aspect .....	260
<b>Fomenko O. S.</b> National identity in the discourse of the virtual world Second Life .....	270
<b>Akparova G. T., Mergaliev D. M.</b> From the history of the ethnocultural traditions development .....	277
Rules for authors .....	283

**Қ. М. Абдуллаева**

магистрант, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

**ҚАЗАҚ ЖҰМБАҚТАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

*Мақалада қазақ жұмбақтарының зерттелу мәселелері қарастырылады.*

*Кілтті сөздер: жұмбақ, фольклор, жанр, сюжет, бейне, сипаттама, әдіс, ғылыми пікір, ауыз әдебиеті, тұжырым, көзқарас, табиғат, поэтикалық құрал, өлеңдік құрылым, тақырып, идея.*

Қазақ жұмбақтарын зерттеу ісі ХХ ғасырдың алғашқы жартысынан бастау алады. Оны қазақтың өз топырағынан шыққан зиялы қауым өкілдері қолға алды. Бұл кезеңде халық шығармаларын жанрлық ерекшеліктеріне қарай зерттеу жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде қазақ жұмбақтары да қарастырылып, оларға зерттеушілер тарапынан анықтамалар, сипаттамалар берілді. Қысқасы, осы тұста қазақ жұмбақтары өзіндік ерекшеліктеріне қарай жан-жақты талдау жұмыстарының негізі қаланып, өз алдына жеке зерттеу нысанына айналды. Сондықтан қазақ жұмбақтарының жүйелі түрде зерттеле бастаған кезеңі – Қазан төңкерісінен кейінгі Кеңестік дәуір.

Алайда қазақ жұмбақтары тек осы кезеңде, яғни Қазан төңкерісінен кейін ғана түбегейлі зерттелді десек, ол бұған дейін, нақтырақ айтқанда төңкеріске дейін ешқандай зерттеу жұмыстары жүргізілмеді деген сөз емес. Оған дейін де фольклортанушы ғалымдарының қазақ жұмбақтары хақында шағын болса да жазылған еңбектері мен мақалалары бар. Ондағы айтылған пікірлер мен тұжырымдар қазақ жұмбақтану ғылымының бастауы болғаны анық. Мұндай ой-пікірлер үлкен ғылыми зерттеу еңбектің міндетін атқара алмаса да, қазақ жұмбақтану ғылымының қалыптасуына әсер еткені даусыз. Шағын зерттеулердің ғылыми негізі аз болғанымен, ғылымның дамуына қосқан үлесі қомақты екенін мойындауымыз керек. Мәселен, фольклортанушы А. В. Васильевтің жұмбақ турасында жасаған пайымдауларынан қазақ жұмбақтарына тән ғұрыптық, тақырыптық, мазмұндық т.б. ерекшеліктер белгілі бір дәрежеде сипатталғанын көруге болады. А. В. Васильевтің қазақ жұмбақтарын бір жерге топтастырып шығарған «Киргизские загадки» атты екінші кітабындағы: «Жұмбақ жасыру кезінде топ-топқа бөлініп, көбіне әйел мен еркек болып екі жікке бөлінеді, не топ арасынан суырылып шыққан жеке кісілердің арасында болады» [1, 4 б.], – деген пікірі жұмбақтың айтылу ғұрпын толығымен сипаттап бере алады.

Сонымен қатар зерттеуші А. В. Васильев қазақ жұмбақтарының мазмұны туралы тұжырымдарында басқа халықтар секілді қазақ жұмбақтарында да белгілі бір жұмбақталатын зат өзара ұқсас келіп, келесі бір заттың қатысы арқылы анықталатынын, мәселен, айдың нанға, жұлдыздың ұсақ тасқа, аспанның төселген теріге, самаурын құлағының торай құлағына ұқсатылатынын, мұндай салыстырулардың астарындағы жеңіл күлкі тыңдаушы қауымның өзіндік қызығушылығын арттыра түсетіндігін өте орынды пайымдаған. Одан әрі А. Васильевтің жұмбақ жанрының поэтикалық құралы, өлеңдік құрылымы туралы айтқан ойларын қазақ жұмбағы турасында айтылған алғашқы тұжырым деуге болады. Ш. Керімнің: «Васильев – қазақ жұмбағы хақында ой түйіп, алғаш рет ғылыми пікір айтқан адам» [2, 12 б.], – деген сөзі ойымызды дәлелдей түседі.

В. Васильев қазақ жұмбақтарын жинау, жариялаумен қатар зерттеуде де зор еңбек сіңірді. В. Васильевтің қазақ жұмбақтарын зерттеудегі негізгі еңбектерінің бірі, оның жұмбақтарға жасаған тақырыптық жіктелісі.

Мәселен, «І. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» 1906 жылы А. В. Васильевтің толықтыруымен әрі алғы сөзімен екінші мәрте жарыққа шыққан. Онда қазақ жұмбақтары алғаш рет белгілі бір жүйемен беріліп, алғашқы рет тақырыптарға жіктелген. Осы кітапта Торғай облысынан жиналған жүз қырық жұмбақ бар. В. Васильев бұл жұмбақтарды үш топқа: әлемнің физикалық құбылыстары, жануарлар жөнінде, адамдар мен олардың үйлері және оны қоршаған заттар туралы деген тақырыптарға жіктеген» [2, 13 б.].

В. Васильевтің қазақ жұмбақтарын бұлай топтастыруы фольклортану ғылымындағы ең алғашқы қадам десек қателеспейміз. А. В. Васильев еңбектерінің жарық көргенін уақыттарын ескерсек, қазақ жұмбақтарын зерттеу жұмыстары Қазан төңкерісінен бұрын басталды деуге толық негіз бар.

Сонымен, қазақ жұмбақтарын зерттеуге алғашқы қадам Қазан төңкерісіне дейін жасалып, одан кейінгі кезеңдерде ғылыми негізі қалана бастады. Бұл тұста зерттеу жұмыстарын жоғарыдай айтып өткеніміздей, қазақтың өз топырағынан шыққан зиялы қауым өкілдері: А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин, М. Әбжанов т.б. ғалымдар өз қолдарына алды. Оны сол кездегі жарияланған зерттеу еңбектерінен көруімізге болады.

А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты зерттеу еңбегі 1926 жылы жарық көрді. Еңбек 15 тараудан тұрады. «Ауыз әдебиеті» атты тарауында тұңғыш рет қазақ фольклортану ғылымы тарихында: фольклордың ішкі жанрлық жағдайы, сюжеті, бейнелер жүйесі, тақырыптық-идеялық ерекшеліктері, әрі фольклорлық жанрлардың іштей жіктелу шарттары, фольклордың атқаратын түрлі қызметтері хақында, фольклорға халықтың көзқарасы т.б. – бәрі ғылыми жүйеге түсіп, теориялық тұрғыдан, тарихи-

типологиялық зерттеу әдісі негізінде сараланған. Ғалым «ауыз әдебиетін» жұмсалатын орнына қарай «сауықтама» және «сарындама» деп екіге бөлген.

А. Байтұрсынұлы сауықтамаға барша сауық үшін айтылатын сөздер, ал сарындамаға жұрттағы келе жатқан салт-сарынмен айтылатын сөздер кіреді де, оның әрқайсысы тарауға, тараулары тармаққа бөлінеді дей келіп, сауықтаманы іштей ертектете, әрі зауықтама деп қарастырған. Ертектетемені ермек үшін айтады дей отырып, іштей: ертегі, ертегісімек, аңыз әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш деп жіктеген.

А. Байтұрсынұлы зерттеу еңбегінде фольклордың жекелеген жанрларына алғаш рет тоқталып, олардың әрқайсысына ғылыми анықтамалар берген. Мәселен, ғалым жұмбақ жанрына келгенде, алдымен жұмбақ сөзінің төркінін түсіндіруден бастап, жұмбақтың жұмбақ деген аты жұмудан шыққанын, яғни қолдың ішіне бір нәрсені жасырып, жұмып тұрып, соны тап дегеннен шыққанын, алайда жұмбақта нәрсені қолға жұмып тұрып емес, ойды бүгіп айтпай қойып, сол нәрсеге ұқсас нәрселерді сипаттап айтып, ұқсастығы бойынша таптыратынын дұрыс айтып өткен [3, 112 б.]. А. Байтұрсынұлы жұмбақтың зейінді ұстартуға пайдасы бар екеніне де ерекше назар аударады.

А. Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқыш» атты зерттеу еңбегінде жұмбақтың негізі тәріздеу, яғни нәрсенің сипатын тәріздеп айту деп, оның мынадай түрлерін көрсетеді:

1) Жұмбақталатын нәрсені басқа бір нәрселерге тәріздеп айту:

а) Арбаны жұмбақ қылғанда, адамға тәріздеп сипаттау:

Ізі бар, қадамы жоқ аяғының,  
Тимейді ұшы жерге таяғының.  
Қолдарын хайуанға арта тастап,  
Салады әуезіне баяғының.

2) Басқа нәрсе тәріздендірмей, жұмбақталатын нәрсенің тек өз сипатын ғана айтып жұмбақтау:

Балықтың өз сипатын айту:

Бір нәрсе қанаты жоқ ұшпас биік,  
Сонда да жүрмейді екен жерге тиіп.  
Арасын жермен көктің өрт алса да,  
Кетпейді ешбір жері отқа күйіп.

3) Жұмбақталатын нәрсені бір ғана нәрсеге ұқсатпай, әр мүшесін әр нәрсеге ұқсатып, сипаттап жұмбақтау. Мысалы, шегірткенің әр мүшесін әр нәрсеге ұқсатып айту:

Ат басты, арқар мүйізді, бөрі кеуделі, бөкен санды, құс қанатты,  
құмырсқа ізді, бота тірсекті.

Ал жұмбақтың тақырыптық, құрылымдық жүйесіне А. Байтұрсынұлы арнайы тоқталмаған. Дегенмен, ғалым жұмбақтың аты – жұмудан шыққанын, яғни зейін ұстартуға белгілі бір нәрсені жұмып, оны ұқсас нәрселерге

сипаттап, ұқсастығы бойынша табудан туғандығын дұрыс анықтап берген. Бұл анықтама қазір де өз маңызын жойған жоқ.

М. Әуезов аталмыш жанрға нақты анықтама бермесе де, алғашқылардың бірі болып ғылыми пікір айтып, тұжырым жасаған адам. М. Әуезовтың жұмбақ туралы зерттеу мақаласы алғаш рет «Әдебиет майданы» журналының 1938 жылғы 10-санында жарияланды [4, 345 б.].

«Жұмбақ туралы» мақалада жұмбақтың халық шығармаларының ішіндегі ең ескі түрінің бірі және барлық жұрттың фольклорына ортақ түр екені, әуелгі туысы арғы, ерте заман болғанымен, жұмбақ бергі замандарда да, тіпті бүгінгі біздің дәуірімізде де керектік қасиетін жоймаған халық даналығының ең құнды мұрасы екендігі М. Әуезов тарапынан ерекше айтылады.

Шындығында да, қай кезді алсақ та жұмбақ өткір, ұшқыр сөз есебінде халық ортасында бағалы болғаны мәлім. Тіпті жұмбақты халықтың өзге тапқырлық сөздігі қатарында саяси құрал есебінде тап жауына қарсы қолданылған орындар да аз болмаған.

«Жалпы жұмбақты – сөз образының кілті есебінде тануға болады. Жұмбақ ақындықтың ұрығы, дәні тәрізді» [4, 140 б.].

«Жұмбақ өзге фольклорға қарағанда бітімі бөлек, ерекше затты деректі сөз. Сол деректілікті сүйетіндіктен жұмбақ әр заттың жағдай, бөлім-бөлшектеріне көбірек көз салады. Сонда халық өзіне керекті жақындығы бар заттарды көбірек жұмбақ етеді. Мысалы, ауылдағы шаруаның қолына ұстайтын аспап-құралының ішінде жұмбақ етілмейтіні жоқ. Және неше саққа мінгізіп, неше алуан етіп жұмбақтайды. Адамның өзін жұмбақ еткенде де құр «адам» деп, кесек тұлғасын бірақ алып, айтып қоймайды. Оның бар денесін, бар мүше-мүсінін түгел санап, жеке-жеке жұмбақ етеді» [4, 141 б.]. Демек, жұмбақ топтап, жалпылап айтпайды. Жалқылап, саралап, тармақ-тармағына бөліп айтады.

Жалпы жұмбақ тақырыбы адамның дүниетану жолындағы шамашарқын білдіреді. Оның көлеміне кіретін заттар: табиғат жайы, адам денесі, хайуанат пен өсімдік, бақташы, егінші елдің еңбек процесі, еңбек құралы, азын-аулақ техника жайы сияқтылар. Осы аталған жайлар еңбекші халықтың өзіне жанасатын жақтарынан ғана алынады. Мәселен, жанды затты алса өзімен көп кездесетін қасқыр, түлкі тәрізді алынады. Малдың төрт-түлігі түгелдей айтылады. Ұсақ жәндіктер: бит, бүрге, шыбын сияқтылар және солармен адамның алысуы айтылады. Мысалы: «Сарқыраманың ар жағында, Сылдыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр. Қынымадан жаныманы әкел» [4, 141 б.], – дегенде, қасқырдың қол малына қастық жасайтын қылығы, оның шаруаға келтіретін залалы, сонымен қатар өзен, қамыс жұмбақталған.

Ал жұмбақтың жасалу жолдарын сөз еткенде, А. Байтұрсынұлы жұмбақтың негізі тәріздеу, яғни нәрсенің сипатын тәріздеп айту деп, оны



жұмбақталатын нәрсені басқа нәрсеге тәріздеп айту; жұмбақталатын нәрсенің тек өз сипатын айту; жұмбақталатын заттың әр мүшесін әр нәрсеге ұқсатып сипаттау десе, М. Әуезов оны төмендегіше жалғастырады:

1) Затты көзге көрінген көрінісіне қарап сипаттау:

Қараша тауым қаралы болды,

Бір жауса кетпейтұғын зәрлі болды» – дегенде, бұл түске қарап сипатталған.

2) Затты құлаққа естілетін дыбысына қарай бейнелеу:

«Әуеден күбі түсті,

Күбінің түбі түсті» – дегені – күннің күркіреуін дыбыс белгісі арқылы сипаттап тұр.

3) Затты жақын нәрселерді парлап айту:

Біреудің бір ұлы бар және қызы,

Біледі ол екеуін дүние жүзі.

Ұйықтайды ұлы түнде, қызы күндіз,

Жүргенде білінбейді басқан ізі – деп, мұнда Күн мен айды бейнелеп тұр.

4) Заттың неден істеліп, неден пайда болғанын айту:

Өз елімде шөп едім,

Желкілдеген боз едім.

Қолға түстім қиылдым,

Он жерімнен буылдым (Ши).

Ғалымдардың бұл айтқандары жұмбақ жанрының жасалу негізін толық айқындап береді. Мәселен, жұмбақтың сөз қылған жайларын алсақ, «ол бірден нәрсені анықтай айтады, екінші – қайдан шыққанын, нәсілін айтады, үшінші – оның атқаратын міндетін айтады, болмысының диалектикасын баяндайды және жұмбақ нәрселерді қосып, парлап бір-біріне жасайтын қарым-қатынасы арқылы суреттейді» [4, 144 б.]. Әрине, осы жайлардың барлығын жұмбақ және ақындық сөзбен, теңеу, түрлі салыстырулармен келтіреді.

Жұмбақ – ауыз әдебиетінің көне түрі. Ол барлық елдің фольклорынан ерекше орын алады. Сондықтан «көп елдің жұмбақтарында ұқсас келетін бітімі де бар. Ол бұрынғы өткен шақтағы шаруашылық, қоғамдық құрылыстарға ұқсас болған себебінен. Сонымен қатар бүгінгі жаңа жұмбақтардың ішіндегі теңеу, салыстырулардың ұқсас кеп тұратындығы тағы бар. Мысалы: жаңа жұмбақтарда тракторды, паровозды ат, тұлпар деп теңестіру, аэропланды құс деп сипаттау халықтар тіршілігіндегі шаруашылық іргенің бір негізге құрылғандығынан» [4, 145 б.]

Қазақтың ертедегі әдет-ғұрып, тұрмыс-салтында да жұмбақтың алатын орны ерекше. Мысалы, әңгімелі әсем жыр, дастан атаулының талайының жұмбаққа соғып кететіні болады. Ертеде ердің даналығын, жүйріктігін жұмбақпен сынау машық болған. Ақындар жұмбақ үлгісімен хор айтуды

әдейі таңдамалы түр есебінде қолданады. Қазақ ақындарының жұмбақты жақсы бағалауының арқасында біздің көп жұмбағымыз өлең болып айтылады. Жұмбағы ғана өлең емес, шешуі де өлеңмен келетіні толып жатыр.

Мақала соңын М. Әуезов: «Бертін келе жұмбақ, қазақ ақындарының айтыс өлеңінен көп орын алатын болған. Жұмбақтың өзіндегі ақындық, көбінесе едәір күшті ақындық болады. Сондықтан ақындар жұмбақ үлгісімен хор айтуды әдейі таңдамалы түр есебінде қолданады. Қазақ ақындарының жұмбақты жақсы бағалауының арқасында біздің көп жұмбағымыз өлең болып айтылады. Жұмбағы ғана өлең емес, шешуі де өлеңмен келетіні толып жатыр. Біздің уақытымызда жұмбақ өз бағасын жойған жоқ. Жастар ойын-сауық кештерінде әлі де ермек етеді» [4, 146 б.], – деп түйіндейді.

Алайда бұл М. Әуезовтың жұмбақ туралы ғылыми пікір айтқан жалғыз еңбегі емес. М. Әуезов Л. Соболевпен бірлесе отырып орыс тілінде жазылған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты мақаласында да жұмбақ турасында өз пайымдауларын жасайды.

Аталмыш еңбекте қазақ жұмбақтары екінші бөлімге ертегі, аңыз, мақал-мәтелдермен бірге топтастырылған. «Бұл тарауда фольклордың ең ұсақ жанрлары мақал-мәтелдер, жұмбақтар бұрынғы зерттеушілердің назарларынан тыс қалып келгендігі ескеріліп, оларға тиісті әдеби, ғылыми талдау берілген. М. Әуезов пен Л. Соболев мақал-мәтел, жұмбақтарға арналған бөлімінде халық фольклорының осы сияқты ұсақ үлгілерінің жанрлық ерекшеліктеріне арнайы тоқтала келіп, оларды тудырған халықтың ақындық дарыны ғана емес, ойшылдық, философиялық даналығын ерекше бағалайды. Сондай-ақ ғалымдар олардың өлең түрінде келетінін ескере отырып, оларда ассонанс, аллитерациялар мол ұшырасатынына, мағына-мәні мейлінше терең болатынына, халықтың мал баққан тұрмысына байланысты образдар мол екеніне т.б. ерекше көңіл бөлген» [5, 100 б.].

М. Әуезов пен Л. Соболевтің бұл еңбегінен қазақ жұмбақтарын зерттеу жұмысының бұрынғыдан тереңдеп, жаңа биікке көтерілгенін көреміз. Алайда мұндағы қазақ жұмбақтарының өз алдына жеке қарастырылмағанын айта кеткен жөн. Дегенмен, жалпы ерекшеліктерінің ескерілуін жұмбақтану ғылымының дамуына қосылған зор үлес ретінде бағалауға болады.

Қазан төңкерісінен кейінгі Кеңес үкіметі тұсында Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» атты бірінші кітабы (Билер дәуірінің әдебиеті) жарық көрді. Осы еңбекте С. Сейфуллин қазақ жұмбақтарына да назар аударады. Оның ішінде ерекше тоқталатыны – жұмбақ айтыс. Зерттеуші жастар бас қосқан жердегі көбірек айтылатын ойын-күлкі сөзі – жұмбақ айтысу екендігін, жұмбақ айтысу хат, жазу білмеген көшпелі елдің жастарының ерте бастан өз әлдерінше зейіндерін тапқыштыққа үйретіп, тәрбиелейтін, тілін ұштайтын, сөзді үйлестіріп, ұйқастырып айтуға жаттықтыратын сабақ тәрізді екендігін атап көрсетеді.

Сондай-ақ С. Сейфуллин жұмбақ айтысының мынадай ерекшелігіне көңіл бөледі: «Мал баққан көшпелі елдің жұмбақ айтысу білмейтін жасы болмаған. Сөзді үйлестіріп, ұйқастырып, айтуға төселген жастар жұмбақты ойынан шығаратын болған. Тұрмысында, қиялында бар нәрсенің бәрін өзінше шеберлеп жұмбақ қылған», – дей келіп, әрі қарай: «Жұмбақты, көбінесе өлшенген, ұйқастырылған, тапқақты сөзбен айтып шығаратын болған. Және кара өлеңнің өлшемімен ұйқастырылуымен де шығаратын болған» [6, 131 б.], – деп, зерттеуші сол кездегі жұмбақ айтыстың екі түрлі жолмен жасалатынын айтып өткен. Кітапта жиырма жұмбақ үлгісі жауабымен берілген.

Қазақ жұмбақтарының ғылыми тұрғыдан зерттелуін сөз еткенде, ғалым Ә. Марғұланның еңбегіне соқпай өту мүмкін емес. Себебі ол қазақ жұмбақтану ғылымының дамуына зор үлес қосқан адам.

Ә. Марғұланның қазақ жұмбағы туралы тұңғыш зерттеуі 1948 жылы баспа бетін көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбектің фольклорға арналған бірінші томына енген. Ғалым өзінің мақаласында қазақ жұмбақтарының зерттелу тарихына, тақырыптық ауқымына, образдық жүйесіне т.б. кеңірек тоқтала келіп, өзінен бұрынғы және өзі ел аузынан естіген мәліметтерді келтіре отырып, өз байламдарын жасаған. Мәселен, ғалым: «Жұмбақ айтушы адамдар оның мазмұнын, көбінесе өзінің істейтін кәсібіне қарай үйлестіріп, не көрсе, не істесе соны жұмбақ қылатын болған. Мәселен, егінші егін туралы жұмбақ айтса, бақташы мал туралы айтады. Пішенші шөп шабатын еңбек құралын жұмбақ қылатын болған. Аңшы жыртқыш аң туралы айтса, мерген атқыштығын айтады», – дейді [7, 289 б.]. Мұны орынды айтылған пікір деуге болады. Себебі жұмбақшы көзіне көрінген не болса соны, құлағы шала-шарпы естіген нәрсені емес, өзіне сыры мәлім заттарды жұмбақтайтыны мәлім.

Сонымен қатар Ә. Марғұлан бұл мақаласында қазақ жұмбақтары адамның дүниетану жолындағы ой-өрісі мен қиялының белгілі бір сатысын көрсететінін, ой тапқыштығының ерекше бір көрінісі екенін ерекше айтып өтеді. Әрине, тіл шеберлігіне ерекше көңіл бөлген алғыр халық қай заманда да болмасын, жаратылыста, адам ойында болатын барлық пайдалы заттарды жұмбақтап айта білген.

Әрі қарай ғалым қазақ жұмбақтарын тақырып бойынша 5-ке жіктеп көрсеткен: біріншісін – жаратылыс, екіншісін – адам, үшіншісін – жасанды зат, төртіншісін – еңбек, бесіншісін білім жайында деп бөлген. Сонымен бірге мақалада жұмбақтардың қысқа түрде мереке, сауық үстінде айтылатыны, бір кездері даналықты, кемеңгерлікті жұмбақпен сынау әр жұрттың салтында болғаны т.б. сөз болады. Одан әрі мысалдар рет-ретімен беріліп, олардың мазмұны әдебиеттану талаптарына сай талданған. Мәтін мазмұны көбінесе еңбекші халық тіршілігімен байланыстырылған. Сондай-ақ Қазан төңкерісінен кейінгі пайда болған жұмбақтардың жаңадан жасалып

жатқан социалистік құрылыстың жаңалығын дәріптейтініне ерекше назар аударылған.

М. Ғабдуллин жұмбақтың алғашқы тууы туралы мынадай пікір білдіреді: «Алғашқы кезде адам баласына дүниедегі заттардың, жаратылыс құбылыстарының барлығы, олардың сыры, неден жасалатындығы мәлім болмаған, жұмбақ олған. Бірақ адам баласы сол жұмбақты шешуге тырысқан, білу жолын қарастырған, айнала қоршаған жаратылыс дүниесін, оның құбылыстарын, еңбек-кәсіп құралдарын, әртүрлі хайуанаттар жайын бір-біріне салыстыру арқылы тануды көздеген. Ол үшін өздеріне таныс бір затты екінші бір бейтаныс затқа салыстыра отырып немесе сол заттардың бір-біріне ұқсас белгілеріне қарап, олардың қандай зат екендігін, неден шыққандығын анықтаған. Жұмбақтың алғашқы үлгілері осылай шыққан» [8, 121 б.]. Бұл – тарихи шындыққа негізделген пікір.

Бертін келе, адам баласының ой-өрісі, дүниетанымы, білім көлемі ұлғайған кезде, жаратылыс дүниесінің және заттардың шығу сырын анықтап аңғарған кезде жұмбақтардың алғашқы қалпынан өзгере бастағаны мәлім. М. Ғабдуллин бұл кезде шығарылған жұмбақтарда адамға таныс заттардың немесе жаратылыс құбылыстарының сыртқы белгілеріне ғана қарап жұмбақтың шығарылатынын, сонымен бірге жұмбақ заттың өзін айтпай, оның түр-түсін, сыртқы белгілерін, жұмбақ болып отырған затқа ұқсас жақтарын сипаттап, ал заттың атын жасырын ұстайтынын айта келіп, мынадай анықтама береді: «Ойға алған нәрсенің өзін айтпай, оның сырт көріністерін, сыртқы белгілерін қысқаша сипаттауды, солар арқылы жұмбақ етілген затты табуды жұмбақ дейміз» [8, 122 б.].

Жұмбақтың алғашқы үлгілері ертедегі адамдардың тұрмыс-тіршілігіне, еңбек-кәсіп ету жайларына байланысты туып, кейіннен халық өмірімен біте қайнасып, талай ғасыр бірге жасасып, өзінің қалыптасу мен даму процесінде жаңа мазмұн, жаңа тақырып алып отырғанын. Ауыз әдебиетінің басқа жанрларына қарағанда, жұмбақ – өсу, ұлғаю, үстінде болған, әрбір дәуір туғызған жаңалықтарды бойына жинап келген.

М. Ғабдуллин жұмбақтың тақырыптық ауқымын сөз еткенде: «Жаратылыс дүниесі, табиғат жайы, еңбек-кәсіп құралдары, хайуанаттар мен өсімдіктер, адам және оның өмірі, өнер-білім, техника - жұмбақтардың басты тақырыбы» - дей келіп, алайда олардың қайсысы қай кезде туғандығын дәл көрсету, толық хронологиясын беру қиын екенін, дегенмен, өнер-білім, техника жайында шығарылған жұмбақтардың ХІХ ғасырда туа бастағанын, олардың көп әрі тақырыбы және мазмұны жағы да күрделі екендігін бағамдаған.

Қорыта келгенде, қазақ жұмбақтарын зерттеуге алғашқы қадам Қазан төңкерісіне дейін жасалып, одан кейінгі жылдары жандана түсті. Осы тұста жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақ жұмбақтарының ғылыми жүйеге негізделгенін көрсетеді. Сол кездегі қазақ жұмбақтарының шығу,

даму, қалыптасу негізіне байланысты айтылған ой-пікірлер мен жасалған тұжырымдар әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Киргизские загадки. Оренбург. – 1900. – 60 с.
- 2 **Керім, Ш.** Қазақ жұмбағы. – Алматы : Арыс, 2007. – 272 б.
- 3 **Байтұрсынов, А.** Әдебиет танытқыш. – Алматы : Атамура, 2003. – 208 б.
- 4 **Әуезов, М.** 20-томдық шығармалар жинағы. – 17-том. – Алматы : Жазушы, 1985. – 280 б.
- 5 **Молдаханов, Ә. М.** Әуезов және фольклор. Монография. – Алматы : Дәуір, 2005. – 248 б.
- 6 **Жүсіпов, Н. Қ.** Қазақ фольклорын зерттеу мәселелері: ХХ ғасырдың бірінші жартысы: Оқу құралы. – Павлодар : Кереку, 2012. – 217 б.
- 7 Қазақ әдебиетінің тарихы. – 1-том. Фольклор. Алматы, 1948. – 438 б.
- 8 **Ғабдуллин, М.** Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы : Рауан, 2013. – 456 б.

Материал 15.06.15 баспаға түсті.

*К. М. Абдуллаева*

#### **Исследования казахских загадок**

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 15.06.15.

*К. М. Abdullayeva*

#### **Research of Kazakh riddles**

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.  
Material received on 15.06.15.

*В данной статье рассматриваются проблемы исследования казахских загадок.*

*The problems of the Kazakh riddles study are considered in this article.*

ЭОЖ 81' 42

### **Г. Т. Абикенова<sup>1</sup>, Г. Т. Карипжанова<sup>2</sup>, Ж. Т. Қадыров<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Астана қ.;  
<sup>2</sup>ф.ғ.к., С. Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,  
Павлодар қ.; <sup>3</sup>ф.ғ.к., доцент, қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі,  
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Петропавл қ.

### **БАЯНДАУ МӘТІНІНІҢ МАЗМҰНДЫ ЖӘНЕ ФОРМАЛЬДЫҚ ЖАҚТАРЫ**

*Мақалада қазақ баяндау мәтінінің мазмұндық және формальдық жақтары қарастырылады. Сөйлеудің мазмұны, қатынас жағдайы, оның қолданысы мен бағыты әр түрлі болатындығы және тілдік единицалардың тіркесуі мен бірыңғай әрекеттесу сипаты да әр қилы екендігі талданады*

*Кілтті сөздер: лексика, грамматика, тілдік единица, экстралингвистикалық фактор, стиль*

Тіл бірліктерінің эмоционалды бояулары, лексика-грамматикалық тұлғалардың экспрессивті – эмоциональды ерекшеліктері сөйлеуде түрлене қолданылып, сөйлеушінің ойын толық және мазмұнды жеткізуіне көмектеседі. Сөйлеудің мазмұны, қатынас жағдайы, оның қолданысы мен бағыты әр түрлі болатындықтан, тілдік единицалардың тіркесуі мен бірыңғай әрекеттесу сипаты да әр қилы.

Тілдік единицаларының «кітаби-ауызекі» деп бөлінуі (немесе салалар бойынша: ғылыми, публицистикалық, іс-қағаздар т.б.) көп жағдайда іс жүзінде қолданғанда бұзылып жатады. Әдеттегі сөйлеуде кенет техникалық термин, ғылыми синтаксис немесе ресми іс-қағаздарының үйреншікті үлгілері кездесе қалады. Газеттік очерк не репортажды алып қарасак, ауызекі сөйлеу түрлері газет тіліне тән тіркестермен қатар келетінін көру қиын емес. Сондықтан, тілдің іс жүзінде қолдануын зерттеуде тіл стилистикасы, оның заңдылықтары мен нұсқауларын білу жеткіліксіз. Тілдік единицалардың сөйлеудегі қолданысының сипаты мен ерекшелігін экстралингвистикалық факторлар анықтайды. Стилистика мәселелерін зерттеуші белгілі ғалым

М. Н. Кожина: «Стиль тек ғана тілдің қолданылуында пайда болады, яғни, экстралингвистикалық факторлардың арақатынасының мақсатқа сәйкес не сәйкес емес тілдік құралдардың белгілі бір коммуникативтік мәселені орындауымен бағаланады. Тілдік бірліктердің қолданылуы, стильдің жасалуы неғұрлым бос кеңістікте емес, ал нақтылы, типтілік болса да,

дәстүрлі жағдайларда пайда болатындықтан, соғұрлым бұл құбылыстар сол жағдайлардың контекстінде зерттелуі тиіс» [1], – дейді.

Экстралингвистикаға мазмұнды және коммуникативті факторлар жатады. Мазмұнды факторлар сөйлеу мәселесі сөйлеудің нақтылы тақырыбының ерекшеліктерімен анықталады. Коммуникативті факторлар сөйлеуші және тыңдаушының ара қатынасының есебінен құрастырылады. Мұнда бірінші, мақсатты бағдар, сөйлеушінің таңдауы бойынша сөйлеудің жалпы стратегиясы және екінші, сипаты, яғни ерекшеліктері, өзіндік дәрежесі – мәдени, білімділік, жас ерекшелігі т.б. – тыңдаушы аудиториясы маңызды болып табылады.

Экстралингвистикалық факторлар лингвистикалық факторлардың өзіндік әрекеттерінің алдын анықтайды (стильдің – мәтінде қолдануын). Соңғысы мәтіннің жалпы сипатын, оның стилін құрастырады.

«Стильдің қосындысы көп, – деп жазады К. Федин. – Оны меңгерудің қиындығы – олардың өмірде абсолютті түрде жоқтығында. Бірғақ, әуезділік, сөздік, құрылым – бұлар тәуелсіз өмір сүрмейді, бұлар шахмат фигуралар тәрізді байланысқан; шахмат тақтасының үстіндегі фигураларды өзгертпейтіндей етіп тасын қозғауға болмайтыны сияқты, әдеби шығармада да тек қана ырғақты, сөздікті стильдің басқа қосындыларына әсер етпей «түзеуге» болмайды» [2].

Сондықтан мәтінді зерттеудің бір жағы – формальдық ерекшеліктерімен ғана шектелуге болмайды. Бұл жағдайда біз тіл стилистикасының аясынан шыға алмаймыз. Соңғысы да әлеуметтік шындықты ескереді, себебі тілдің дамуы белгілі дәрежеде қоғамның дамуымен шартты, бірақ стилистикалық факторларды синхронды зерттеуде нақтылы мазмұнынан, семантикасынан (мәселен; қыдырымпаз; бағылдық; іске асыру – сөздерінің стилистикалық мәнерлілігі кез келген мәтінде көрінеді), ал тілдік единицалардың стильдік мәнерлілігі олардың нақты шындықпен сәйкестігімен, сондай-ақ мәтіннің құрылымы мен ұйымдасу ерекшеліктерімен шартты.

Бұл көркем мәтінге, поэтикалық мәтінге сай, оларда сөздің семантико-стилистикалық шамасы өзектенеді.

Жазушының тілге, оның ішінде ана тіліне, оның өткенімен бүгінгісіне, даму жолы мен бағытына деген көзқарасын біліп барып, сол жазушының өз шығармалары тілін талдап – тану дұрыс болмақ. Әдетте, жазушының көркем әдебиеттегі тілі мен тек жұпыны ұғымның тілі болып қоя алмайды. Ұғым, түсінікпен қатар, ой мен сезімге де бірдей әсер етерлік айшықты тілмен әсем сөйлеу шарт. Жазушы әрбір сөзді, әрбір грамматикалық тұлғалар мен тәсілдерді шығарма идеясы мен стиліне орайластыра «ойната» біліп, жұмсай алады. Көркем әдебиет мәтініне жақын келетін мәтін көркем публицистика. Мәтін әдебиет пен публицистикадан анағұрлым алшақ болып, ресми салаға немесе ғылыми қатынасқа жақын болған сайын, сөздің қолданысы соғұрлым

байсалды да қарапайым және нақты болып келеді. Бірақ көркем сөзге тән стилистикалық ерекшеліктер мен сипаттар мүлде жойылып кетпейді. Бұл жөнінде М. Н. Кожина былай дейді: «Сөйтіп, ғылыми стильдің ееркше сипаты деп түсініктілік пен қисындылықты танығанмен, одан бейнелілікті, эмоционалдылікті, экспрессивтілікті белгілі бір дәрежеде айыруға болмайды. Еске салып кететін, соңғы сипаттар, белгіленген экстралингвистикалық факторлардың әрекет күшімен, ғылыми стильден принципті түрде жойылып кете алмайды» [1].

Мұнда эмоционалды-экспрессивті элементтердің ролі анық болатын белгілі ғылыми мәтіндер сөз болып тұрған жоқ.

Баяндаудың стилистикалық мәтінін талдаудың әдіскерлік негізі қалып пен мазмұнның жағдайы және сол екеуінің ауызша шығармадағы диалектикалық арақатынасының байланысы болып табылады. Стилистикалық талдаудың мақсаты мәтіннің жеке элементтерін оларды бір жақты бөліп шығару шарттарын қарастырады, бірақ бұл жағдайда да олардың арақатынасын мазмұнмен, түрлі типті мәтіндердегі өзара қатынасын естен шығармау керек. Форма материалды ретке келтіреді, ұйымдастырады, онымен диалектикалық түрде арақатынасқа түседі. Форма (қалып) өзіне немқұрайлы қарағанды ұнатпай, тыңдаушының мазмұнды, автор ойын дұрыс ұқпауына әсер етеді. «Барлық көркем шығарманың басты шарты – идеяның формамен, форманың идеямен үйлесінділігі, оның құрылымының біртұтастығы» – дейді Белинский. Бұл тек көркем әдебиетке ғана тиімді емес.

Мазмұнның бастапқы екеніне нұсқай отырып, форманың мазмұнды ұйымдастырудағы, құрастырудағы қызметінің маңыздылығын айрықша атап көрсету қажет. Түрлі типті мәтіндерде форма категориясы мен мазмұн сипатының көрінісі бірдей емес. Форма мен мазмұнның өзара әрекеті әдеби көркем мәтіндерде, публицистикалық мәтіндерде, белгілі ғылыми әдебиетте, кеңінен – жалпы коммуникация тілінде ең күрделі және өзінше ерекшелене түседі.

Мәтіннің жалпы құрылымдық ерекшеліктерін талдай отырып, оларды тақырып, идея сияқты мазмұнды түсініктермен арақатынаста қарап, олардың ерекшеліктерін нақты жағдайда көрсету керек.

Бұл қоғамдық маңызы бар жалпы халықтық тілде кез келген мәтін үшін де лайық. Форма мен мазмұн бірлігінің принципін бұзу – ол публицистикада – мазмұнсыз, мәнсіз мақалалар мен баяндамаларға, ғылымда – терминологиямен еліктегендікке, іскерлік салада заңдарды түсіндіруде түсінбеушілік пен қайшылыққа әкеп соғады.

Мәтін әдеби-көркем мәтіннен анағұрлым алшақ болған сайын, соғұрлым іскерлік мәтінге жақынырақ болады да, элементтердің қарым-қатынасының құрылымы қарапайымданып шындықпен тіл тікелей және көбірек байланыста болады.

Бұл, әрине, форманың қарапайымдануын және типтің көбеюінің мүмкіндігін туғызады. Формальды типтер (форманың белгілі дерексізденуі, көркем әдебиет үшін де мүмкін – бұдан жанрдың классификациялануы туады (типтер мен жанрды айыру басталады). Баяндаудың басқа салаларындағы типтік формалар едәуір анықталған, олардың белгілерін көру және суреттеу оңай. Іскерлік тілде мәтіннің формальды белгілері соншалық анық және тұрақты (синхронды тұрғыдан), типті стандартталған (бұл негізі мәтіні дайын болып, тек кейбір өзгешеліктерді ғана енгізетін дайын форма). Бұл – іскерлік салаға игі стандартизация әдебиет пен оған жақын публицистика жанрына, газет сөзіне мүлдем қайшы. Бұл екеуі – іскерлік сала және көркем әдебиет саласы – ерекше әдісті талап етеді. Сондықтан, әрине, негізгі сала, тіл стилистикасының базасы (негізі) – жалпы халықтық тіл, жазбаша және ауызша тіл.

Форма мен мазмұн бірлігін, форма мазмұндылығының фактісін және мазмұнның ұйымдасуын мойындағанда, ең алдымен стилистикалық талдау мәтіннің құрылымын, мазмұнның ұйымдасқанын айқындау болып табылады. Бұл өз алдына стилистикалық талдау әдісін анықтайды: ол ең алдымен тілдік фактілерге емес, олардың ұйымдасу тәсіліне, олардың байланысы мен арақатынасына құрылуы тиіс, ол жеке тілдік сипатты (көркем бейнелі) зерттеумен, суреттеумен шектелмеуі тиіс. Басқа сөзбен айтқанда, мәтін ол жиынтық емес, ол – ұйым, ендеше лайықты талдау қажет. Сондықтан стильдік талдауда единицалардың стильдік сипатын емес, біріншіден, мәтіннің құрылымдық – композициялық негізінде, екіншіден, конструктивті тәсілдеріне айрықша назар аударылуы тиіс.

Тіл стилистикасындағы лингвистикалық талдау мәтін неден жасалған деген сұраққа жауап беру керек. Тіл стилистикасындағы лингвистикалық талдау мәтін қалай жасалды деген сұраққа жауап беру керек.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, тіл стилистикасын тіл шығармашылығының құрылымдық ерекшелігін зерттейтін, мәтіннің құрылымдық принциптері мен стилистикалық тәсілдерін ұйымдастыратын, яғни, тілдің қолданылу типтерін зерттейтін лингвистикалық пәнге жатқызуға болады.

Мәтінді стилистикалық талдауға былай келгенде, стилистикалық ұғымдар мен категориялар ерекше мәнге ие болады. Мәселен, дұрыс сөйлеу – беделді болудан қалуы мүмкін, бейнелілік – сөйлеудің кемістігі болуы мүмкін, керісінше, әдетте теріс деп саналатындар, дұрыс және қажетті болып танылуы мүмкін.

Тіл стилистикасы тәжірибе жүзінде: тілдік шығарманы түбегейлі және тереңірек түсінуге бейімделген; бұл үшін тіл стилистикасының әдісімен мәтін (көркем емес) құрастыруға көмектесу; бірақ мұнда да синтезге талдау арқылы жетеміз.

Қорыта айтқанда, стилистикалық талдау негізі ойды, сөйлеу шығармасының басты идеясын түгелдей және терең түсінуге апаруы қажет.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Кожина, М. Н.** Сопоставительное изучение научного стиля и некоторые тенденции его развития в период научно-технической революции. - В.сб. : Язык и стиль научной литературы. – М., 1977. – С. 6.

2 **Федин, К.** Собр. соч. – М., – т 9. – 360 с.

Материал 20.07.15 баспаға түсті.

*Г. Т. Абикенова<sup>1</sup>, Г. Т. Карипжанова<sup>2</sup>, Ж. Т. Кадыров<sup>3</sup>*

### Содержательные и формальные стороны докладного текста

<sup>1</sup>Казахский инновационный гуманитарно-юридический университет, г. Астана;

<sup>2</sup>Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар;

<sup>3</sup>Северо-Казахстанский государственный университет имени М. Козыбаева, г. Петропавловск.

Материал поступил в редакцию 20.07.15.

*G. T. Abikenova<sup>1</sup>, G. T. Karipzhanova<sup>2</sup>, Z. T. Kadyrov<sup>3</sup>*

### Substantial and formal sides of memo text

<sup>1</sup>Kazakh innovative humanitarian-legal university, Astana;

<sup>2</sup>S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar;

<sup>3</sup>M. Kozybaev North-Kazakhstan State University, Petropavlovsk.

Material received on 20.07.15.

*В данной статье рассматриваются содержательные и формальные стороны казахского докладного текста. Анализируется содержание разговора, ситуация отношения, разновидность его потребления и направления, а также разносторонность комбинирования языковых единиц и вида единых действий.*

*This article discusses the substantial and formal aspects of the Kazakh memo text. There is analyzed the content of the conversation, the situation of relationship, a the kind of consumption and direction, as well as the versatility of combining linguistic units and the type of united actions.*

**Л. М. Адилбекова<sup>1</sup>, Г. С. Мырзакулова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>к.ф.н., и.о. профессора, кафедра казахской литературы; <sup>2</sup>магистрант, кафедра казахской литературы, Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы

**БАУРЖАН МОМЫШУЛЫ И  
«ВОЛОКОЛАМСКОЕ ШОССЕ»**

*В данной статье рассматриваются литературно-художественные ценности повести Александра Бека «Волоколамское шоссе».*

*Ключевые слова: тема военной тактики, образы Бауыржана, Панфилова, художественная особенность повести.*

2-ші кісі. Садаға кетсін өзге төреден..... солар енді аяғынан алмаса екен десеңші мынаның.....»,– деп пьесадан осындай үзіндіні көрсете отырып, «Кене басқа төрелерден бір төбе, шенге сатылмайтын қазақтың қамқоры болып көрінетіні рас. Бұл тарихи шындық екені деректерден белгілі. Бірақ сол кезде бұл шындық нағыз «ұлтшылдық» бастамасы еді» [3, 3] деген сияқты пікірлерден кейін пьесаның екінші нұсқасынан Қасым мен Кенесарының есімдері бар бұл жолдардың алынып тасталғанының мәнісі де түсінікті бола бастайды. Бәлкім өткен ғасырдың отызыншы-қырықыншы жылдарында Кенесары туралы пікірлердің екіге бөлініп, Кенесарыны халқының еркіндігі үшін алысқан күрескер дегендерден гөрі бұл тұлғаны хан тағы үшін күрескен, халықты азапқа салған қатыгез деп кіналап жатқан пікірлердің басым тұсында бұл пьесаның сынға ұшырауы да табиғи құбылыс шығар.

Прологтегі екінші көрініс бойынша бірінші нұсқадағы «3-жігіт. Бұл **алаиш** ұранды **қазаққа** біткен батырдан батыр да, ақыннан ақын, балуаннан балуан қалмаған-ақ шығар, бәрі де осында-ақ білем» (100-бет) деген сөйлемдегі «алаиш» сөзі екінші нұсқада «қазақ», ал бірінші нұсқадағы «қазаққа» сөзі екінші нұсқада «халыққа» (178-бет) болып өзгертілген.

Прологтегі үшінші көрініс бойынша бірінші нұсқадағы «2-шал. ...**Алуан-алуан игі жақсылар бәрі бар ғой, өзіміз естігеміз де, көргеміз де жоқ бұндайды**» (101-бет) деген сөйлемдегі алдыңғы жай сөйлем, «1-шал. **Тігілген бәйге қандай... Бір жетімнің өзіне тоғыз кісі шығарылды**» деген сөйлемдердегі соңғы сөйлем, «2-шал. **Иә, бәйгенің бәрі жетім бастатқан тоғыздан**» деген сөйлем, «3-шал. **Тек жолдары болсын байғұстардың... Кешегі өлген Исатай мен бұл Кененің ісі бір бөлек жол ғой...**» деген сөйлемдердегі екінші сөйлем екінші нұсқада (179-бет) кездеспейді.

Сонымен қатар үшінші көріністің соңындағы: «1-шал. **Айтшы, әлгі жерде қалады ғой енді. Ә, ә, қасында әлгі бала бар ма, жоқ па?.. (артына қарап) Болдырып жүрер ме екен?..**

3-шал. **(Басын шайқап). Аунаса (...)** тұр еді. **Жазым болмаса игі еді.**

2-шал. **Аттардың өзін суартып отқа жіберу керек еді. Күні бойы аштан қатып бұралып қала ма, қайтеді? Балаға айтып кетіп ем, қайтти екен өзі. (Алдыңғыларынша өтіп барып, соларға қосылып сахнада жарым-жартысы көрініп отырады)**» деген сөйлемдермен қоса, прологтегі төртінші көрініс пен бесінші көрініс түгелімен қысқартылған.

Прологтің үшінші көрінісіндегі шалдардың сөздерінде де Кенесары ханның жолы бөлек екендігі айтылады. Мұның өзі сол кезеңдегі пікір айтушылар үшін ханды көтермелеу болып табылып, пьесаны сынаушылар тарапынан М. Әуезовке хандықты дәріптеді деген кінә тағылады. Айталық, «Қазақ тарихындағы Кенесары-Наурызбай, Қасым төре, Исатай-Махамбет, Есет, Бекет батыр, тағы басқа тарихи адамдардың есімі қазақ елінің патша өкіметіне қарсы және патшаға сүйенген ханға қозғалыстармен байланысты екенін айта келіп, бұлар ақсүйектердің көсемі болғандықтан сол қозғалыстарды пайдаланып, ескі хандықты, ескі бишілдікті жандандырып, хан болмақ, би болмақ адамдар. Сол кезде басқа көсемдер шыға қоймағандықтан, еңбекші халық бұларды өз басшылары деп есептеп, көп адасты» [4, 3] деген сияқты сын пікірлер айтылады. Екінші нұсқаны қолға алғанда жазушының осы мәселелерді ескергені күмәнсыз.

Бірінші перденің 1-көрінісінде (бірінші нұсқа бойынша) «**Кене жандарынан өтіп бара жатқанда жесір қатындар жылап, дауыстары ұлайып балаларын жоқтай бастады**» (103-бет) деген сөйлемнен бастап «**Жоламан. (Шегендерге қарап дауыстап сөйлеп). Уа, ел басшылары! Қалың қазақтың қара ордасы мінеки...**» деген сөйлемге дейін бір бет көлеміндегі диалогтар, яғни, жесір қатындар, дуана қатын, Жоламан, Кене, Шеген, Мұсалардың сөйлеген сөздері екінші нұсқада қысқартылған. Ал осы қысқартуларға да «Кенесарының әкесіне ас беріп, ат шаптырғанда балаларын ат бәйгесіне тіккен қатындардың шулап, жылап шығуы және сол қатындардың арасынан шыққан Ғалымжан Ыбырайымұлының «Қазақ қызы» атты романдағы байдың жігітін балағаттайтын кемпірі сияқты кемпір. Сол ас беріп хан көтерген жердегі Ұлы жүз қазақтарының кейбіреулерінің шашыранды сөздері. Ал қанаушы екенін әлгі кемпір Кенесарының көзіне айтады... Қарғайды... Міне, осының бәрі тым сөлекет көрсетілген» [4, 3] деген сын пікірлердің ықпалы тигені сөзсіз.

Бірінші нұсқаның 105-бетіндегі Шегеннің сөйлеген сөзінде өзгерістер бар. Мәселен, «**Қорлық, құлдық қазаққа қараңғы қара күндей қаптап келеді**» деген сөйлем, «**Кешегі Исатай, арысы Абылай, берісі сол Қасымның ұясынан ұшқан жез қанат балапаны мінекей**» деген сөйлемдегі «**кешегі Исатай**», «**сол**» деген сөздер мен «**Бұрынғы басшының барлығын байқамай қапы өткізсең, ендігі жалғыз келген осылар. Осыдан соң басшы жоқ. Алдыңғының сарқыны осы Кене**» деген сөйлемдердегі «**жалғыз**», «**Осыдан**



соң басшы жоқ», «Кене» сөздері екінші нұсқада (180-бет) алынып қалса, бірінші нұсқадағы «**күйі**», «**жілігің**» сөздері екінші нұсқада «**күні**», «**игілігің**» болып өңделген. Бірінші нұсқаның 106-бетіндегі бір батыр, 1-кедей, Ағыбай, 2-кедей, 3-кедейдің сөздері екінші нұсқада (180-бет) қысқартылған.

Бірінші перденің 4-көрінісінде (бірінші нұсқа бойынша) «Жоламан. *Науан-ау, мұндай жиын үнемі бола бермейді, ел кісісі не ойлайтұғынын түгел естісең болмаушы ма еді!* Керек қой саған» (111-бет) деген сөйлемдердегі соңғы сөйлем екінші нұсқада (186-бет) қысқартылса, «Жоламан. ...*Содан кейін Сарыарқа, Сыр, Алатауды түгел қосып, патсаға келістіріп майдан беріп, Қытай мен екі арасына қазақтың қара ордалы патшалығын орнатамыз десті*» (112-бет) деген сөйлем екінші нұсқада «Жоламан. ...*Содан кейін Сарыарқа, Сыр, Алатауды түгел қосып, патшаға келістіріп майдан беріп, ...қазақтың іргелі елдігін орнатамыз десті*» (186-бет) делініп, сөйлем ішіндегі сөздер қысқартылып әрі өзгертіліп берілген.

Бірінші перденің 5-көрінісінде (бірінші нұсқа бойынша) «Балғожа. ...*Әншейін қымыздың көп дырдуының бірі де. Анық бір айға барар ма екен осы екпін*» (113-бет) деген сөйлемдердегі соңғы сөйлем екінші нұсқада (187-бет) алынып қалған.

Екінші перденің 1-көрінісінде (бірінші нұсқа бойынша) «Кене. ...*Қытайға, Қырғыз, Дулатқа жүретіндердің бәрі де бүгін жүре ме?...*» (114-бет) деген сөйлемдердегі «*Қытайға*» сөзі және «Жоламан. *Өзім де бүгін жүрем деп отырмын. Қырғызға баратындардан Бұғыбай ғана жоқ. Ол қазір келеді деп отырмын. Кеіше кеішке алдынан хабар келді. Науан да, ол да аман дейді. Олжалы келе жатса керек*» (114-бет) деген сөйлемдердегі бірінші сөйлемнен басқасы екінші нұсқада (188-бет) түгел қысқартылса, «Жоламан. *Қазақ жақсысының жайдақтығы барақ қой сорлының*» (115-бет) деген сөйлемдегі «*қазақ жақсысының*» сөзі екінші нұсқада «*жақсы дегендердің*» (189-бет) деп өзгертіліп берілген. Кене сөзінің «*Жақсы болса жалғыз Шеген ғана жақсы*» деген екінші сөйлемі екінші нұсқада «*Жақсы болса Шеген мен Жазы ғана жақсы*» деп өзгертіліп, «*Үстермедім, ел сияқты елдің еркегі болсам*» (115-бет) деген соңғы сөйлемі «*Үстермедім*» (189-бет) деп қысқартылып берілген.

Екінші перденің 5-көрінісінде (бірінші нұсқа бойынша) Науанның «*Е, соған кел. Ішіңді айт, ашынар болған жеріңе кел*» (118-бет) деген сөйлемнен бастап «*Осының бәрін істегенім рас, ондайларға әлі де болса істеймін*» (119-бет) деген сөйлем аралығындағы Бопай, Бұғыбай, Көшек, Ержандардың сөйлеген сөздері екінші нұсқада (192-бет) алынып қалған.

Екінші перденің 8-көрінісінде (бірінші нұсқа бойынша) басындағы Кене, Жоламан, әсіресе, Кененің Құдаймендеге айтқан ұзақ сөздері (122, 123-беттер) екінші нұсқада (196-бет) қысқартылған.

Осылайша, үшінші, төртінші, бесінші перделердегі мәтіндер де екінші нұсқада өзгешеліктерге көп ұшыраған. Ал алтыншы перде (сегіз беттік тоғыз көріністен тұратын) екінші нұсқада мүлдем берілмеген.

Жалпы, М. Әуезовтің көзі тірісінде жарық көрмеген «Хан Кене» пьесасының екі нұсқасының мәтінін толық салыстырып шыққанда, бірінші нұсқаның көп қысқартылғандығына анық көз жеткіздік.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Әуезов, М.** 20 томдық шығармалар жинағы. – Алматы : Жазушы, 1983. – 14-т.

2 **Әуезов, М.** Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – 6-том. – Алматы : Ғылым, 2001.

3 **Мүсірепов, Ғ.** «Хан Кенені» қалай түзету керек? // Социалды Қазақстан, 1934.

4 **Сейфуллин, С.** «Хан Кене» туралы // Социалды Қазақстан, 1934.

Материал 15.06.15 баспаға түсті.

*К. С. Абдикалык<sup>1</sup>, Р. М. Муталиева<sup>2</sup>*

**Текстовые различия трагедии М. Ауэзова**

<sup>1</sup>Казакский государственный женский педагогический университет, г. Алматы;

<sup>2</sup>Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 15.06.15.

*K. S. Abdikalyk<sup>1</sup>, R. M. Mutalyeva<sup>2</sup>*

**Text differences in the tragedy by M. Auezov**

<sup>1</sup>Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty;

<sup>2</sup>S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 15.06.15.

*Статья посвящена рассмотрению текстологических различий трагедии М. Ауэзова.*

*The article deals with textological differences in the tragedy of M. Auesov.*

**Л. М. Әділбекова<sup>1</sup>, Г. С. Мырзақұлова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., профессор м.а., қазақ әдебиеті кафедрасы; <sup>2</sup>магистрант, қазақ әдебиеті кафедрасы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

**ҚАЗАҚ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ**

*Мақалада қазақ қанатты сөздерінің өзіндік ерекшеліктері туралы айтылады.*

*Кілтті сөздер: фольклор мен афоризм ұқсастығы мен айырмашылықтары, афоризмнің әдеби жанр екендігі.*

Тәуелсіз мемлекетіміздің бай, кемел де көркем әдебиетінің бар екендігіне ешкім де шек келтірмейді. Республика көлеміндегі бұрыннан және жүздеген жана ашылған баспаханалардан шығып жатқан түрлі саладағы әдеби, ғылыми, мәдени еңбектерге күніне толығып жататын ақпаратты басылымдарды қоссақ, интернет пен технология заманы саналатын ХХІ ғасырда оқырман назары әлі де кітапта екендігіне көз жеткізу қиын емес. Осы бір ақ қағаз бетіне теріліп, сан мыңдаған тиражбен таралып жатқан ағымды жарияланымдарда тақырыбына, мазмұны мен құрылымына, яғни жанрына қарамастан кеңінен қолданылатын бір үрдіс бар. Ол қанатты сөздерді қолдану үрдісі. Сіз оны көркем әдебиеттен де, ғылыми жұмыстан да, әкімнің баяндамасынан да, басшының есебінен де, тіпті күнделікті оқитын газетіміздің бетінен де кездестіреміз.

Қанатты сөздердің ауқымы қанша кең болса, тарихы да сонша терең. Адамзат тарихында қанатты сөздер – өз дәуірі тудырған замана таңбасын арқалайтындығын, оған қатысты барлық проблемаларды көтеретіндігін, кейде тарихи оқиғаларға нақты әсер ететіндігін ғылыми дәлелдеп шығуға болады. Өмір туралы, оның негізгі тірегі «Homo sapiens» – ой иесі, сөз иесі адам туралы жанр болып табылатын қанатты сөздер әдебиеттің бір қарағанда көне түріне жатқанмен де, интеллектуалдық өнердің теңдессіз түрі ретінде бүгінгі қоғамда нағыз ғұмырлы жанрға жатады. Бүгінгідей ақпараттар ағымы айрықша ағылған заманда, қашанда «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» бере білетін «оймақтай ой» – афоризмдердің мәні артуда десек қателеспейміз.

Ағылшын, неміс, француз, орыс әдебиеттеріне сүйенсек, қанатты сөздерге берілген нақты тұжырым әзірге жоқ. Ой тереңдігі мен кемелдігіне қатысты философтар, тілдік бірлік ретінде лингвистер, поэтикалық сұлу, әрі ықшам көркем сөз тіркесі ретінде әдебиетшілер афоризмдерді өз аясына тартып, өз тұрғысынан бағалауға тырысып келген, әрі бұл үрдіс жалғасуда.

Әйтсе де, орыс филологтары тұжырымына сүйенсек, афоризм, ең алдымен әдеби жанр екендігін мойындауымыз керек.

- ✓ Афоризмнің бірінші ерекшелігі ақиқатқа ұмтылған терең ой.
- ✓ Афоризмнің екінші ерекшелігі олардың қысқалығы, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» екендігі.
- ✓ Афоризмнің үшінші ерекшелігі қосымша түсініктемені қажет етпейтіндей, аяқталған ой екендігі.

Афоризмдер туралы анықтамаларға бір мақала аясында шолу жасау мүмкін еместігін ескере отырып, 1998 жылы «Ана тілі» баспасынан шыққан Әдебиеттану терминдер сөздігіндегі [1] анықтаманы келтірейік. «Қанатты сөз жанрлық белгісі жағынан мақал-мәтелдерге өте ұқсас. Айырмашылығы, мақал мәтелдердің авторы белгісіз, шыққан тегі белгісіз, халық шығармашылығына жатса, қанатты сөз авторы бар не нақты болмаған күнде аңыз күйінде ауызша болса да бүгінгі күнге жеткен қанатты сөздің мол болуы сол тілдің сөз байлығын, тіл орамдылығын және ұлттық бейнелік ерекшеліктерін байқатады».

Бұл анықтамадан фольклор мен афоризмдер арасындағы ұқсастық нақты көрсетілген. Әйтсе де «ауызша болса да бүгінгі күнге жеткен» деген пікірдің себебін әдебиетіміздегі бұл жанрдың арнайы қарастырылмағандығына, афоризмдердің өміршең жанр ретінде күннен күнге толығып келе жатқандығының ғылыми түсініктемесі қазақ әдебиетінде әлі жасалмағандығынан деп білуіміз керек. Ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдердің қысқалығына, ритмділігіне, мағыналығына қарап орыс ғылымының бір топ ғалымдары оларды афоризмдерден мүлдем ара жігін ажыратып қараса, екінші бір ғалымдар тобы, керісінше, мақал-мәтелдерді афоризмдермен бірге қарастыруды ұсынады. Ал әдебиеттің кейбір жанрлық түріне арналған сөздіктерде афоризмдерді тек тақырып аясына қатысты ғана алып, анықтама беруге тырысады. Мысалы А. Квятковскийдің «Поэтикалық сөздігін» алайық [2]. Афоризм (греч.) изречение, выражающее с предельной лаконичностью в отточенной форме какую-либо оригинальную мысль. Афористические строки нередки в стихах русских поэтов. Привычка свыше нам дана, Замена счастию она. (А. Пушкин); Поэтом можешь ты не быть, Но гражданином быть обязан. (Н. Некрасов); ысль изреченная есть ложь. (Ф. Тютчев); Ненавижу всяческую мертвечину, Обожаю всяческую жизнь. (В. Маяковский); Чем продолжительный молчанье, ем удивительнее речь. (Н. Ушаков); мелого пуля боится, Смелого штык не берет. (А. Сурков); Афоризмами насыщена комедия А. Грибоедова «Горе от ума», например «... Счастливые часов не наблюдают; ... Служить бы рад, прислуживаться тошно; ... Блажен, кто верует тепло ему на свете.»

Сонау Тоныкөк, Күлтегін ескерткіштері мен көне түркі жазба ескерткіштеріндегі, бертін келе жыраулар поэзиясы мен қазақ әдебиетінің

XIX, XX ғасырлардағы мол мұрасында кездесетін қанатты сөздер қазақ әдебиетіндегі бұл жанрдың тамырының тереңдігін, ауқымының кеңдігін көрсетеді. Қазақ халқының қаһарман ұлы, жазушы Бауыржан Момышұлының қанатты сөздері халық арасында кең тарағаны белгілі. Бұл туралы ізденушінің бірнеше мақалалары жарық көрді. Оқырман қауымға Құлмат Өмірәлиевтің «Абайдың афоризмі» [3], Әбділхамит Нарымбетов дайындаған «Ғабит Мүсіреповтің күнделігі» [4] жинақтары кеңінен таныс. Бұл тұрғыда баспасөз бетінде кезінде осы жанрда жиі көрінген Қадыр Мырзалиев, Мұзафар Әлімбаев қаламынан туған қанатты сөздерді айту орынды. 2006 жылы ұлттық «Ана тілі» газеті арамыздан озған ұстазымыз, сөз өнерінің жүйрігі Зейнолла Қабдоловтың біраз қанатты сөздерін келтіре отырып, редакция атынан оқырманнан ел арасына кең тараған басқа да ғалымның қанатты сөздерін білетіндердің хабарласуын сұрайды. Міне бұл үрдіс негізінен кемеліне келген әдебиеттерде қалыптасатын өнегелі үрдіс. Келесі кезекте Қабдолов айтқан қанатты сөздерге тоқталады: «Әдебиет ардың ісі; Жазушы талант, тағдыр; Жазушы ұлттың ұяты, иманы, намысы; Жазушы өз дәуірінің ұлы, өз ғасырының үні; Махамбеттің әр сөзі құйылған құрыш, қорытылған қорғасын. Оны өңдеп жөндеймін деп жасытпақ керек; Махамбет пен Абайға редакция жүрмейді; Бүгінде Толстойды оқымай орысты, Бальзакты оқымай французды білдім деу қандай қиын болса, Әуезовті оқымай қазақты білдім деу сондай қиын; Жазушының ең жақсы шығармасы жазылмаған яки жазатын шығармасы; Жаза білу, жазғаныңды сыза білу шеберлік. Шеберліктен туатын шедевр осы әрекеттің астында жағыр; Ұлтсыздық имансыздық; Тамыры жоқ ағаш, тарихы жоқ халық болмайды; Мүсіреповті мадақтаудың керегі жоқ, Мүсіреповпен мақтану керек; Талант деген қыран секілді қанатты нәрсе; Ұстаз болу өз уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау» [5, 6].

Қадыр Мырзалиевтің афоризмдер туралы ақтарыла айтқан мына бір пікірі қашанда ақиқатқа ұмтылған қанатты сөздің шығу табиғатынан оқушысын хабардар ететіндей: «Афоризм дегеніміз – белгілі бір күні басталып, белгілі бір күні біте қалатын шығарма емес. Ол ғұмыр бойы айтылып, ғұмыр бойы қағазға түсіп, өмірдің соңғы сәтіне шейін созыла беретін дүние. Афоризм қызық жанр. Ол негізінен, ауыз әдебиетіне жатады. Ауызша тарайды. Біреу айтады, біреу қағып әкетеді. Содан кейін қағазға түседі. Өкінішке орай, ауыздан шыққанның бәрі қағазға түсе бермейді. Қағазға түскеннің бәрі бірдей кітапқа кірмейді. Кіргеннің бәрі бірдей тарихта қалмайды. Олар да екшеледі... қанатты сөз болуға лайық, татымды тіркес менің аузымнан бірінші рет қашан шықты. Ол жағы маған беймәлім. Есімде жоқ. Адам өз сөзін өзі бағалай бермейді. Сөзді қадірлеу қасиеті кейін, біраз кейін келді» [6, 4].

Ойының тереңдігімен, құрылымының көркемдігімен ерекшеленетін қанатты сөздер қай әдебиеттің болмасын қаймағы болып табылады, әрі

ол жеке жанр ретінде сындарлы зерттеуді қажет етеді. Ал түркі тілдерінің ішінде тереңдігімен де, кемелділігімен де топ бастайтын қазақ әдебиетіндегі құнарлы қанатты сөздер ғылыми саралау мен бағалаудан кейін өз кезегінде орнын тауып, қазақ әдебиеттану ғылымының деңгейін әлемдік биік белестерге көтеруге өз үлесін қосатыны анық.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. / Құрастырушылар З. Ахметов, Т. Шаңбаев – Алматы : Ана тілі. 1998. – 384 б.
- 2 **Квятковский, М.** Поэтический словарь. – М. : Советская энциклопедия, 1996. – 376 б.
- 3 **Өмірәлиев, Құлмат.** Абай афоризмі. – Алматы : Қазақстан баспасы, 1993, – 124 б.
- 4 Ғабит Мүсіреповтің күнделігі / дайындаған Әбділхамит Нарымбетов – Алматы : Ана тілі баспасы, 1997. – 288 б.
- 5 Ана тілі газеті. – №50. желтоқсанның 14-і. – 2006. – Б. 6.
- 6 Егемен Қазақстан газеті. – 2005 ж. 6 қаңтар. – Б. 4.

Материал 20.07.15 баспаға түсті.

*Л. М. Адилбекова, Г. С. Мырзакулова*

### **О казахских крылатых словах**

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.  
Материал поступил в редакцию 20.07.15.

*L. M. Adilbekova, G. S. Myrzakulova*

### **About Kazakh winged words**

Kazakh State Women's Teacher Training University. Almaty.  
Material received on 20.07.15.

*В данной статье рассматриваются литературно-художественные особенности казахских крылатых слов.*

*The article considers the literary and artistic features of Kazakh winged words.*

**А. Х. Бекбосынова**

ф.ғ.к., қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

**ЭТНОМАРКЕРЛІ СИПАТЫ БАР ТЕҢЕУЛЕР**

*Мақалада қазақ мәдениетін танытатын этномаркерлі сипаты бар теңеулердің өзіне тән ерекшелігі сараланған.*

*Кілтті сөздер: ұлттық мәдениет, тілдік таңба, этномаркерленген теңеулер.*

Жалпы, әр ұлттың өзіне ғана тән, сол ұлтқа барынша түсінікті, әрі жақын, сол ұлттың мәдениетінен, дүниетанымынан хабар беретін сөздері болады. Қазақ мәдениетін таңбалайтын этномаркерлік бірліктер туралы А. Әмірбекова: «Ұлттың, этностың жеке ерекшелігін, өзге ұлттардан айырмашылығын, өзгешелігін танытатын тілдік бірліктердің бірі – этномаркерленген лексемалар. Жалпы лингвомәдениеттану саласында ұлттық мәдениетті таңбалайтын бірліктер ретінде ұлттық-мәдени концептілерді, лингвокультуремаларды (лингвомәдени бірліктер) келтіретін болса, этнолингвистика саласында жеке бір ғана ұлтқа тән ерекшеліктерді бейнелейтін ұғымдарды этнографизмдер деп атайтыны белгілі. Дегенмен, осы екі саладағы лингвокультурема, этнографизмдер мен одан туындайтын тұрақты тіркестердің түп тамыры ұлт санасында тұрақты түрде сақталып, этномаркерлік деңгейге жеткен таңбалардан бастау алады» [1, 89] – деген ой тұжырымдайды. Тілдегі таңбалар – ұлттың сөз қоймасы іспетті, себебі таңбаларда ұлттың өмірінен мәлімет беретін мол ақпарат жатады. Ж. А. Манкеева тілдің этномәдени мұралық қызметі туралы айта келіп былай дейді: «...тілді адамның әлеуметтік тұрмысын қамтитын мәдениеттен, тарихтан тыс қарапайым таңбалық жүйе деп қарастыру – оны зерттеудің мүмкіндіктерін шектейді. ...Демек, тіл – таңбалар жүйесі ғана емес, ол осы жүйені көмкерген мәдениет, сондықтан да ол – әр халықтың ұлы мұрасы, ұлттың тарихи жетістігі» [2, 160].

С. Мәуленов өлеңдерінен ұлтымызға барынша жақын этномаркерленген теңеулерді молынан кездестіруге болады. Әсіресе ақын өлеңдерінде суреттеп отырған затты немесе құбылысты қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде ертеден орын алған зат атауларымен салыстыру жиі ұшырасып отырады. Жалпы, этномаркерленген сөздер этнографизмдерден анық байқалады. Этнографизмдер – мәдени мәнге ие әрі ұлттық мәдениетіміздің бірден-бір көрсеткіші. Н. Уәли тілдік таңба мағынасындағы мәдени мән туралы айта

келіп былай дейді: «Белгілі бір тілдік таңбада екі түрлі мағына (білім) кодқа салынуы, соған сәйкес екі түрлі код болуы мүмкін. Біріншісі – тілдік код, екіншісі – мәдени код. Тілдік таңбалардың мәдени семантикасын зерттеуде осы екі түрлі мәнділікті ажырата білу қажет.

Белгілі бір тілді тұтынушы – ұлттық тілдің субъектісі болумен қатар, ұлттық мәдениеттің де иесі. Тілдік субъектіге жататындар: жеке адам (автор, оқырман, сөйлеуші/тындаушы). Бір жағынан бұлар – тілдік тұлға, екінші жағынан мәдени тұлға. Тілдік тұлға ұлттық тілді тұтынушы ғана емес, ұлттық мәдениетті де тұтынушы. Осы тұрғыдан қарағанда, белгілі бір тілдік концептінің құрылымдық түзіліміне мәдениеттің де қатысуы, «араласуы» кәдік. Олай болса, тілдік таңба мағынасының қай бөлігінде, қай тұсында, мәдени мән болатынын айқындау қажет» [3, 60].

С. Мәуленов қолданған теңеулер ұлттық тілдің белгісін, таңбасын білдірумен құнды болып келген. Ұлтымыздың мәдениеті этномаркерлі теңеулермен репрезентацияланып, ұлт – мәдениет – тіл сабақтастығы негізінде дамыған. «...таңба ұлт мәдениетін тілде маркерлеу қызметін атқарады. Себебі бір этностың мәдениеті екінші этносқа оның тілдік таңбалары арқылы баяндалады» [1, 89]. Сонымен бірге, ақын қолданған теңеулер және олардың мазмұнындағы ақпараттардан ұлтымыздың ертеден күні бүгінге дейінгі жалғасып келе жатқан менталитетін айқындауымызға болады. Мысалы:

Жарқыраған басында  
Қардан атпақ сәукеле.  
Жатады күн қасында  
Көкірегін тау кере.

Ақын *сәукеледей* теңеуін – таудың ең жоғарғы бөлегін безендіруге қолданып тұр. Қазақ халқында сәукеле – этномәдени атауға ие болған зат атауы. Қазақ сәукелесінің мәдениетіміздегі орны ерекше, ол – келін боп түскенде, қалыңдықтың ұзатылу тойында киілетін биік етіп тігілген, көп әшекейлі, күміспен безендірілген қымбат бағалы баскиімі. Осындай әсемдігімен көздің жауын алатын сәукелені тек келіншек сәні емес, салт-дәстүріміз бен мәдениетіміздің, шеберлік пен нағыз өнер туындысының озық үлгісі деуімізге болады. Қазақ ғұрпында баскиім сәнділікті және баршылықты білдіретін қасиетті баскиім саналған.

1. Қара елтірі бөріктей  
Қалың нулы орманда.  
Есіңе ал мені, уа достым,  
Жолың түсіп қонғанда.  
2. Жаңбырдан соң жап-жасыл Сыр танабы,  
Мөлт-мөлт етіп ауадан нұр тамады.  
Жасыл жалбыз бөріктей көтеріліп,

Бұр жарады тікеннің қылтанағы,  
Жаңбырдан соң жап-жасыл Сыр танабы.

Теңеулік құрылымда қалың нулы орман қазақтың қара елтірі бөрігіне теңелген, ал жаңбырдан кейін жасыл жалбыздың бой көтеруі де қазақ танымына жақын зат атауымен берілген. Қазақ тұрмысында бөріктің де мәдени ұғымдық аясы кең. Бөрік – қазақтың ұлттық баскиімі, оны көбіне ерлер киеді. Дегенмен ертеде бөрікті дәулетті адамдардың қыздары ғана киген.

1. Жазда оны жаңбырлы бұлт суарған  
Күзде оны күн пісіріп шығарған,  
Жатыр алда күреңітіп таба нан  
Қазақ үшін қасиетті құраннан.
2. Сол аппақ сүт ақ нұрдай,  
Тұт ағашқа жайғасқан.  
Жаңа піскен тандырдай,  
Қызарады айлы аспан.

Теңеу заты болып тұрған тағам атауы – таба нан теңеу образы қызметін атқарып тұрған құран сөзі де қазақ халқының ұлттық дүниетанымына жақын атаулар. Ұлт дастарқанындағы нанның орны ерекше. Нан – қасиетті, киелі ас. Нанды жерге тастамайды, бір қолмен үзіп жемейді. Ақын нан атауын теңеулік құрылымда жай қолдана салмаған, оның құдіреті жайлы тәлімді ой айтады. Табаға салынып, отқа көміліп пісірілетін таба нан түрі мен тандыр сөздерінің диалектілік те өңі бар. Немесе:

*Даланың дастарқанына  
Бауырсақтай төгілген.  
Күн шымылдық ашқанда  
Жер гулейді егінмен.*

Даланының дастарқанына төгілген бауырсағымыз – егін даласындағы астық. Ақынның дала байлығын көрсетуде қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық тағамы, қазақ дастарқанының ажары – бауырсақты алуы – ұлттық өрнекті сәтті қолданыла білу ерекшелігін көрсетеді.

1. Сол жердің жусаны мен жапырағы  
Жүреkte жалын атып жатыр әлі.  
Оларға қасиетті жалғыз уыс  
Тұмардай туган жердің топырағы.
2. Маңдайыңда таңым жатыр атпаған,  
Таңдайымда балым жатыр татпаған.  
Бір мең жатыр иегінің астында,  
Тіл мен көзден тұмарыңдай сақтаған.

Тіліміздегі тұмар да мәдени мәнділікке ие зат атауы. Тұмар тағу – ертеден келе жатқан дәстүрлі әдет. Алғашқы мысалда ақын туған жердің қасиетті топырағын қазақ танымына барынша жақын зат атауы тұмармен

салыстырса, келесі теңеулік құрылымда сұлу қыз иегіндегі мең тұмармен салыстырылып, мағынасы ашыла түскен. Тұмарды таққан адам көз тиюден, бәле-жаладан аман болады деген ұғым ежелгі заманнан күні бүгінге дейін сақталған. Мысалы:

Сақтап көңіл төрінде тұрпатыңды,  
Сағынышпен күтермін бір хатыңды.  
Мүмкін сенің сол хатың бойтұмардай  
Жазар менің сыз шалған сырқатымды.

Теңеулік құрылымдағы теңеу образын атқарып тұрған бойтұмар сөзі тек лингвомәдени зат атауы қызметін ғана атқарып тұрған жоқ, ақын бойтұмардың қорғаушы күшіне ерекше мән бергені байқалады. Тіпті ертеде алысқа сапар шеккен адамдар кейде тұмар ішіне туған жердің топырағын салған. Тіліміздегі лингвомәдени семиотикада дастарқан да қасиетті мүлік. Ақын өлеңдеріндегі теңеулік құрылымда кездесетін дастарқан тура мағынасымен бірге ауыспалы мағынаға да ие болған. Дастарқанның және жанның даладай болуы халқымызға тән – кеңпейілділік қасиетті көрсетуге қызмет еткен.

1. Даласындай дастарқаны,  
Айбынындай асқар тауы,  
Қазақ елі пейілі кең  
Ашылады досқа жаны.  
Шетсіз-шексіз мейірімен.
2. Көтерген төбесіне тасты отаудай  
Жауырыны қара мұрын қасқа таудай  
Таксірет-қасіретке шөгіп қалмай  
Досына жанын жайған дастарқандай.

Досына дастарқандай жанын жайған – қара күш иесі Қажымұқан мінезінің кеңпейілділігі туралы айтылып тұрған теңеу. Тіліміздегі дастарқанға байланысты туған «дастарқанның бай болсын» деген бата-тілектер және дастарқанға байланысты «дастарқаннан аттама» немесе «дастарқанды қағазбен сүртпе» деген ырымдар да оның қасиетті екенінен хабар береді.

Қырдың шоқ-шоқ  
Алқызыл гүлдеріндей  
Қызыл басқұр,  
Зер шашақ дөдегесі.  
Киіз үй  
Көрмедей бір  
Алдыма жайып салған жер бедерін.

Ақын қазақтың киіз үйін – жер бедерін жайып салған көрмеге теңеу арқылы ұлттық мәдениетіміздің биік деңгейін аңғартып тұр. «Киіз үй – мифтік ғалам моделінің бір варианты болып табылады» [4, 241]. Киіз үй тек баспана ғана емес, ол қазақтың нағыз қасиетті, киелі орны болып саналады.

Ол – көшпенділердің тез жығып, шапшаң тігуге, яғни көшіп-қонуға ыңғайлы үйі. Ал киіз үйдің ең негізгі, ең киелі бөлшегі – *шаңырақ* болса, ол да ақын өлеңдерінде теңеу образы қызметін атқаруға негіз болған.

Жанып тұрған сағым оттай

Қызыл шака жоталарда,

*Доңғалағы шаңырақтай*

Салдырайды қокан арба.

Тіліміздегі отбасының береке-бірлігі мен татулығы, ұрпақ жалғастығы – шаңырақ биіктігімен өлшенген. Теңеулік құрылымдағы *шаңырақ* сөзі ауыспалы үлкен деген мағынада қолданылып тұр. Бұл киіз үйдің дөңгелек, үлкен пішініне қарай туындаған мағынасы. Киіз үйге қатысты атаулардың қай-қайсысы болмасын теңеулік құрылымда кездесіп, ақын сөз өнерінің қасиетін арттыра түскен.

Жүгіремін

Аспаннан тамса

Меруерттей мөлдір моншақтар,

Жүгіремін

Жерменен көкте

*Керегедей*

Тартылса кемпірқосақтар,

Жүгіремін

Алғашқы жауған жас қарға,

Алғысымды

Айтамын сонда ақ қарын берген аспанға.

Қазақ ұғымында ошақ та киелі болып есептеледі. Киіз үйді баспана ретінде қолданған ата-бабаларымыз шаңырақтың астына ошақ орналастырған. Оның себебі ошақ – адамның оты. Шаңырақтың үстінде Алланың оты маздаса, төменде адамның оты лаулайды деген түсінік болған. Қазақтар от пен үй ошағын ерекше құрмет тұтқан. Тілімізде «ошағын, от жаққан жерін көрсету» ырымы біреуді құрметтеу және шаңырақтан дәм таттыруды білдіреді. Қазақ үшін қашанда ошағының бүтіндігі, ондағы оттың маздап жанғаны аса қымбат саналады. Жалпы барлық түркі халықтарында ошақ – бақыт пен бақтың көрсеткіші, зұлымдықтың қарсыласы ретінде қастерленді. Ал С. Мәуленов өлеңінде Теміртау қаласы темір ошақпен салыстырылып берілген.

Қарағанды адырға

Тартылған кемпірқосақтай.

Бөлейді қырды жалынға

*Теміртау темір ошақтай.*

Жалпы ақын өлеңдеріндегі теңеулер ұлттың бар болмысын көрсете алуымен құнды болып келген. Теңеулік құрылымдағы *домбыра* да ұлттық тілдің таңбасын көрсетеді.

Ата-баба қалдырған

Аманаты соңғыға

Жіңішке шекті әл қылған

*Жіліңішкітей домбыра.*

Ғалым Н. Уәли айтқандай: «Бұл аталған атаулар өзге тілдерде кездеспейді. Өйткені бұл атаулар – этностың материалдық мәдениетімен бірге қалыптасқан, мәдени мәнділікке ие тілдік бірліктер. Сондықтан болар, бұл атаулардың мән-мағынасы санада қайта өңделіп, тұрақты теңеу, фразеологиялық тіркес, эталон, символ, стереотип т.б. құбылыстарға негіз болады» [3, 65]. Домбыра – қазақтың сүйіп тыңдайтын аспабы, өлең жолдарында ақынның өзі айтып тұрғандай, домбыра – кейінгі ұрпаққа қалған ата-баба аманаты. Қазақты әлемге танытқан домбырада – мәдениетіміздің бір бөлшегі тұр десек қателеспейміз. Ж. Манкеева мұндай лексемаларды лингвоелтану аспектіде зерттеліну қажеттігін айта отырып былай дейді: «...лингвоелтану – этностық дәуірден бастап, адамзаттың рухани және материалдық әлемінде қалыптасқан құндылықтардың тіл арқылы сақталған қоры. Соның негізінде таза ұлттық белгілердің баламасыз тілдік көріністері лингвоелтанымдық аспектіде қарастырылған мәдени константалардың ұлттық нышандары, ұлттық болмыс-бітімі, халықтың мінез-құлқы мен тұрмыстық ерекшеліктерін ажыратып көрсететін тілдік ұғымдар мен белгілері анықталады» [5, 10]. С. Мәуленов өлеңдерінде ұлт тіліне ғана тән теңеулер мол қолданылып, ұлттың мәдениетін, ерекшелігін танытуға қызмет еткен. Бұл теңеулер арқылы ел мәдениеті, ел тарихы, ұлтымызға тән қасиет ашыла түскен.

Ақын қолданған этномаркерлік теңеулер – қазақтың ұлттық мәдени тұрмысында қолданылған материалдық дүниелер болса, ал оларға танымдық тұрғыдан талдау жасау арқылы халықтың дүниетанымы мен болмысынан, рухани мәдениетінен хабар беретін ұлттық құбылыстың мәні ашыла түседі.

Қорыта айтқанда, ақын қолданған – *сәукеле, бөрік, бойтұмар, ошақ, киіз үй, домбыра сөздері* – ұлттық тілімізге ғана тән болып келіп, ұлттың тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетін көрсетуде айрықша қызмет атқарған деуімізге болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Әмірбекова, А. Б.** Қазақ мәдениетін таңбалайтын этномаркерлік бірліктердің қалыптасуы // Тілтаным. – Алматы, 2009. – № 3 (35). – Б. 88-92.

2 **Манкеева, Ж. А.** Тіл мен мәдениет сабақтастығы // Тілтанымдық зерттеулер (2003-2005 жж.) / Жауапты ред. Н. Уәли, М. Малбақов. – Алматы : «Арыс» баспасы, 2007. – 159 б.

Этнология

3 Уәли, Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. Ғыл. Докт. ... дисс. – Алматы, 2007. – 330 б.

4 Қондыбаев, С. Қазақ мифологиясына саяхат. – Алматы, 1999. – 304 б.

5 Манкеева, Ж. А. Қазақ этнолексикасын зерттеудің лингвоелтанымдық аспектісі // Тілтаным. – Алматы, 2009. – № 3 (35). – Б. 3-11.

Материал 26.06.15 баспаға түсті.

*A. X. Bekbosynova*

### **Этномаркерные сравнения**

Костанайский государственный педагогический институт, г. Костанай.  
Материал поступил в редакцию 26.06.15.

*A. H. Bekbosynova*

### **Ethno-marker comparisons**

Kostanay State Pedagogical Institute, Kostanai.  
Material received on 26.06.15.

*В данной статье рассматриваются особенности этномаркерных сравнений, в которых отражается национальная культура казахского народа.*

*This article discusses the features of ethno-marker comparisons, which reflect the national culture of the Kazakh people.*

Этнология

ЭОЖ 398(4/9); 801.8 (4/9)

### **Г. Р. Даутова**

PhD докторанты, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы қ.

### **МИФТИК ӘЛЕМ**

*Мақалада «миф» және «мифология» терминдеріне анықтама беріліп, ұлттық және әлемдік мифология мәселелері қарастырылады. Мифтің архаикалық сана үстемдік еткен дәуірде пайда болып, кейінгі мәдениеттерде де сақталып қалғандығы туралы айтылады. Мифтік дүниетанымды дін мен философия ауыстырғандығы жөнінде зерттеуші-ғалымдар пікірлері айтылады. Сонымен қатар мақалада ұлттық және әлемдік мифті салыстыру тәсілі негізінде мысалдар келтіріліп, дәлелденіп сипатталды.*

*Түрлі халықтар мифтері мен олардың әлемдік көрінісін салыстыра отырып, әлемді қабылдаудың арнайы ұлттық ерекшеліктерін ашуға болатындығы анықталды.*

*Кілтті сөздер: миф, мифология, архетип, қиял мәтін копустары, архаикалық дәстүр, халықаралық сюжет, мотив.*

Мыңдаған жылдар бойы рухани мәдениеттің маңызды бөлігі болып келген «миф» және «мифология» терминдері қазір де жиі айтылып жүр. Осы соңғы он жылдықта біздің қоғамдық өмірімізде «мифтік деңгейдің» жоғарылағаны байқалады. Бірақ мұндай тұжырым жасаудан бұрын «миф», «мифологиялық» терминдерінің мазмұнын анықтап алғанымыз жөн. Ғылымда мифке берілген анықтама өте көп.

«Миф» сөзінің өзі жиі түсінбеушілікке алып келеді. Ғалымдардың айтуынша «Миф дегеніміз не?» сұрағына жауап берудің өзі оңай емес. «Миф» дегеніміз оқиғалар мен кейіпкерлер туралы әңгіме, құдай, батырлар туралы ескі заманғы ертедегі халықтарда болған ертегі аңыз. Мұндай әңгімелеулер ерекше жанр, ең алдымен фольклорлық жанр ретінде қарастырылады. Миф адамдарға ортадағы бір делдал (шаман, абыз, пайғамбар) арқылы жеткізілетін күдретті сөз. Арығарай киелі білім ұрпақтан-ұрпаққа арнайы сақтаушылар арқылы жеткізіледі. Арнайы сақтаушылар дегеніміз, сол шамандар, абыздар, діни қызметкерлер. Дамыған діни жүйелер киелі (сақралды) мәтіннің сақталуы мен өзгеріске ұшырауын да бақылауға алады. Мифологиялық ақпарат тек вербальды мәтіндер арқылы емес, бейнелеу өнері, архитектура, ландшафт тағы да басқа жолдармен де таратылады.

Америка, Африка, Оңтүстік пен Оңтүстік-шығыс Азия, Австралия, Океания мен Сібірден жиналған мифологиялық мәтін корпустарының саны жүз мыңға жуық – дейді орыс ғалымы Ю. Е. Березкин. [1, 77] Өзара еш байланысы, қарым-қатынасы жоқ халықтар ұқсас мифтерді айтып береді. Керісінше, көршілес жатқан елдердің мифтерінен айырмашылықтар байқалуы әбден мүмкін. Бір нәрсені әр халық, әр түрлі сипаттап беруі бәрімізге мәлім. Планетамыздағы барлық елге бірдей көрінетін аспан объектілерін халықтар түрлі мағынада талқылап жүр. Мысалға, үндістер, Оңтүстік Австралия аборигендері, майя мен мексикандықтар, Оңтүстік Американың кейбір үндістері «Құс жолын» («Млечный Путь») ұзын жылан деп есептесе, вьетнамдықтар, қытайлықтар, жапондар, чукчалар, көне перулықтар аспан өзені деп болжамдайды. Оңтүстік-батыс Аляскадағы ненцтер, якуттар, эвенкилер, эскимостар жолды шаңғы ізі ретінде көреді. Литвалықтар, эстондықтар, саамдар, қырғыздар мен қазақтар «Құс жолы» деп атайды.

Келесі мысалға Ай бетіндегі дақтың талқылануын алайық. Еуразиядан Скандинавияға дейін, сондай-ақ Солтүстік Америка жағалауындағы үндістер Ай бетіндегі дақты суға шелек көтеріп бара жатқан қыз немесе әйелдің сұлбасына ұқсатса, үндістандықтар, қытайлықтар мен Мексика үндістері дақтан қоян сұлбасын көреді. Оңтүстік Америка тұрғындарының көбі, Оңтүстік-шығыс Азия, Австралия мен Оңтүстік Африка халықтары бұл көріністі жай жараят ізі, күйік немесе кір ретінде қабылдайды.

Галатикадағы барлық ұлттардың талқылаулары өзінше ақылға қонымды және түсінікті, бірақ неге осындай нұсқалар ұсынғандығын анықтау қиын. Ай дағының шыныменде неге ұқсайтынын дәлелдеу типті қиынға соқпақ. Ал бір жағынан мұны дәлелдеудің қажеті де жоқ. Тұнық мұхитына жақын орналасқан халықтардың ойына «Құс жолын» өзенмен салыстыру келгені, ал Сібір халықтары өздеріне тән шаңғы ізіне ұқсатқаны дәлелсіз-ақ белгілі. Әрбір ел орналасқан мекен-жайына байланысты мифтің шығу түбін өздерінше құрастырған. Мәдени антропологияның негізін қалаушылардың бірі Франц Боас осы мәселені жүз жыл бұрын көтерген. Ол мәдениетті зерттегенде шеттен алып пайдалану ықтималдығы, мифтердің ұрпақтан-ұрпаққа, бір елден екінші бір елге талай мәрте көшірілетініне, әртүрлі халықтарда ұқсас құбылыстардың еш байланыссыз пайда болуына назар аудару қажет деген қорытындыға келеді.

Ф. Боас өз болжамдарына өте сақ болған. Ғалым да басқа зерттеушілер секілді жер жүзінің түрлі аймақтарындағы туыс емес халықтар түсініктерінің бірдей екендігі кездейсоқтық деген пікірге сүйенді. Мұндай жағдайда ғалыммен келісуімізге тура келеді. Мәселен, аспан шырақтарын әйел немесе ер деп бөлуде мүмкін болатын варианттар көп емес. Жапондықтар мен Парагвай үндістерінің мифологиясында Күн - әйел болғандықтан араларында тарихи байланыс болған деп жорамалдаудың өзі ақылға сыймайды. Алдын-

ала шектеуші варианты жоқ бейнелер мен фабулалар болған жағдайда пікіріміз өзгерер еді [2, 163]. Осы жерде түрлі варианттарға ие, бәрімізге белгілі грек мифологиясындағы батырдың жалғыз көзді Қара дәу үңгірінен аман қалу тарихын мысал келтіруімізге болады. Гомер бойынша бөтен бір аралға тап болған Одиссей мен жол серіктері үңгірге кіреді. Үңгірді Полифем деген жалғыз көзді дәу қойшы мекендейді. Полифем үңгірден шығар есікті ауыр таспен жауып, қонақтардың біреуін өлтіріп, жеп алады да жатып қалады. Қалғандары адам жегіш жалмауыздың көзін күйдіреді, бірақ есік алдындағы тасты орнынан қозғай алалмағандықтан қаша алмай қалады. Сонда Одиссей Полифемнің бір қора малының қалың жүнінің арасына тығылып қалайық деген ұсыныс жасайды. Қара дәу қозы, ешкілерін шығарған кезде адамдар да еркіндікке шығады.

Осы миф XIX ғасырда-ақ Кавказға таралып, көптеген түркі халықтары мен шығыс славяндарға белгілі болады. Кейбір версиялар Гомер нұсқасын қайталаса, ал кейбіреулеріне өзгешіліктер енгізіліп, жақсара түскен. Белгілі кавказтанушы Всеволод Миллер кавказдық нұсқалардың Гомер нұсқасынан емес, көне батыс еуразиялық сюжеттен алынғандығын дәлелдеді.

Біздің қазақ халқында да осыған ұқсап келетін көне аңыздардың нұсқалары сақталған. Сол грек мифінің елесі біздің фольклорда да байқалады. Мысал үшін мына мифке көңіл бөлейік: Батырхан жолдасымен аң аулауға шығады. Жалғыз көзді Қара дәу оларды ұстап үңкірге алып келіп, Батырханға досын өлтіріп, пісіріп қоюды бұйырады. Өзі үңкірден шығар есікті жауып тастап, ұйықтап қалады. Ұйықтап жатқан кезде батыр жалғыз көзді дәудің көзін күйдіріп, өзі мал қораға тығылып қалады. Үңгірден шығу үшін ешкінің терісін оранып алады. Жалғыз көзді дәу малдарын сыртқа шығарған кезде батыр да үңкірден аман-есен құтылады. Еркіндікке шыққан соң, батыр жалғыз көзді дәу деп айқайлайды. Осы қаһармандығы үшін жалғыз көзді дәу батырға малын сыйлайды. Бірақ батыр сыйлықтан бас тартады да, жануарлар жан-жаққа тарап кетеді. Жануарлар дегеніміз, қой, ешкілер емес, жабайы бұғылар, архарлар, құландар болған. Сол кезден бастап далада адамдар аулап жүретін тұяқты жануарлар пайда болыпты [1, 12].

Ал Еуразияның шығысында, Сібір мен Моңғолиядан арығарай орналасқан халықтарда Полифем сюжеті кездеспейді. Кейінірек Солтүстік Америкада үңгірден қашу сюжеті басқа контексте қайта оралады. Мұнда бас қаһарманның қарсыласы бір көзді дәу емес. Көбінесе сан алуан құбыжықтар мен айдаһарлар Азия халықтарына тән ерекшелік. Сонымен қатар америка мифінің соңында бизондар пайда болады. Осы жерде байқайтынымыз, сюжеттің қазақша вариантындағы мал шаруашылығын кеңейту мәселесінің америка мифінде сақталуы.

Бір сюжетті көшіру кемшіліксіз жүзеге аспайды. Мәтін бірнеше мәрте көшірілгеннен кейін түпнұсқа танымастай өзгеріске ұшырайды. Сондықтан



«акпараттық дәлсіздікті» азайту үшін мәдениетте акпаратты нақты жеткізетін жаңа механизм ойлап табуға болады. Мәселен, шатыры жоқ үй салуға болады, бірақ ол үйде ешкім тұрмайды. Ал мифті алатын болсақ, онда кез келген образдар мен сюжеттерді кездестіреміз. Мифте бәрі де мүмкін [3, 57]. Бірақ біз үшін маңыздысы миф сюжетінің сақталуы.

Миф архаикалық сана үстемдік еткен дәуірде пайда болғанымен, кейінгі мәдениеттерде де сақталып қалды. Көбінесе мифті адамның қиялынан туындаған, шындықпен ортақ еш белгісі жоқ құбылыс деп санайды. Бірақ мұндай пікірдегі кісілер қателеседі. Мифтің шығу тегіне адамдардың қиялынан туған ойлар емес, шынайы өмір негіз болып тұр. Мұны біз М. Горькийдің «в общем является отражением явлений природы, борьбы с природой и отражением социальной жизни в широких художественных обобщениях» – деген пікірінде көреміз [4, 172]. Бұл пікірде миф пен шынайы өмірдің тығыз байланыста екендігі айтылады.

Кейін мифтік дүниетанымды дін мен философия ығыстырды. Бірақ ол уақыт ағынында жоғалып кетпей, көмескі сана мен архетиптік жадынан орын алды. Қазақтың арғы ата-тектерінің дүниені мифтік тұрғыдан түсінуі әлемдік үлгілермен сабақтас. Көк Тәңірі, Жер-Су мен Ұмай ананы айтпағанның өзінде, түркі халықтарының арғы ата-тек туралы түсініктері тарихтың алыс қойнауларында қалыптаса бастаған. Көк бөрі туралы аңыздар, сондай-ақ көркем шығармаларда бейнеленген тотемдер мифтің әсерлі белгілері болып саналады. Дәстүрлі қазақ мәдениетінде тотемдік ұғымдар сақталғанымен, олардың нақтылы көріністері өзгерді. Мифтік уақытты басқа типтер ауыстырған соң да тотемдік түсініктер халық жадында архетиптік қызметін атқарып, басқа рәміздер мен таңбаларға айналды. Мысалы, жаугершілік және бостандық үшін күрес заманында Көкбөрі қайсарлыққа шақырған рәміздік рөл атқарған.

Енді жоғарыда айтқан екінші «мифологиялық» терминіне тоқталайық. Ғылыми еңбектерде «мифологиялық» терминінің анықтамасы рационалды (тиімді) дәлелдерге негізделетін типке қосылады. Позитивті ойдан бөлек, осы анықтама ерекше логикалық құрылымға ие. Мұндай мифологиялық логиканың ерекшелігін ең алдымен француз ғалымдары Леви-Брюлдан бастап Леви-Стросға дейін зерттеген [5, 258]. Негізгі мифологиялық ұғымдар мен бейнелердің мағынасы ретінде байырғы адамдардың өздеріне сай келетін қоғамдастық пен табиғи орта бағытын; олардың базалық эмоциялары (таң қалу, қуану, қорқу, аш қалу т.б.); психологиялық әмбебаптық пен қоғамдық сана архетиптерін салыстыруға болады. Алайда осы ұғымдар жалпы адами қасиетте болған жағдайда ұлттық мифология дәстүрлері мәтін арқылы көрсетіледі де, ал оның бейне құрылымы, мифологиялық мән-мағынасы дәл ұлттық мәдениет ерекшелігіне сәйкестіріледі. Сонымен қатар халықаралық мифологиялық сюжет, мотивтер де архетиптік мән-мағынаға сүйенеді. Бастапқы көне эпостарды алатын болсақ, кейіпкерлерінің аңшылық-

мергендікпен айналысуы, отты бастапқа иесінен табуы, мифологиялық қаһарманның құбыжықпен күресуі, батырдың атына керек кезде тіл бітіп сөйлей алатыны, айшылық алыс жолдарға көзді ашып-жұмғанша жеткізетіні, жыландардың адам кейіпіне айналуы т.б. сюжеттер ұлттық ерекшелігі жоқ, халықаралық сюжет. Сонымен қатар әр халықтың мифологиялық кейіпкерлерінде, жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлемінде өзіне тән ұлттық спецификасы да байқалады (мысалға, Индра мен Геракл, Прометей мен Ворон). Архаикалық дәстүрге тек жай мифтік шынайылық қана емес, нақты мифологиялық кейіпкерлер бейнесі де тән. Мәселен, Сібір халқы эпостарында, кейіпкердің елеске айналуы, адам ішіне кіруі немесе адамнан бөлініп шығып елес ретінде көзге көрініп, бірте-бірте адамдар өміріне араласып, оларға аң аулау, емделу кезінде көмек беруін айтуға болады. Архаикалық мифте тірінің өлуге айналуы, адамның түрлі аңдарға құбылуы мифтік сана аясында құбылушылық мақсатты түрде болған деп түсіндіріледі. Орыс ғалымы, фольклортанушы В. Я. Пропп осы феноменді фантазия терминінен қашырып, «екінші елес» деп атауға ұсыныс жасайды [6, 88]. Ал, қазақ мифінде құбылушылық кейбір кезде амалсыздықтан болса, кейбір кездерде кейіпкер өз еркімен басқа затқа немесе жануарға айналып отырған. (Бұны біз «Бабалар сөзі» сериясының 10 томынан көре аламыз.) Бастапқы көне адамдар өздерінің күнделікті тіршілігіне қажет заттарға ғана мән береді. Міне, осының нәтижесінде олар қиялға жүгініп неше түрлі мифтер ойлап табады.

Біздің қазақ фольклоры тұрғысынан қарағандағы миф деп отырғанымыз – әлемдік мифология ауқымынан шықпайтын, тіпті, типологиялық сипаты мен оған сәйкес келетін дүниенің, жаратылыстың әртүрлі құбылыстары мен объектілерінің пайда болуын, аспан мен жердің жаратылуын, адамзаттың алғаш қалай пайда болғанын және аңдар мен құстардың шығу тегі мен мінез-құлқын, ерекшеліктерін түсіндіріп баяндайтын прозалық шығармалар [7, 207].

Қорыта айтқанда, әлемдік фольклорда миф өзіндік ерекше орны бар көне жанр. Миф ғасырлар бойы ел арасында айтылып, әр дәуірдегі қоғамдық идеологияға, әдет-ғұрыпқа сай өзгеріп, жаңарып тұрған. Бастапқыда мифтер қасиетті әңгіме-шежіре түрінде құпия айтылса, кейінен қиелілік сипатынан айырылып, фольклордың кейбір жанрларына қосылды. Жоғарыда келтірілген анықтамалардан миф пен мифологияның екі бөлек дүние екенін көреміз.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Березкин, Ю. Е.** Африка, миграции, мифология. Ареалы распространения фольклорных мотивов в исторической перспективе. – СПб., 2013

2 **Lahr, M. M.** Pattern of Modern human diversification: implications for Amerindian origins // Yearbook of Physical Anthropology. –1995. – Vol. 38.

- 3 Thompson, S. The Types of the Folktale. – Helsinki., – 1973 – (FFC, № 184)  
 4 Мировая фольклористика. – Т.3 – Алматы, 2008.  
 5 Oppenheimer, S. The Real Eve. Modern Man's Journey Out of Africa. – New York, - Carrol & Graf, – 2004.  
 6 Пропп, В. Я. Исторические корни волшебной сказки. – Ленинград., 1986.  
 7 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Он томдық. – I том. – Алматы, – 2008.

Материал 22.07.15 баспаға түсті.

G. P. Dautova

### Мифический мир

Институт Литературы и искусства имени М. О. Ауэзова, г. Алматы.  
 Материал поступил в редакцию 22.07.15.

G. R. Dautova

### The Mythical world

M. O. Auevov Institute of Literature and Art, Almaty.  
 Material received on 22.07.15.

*Данная статья посвящена проблемам национальной и мировой мифологии. В статье определяется содержание терминов «миф» и «мифология». Так же говорится о значениях основных мифологических представлений и образов сопоставленных с древнейшими ощущениями человека. На протяжении тысячелетий важнейшей частью духовной культуры являлись мифы. В них отражались представления людей о себе и мире, пространстве и времени, реальном и сущем. Не обращаясь к мифам, нельзя понять духовный мир древнего человека.*

*В статье представлены и рассмотрены примеры с национальной и мировой мифологии.*

*This article is dedicated to the problems of national and world mythology. The article content is determined by the terms “myth” and “mythology”. It also deals with the values of the basic mythological ideas and images contrasted to the oldest human feelings. Over the millennia, myths were the most important part of the spiritual culture. The people's perceptions of themselves and the world, space and time, reality and existence were also reflected here. It is impossible to understand the spiritual world of ancient human without resorting to the myths.*

*The examples of national and world mythology were presented and considered in the article.*

ЭОЖ 82(091)

### А. Дәлелбекқызы

PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

## ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВТІҢ «ДАРАБОЗ» РОМАН-ДИЛОГИЯСЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ ХАН БЕЙНЕСІ

*Бұл мақалада Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабоз» роман-дилогиясындағы Абылай хан бейнесі жан-жақты талданған. Абылай хан образы нақты мысалдармен ашылып, ғылыми зерттеулер жүргізілген.*

*Қазақ хандығының ішіндегі барлық идеялық ұстанымдар мақалада жекелеген образдар арқылы беріледі. Кейіпкерлер арасындағы тартыс, бір шетінен олардың мінезін ашатын көркемдік тартысқа айналуы сөз етіледі. Барлық кейіпкерлерге тән қасиеттерді ашуға нақты мысалдар келтіріледі.*

*Шығарманың негізгі кейіпкерінің бірі – Абылай ханның ел азаттығын ұран еткен бейнесі ашылады.*

*Кілтті сөздер: роман, дилогия, образ, портрет, болмыс.*

Қазақ әдебиеті көркемдік тәсілдің күдіреті арқылы тарихи романдар жазған көптеген жазушыларды дүниеге әкелді. Ол жазушылар кез-келген заманның тарихи оқиғаларын шынайы, шырайлы жеткізуге болатынын дәлелдеп берді. Тарихта белгілі Абылай хан, Әбілқайыр хан, Бұқар жырау, Қаракерей Қабанбай бейнелерін көркем тілмен суреттеп, әдебиеттің алтын қазынасына қосқан қаламгер, дара жазушы – Қабдеш Жұмаділовтің есімі ерекше. «90-жылдары қазақ елі ежелгі арманына қол артқанда, тарихи роман тың серпін танытып, мұның алдындағы туындыларда жеріне жеткізе қазылмаған, аршылмаған көп-көп жаңалық, ақиқаттарды бүкпелемей, сыздықтатпай, бар дауыспен ашық айтып берді. Бұл ретте алдымен ауызға алынатын шығарма – жазушы Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабоз» роман-дилогиясы» [1; 50].

Жазушының «Дарабоз» роман-дилогиясы Жоңғарларға қарсы азаттық соғысының даңқты қолбасшысы Қаракерей Қабанбай батырдың өмірі мен жорықтары баяндалған. Романда үш жүзге хан болған Абылай хан бейнесі де айқын, толық, жан-жақты ашылған. Абылайдың бейнесін: «Отыз жеті мүшелін биыл ғана толтырған, тұла бойында артық ет жоқ, бірақ сүйегі тұтас, сіңірлі келген, сұңғақ бойлы Абылай үстіне іңіріне інжу төккен қызыл қамқа шапан, басына сол түстес айыр қалпақ киіп, қос жанарын манағы бір нокаттан айырмай, қадала қарап отырған-ды. Оның кереметі де – оқтай қадалатын осы екі жанарда. Шаншылып тура қарағанда қаймықпайтын, жанарын бұрып

әкетпейтін пенде баласы, әй, жоқ шығар. Ат жақты ақсұр жүзіне құп жарасқан қалайсыз сақал-мұрты мен екі қастың арасындағы өмірі жазылмайтын қос сызық оның бет-әлпетін әрі сұлу, әрі сұсты етіп көрсетеді. Ол бірден сөйлеп кетуге асықпай, тамағын кенеп, Ордада отырған жұртты тағы да бір рет көзімен шолып өтті» [2; 27] деп Абылайдың көзінің оттылығын, жүзінің сұстылығын, ешкімнен қаймықпайтын өр мінезін жазушы осылай суреттейді.

Қаламгер ең алдымен Абылайды кескін-келбетін баяндаудан бастайды. Денесінің сұлулығын, батырлық келбетін, бітімі бөлек, ерекше жан екенін жеткізеді. Жасы отыз жетіге енді толған Абылайдың «шаншып тура қарағанда қаймықпайтын, жанарын бұрып әкетпейтін жан жоқ шығар» деп қатал, қайсар жан екенін айқын бейнелейді. Абылайдың ештеңеден қаймықпай, биге де, жырауға да ойын еркін жеткізген мінезді екендігін: «Ардақты ақсақалдар! Қадірлі Төке! – деді сонан соң төрде отырған Төле биге бұрылып. – Мана сіз: «Ел қорғайтын ер қайда? Бостандық үшін басын берер батыр қайда?» деп ел ұранын көтердіңіз. Өрендеріңізге өкпе айттыңыз. Орынды. Әдейі, намысқа тиіп, қайрағаныңыз шығар. Бірақ дәл сондай өкпе-назды мына мен сіздерге айтсам не дер едіңіз? Сол жылдары, жаны жәннатта болғыр Тәуке хан о дүниеге аттанғанымен, Орда маңында сол кісі билік басына қойған біраз үлкендер бар едіңіздер ғой. Осыншама сорақылыққа қалай жол бердіңіздер? Халыққа қалқан болу, қауіптің алдын алу, әскерді әзір ұстау – сіздердің парыздарыңыз еді ғой?!» [2; 28] деп жеткізді. Ел билеудің қиындығы, қауіп пен қатердің жақында екендігін болжау жалғыз ханның ғана міндеті емес екенін жеткізеді. Бірлік, ауызбіршілік, береке болғанда ғана қас дұшпанды жеңіп, бостандық туы желбірейтінін меңзейді.

Абылай ханның батырлардың намысын қайрап, өшпенділік отын лаулатқанымен, сабырлыққа шақырып, ұрысты ақылмен шешуге шақырады: «Кішігірім ұрыстарда қалмақты бірде жеңсек, бірде жеңіліп, алма-кезек күй кешіп келеміз. Қырық үшінші жылы амалсыздан теңсіз бітімге барып едік, биыл оның да мерзімі аяқталды. Кәне, жоңғардың жонын тілем, ойрат ордасын талқан етем дейтін кім бар? Жолына кесе көлденең тұрмайық... Бірақ жеңіс кілті – тек аттаныста, қан төгісте ғана ма?! Кейде оңтайлы сәтті күтіп, жаудың аңысын аңду да соғыс амалына жатады» [2; 30].

Қабдеш Жұмаділов Абылайдың ұстанған саясатының дұрыс екендігіне көз жеткізіп, тарихи фактілерді келтіреді. Диалогтар мен монологтар арқылы Абылай ханның болмыс-бітімі ашыла түседі. Оның халық қамын ойлаған кеменгер, ақыл-ойы мен айласы қатар сабақтастырыла суреттеледі. Ханның бейнесі қан майданның алдында, ұрыс үстінде сан қырынан ашылып, шынайы бейнеленеді.

Абылай хан елінің азаттығы жолында жанкештілікпен күресіп, қазақ елінің басына қара күн туып, құрып кету қаупі төнген кезде жанын аямаған. Абылайдың есімі қазақ-жоңғар соғысында жарқ етіп шығып, ерлігі мен

ақылының арқасында қатардағы сарбаздан беделді сардар, батыр қолбасшы, көреген хан дәрежесіне дейін көтеріліп, атақонысымызды жаудан тазартады. Бұл жөнінде ұлы жазушы Мұхтар Әуезов: «Қазақтың дербес ел болуына, әрі-беріден соң, қазақтың қазақ болуына, басы қосылып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруына ерен еңбек сіңірген Абылайдан артық адам болмас» дейді.

Қабдеш Жұмаділов Абылай ханның көреген саясаткер екенін былай суреттейді: «Бізге тек өз күшімізге сүйенуге тура келеді. Сырттағы көрші елдерден көмек күту – қашпаған сиырдың уызы... Осы жұрт «Ойбай, Әбілқайыр хан ақыл тауып кетті! Орыстармен сауда істеп, қару алып, жырғап жатыр» деп дүрліктірген соң, қырқыншы жылы орыс бекінісіне біз де барып көргенбіз, – деді Абылай куәға тартқысы келгендей, тақта отырған Әбілмәмбетке қарап қойып. – Бәрі бекер, алып-қашты әңгіме болып шықты. Үміт үзе беріндер, орыстар бізге жәрдемге андыз әскер де, от қару да бермейді. Дайын соғыс қаруын бермек түгіл, жуырда Ақ патша бұратана жұрттарға суық қару жасайтындай шалғы, орақ, күрек, балта секілді темір бұйымдар сатылмасын деп жарлық шығарыпты. Жай қара темірді қимай отырған олар бізге от қару беретін бе еді?!» [2; 27]. Бұдан біз Абылайдың шын даналығы да бытыраңқы елді ұлы мақсат жолында біріктіріп, беделді батырлар мен билердің әрқайсысымен «тіл тауып», солардың қайраты мен қабілетін орнымен бағалай білгендігін, ешкімге сенбей тек өз күшіне сенуге шақырғанын байқаймыз. Абылай ханның әрбір істі парасат таразысына сала білетіні, асығыс шешім шығарып, ағат қадамдарға бармайтыны, оның әрбір әрекеті халықтың «осылай болса екен» деп аңсап күткен арманына сай туғаны роман-диалогияда шынайы әңгімеленеді. Автор Абылайды өжет, ержүрек, ешнәрседен сескенбейтін, тайсалмайтын тұлға ретінде бейнелейді. Соғыста болсын, елді билеп, ел арасында жүрсін, Абылай айтқанынан қайтпаған. Алдына қойған мақсатына жетпей тынбаған. Әдебиетші-ғалым Н. Жұмаділова өз еңбегінде: «Дарабоз» романында тарихи тұлғаларды сомдағанда, автор үнемі сол тұлғалар жайлы халықтың көзқарасынан, позициясынан алшақ кетпейді. Мақсаты қолдан тарихи тұлға жасау емес, керісінше, зерттеп-зерделей келе, тарихи жырлардағы, тарихи деректердегі негізгі факторларды басшылыққа ала отырып, бүгінгі тарихтың олқы тұстарын толтыру екенін автор үнемі ашық айтады» [3; 51 бет] дейді.

Өмір заңдылықтарына, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа тереңдеп барып, солардың бәрін негізгі идеяға бағындыра білу – Қабдеш Жұмаділовтің негізгі ерекшелігі. Жазушы кейіпкер атынан айтылатын немесе өзі баяндайтын тарихтарды тамаша қиыстырып әкетеді. Сол тұстарды көркем тіл өрнектерімен суреттеп, оқырманның шынайы ықыласына бөленеді. Шындыққа көз жеткізіп, оқиға желісімен сөз кезеңге саяхаттап қайтады. Жазушының «Дарабоз» роман-диалогиясы соның дәлелі.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет. – Алматы : «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 352 бет. ISBN 5692124584.

2 Жұмаділов, Қ. Дарабоз. Тарихи роман-дилогия. – Алматы : «Ан арыс», 2009. – 1-кітап. – 505 б. – ISBN 5691375465.

3 Жұмаділова, Н. Т. Қ. Жұмаділов шығармаларының поэтикасы. Оқулық. – Қарағанды : «Болашақ-Баспа», 2008. – 202 б. – ISBN 5-691-91375-4.

4 Дәдебаев, Ж. Адам және заман. – Алматы : «Өнер», 2007. – 368 б. – ISBN 5-691-87456-7.

Материал 09.10.15 баспаға түсті.

*А. Далелбекқызы*

**Образ Аблай хана – героя романа-дилогии К. Жумадилова «Дарабоз»**

Казахский национальный университет  
имени аль-Фараби, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 09.10.15.

*A. Dalelbekkyzy*

**The image of Ablai khan in the novel-dilogy “Daraboz” written by Kabdesh Zhumadilov**

al-Farabi Kazakh National University, Almaty.

Material received on 09.10.15.

*В данной статье всесторонне исследован образ Аблай хана - героя романа-дилогии К. Жумадилова «Дарабоз». Образ Аблай хана раскрыт реальными примерами, при помощи проведенных научных исследований.*

*В статье все идейные постулаты внутри Казахского ханства переданы посредством отдельных образов. Борьба между героями переходит в художественную борьбу, раскрывающие образы свойственные героям. Приводятся конкретные примеры для раскрытия качеств присущих всем героям.*

*Раскрывается образ героя произведения – Аблай хана.*

*This article analyzes the image of Ablai khan - the main character of the novel-dilogy “Daraboz” written by Kabdesh Zhumadilov in a comprehensive way. The image of Ablai khan is studied extensively and scientific studies are made.*

*All ideological positions spread in the Kazakh Khanate are given in the article through certain images. The battle among characters which*

*is merged with the artistic fight that shows their behavior are discussed as well. Specific examples are given in order to open all personal characteristics peculiar to the characters.*

*The image of the main character of the work – Ablai khan under the slogan of freedom is shown.*

ӘОЖ 811.1/.8

**Қ. С. Ерғалиев<sup>1</sup>, Е. Б. Асанбаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., доцент; <sup>2</sup> 4-курс студенті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.

### **ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНІҢ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПАТТАРДАҒЫ КӨРІНІСІ**

*Мақалада әлемнің тілдік бейнесінің қазақ, орыс және ағылшын тілдері публицистикалық тақырыпаттардағы көрінісі талданған.*

*Кілтті сөздер: әлемнің тілдік бейнесі, реципиент, мақала тақырыпаты, публицистика, мәтіннің ұлттық-мәдени өзгешелігі.*

Тіл білімінде соңғы кезде ғалымдар тарапынан ерекше назар аударылып жүрген мәселелердің бірі – әлемнің тілдік бейнесі. «Әлем көрінісі» деген терминнің өзін тұңғыш рет өзінің «Логика-философиялық трактат» еңбегінде Л. Витгенштейн қолданған, десе де тіл мен ойлаудың өзара байланысты арақатынасы жайлы алғашқылардың бірі болып неміс ғалымы В. фон Гумбольдт атап көрсеткен болатын. Ғалым тілді тірі ағзамен тығыз байланыста қарап, оны ойды қалыптастырушы мүше ретінде таныған. Ол: «Егер ойлау ішкі жан дүниелік, таза рухани әрекет болса, ол дыбыс пен сөйлеудің арқасында ғана сыртқы әлемге, сезімдерге жетімді болады. Ойлау әрдайым дыбыстаумен, сөйлеумен тығыз байланысты, айтпеген жағдайда ой өзінің айкындығына жете алмай, ойдағы түсінік шынайы ұғымға айнала алмайды», – деп [1], «тілді ойлаудың міндетті алғышарты болып табылады» деген қорытындыға келеді. Келесі бір еңбегінде: «Әрбір тілде өзіндік дүниетаным жатыр. Жекелей дыбыстар зат пен адам арасында қандай қызмет атқарса, сол сияқты жалпы тіл де адамзат пен табиғат арасында оған іштей және сырттай әсер етуші қызмет атқарады. <...> Әрбір тіл өзіне тиесілі халықтың айналасына көрінбейтін шеңбер сызады және жеке тұлға өзге тілді меңгеру арқылы ғана осы шеңбер шегінен шыға алады», – дейді [2].

Неміс ғалымының бұл тұжырымы кейін әлемнің тілші мамандары тарапынан көп талқыланып, өз жалғасын тапты. Б. Л. Уорф және Э. Сепир осы

пікірдің негізінде ХХ ғасырдың 30-шы жылдары «Сепир-Уорф тұжырымы» атанып кеткен теориясын ұсынады. Э. Сепир: «Адамзат қоршаған заттар мен құбылыстардың объективті әлемінде ғана емес, өздері сөйлейтін тілдерінің тікелей ықпалындағы кеңістікте де өмір сүреді. Біз тілдің көмегінсіз-ақ шындық болмысты толықтай тани аламыз немесе тіл сөйлеу және ойлау әрекеттерінің кейбір мәселелерін шешудегі қосалқы, екінші реттік құрал болып табылады деуіміз қате болады. Асылы «шындық болмыс» көп жағдайда осы қоғамдағы тілдік нормалардың негізінде құрылады. Біздің өзімізді қоршаған әлемді басқаша емес, дәл осылай көріп, естіп, қабылдауымыз қоғамымыздағы тілдік әдет-дағдыларымызға байланысты», – десе [3], Б. Л. Уорф бұл пікірді әрі қарай жалғастырып, бензин зауытында өзі куә болған жағдаймен бөліседі: «Бензин цистерналары орналасқан қоймалардың жанында адамдар өздерін сәйкесінше ұстайды: сақтықпен, жан-жағына мұқият қарап жүрсе, «Бос бензин цистерналары» деген жазуы бар қоймалардың қасында олай емес. Мұнда адамдар соншалық абайлағыш емес: олар шылым шегіп, тіпті темекі тұқылдарын жерге лақтыра алады. Бірақ, шын мәнінде, бұл «бос» цистерналар алғашқыларына қарағанда анағұрлым қауіпті болуы мүмкін, себебі онда жарылғыш қасиетке ие буланғыш заттар бар. Шынайы қауіпті жағдайда лингвистикалық анализ «бос», яғни қандай болмасын қауіптің жоғын білдіретін сөзге негізделеді [4]. Ғалымдардың бұл тұжырымы лингвистикалық детерминизм және лингвистикалық салыстырмалылық принциптеріне негізделген. Бірінші принципке сүйенсек, тіл оны тасымалдаушы адамдардың ойлау жүйесін анықтайды, ал лингвистикалық салыстырмалылық қағидасына сай бір тілдегі вербалды өзгешеліктер олардың екінші тілде де барын білдірмейді. Қарапайым тілде айтар болсақ, қазақтар француз не испандықтар сияқты ойламайды, өйткені олардың сөйлеу және ойлау тілі басқа. Осылайша, Сепир-Уорф тұжырымы тіл ойды жеткізуші құрал ғана емес, олардың қалыптасуына және әлем бойынша түрлі халықтар дүниетанымының әр басқа болуының негізі болып табылатындығын көрсетті.

Ал «әлемнің тілдік бейнесі» деген терминнің өзін неміс тілшісі Л. Вайсгербер енгізген болатын, ол «әр тілде оны тасымалдаушының әлемге деген өзіндік көзқарасы ұсынылғандығын» атап көрсеткен [5].

Ф. Боастың эскимос тілдерінде қарды білдіретін ұғымдардың өте көп екендігі, ал Африка елдерінде мұндай сөздер жоқтың қасы екендігін атап өткен зерттеуі немесе Финляндия, Швеция мен Норвегиядағы саам тілдеріне арналған зерттеулерде көрсетілгендей, ондағы бұғымен байланысты мыңға жуық сөздің бары – халықтың ойлау жүйесі оның тілімен тікелей байланыстылығын айқындайтын бірден-бір дәлел.

Израилдік тілші Г. Дойчер осы тақырып төңірегінде өзінен бұрынғы ғалымдардың зерттеулерін саралай келе, «Through the language glass»

атты еңбегінде тіл мен мәдениеттің тығыз байланысына назар аударады. Ғалым орыс мәдениетінде «көк» («синий») және «көгілдір» («голубой») түстерінің ұғымы барын атап көрсетеді, ал ағылшын тілінде мұның барлығы бір ғана «blue» («көк») сөзімен белгіленіп, көгілдір көк түстің бір реңкі болып есептелетіндігіне назар аударады. Іс жүзінде бұл екі түс спектр толқындарының ұзындықтары бойынша ажыратылады [6].

Қазақ мәдениетінде де осы түстерге байланысты мынадай бір ерекшелікті байқауымызға болады: мұнда «көк» және «көгілдір» концептілері болса да, алғашқысы жиірек қолданылып, екіншісінің орнына да жүре береді. Бірақ көкті ешқашан көгілдір деп атамаймыз. Сондай-ақ қазақ мәдениетінде «жасыл» түсті «көк» деп атау да кездеседі. Жайлаудағы жасыл шөп алыстан қарағанда көк болып көрінетіндіктен, осы ұғымды қатар пайдаланып, шөп шыққанда «көк шықты» деп атаудың өзі – тіл мен мәдениеттің тығыз байланысының бірден-бір көрсеткіші.

Әлемнің тілдік бейнесі, тіл мен ойлаудың арақатынасы жайлы атап өтуге тұрарлық келесі еңбек – Л. Бородинскийдің «How language shapes thought» мақаласы. Ғалым тіл біздің қоршаған әлемді тануымызға әсер етеді деген тұжырымды ұсына отыра, өзінің зерттеу тәжірибелерімен бөліседі. Ол Солтүстік Австралиядағы Кейп-Йорк түбегінің батысында Пормпуроу («pormpuraaw») деп аталатын аборигендер мекенінде бес жасар қызбен әңгіме барысында оған солтүстіктің қай жақта екенін көрсетуді сұрағанда, ол мұны еш қиындықсыз әрі дәл көрсеткен. Автор мұны бірнеше рет түрлі жерлерде (ашық кеңістік болсын, жабық болсын) сұраса да, қыз дұрыс бағдарды ойланбастан дәл анықтап отырған. Біраз уақыттан соң ғалым ғылыми қауым отырған Стэнфорд университетінің дәрісханасында бұл сұрақты қайта қойып, отырғандарды көзін жауып (өзгелердің жауабын көрмей, өздері шынайы жауап беруі үшін), солтүстіктің қайда екенін көрсетулерін сұрайды. Көбі бұл сұрақтың жауабын мүлде білмегендіктен, бірден бас тартады, қалғандары біраз ойланып, әркім әр басқа бағытты көрсетеді. Л.Бородинский бұл тәжірибені Гарвард, Пристон, Мәскеу, Лондон және Бейжің қалаларында қайталаса да, нәтиже осындай болып қала берді. Ғалым «Бес жасар қыздың көптеген ғалымдардан асып түскені қалай?» деген сұрақтың жауабын табу мақсатымен тарихқа көз жүгіртіп, жоғарыда атап өткен Сепир-Уорф теориясын негізге алады.

«Әлемде 7 мыңнан аса тіл бар, олардың әрқайсысы өзіне тән тілдік орамдарды қажет етеді. Айталық, мен «42-көшедегі Ваня ағай» фильмін көрдім» дегім келеді. Папуа–Жаңа Гвинеядағы миан тілінде тыңдаушы менің етістікті қандай тұлғада қолдануыма қарап, фильмді жаңа ғана, кеше не одан бұрын тамашалағанымды анықтай алады. Индонезия тілінде, керісінше, етістік конструкциясына қарап, мен оны көрдім бе әлде жаңа ғана көруді жоспарлап отырғаным түсініксіз болады. Орыс тілінде осы етістікке сай

менің жынысым айқындалса, қытай тілінің мандарин говорында мен ағайдың анам не әкем жағынан екендігін, сондай-ақ ол қан бойынша туыс па әлде неке бойынша туыс па екенін анықтап көрсетуім керек – мұнда осылардың әрқайсысына өзіндік ұғымдар бар. Ал пираха тілінде (Амазонканың бір саласында мекен ететін кішігірім тайпаның тілі) мен тіпті «42-көше» деп айта алмас едім: мұнда сан есімдер мүлде жоқ, тек «көп» және «аз» деген түсініктер қалыптасқан.

Пормпуроуга қайта оралсақ, мұндағы тайоре (куук-тайоре) тілінде «сол» және «оң» сияқты кеңістік түсініктері жоқ. Олардың орнына абсолютті бағыттар – солтүстік, оңтүстік, шығыс және батыс ұғымдары қолданылады. Ағылшын тілінде де мұндай түсініктер болса да, олар тек ғаламдық бағыттар үшін қолданылады. Біз ешқашан да «шаңышқы қасықтан оңтүстік-шығыста орналасқан» деп айтпаймыз. Тайоре тілінде, керісінше, абсолютті бағыттар барлық жағдайда қолданылады: мұнда, мысалға, «кесе тәрелкеден оңтүстік-шығыста орналасқан» немесе «Мэриден оңтүстікте тұрған бала – менің ағам» деп айтуға болады» [7].

С. Левинсон мұндай абсолюттік бағыт-бағдарларды қолданатын тілдерді «абсолютті тілдер», ал «сол» және «оң» сынды ұғымдарды пайдаланатын өзге тілдерді «салыстырмалы тілдер» деп атап көрсеткен [8]. Аталған ғалымның және Калифорния университетінің ғалымы Д. Хэвилендтің соңғы ғылыми еңбектері абсолютті тілдерді тасымалдаушылар кеңістікте, соның ішінде танымал жаңа жерлерде де, бағыт-бағдарды жақсы біліп, жөн таба алатындығын көрсетеді. Олардың бұл қасиеті тіпті бір жерде тұрақтайтын өзге тілде сөйлейтін адамдардан гөрі жақсы дамыған. Мұндай таңғажайып қабілеттер тіл ерекшеліктеріне сәйкес қалыптасуы ықтимал.

Л. Бородицкий кеңістікті қабылдаудағы ерекшеліктер уақытты қабылдауға да ықпал ететіндігін дәлелдеу үшін Калифорния университетіндегі әріптесі Э. Гэбимен бірге тағы бір тәжірибе өткізеді. Олар тайоре тілінде сөйлейтін адамдардың алдына әртүрлі уақытта өтетін оқиғалар – ер жетіп бара жатқан адам, өсіп келе жатқан қолтырауын және желініп жатқан банан бейнеленген суреттерді қойып, оларды белгілі бір уақыттық реттілікпен орналастыруды сұрайды.

Әрбір адам түрлі жерлерде жайғасып, бұл әрекетті екі рет жасайды. Ағылшын тілінде сөйлейтін адамдар – суреттерді солдан оңға қарай, ивритте сөйлейтіндер оңнан солға қарай орналастырады. Осыдан жазу ерекшелігі уақыт құрылымы жайлы түсініктерімізді де анықтайтындығын байқауымызға болады. Тайоре тілінде сөйлеушілерге келер болсақ, олар суреттерді шығыстан батысқа қарай орналастырды. Егер олар оңтүстікке қарап отырса, карточкаларды шығыстан батысқа қарай; солтүстікке қарап отырса – оңнан солға қарай; шығысқа қарап жайғасса – өзіне қарай, батысқа қараса – өзінен кері, жоғары қарай бағытта орналастырған. Тәжірибеге

қатысушылардың ешқайсысына түс бағдарлары айтылмаса да, олар оны өз түйсіктерімен сезініп, тапсырманы соған сай орындаған.

Уақытты қабылдаудағы өзгешеліктер басқа мәдениеттерде де кездеседі. Ағылшын тілінде, қазақ тілінде сияқты, болашақ алда, ал өткен шақ артта деп айтатындығы белгілі. Ғалым 2010 жылы Л. Майлс бастаған бір топ ғалымның тәжірибесін мысалға келтіреді: олардың зерттеуіне сүйенсек, ағылшындар болашақ жайлы айтқанда, түйсікті түрде алға қарай, өткен нәрсе жайлы айтқанда, артқа қарай еңкейетіндігін байқаған. Алайда Анд тұрғындары сөйлейтін аймара тілінде керісінше: болашақ – артта, ал өткен шақ – алда. Сәйкесінше, аймара тілінде сөйлейтін адамдар әңгіме барысында өткен-кеткен жайлы айтса – алға, келешек туралы сөз еткенде алға қарай еңкейеді.

Л. Бородицкий өзінің еңбегінде әртүрлі тілдерде сөйлейтін халықтардың бір оқиғаны әр басқа сипаттап, сәйкесінше, түрлі нұсқаларда есте сақтайтындығын алға тартады. Мысал ретінде автор баршаға белгілі оқиға – АҚШ-тың бұрынғы вице-президенті Д. Чейни аң аулауға шыққанда, құстың орнына абайсызда жолдасы Г. Уиттингтонды жаралап алғандығы туралы айтады. Бұл оқиғаны түрлі баяндауға болады. Егер «Чейни Уиттингтонды жаралады» десек, бұл бұрынғы вице-президенттің кінәсін ашық көрсетеді; ал «Уиттингтон Чейни тарапынан жарақат алды» дейтін болсақ, бұл сөйлем Чейниді оқиғадан біраз алыстататын сияқты. «Уиттингтон жараланды» деп, Чейниді мүлде оқиғадан тыс қалдыруға да болады. Бұл жайлы Чейнидің өзі айтқан сөзіне назар аударайықшы: «Түптің түбінде Гарриді жаралаған оқ атылған мылтықтың шүріппесін басқан адам менмін». Осындай сөзі арқылы Чейни өзін бұл оқиғадан ұзын-сонар оқиға желісімен ажыратқандай болады. Ал сол кездегі АҚШ-тың бұрынғы президенті Дж. Буш одан да бетер қу тұжырымдаманы алға тартады: «Ол (Чейни) құс қанаттарының даусын естіп, бұрылып, оқ атқан кезде, досының жараланғанын байқады», осылайша ол бір сөйлем арқылы Чейниді айыптыдан жай ғана куәгерге айналдыра білді.

Америкада осы сынды саяси сипаттағы сөз орамдарында жалтарушылық, екі ойлылық қасиеттер жиі кездеседі. Ағылшындар болса, белгілі бір тұлғаның осы оқиғадағы ролін ашық айтуды ұнатады, мысалы: «Джон құмыраны сындырды». Жапондықтар мен испандықтар, керісінше, «құмыра сынды» деген сияқты «агентсіз» құрылымдарды пайдалануды жөн көреді.

Ғалым тілдік ерекшеліктер оқиғаларды есте сақтауға да, қайта қалпына келтіруге де өз ықпалын тигізетіндігін мынадай тәжірибе арқылы анықтады: ағылшын, испан және жапон тілінде сөйлеушілердің назарына екі бейнебаян ұсынылды. Олардың бірінде екі адам әуе шарлары мен жұмыртқаларды әдейі жарып, түрлі сұйықтықтарды төксе, екіншісінде мұны жазатайым жасағандай болды. Бейнебаянды тамашалағаннан кейін көрермендерден оқиғадағы кінәлі адамдарды еске түсіруді сұрады. Бұл әрекетті қасақана жасаған адамдар жайлы үш тілде сөйлейтін көрермендердің барлығы

«Шарды жарған ол» деген сынды агентті құрылымдарды пайдаланды. Ал жазатайым оқиға жайлы сөз еткенде, испан және жапон тілінде сөйлейтін адамдар ағылшындарға қарағанда, агентті құрылымдарды сирек қолданып, айыпкерді есте сақтай қоймаған. Алайда олардың жалпы есте сақтау қабілеті ағылшын тілін тасымалдаушылардан кем емес. Демек, тілдік ерекшеліктер сол тілді тасымалдаушылардың оқиғаны қалай қабылдап, есте сақтауына да тікелей әсер етеді.

Тіл есте сақтаумен қатар білім алуға да ықпал жасайды. Тіпті оның танымдық қыры да бар: 1983жылы Мичиган университетінің зерттеушісі А. Гиора ана тілдері иврит, ағылшын және фин тілдері болып табылатын балалардың үш тобын салыстырды. Иврит тілінде сөйлеу кезінде жынысты белгілеу өте кең таралған («сен» есімдігінің өзі әңгімелесуші адамның жынысына байланысты түрленеді), фин тілінде ол анағұрлым сирек қолданылса, ағылшын тілі бұл екеуінің арасындағы аралық сипатқа ие. Зерттеу нәтижелері иврит тілінде сөйлейтін қоғамда өскен балалар өзінің жыныстық тиістілігін фин тілінде сөйлейтіндерге қарағанда бір жыл ерте түсінген, ал ағылшындар бұл екеуінің арасында орын тепкендігін көрсетті [7].

Л. Бородицкийдің бұл зерттеулерінен тілдің ойлауға ғана емес, есте сақтау қабілетіне, танымдық әрекетке де ықпал жасап қоршаған әлемді тануға өз әсерін тигізбей қоймайтындығына көз жеткіземіз.

Бізді қоршаған әлем барлық ғаламшар тұрғындары үшін, шын мәнінде, бір болса да, оның санадағы бейнесі әр әлеуметтік топта әр басқа, өзгелерге ұқсамайды. Мұндай өзгешеліктер, ең алдымен, әр этностың өзіне тән тілі, мәдениеті мен ұлттық мұрасына байланысты. Бір ұлтты екіншісінен ерекшелендіріп, бірегей ететіндер де – осылар. Осылайша тілді қоршаған әлемді зерттеп, жаңа көкжиектерді ашатын «құрал» ретінде қарастыруға болады. Осындай «құралдарды» мейлінше көп меңгеріп, игеру соншалық көп жаңалықтарға әкелетіні де хақ.

Кейбір ғалымдар әлемнің тілдік бейнесі аңғал болып келетіндігін алға тартады, себебі ол ғылыми көзқарастан алшақ болады. Дегенмен де бұл екі бейне бір-бірімен сыйыса алмайды деуге келмейді. Мысал ретінде «нан» деген сөзді алсақ, қарапайым тілде оған «Бидай ұнына ашытқы салып, су қосып илеген қамыр» деп түсінік беруге болады. Нақтырақ және біршама ғылыми түсінігі: «Ашытқан қамырдан пешке пісірілген төртбұрыш, домалақ пішіндегі құрамында күш-қуат беретін дәрумендері көп тағам». Алайда қазақи танымда ол «құраннан да қасиеті жоғары саналатын, ас атаулының атасы, негізгісі» болып есептелетін қосалқы мәнге ие. Оны халық арасында кең тараған мына бір сөзден де байқауға болады: «Құран биікте тұрып, оның біреуін алу керек болса, Құранды басып тұрып нанды алуға болады, ал нанды басып тұрып Құранды алуға болмайды». Қарап отырсақ, осы тұжырымдардың барлығы да шынайы әрі бір-бірімен өзара бірлікте, қатар өмір сүре алады.

Ғалымдар әлемнің тілдік бейнесінен басқа концептуалды бейнесі де болатынын атап көрсетеді. Адамды қоршаған әлемнің бүтіндей көрінісін беретін бейне концептуалды болып есептеледі. Ол адам санасының негізінде жатады. Әртүрлі адамдардың санасындағы әлемнің концептуалды бейнелері олардың әлеуметтік/жас топтары, өмір сүру кезеңдері, фондық білімдері және басқа да факторларға байланысты ерекшеленуі мүмкін. Тілдік бейнеге қарағанда концептуалды бейне нақты жеке адамның санасында өмір сүреді. Онда жалпыадамзаттық индивидуалдымен, ұлттық сипаттағы жеке баспен қатар өмір сүреді.

Тіл өзінің негізгі қызметтерін осы әлемнің концептуалды бейнесімен тығыз байланысты болғандықтан да атқарып келеді.

Әлемнің тілдік бейнесіне тән тағы бір ерекшелік – оның екі жақты табиғаты: ол адамдардың жүріс-тұрысы, танымы мен өзіндік ерекшелігін тікелей белгілейтін қоршаған орта мен жалпы өмір жағдайларынан көрініс берсе, екінші жағынан, адамның қоршаған әлемді тануы дәл осы тіл арқылы жүреді және ол, өз кезегінде, адамның ойлау жүйесін күн ілгері анықтайды. Бұл тарапта Ж. П. Сартрдің әйгілі «Мен тіл арқылы өзіме әлемді ашқандықтан, ұзақ уақытқа дейін тілді әлем деп қабылдадым» [9] деген сөзін еске түсірмей қою мүмкін емес.

Ю. Н. Караулов, Б. А. Серебренников, В. И. Постовалова, В. Н. Телия, Г. В. Колшанский, Ю. С. Степанов және т.б. бір топ ресейлік ғалым әлемнің тілдік және концептуалды бейнелерін бөліп жарып, екеуін бір-біріне қарсы қояды. Осы ретте А. А. Залевская әлемнің тілдік бейнесі концептуалды бейнені толықтай баса алмайтындығын, тек оның белгілі бір бөлігінен көрініс беретіндігін алға тартады. Дәл осы пікірді Е. С. Кубрякованың еңбектерінде де байқауымызға болады. Ғалым тілдік бейненің концептуалды көріністің бір құрамдас бөлігі екендігін айта келе: «Әлемнің тілдік бейнесі адам санасындағы концептуалды бейненің маңызды құрамдас бөлігі, яғни бір бүтін болып біріккен және қоршаған ғаламды тануда кейінгі бағыт-бағдар беретін жеке тұлғаның әлем жайлы білімдері мен түсініктерінің жиынтығы ретінде қарастырылады», – деген тұжырым ұсынады [10].

Өзге ғалымдарға қарағанда В. В. Морковкин әлемнің тілдік және концептуалды бейнелерін біріне-бірі қарсы қою дұрыс емес екендігін айтып, оны «бұл терминдердің әртүрлі бағыттылығымен» дәлелдейді. «Әлемнің тілдік бейнесі» термині ғалам көрінісінің иесі тіл болып табылатындығын, ал «әлемнің концептуалды бейнесі» термині талқыланып отырған гносеологиялық объектінің қандай элементтерден құралғандығын көрсететінін» алға тартады [11].

Дегенмен әлемнің бұл екі бейнесінің аражігін ашып, бөліп көрсету дүние жүзі бойынша тілші мамандарға қиындық тудырып отырған мәселе болып табылады. Қайткен күнде де, әлем бейнесі қоршаған ортаның адам

санасындағы көрінісі, оның ғалам жайлы түсінігі болса, әлемнің тілдік көрінісі дәл осы ақпараттың белгілі бір тілде «сүзгіден өтіп», тұрақтаған түрі болып табылады. Әлемнің концептуалды болсын, тілдік бейнелерінің болсын иесі, тасымалдаушысы – жеке тілдік тұлға (адам) не тілдік қауым (қоғам).

Шынайы болмыс пен оның адам санасындағы тілдік көрінісі арасындағы күрделі қатынастарды жеке тұлғаның дүниені тану әрекеті адасушылық пен кателіктерден сақталмағандығынан-ақ байқауға болады. Егер концептуалды түсінік қарқынды түрде дамып, жаңарып отырса, әлемнің тілдік бейнесі бұл мұраны ұзақ уақыт бойы ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Қазіргі күнге дейін тіліміздің сөздік құрамында орын алып келе жатқан «күн шықты», «жұлдыз құлады» немесе «жұлдыз ағып түсті», «жаз шықты» деген сынды сөз тіркестері – осының дәлелі.

Көріп отырғанымыздай, жеке тұлға әлем жайлы мәліметтерді түрлі арналардан алады. Ал әлемнің тілдік бейнесі ана тілінің тілдік бірліктері мен формалары арқылы алынған білімге негізделеді. Десе де біз жоғарыда атап өткен тілдік көріністің екі жақты табиғаты жайлы ұмытпауымыз керек: жеке тұлғаның ақпараттық «жүгі» белгілі деңгейде оның тілімен белгіленеді.

Бұл жайлы ғалым В. А. Маслова өте орынды тұжырым жасаған болатын: «Әлемнің тілдік бейнесі» термині бар болғаны метафора болып табылады, өйткені белгілі бір қауымдастықтың бірегей қоғамдық-тарихи тәжірибесі жинақталған ұлт тілінің өзіндік ерекшеліктері осы тілді тасымалдаушылар үшін әлемнің шынайы бейнесінен ерекшеленетін қайталанбас көрінісін емес, аталмыш халықтың өмір сүру салты мен ұлттық мәдениетіне сай туындайтын құбылыстар, үрдістер мен заттардың ұлттық мәнділігімен шартталған осы әлемнің айрықша «бояуын» қалыптастырады» [12, 66].

Қалай болғанда да біз белгілі бір халықтың тілі мен мәдениеті оның ойлау әрекетіне әсер етіп, қоршаған әлемге деген көзқарасын қалыптастырады және түрлі тілдерде сөйлейтін адамдардың дүниетанымдары әр басқа болатыны жайлы тұжырымға қарсы шыға алмаймыз.

Әрбір тіл өзіндік дүниетанымға ие және бұл ерекшелік, ең алдымен, оның лексикалық қабатынан көрініс табады. Бірақ ол тілдің сөздік құрамымен ғана шектеледі деген сөз емес: тілдің морфологиялық, синтаксистік, стилистикалық және т.б. қабаттары да бұл ерекшелікке ие болады. Бұл еңбекте біз әлемнің тілдік бейнесінің заманауи жаңалықтарға ең бір «икемді» тілдік құрылымдардың бірі – публицистикалық тақырыпаттарда көрініс табу мәселесіне зер саламыз.

Газет тақырыпаттары қоғамдық санаға әсер етіп, жаңа ақпаратты жеткізуде айрықша орынға ие құрылымдар болып табылады. Ол мақала мазмұнынан хабардар етіп, оқырманды оны оқуға еліктіріп қана қоймай, белгілі деңгейді сол тілдің қазіргі уақыттағы қалпынан көрініс беріп, оның өзіне тән ерекшеліктерін де танытады.

Публицистика дамып, мерзімді басылымдар саны артқан сайын журналистер өз мақалаларына бейнелі әрі мейлінше қызықты атау беру мәселесіне ерекше ден қоя бастады. Бұл тарапта мақала тақырыпатының сол тілдік қоғамға тән әлемнің тілдік бейнесінен көрініс беруі де маңызды роль атқарады.

Мәтіннің ұлттық-мәдени өзгешелігінің маңызды белгілерінің бірі ұлттың ойлау ерекшелігімен байланысты анықталатын стереотиптер болып табылады. Әртүрлі этнос өкілдері бір мазмұнды жеткізуде сан алуан лексика-грамматикалық тілдік бірліктерді пайдаланады. Ол үшін салыстырмалы түрде қазақстандық, ресейлік және америкалық басылымдардың бір тақырыпқа – отандық боксшы Г. Головкинге арналған мақалаларды қарастырайық: «Головкин – үздік боксшы» («Егеменді Қазақстан», кейін ЕҚ. – 05.08.2014), «Головкиннің кезекті жеңісі» (ЕҚ. – 21.10.2014), «Қарсыласын шалқасынан түсірді» («Ана тілі», кейін АТ. – 23.10.2014), «Стивенсті сабады» («Сарыарқа самалы», кейін СС. – 05.11.2013), «Күрзі жұдырықты Гена тағы бір әлем чемпионын сұлатып түсірді» (СС. – 28.07.2014); «Казахстанский боксер Головкин в двенадцатый раз защитил титул чемпиона мира» («Аргументы и факты», кейін АиФ. – 19.10.2014), «Геннадий Головкин в бою с Дэниелом Гилом защитил титул WBA» (АиФ. – 27.07.2014); «Nothing can stop Gennady Golovkin, not even a punch to the face» («Washington post», кейін WP. – 27.07.2014), «Runyonesque Flurry Spans Two Arenas» («New York Times», кейін TNYT. – 22.07.2014).

Көріп отырғанымыздай, ана тіліміздегі газеттердің тақырыпаттары көбіне-көп атаулы сөйлемдер түрінде не мақала атауына бейнелілік сыйлайтын әдеби-көркем сөздерді пайдалана отыра құрылса, ресейлік публицистикалық тақырыпаттар «кім не істеді» үлгісі бойынша ақпаратты қарапайым түрде жеткізумен шектелген. Америкалық тілшілер болса, шетелдік боксшының жеңістерін сипаттауда мәрттік танытып, мақала атауының грамматикалық құрылымына баса назар аудара отыра, гипербола және бейнелілік тәсілдерін қолданған.

«Әлемнің тілдік бейнесі барлық қоғамға тән дәстүрлі тілдік элементтерді (мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, т.б.) ғана емес, дәстүрлі емес идеологиялық құрылымдар және қоршаған әлем жайлы түрлі салалардан келіп түсетін экстралингвистикалық фактілерді де бейнелейді» [13]. Бір тілдегі әлем көрінісінің өзіндік ерекшелігі, әсіресе, сол ұлтқа тән өзіндік салт-дәстүр, өзге халықтардан бірегейлендіріп тұратын төл мәдениетінің нақыштары негізінде көп орын алады. Мысалы, «Петропавлда «Ана үйі» қорының тұсауы кесілді» (ЕҚ. – 18.12.2014) деген мақала атауындағы «тұсау» деген сөзді, айталық, шетелдік азаматтар ат, түйе т.б. мініс көліктің алысқа ұзап кетпеуі үшін аяғына салынатын қайыстан, жіптен істелген әбзел ретінде түсінуі мүмкін, бірақ қазақ халқының (және онымен



туыстас халықтардың) мәдениетінде ғана «тұсау кесу» деген салт-дәстүр, яғни сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен, жүріс-тұрысы ширақ әйелге алдын ала дайындатқан ала жіппен баланың аяғын тұсап қидыратын кәделі ғұрып, ырымның барын білуі екіталай. Ал шын мәнінде бұл салт-жораның қазақ танымына сіңісіп кеткендігі сонша – жаңа ғана өз қызметін бастаған не енді ашылған кәсіпорын, зауыт және басқа да мекемелер жайлы сөз еткенде де, аталған тақырыпаттағыдай, осы сөз тіркесін қолдану машыққа айналған. «Қалдық та кәдеге асады» (ЕҚ. - 23.12.2014) және «Петропавлда «жеңгетайлар» ұсталды» (ЕҚ. – 07.12.2014) деген мақала тақырыпаттарында да төл мәдениетімізге тән сарындарды байқауымызға болады. Осындағы «кәде» ұғымы тұрмыс-салтқа байланысты жасалатын сый-сияпат түріндегі ырым-жораларды қамтыса, «кәдеге жарату/асыру» деген сөз тіркесі халық санасында «бір керегіне жарады, қажетін асырды» деген мағынады кең қолданысқа ие. Ал «жеңгетай» деп қазақ халқының дәстүрлі қоғамында қыз бен жігіттің арасында дәнекерлік жасаушы, әдетте, әйел адамды атаса, уақыт өтіп, заман өзгерген сайын қоғамда жаңадан пайда болған әрекет – жезөкшелікпен айналысуға арналған топтар мен арнаулы орындарды ұйымдастырып, зинақорлық жасаушы адамдарды өзара кездестіретін және сол арқылы пайда табатын адамдарды да осы сөздің астарлы мағынасымен атап кеткен. Осы сияқты сөздер бір қарағанда күнделікті қолданыстағы тілдік бірліктер болып көрінсе де, ана тіліміздің, қазақ мәдениетінің өзіндік ойлау жүйесінен, оның санасындағы әлем бейнесінен көрініс беріп тұрғаны анық.

Қазақ халқы ежелден жаз жайлауға, қыс қыстауға көшіп, ат үстіндегі көшпелі де жауынгерлік өмір салтын ұстанған халық екені белгілі. Осыған орай тіліміздің лексикалық қабаттарында төрт-түлікке, әсіресе, жылқы малына, көшпенділікке байланысты ұғымдар ұлан-ғайыр. Сөздік қорымыздың осындай байлығын ақын-жазушылар да, публицист тілшілер де өз шығармаларында жиі қолданады. Мысалы: «Жігіттің де азаматы, аттың да қазанаты бар» (ЕҚ. – 23.12.2014) («қазанат» – дене бітімі ірі, ұзақ жолға шыдамды, мықты ат), «Қайта түлеген кешен» (ЕҚ. – 19.12.2014) («түлеу» – көктем кезінде жан-жануардың жүнінің не қауырсынының түсуі; ауыспалы мағынада – жаңару, жандану); «Көптеген мәселенің көбесі сөгілді» (ЕҚ. – 03.12.2014) («көбе» (көнерген сөз) – бүкіл кеудені қорғау үшін қола не мыс, кейде алтын мен күміс табақшаларды қатпарлап тізіп немесе металл шынжырларды біріктіріп, көйлек тәріздес етіп жасаған қорғаныш киім, «көбесі сөгілді» – жоқ болды, құрыды).

Әлемнің тілдік бейнелеріндегі айтулы айырмашылықтарды Ресейде және Қазақстанда жарияланатын орыс тілді мерзімді басылым беттерін оқып отырып байқауға болады. Жергілікті қазақтармен ұзақ уақыт бойы бір аспанның аясында өмір сүру, қос халықтың мәдениеті мен ділінің өзара әрекеттесуі Қазақстанда мекендейтін этникалық орыстардың ойлауы мен

әлемді қабылдауына өз ықпалын тигізбей қоймады. Келесі мысалдарды қарастырайық: «Мы ждем медалей от наших палуанов: В Лондоне нашу страну будут представлять семь борцов вольного стиля» («Казахстанская правда», кейін КП. – 28.06.2012), «Этноаул у «Хан Шатыра» (КП. – 07.07.2012), «Да будет той! Торжества и корпоративы глазами артистов» («Караван», кейін К. – 28.11.2014). Бұл тақырыпаттарда тілшілер орыс тілінде баламасы бола тұра, қазақ тіліндегі сөздерді қолданған: палуан – борец, аул – деревня, той – праздник.

Сонымен қатар мақала атауларында лақуналар, яғни аударылатын тілде баламасы жоқ сөздер жиі кездеседі. Бұл да екі халық мәдениетінің тығыз байланысымен түсіндіріледі. Мысалы: «Курт с приставкой «био» (КП. – 16.08.2012), «А был ли альчик?» («Экспресс К», кейін ЭК. – 11.12.2014), «Байга! Как много в этом слове...» (КП. – 20.05.2011).

Кейде бір ұлтқа тән әлемнің тілдік бейнесі басқа елде де қолданылуы мүмкін. Мысалы, ресейлік «Московская комсомольская правда» басылымында шыққан мына бір мақала: «Назарбаев снова елбасы\*» (КП. – 26.04.2015). Қазақстан халқы ел президенті Нұрсұлтан Әбішұлын Елбасы деп атап кетіп, бұл сөздің қоғамда сіңісіп кеткені сонша – оны көршілес елдердің азаматтары да танып, түсінеді. Публицистикада мұндай қадамға екінің бірі бара бермейді. Алайда бұл мақаланың авторы осындай шетелдік танымға сай сөзді оқырмандар түсінеді деген сеніммен қолданып, десе де бұл сөздің мағынасын білмей қалуы мүмкін адамдар үшін мәтін соңында жұлдызшамен белгілеп, мәнін ашып көрсеткен. Осылайша, көршілес екі халықтың дүниетанымы бір-бірімен жымдасып, өзара байланыста болуы олардың күнделікті тұрмысында да, публицистикасында да көрініс табатындығын байқауымызға болады.

Әлем бейнесін сипаттайтын тағы бір құрал – прецедентті мәтіндер. Көбіне-көп бұл – мақал-мәтелдер, накыл сөздер, фразеологизмдер, т.б. Ресейлік газеттердің тақырыпаттарын қарап көрейік: «Цена высокого полета» («Российская газета», кейін РГ. – 21.04.2009), «Кличко пришел, увидел, победил» («Комсомольская правда», Ком. П. – 08.07.2014), «Работа не волк» (РГ. – 20.01.2011). Дәлосындай прецеденттік құрылымдарды қазақстандық мақалаларда да кездестіруге болады: «Музы высокого полета» (ЭК. – 10.12.2014), «Пришел, увидел, отследил» (ЭК. – 09.12.2014), «Жамбылская область. Работа – как волк: не догнать, не поймать» (К. – 06.12.2014).

Дей тұрғанмен, қазақстандық мақала атауларында тек біздің елде ғана «жалпы халықтық танымал» сипатқа ие прецеденттік құрылымдар кездеседі. Мысалға: «Важно для тебя – важно для страны» (КП. – 14.01.2012), «Построим будущее вместе! Казахстан – 2020» (КП. – 19.03.2011), «Кто вы, Коркыт-ата?» (КП. – 21.01.2011). Қазақстандық және ресейлік реципиенттердің мұндай тақырыпаттарды оқығаннан кейінгі әсерлері әртүрлі

болады, өйткені Ресей азаматы аталмыш тақырыпаттардың астарында біздің елде танымал партиялық және стратегиялық ұрандар және әйгілі кинофильмнің атауы жасырынғандығын түсінбейді.

Қазақстандық мерзімді басылымдардың журналистері көп жағдайда мемлекеттік тілдегі сөздер мен ұғымдарды олардың орыс тіліндегі аудармасы не мағыналас түсініктерімен қатар қолдану негізіндегі тілдік ойынды іске асырады, айталық: «Коррупция – «жолжосқ» (КП. – 11.08.2012), «Болашақ» – *устремленный в будущее*» (КП. – 17.04.2013), «Шектеу» *ограничит должников*» (КП. – 27.10. 2011). Автордың мұндай «қулығын» бәрі бірдей түсіне бермейді, дәлірек айтқанда, оны ұғыну үшін Қазақстанда тұратын орыс халқының әлемнің тілдік көрінісіне ие болу керек.

Тілшілердің мұндай сөздер мен ұғымдарды мақала атауында пайдалануының тағы бір себебі – мұның негізінде реципиент өзінің осы қоғамға (тілдік қауымдастық) тиесілі екендігін, оның басқа мүшелері сияқты аталмыш сөздердің мәнін түсінетіндігін және Ресейдегі қандастарына қарағанда мұндай тілдік «кедергілерді» оңайлықпен айналып өтетіндігін сезінеді. Осылайша, автор реципиентке өзін бірегей тілдік тұлға болып сезінуге мүмкіндік беріп, адресат пен адресант арасындағы арақашықтықты анағұрлым қысқартады.

Отандық және ресейлік газеттерді оқи отыра байқалатын тағы бір қызықты жайт – қазақстандық журналистер, әдетте, тілдік нормаларды ескерсе, олардың ресейдегі әріптестері тайсалмай, ана тілінің тілдік құралдарын сан алуан жағдайда пайдалана отыра, тілдік ойын және окказионализм тәсілдерін жиі қолданады: «*Недореформаторы. Украинским правительством будет руководить Сорос?*» (АиФ. – 09.12.2014), «*Пристрелите доллар!*» *Как Иран «устаканил» свою валюту в условиях санкций*» (АиФ. – 11.12.2014), «*Крым отфутболили?*» (АиФ. – 11.12.2014). Ресейлік оқырмандар үшін бұл қалыпты жағдай болып көрінгенімен, басқа мемлекеттердегі орыс тілді реципиенттер үшін мұндай құбылыс үйреншікті емес, тосын, тіпті ерсі көрінуі мүмкін.

Байқап отырғанымыздай, әлемнің санадағы көрінісі сол әлемді зерттеп тануға құрал болған тілге тікелей байланысты. В. фон Гумбольдт, Э. Сепир, Б. Л. Уорф бастаған бір топ ғалымның тіл ойлауды қалыптастыруда маңызды роль атқарып, белгілі бір халықтың мәдени мұрасы мен өзіндік танымы оның дүниетанымында көрініс табады деген тұжырымы әбден орынды болып, оны Л. Боролицкий, В. А. Маслова сияқты ғалымдар өз еңбектерінде терең зерттеп, дәлелдеген. Түрлі этностардың қоршаған әлемді қабылдауындағы ерекшеліктер, ең алдымен, олардың тілі, ділі мен мәдениетіне байланысты. Одан басқа, біздің зерттеулеріміз көрсеткендей, бір ұлт, бір тілдік топқа жататын, бірақ әртүрлі географиялық нүктелерде мекендейтін тұлғалардың дүниетанымында да қарама-қайшылықтар мен айырмашылықтар болуы

мүмкін. Бұл – ойлау мен әлемді қабылдаудың белгілі бір әлеуметтік топтың тілдік әрекетімен байланысты екендігінің тағы бір дәлелі.

Әлемнің тілдік бейнесі жетекші бұқаралық ақпарат құралдарының бірі – газет-журналдардың маңызды элементі болып табылатын мақала атауларында да көрініс табады. Журналистер өз мақалаларына атау бергенде, оны мазмұнды әрі бейнелі етіп қана қоймай, әлеуетті оқырмандар қауымының дүниетанымы мен ойлау ерекшеліктеріне сай етіп те құруға тырысады.

Қазақстандық және ресейлік мерзімді басылымдардан келтірілген мысалдар белгілі бір халықтың мәдени тұрмысы оның әлемнің тілдік бейнесінде көрініс табатындығын айқын көрсетті. Олар бір тілде жазылса да, лексика-семантикалық тұрғыда да, этнопрагматикалық сипатта да өзгешеліктерге ие. Тіпті көршілік елдердің де дүниетанымдары мен мәдениетінің бір-бірімен тығыз байланысы олардың күнделікті тұрмысында да, публицистикасында да көрініс табады.

Осылайша, біз қазіргі газет-журналдарды оқи отыра, тақырыптың оқырманды мақала мазмұнынан хабардар ететін публицистикалық мәтіннің ерекше лексика-семантикалық құрылымы болып табылатынын ғана емес, сонымен қоса әлемді қабылдаудағы этномәдени ерекшелікті сипаттайтын қосымша қызметке ие екендігін де байқауымызға болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Гумбольдт В. фон.** О различии организмов человеческого языка и о влиянии этого различия на умственное развитие человеческого рода: Введение во всеобщее языкознание. / Пер. с нем. – Изд.2. – Либроком, 2013. – 376 с.
- 2 **W.von Humboldt.** On Language, On the Diversity of Human Language Construction and its Influence on the Mental Development of the Human Species. Edited by Michael Losonsky, Cambridge: CUP, 1999.
- 3 **Sapir, Edward.** Language: An Introduction to the Study of Speech. New York: Harcourt, Brace, 1921, 258 p.
- 4 **Whorf, B. L.** Language, thought, and reality: selected writings of Benjamin Lee Whorf [2nd ed.]: introduction by John B. Carroll; foreword by Stephen C. Levinson. (J. B. Carroll, S. C. Levinson, & P. Lee, Eds.). Cambridge, MA: MIT Press. (2012). 448 p.
- 5 **Вайсгербер, Л.** Родной язык и формирование духа. / Пер. с нем., вступ. ст. и коммент. О. А. Радченко. – Москва, 1993.
- 6 **Deutscher, Guy.** Through the language glass: why the world looks different in other languages / 1st ed. Metropolitan Books Henry Holt and Company, LLC. 2010. 314 p.
- 7 **Boroditsky, L.** “How language shapes thought”. Scientific American, 2011, February: 63-65-p.

8 Levinson, S. C. Space in Language and Cognition. Explorations in Cognitive Diversity. Cambridge: CUP. 2003. 414 p.

9 Jean-Paul Sartre. The Words, Bernard Frechtman (Translator), Mass Market Paperback, 1981. Vintage (first published January 1st 1963) 256 p.

10 Кубрякова, Е. С. Роль словообразования в формировании языковой картины мира // Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира / отв. ред. Б.А. Серебренников. – М. : Наука, 1988. – С. 141-172.

11 Морковкин, В. В., Морковкина, А. В. Русские агнонимы. – М., 1996. – 415 с.

12 Маслова, В. А. Лингвокультурология: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М. : Академия, 2001. – 208 с.

13 Pajdińska, A. & Tokarski, R. (2010). Jazykovýobrazsvěta a kreativní text [Linguistic picture of the world and creative text] Slovo a slovesnost, (71, 4), 288-297.

Материал 07.09.15 баспаға түсті.

*K. S. Yergaliyev, Y. B. Asanbayeva*

**Отражение языковой картины мира в публицистических заголовках**

Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 07.09.15.

*K. S. Yergaliyev, Y. B. Asanbayeva*

**Reflection of a language picture of the world in publicistic headlines**

Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.  
Material received on 07.09.15.

*В статье рассматривается отражение языковой картины мира в публицистических заголовках на материале казахского, русского и английского языков.*

*The article deals with the reflection of a language picture of the world in publicistic headlines on the material of Kazakh, Russian and English.*

ЭОЖ 811.512.122

**А. Е. Ерланова**

магистрант, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

## **МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКА**

*Бұл мақалада Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы аңшылық-саятшылыққа байланысты заттық этномәдени лексика қарастырылып, шығу тегі анықталады.*

*Кілтті сөздер: этномәдени лексика, этнолингвистика, этимология.*

Әр халықтың тұрмысының, мәдениетінің өзгешеліктері, ерекшелігі – сол ұлттың да ерекшелігі. Мұндай айырмашылықтарды сол халықтың заттық және рухани мәдениетінің, әсіресе, қоғамдық, отбасылық тұрмысынан, мінездерінен, салтынан, әдет-ғұрыптарынан айқын көруге болады.

Сондай ерекшеліктердің қатарына халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы т.б. кіреді.

Қазақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігінде мал шаруашылығы мен егін шаруашылығынан басқа аңшылық-саятшылыққа да көп көңіл бөлінген. Көшпелі халықтың өмірінде маңызды орын алған осы кәсіп жайында жазылған еңбектер қатары баршылық. Әріден айтар болсақ, аңшылық-саятшылықтың қасиеті туралы Н. Я. Бичурин, Г. Е. Грумм-Гржимайло, Хиуа ханы Әбілғазы, Г. С. Саблуков, В. В. Радлов сияқты тарихшы-ғалымдардың еңбектерінде жазылған. Түрколог М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінен де аңшылық пен саятшылық туралы мағлұматтар мен тілдік деректерді кездестіреміз.

Осы тақырып аясында жазылған этнографиялық еңбектерді атап өтуімізге болады. Олар: Ж. Бабалықов, А. Тұрдыбаев «Қырандар». – Алматы, 1983; Б. Кәмәләшұлы «Қазақ халқының дәстүрлі құсбегілі мен атбегілігі». – Алматы, 2006; Б. Мүптекеқызы «Қазақ құсбегілері». – Алматы, 2006.; Б. Хинаят, Қ. М. Исабеков «Саятшылық – қазақтың дәстүрлі аңшылығы». – Алматы, 2007. Аталған еңбектерде аңшылық-саятшылық өнері этнографиялық, әдеби-танымдық тұрғыдан болса, Е. Қосбасаровтың бүркітшілік терминдері жайлы, Н. Уәлиұлының қазақ тіліндегі зоонимдер жайлы мақалалары тілдік тұрғыдан өте құнды. Сонымен қатар, тілдік тұрғыдан қорғалған Айтмұқашева Аида Айтмұқашқызының «Ғұрыптық фольклор лексикасы: идиоэтникалық семантика» [1] атты ғылыми жұмысын және Асыллова Раушан Омарқызының

«Аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулардың лингвомәдени мазмұны» [2] атты диссертациясын ерекше атап өтуге болады.

Сонымен қатар, мәшһүртанушы, профессор А. Қ. Тұрышевтың 4 томдық монографиясы осы салада құнды еңбектердің бірі әрі бастамасы деуге болады. Себебі, Мәшһүр Жүсіп шығармаларына осы еңбекте этимологиялық тұрғыдан тұңғыш рет талдау жүргізілген [3].

Профессордың «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы заттық мәдениет лексикасы» [3] атты бірінші томының «Қару-жарақ атаулары» деп аталатын тарауында біздің жұмысымызға қажетті кейбір сөздерге талдау жасалынған. Мәселен, қамшы, садақ, мылтық, арқан, қорамсақ сөздері талдауға түсіп, этимологиясы ашылған.

Зерттеуші Р. О. Асылванның ғылыми жұмысы екі тараудан тұрады. Екінші тарауы аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулардың семантикалық топтарына арналған. Біздің ғылыми жұмысымызға қатысты бөлігі осы аталмыш тарауда қарастырылған. Бұл ғылыми жұмыстың негізгі ғылыми жаңалығы қазақ тіліндегі АС қатысты атаулар жинастырылып, бірінші рет тақырыптық топтарға қарай бөлініп, лексикалық құрамына қарай анықталуы болып табылады. Сонымен қатар, АС қатысты атаулардың лексикалық құрамы анықталғанын; АС қатысты атаулардың лексика-семантикалық тәсілдер арқылы жасалу ерекшеліктері жан-жақты зерттелініп, талданғанын, қазақ тіліндегі АС атаулардың уәжілік жүйесі ашылғанын, АС қатысты алдыңғы буын ғалымдар еңбектеріндегі АС атауларының этимологиясы жинақталып, жүйеленуін, АС қатысты фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерге талдау жасалынғанын зерттеу жұмысының басты жаңалықтарының қатарына қосамыз.

Бұл жетістіктер біздің ғылыми жұмысымыздың бірінші тарауының жазылуы барысында ескеріліп, басты нысанға алынады.

Зерттеуші Р. О. Асылова АС қолданылатын құрал-жабдықтарды жасалу ерекшелігіне, қолдану аясына қарай төрт топқа бөліп қарастырған:

1. **Ұрып-соғу, ату құралдары:** мылтық, садақ, шоқпар, сойыл, қамшы, қанжар, атқы, сақпан, айбалта, қатыр, саржа, семсер, сембе, таяқ, сүңгі т.б.

2. **Жүннен, матадан, қылдан жасалатындар:** арқан, арқамшы, тор, ау, сүзу жіп, шыжым, құсбау, бау (балақ бау, аяқ бау, шыжым бау, ірге бау\желі бау) т.б.

3. **Аң-құстарды үркіту үшін қолданылатындар:** дабыл, сақпан, шың, дауылпаз, дудыға, қоңырау т.б.

4. **Арнайы жасалатын құрал-жабдықтар:** қақпан, түтік, бүркіт құндақ, биялай, тұзақ, бүркіт балдақ\қолдық, аяққап, ырғақ, жезтұяқ\мыстұяқ, жем қалта, жемсауыт, тұғыр\құсағаш, томаға, құсқода, шырға, шәңгек, қанжыға, қыран үйі\талуышкі\құсхана, иыққап, таңдай ағаш т.б. [ 2, 60 б.].

Біз өзіміздің зерттеу жұмысымызда осы бөліністі сақтауға тырыстық. Жоғарыда көрсетілгендерден біздің жұмысымызда төрт топтағы атаулардың барлығы болмаса да, бірсыпыра сөздер талданылады.

АС қатысты қолданылатын құралдың бір түрі – пышақ. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Төрттағандар» өлеңінен мысал келтірелік:

Мырзалық – қонаққа пайда, малға қас,

Батырлық – жолдасқа пайда, жанға қас!

Өтірік сөз – дауға пайда, иманға қас!

Өткір **пышақ** – қолға пайда, қынға қас! [4, 24 б.].

**ПЫШАҚ** зат. 1. Кесуге, турауға, мал союға лайықты жүзі өткір, үшкір, сабы бар құрал [ҚТТС, Т.VIII. 28 б]. Пышағынды қайрап жүр, не соярыңды білесің, Жауабыңды сайлап жүр, жолдасыңның не сұрарын білесің. Пышақ АС кәсіпте жекпе-жекте аңды есіп, орып өлтіру үшін қолданылатын ең қажетті құрал. Пышақ сөзінің түбірі – піш. Ол пішетін, кесетін құрал. Тұрмыста жиі қолданылатын пышақтың түрлері өте көп: *семсер, селебе, ақинақ, қанжар, құжанты, бұйда пышақ, кездік, от пышақ, бәкі (шанпа), ұстара, қандауыр*.

Көне түркі жазба ескерткіштерінде **быч** – кесу, шабу мағыналарын білдіреді. Қазіргі тілімізде «пішу», «кесу» етістіктерінің арасында мағыналық реңк бар екені байқалады. «Пішу» етістігінің ертедегі мағынасы бір ғана іс-әрекетте (еркек малды піштіруге) сақталған. Кесу мен пішудің алғаш синоним болғандығына тіліміздегі «кесіп-пішу» қос сөзі дәлелдейді. Пышақ сөзінің төркіні – «піш» [5, 230 б.].

АС кәсібінде жиі қолданылатын аспаптың түрі – **дабыл**. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Көрұғлы» дастанында:

Арғымақ атты жайлатып,

Қос-қос *дабыл* қақтырып,

Түрікпен халқын бақтырып, құс салып, сайран етерсің,

Һудак деген көлдерге! [ 4, 189 б.].

Халқымыз ертеден-ақ дабылмен қалың тоғайда мекендейтін құстарды, аңдарды үркітіп, қыран құстармен не басқа да айла-тәсілмен аулаған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде дабыл сөзіне былайша анықтама беріледі: **ДАБЫЛ**. Зат. 1. Көне. Жаугершілікте, жорықта, той-думанда халықты бір жерге жию үшін, сасаткершілік құрғанда аң үркіту үшін пайдаланған аспап [ҚТТС, Т.III. 25 б]. Арабша-қазақша түсіндірме сөздікте дабыл – 1) барабан (екі жағы сірі керген, іші қуыс цилиндр пішінді соғып ойналатын музыка аспабы); 2) барабан қағу (дыбыс беру); 3) ауыс. хабаршы [АПТС. 8 б].

Р.О. Асылова қазақ музыка аспаптарының атауларын этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеген Т. Жаубасованың **дабыл** атауының тілдік табиғатына қатысты екі пікірі бар екенін айта келе, біріншісі: «дабыл түркі тілдері негізінде қалыптасқан аспап» деп қарау. Олай деуімізге себеп – бүгінгі

түркі тілдерінде, соның бірі – қазақ тілінде де сирек қолданылса да \*дап > даб деген ілкі түбір бар. Міне, сол түбірден даб > дабыр, дабыл, дабылдап – дау > дауыл, дауылда сияқты тұлғалар туындаған. Бұл – қазақ т.б. түркі тілдеріндегі имитативті лексиканың сөзжасам модельдеріне тән құбылыс: \*шаңқ > шаңқылда, \* қаңқ > қаңқылда, \*дар > дарыл, \*сар > сарыл т.б. екіншісі: кейбір түркі тілдерінде, мысалы ұйғыр тілінде – дап, дап – думба, өзбек тілінде – дап «барабан» мағынасында кездесетін шығу төркінін иран тілдері деп қарайтын \*дап аспабының жоғарыдағы «дап» (\*дап > дабыл) түбірімен сәйкестігі және дауылпаз сөзінің қазақ тілінің сөзжасамдық құрылысына сай жасалғаны және қазақ даласында дүниеге келген көне кәсіби құрал деп қарағанды жөн санаймыз деген қорытынды шығарады [ 2, 64 б. ].

АС аң-құстарды қолға түсіру үшін әртүрлі айла-амалдар қолданылады. Соған байланысты тілімізде көптеген атаулар мен тілдік бірліктер бар. Жыртқыш аңдарды аулағанда пайдаланылатын әдістердің түрлері сан алуан болса, онда қолданылатын құралдардың түрлері де өте мол. Мысалы:

1. Аумен, тормен ұстау – аң-құстарды қолға түсіру үшін ау не тор қолданылады.

2. Тұзақпен аулау – аң аулағанда тұзақтар қолданылады.

3. Құмқақпанмен аулау – түлкі, қарсақ аулағанда аң інінде болғанда қар аралас құмды інге нығыздап, аузын үлкен жалпақ таспенибастырып қойып аулауда қолданылады.

4. Қақпанмен аулау – аңдарды қақпан қойып аулау. Аңшылықта қақпанның түрлері көп қолданылады. Мысалы: орқақпан, құмқақпан, тасқақпан, темірқақпан.

Мысалы, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Шора батыр» дастаны:

Құдайдың құба жонында,

Таяғы бар қолында

Қақпан құрған шал жатыр [4. 291 б.], – осы үзіндідегі қақпан сөзіне былайша талдау жұмысын жүргіздік:

**ҚАҚПАН** зат. 1. Аң аулау үшін темірден жасалған, шаппалы құрал [ҚТТС, Т. V. 570 б].

Қақпан сөзінің шығу төркіні жайында академик Ә. Қайдар еңбегінде айтылады, «қақ [ қақ ] YI (тжч қап): қақпа < қақ+па ворота; қақпан < қақ+пан (метатеза п ~ қ) қақпан. Ср.уйгр. қапқан қақпан» [6, с. 215]. Ә. Нұрмағамбетов сөздің түбірі «қап» немесе «хап» болғандығын якут, татар тілдерінен байқауға болады дейді. «Ұстап алу», «шап беріп» ұстау» мағыналарында қолданылады. Осы түбіге – қан жұрнағы жалғану нәтижесінде қақпан атауы туған. Ал «қақпан» болып өзгеруі тіліміздің дыбыстардың өзара орын алмасу заңдылығынан туындайды. Мысалы, «дорба», «айналу» сияқты сөздер кейде «дорба», «айлану» болып айтылады [5, 25 б].

Аң-құстарды аулауда қолданылатын құралдың бір түрі – **тұзақ**. Мысалы:  
О заманда бар екен жалғыш киік,  
Тамам кәпір аттанды тұзақ жиып.  
Тұзағына кәуірдің (кәпірдің) киік түсіп,  
Тартып үзіп кете алмай, қалды киік [4, 129 б.].

**ТҰЗАҚ** зат. Әртүрлі құстарды ұстау үшін, қылдан есіп жасалатын аңшылық құралы. Тұзақ құрды. а) Құс жолына тұзақ байлады. ә) Ауыс. Айла, амал жасады, пәле ойлады. Тұзаққа түсті а) тұзаққа ілініп қалды. ә) Ауыс. Алдауға түсті, ұсталды [ҚТТС, Т.IX. 264 б.].

Бұл мысалда тұзақ сөзі тура мағынада қолданылған. Яғни, аң аулау мақсатында аңшылардың тұзақ құруын білдіреді.

Зерттеуші Р.О.Асыллова өзінің жұмысында тұзақ пен тұсау сөздерінің шығу төркіні бір деп көрсетеді. Мәселен: Аң құстайын ұшайын, Аяғыңды тұсайын (Сүйінбай). Тұсамыс пен тұзақ мағынасы бір-біріне жақын. Ә. Қайдар тұс [tus]Y: тұсау < тұсау+ау// тұсамыс < тұс+амыс//тұсақ < тұс+ақ диал.путь; тұса < тұс+а налагать нуты. Ср.түз > тұзақ. Ұйғыр тілінде **түз** ау деген мағынада қолданылады. Қазақ тілінде тұзақ сөзімен мағыналық жағынан жақын тор деген сөз қолданылады. Түз > тұзақ > тұсау > тұсамыс > тор мағыналары жақын сөздер. ТҰЗ// ТОР шығу генетикасы бір сияқты [2, 66 б.].

АС аңдарды аулағанда не тосыннан жыртқыш кездескен жағдайда *қамшыны* да пайдаланған. Мысалы:

Жолдасы жоқ жанында

Сөйткенмен кімнен сасады?!

Ойына келмей дәнеме

Ғиратқа *қамшы* басады [4, 197 б. ].

**ҚАМШЫ** зат. 1. Көлікті айдап жүргізу үшін қолданылатын, таспадан әр түрлі нұсқада түйіп өріп, тобылғы немесе басқа затқа саптап жасаған құрал; ер-тұрманның бір құрамы [ҚТТС, Т.V. 617 б].

Профессор А.Қ.Тұрышев өзінің монографиясында **қамшы** сөзінің қам түбірі башқұрт, татар тілдерінде «қайғы», «уайым» мағынасында қолданылатынын айтады. Зерттеуші Н. Уәлиевтың еңбегінен: «Ал орта ғасыр түркі тілдерінде, сондай-ақ, қазіргі туыстас тілдердің кейбірінде (Тува, тоғалар, Алтай, Сары ұйғыр, хакас т.б.) **қам** «**бақсы**» дегенді білдіреді. Қарапайым тілде де қамшы сөзі шаман мағынасында жұмсалады. Бұл салыстырулардан бақсы мағынасын білдіретін сөздің бірде **қам**, бірде **қамшы** түрінде айтылатындығын байқаймыз» мысал келтіреді. Сонымен қатар А. Янушкевич жазбасына сүйене отырып, бақсының ғана емес, қамшының да емдік сипаты болғанына тоқтала келіп, қам (қам+шы), бақсы (бақ+сы) бағу) семантикалық мағынасы бір сөздер деген тұжырымға тоқталады [3, 201 б.].

Аңшылық пен саятшылықта аң-құстарды арқан, шыжым, тор, ау сияқты құралдармен де аулаған. Аtpен қуып жеткен аңды салма ұстап алу үшін арқанды пайдаланған. Мысалы, Мәшһүр Жүсіптің «Қалмақтың Сарыарқаны жоқтап жылаған зары» атты өлеңде арқан сөзі кездеседі:

Байлаулы атқа пішенім,

Матаулы атқа кісенім.

Ат арқандар қазығым,

Балаларға азығым! [4, 38 б.].

**АРҚАН.** Зат. 1) Мал, аң айлау, жүкті буып-түю, киіз үйдің қаңқасын таңып-бекіту үшін жүннен, қылдан т.б. жасалған жуан, ұзын жіп түріндегі шаруашылық құралы. 2) Малшар. Көбінесе қылдан, жүннен жасалатын, мал байлауға арналған ұзын, жуан жіп, байлап-матау құралы. 3) Киіз үйді таңып-бекітуге арналған бау-шуы. 4) Жүкті буып түюге арналған таңып-бекіту құралы, ұзын, жуан жіп. [ҚӘТС, Т.І. 619 б].

Берілген үзіндіде арқан сөзі мал байлауға арналған ұзын жуан жіп, байлап-матау құралы ретінде қолданылып тұр.

Профессор А. Қ. Тұрышев өзінің монографиясында арқан сөзінің этимологиясына талдау барысында **Арқан\*** – веревка из овечьей шерсти, заплетенная конским волосом – дейді Тверитин. В.В. Радлов **арқан** 1) толстая веревка, канать; 2) веревка изъ конскихъ волосъ – дейді (Том I. Часть 1. 1893: 288). **Арқан** – толстая веревка, канать (Будагов, 30). **Кемэндъ** п. Укрюкъ (кұрық – А. Қ.) силокъ, арканъ съ крючкомъ на концъ, накинуть на концѣ , накинуть арканъ, поймать силькомъ (Будагов, 138) деп дәлелдер келтіре отырып, «**Арқан бойы** ұзындық өлшемі болған. Арқан, қайыс, шыжым жіпті, шылбырларды **желі** мен **керме** тартуға пайдаланады. Бұлар ат әбзелдеріне жатпағанмен жасалу жолы, тәсілі бар. Ұлттық өнер, салт-дәстүрдің түрік жұрты ойлап тапқан бір түрі. Тазалық үшін мәні зор. **Арқан** > **желі** мағынасы бір сөздер. Тұрмысқа қатысты заттың атына ауысып кеткен» деп қорытынды жасайды [3, 206 б.].

Түркітанушы Э.В.Севортян еңбегінде арқан сөзінің этимологиясы берілген. «Арқан – отглагольное производное со значением названия орудия (или предмета\результата) действия от глагола **арқы** – (ср.тув.**арғы**), **арка** – (ср.хак.**арға**) «плести», «сплестать», «вязать» + отглагольно-именной афф. – н со значением орудия\средства или объекта\результата действия. Возможен и другой анализ **арқан** как отглагольного производного на – кан от указанных глоголов в исходной форме, т.е., \***ар-қан**» [7, 205 б.].

Біз өзіміздің зерттеу жұмысымызда АС қатысты пышақ, дабыл, қақпан, камшы, тұзақ, арқан сөздеріне этимологиялық талдау жұмыстарын жүргіздік. Осы келтірілген мысалдардан басқа АС қатысты көптеген сөздер Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармалар жинағында кездеседі. Олардың бәрін бұл мақаламызға сыйдыру мүмкін емес.

Зерттеу барысында Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің көп томдық шығармалар жинағы тілдік тұлғаларға бай құнды еңбек екеніне тағы бір мәрте көз жеткіздік. Өлі де қарастыратын, талдайтын атаулардың қатары мол. Біздің жұмысымызға дейінгі жазылған ғылыми еңбектерде назардан тыс қалып қойған атауларды толықтырып, талдап, қарастыру біздің басты мақсаттарымыздың бірі болып қала бермек.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Айтмұқашева, А. А.** Ф.ғ.к., ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Ғұрыптық фольклор лексикасы: идиоэтикалық семантика. Алматы, 2007. – 36 б.

2 **Асыллова, Р. О.** Аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулардың лингвомәдени мазмұны. Филол., ғыл., ғанд., ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2009.

3 **Тұрышев, А. Қ.** Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы заттық мәдениет лексикасы. Монография. 1 том. – Павлодар : Кереку, 2008. – 273 б.

4 **Көпейұлы, М. Ж.** Шығармалары. 5 том. Павлодар : «ЭКО» ГӨФ, 2005. – 410 б.

5 **Нұрмұғамбетов, Ә.** Бес жүз бес сөз. – Алматы : Рауан, 1994. – 304 б.

6 **Кайдар, А.** Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы : Арыс, 2005. – 304 с.

7 **Севортян, Э. В.** Этимологический словарь тюркских языков. – М., 1974. – 556 с.

ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі

ҚӘТС – Қазақ әдеби тілінің сөздігі

Материал 24.07.15 баспаға түсті.

*А. Е. Ерланова*

**Охотничья этнокультурная лексика в произведениях Машхур Жусипа**

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 24.07.15.

*A. Yerlanova*

**Ethnocultural vocabulary of hunting in Mashkhur Zhusip's works**

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 24.07.15.

*В настоящей статье рассматривается охотничья этнокультурная лексика в произведениях Машхур Жусипа и определяется этимология слов.*

*In this article the author analyzes the ethnocultural vocabulary of hunting in Mashkhur Zhusip's works and also learns its etymology.*

ӘОЖ 81'342, 801.615

**Г. Т. Ерсұлтанова, А. Х. Сейдуллаева**

магистрлар, аға оқытушылар, Алматы Менеджмент Университеті, Алматы қ.

### **М. ШАХАНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЭФФЕКТ**

*Бұл мақалада сөздердің фонетикалық өзгермелілігі, дыбыстардың қайталану түрлері және дыбыстардың семантикалық қарым-қатынасы қарастырылды.*

*Кілтті сөздер: ырғақ, қабысу заңдылықтары, эстетикалық әсер, үндестік, буын жылысу заңы.*

Кез келген көркем – әдебиет туындысы, мейлі ол поэтикалық болсын, прозалық болсын сөзбен өрнектеледі, демек, ол да бірнеше дыбыс тізбегінен тұрады. Шығарманың музыкалық эстетикалық әсері тек жеке дыбыстар арқылы көрінбейді, яғни дыбыстардың сөз мағынасымен байланысына да көңіл бөлінеді. Тіл дыбыстары мағынадан алшақ болмайды. Көркем әдебиет туындысының дыбыстық жағы ырғақпен мағыналы бірігіп көрініс беру арқылы оқырманға әсер бере алады.

Шығарманың дыбыстық жағы әсерлі болу үшін бір белгісімен ерекшеленіп, сол арқылы өзіне назар аударта алу керек. Негізінде, қиялдан туған көркем шығармада оның барлық элементтері әрекет үстінде болады.

Поэтикалық шығармаларды оқығанда, ол оқырманға әсерлі болу үшін, басты назар сөздің мағынасына ғана емес, оның фонетикалық стиліне де ауады. Мәселен әрбір жолдың, бастапқы сөзінің бір әріптен басталуы, өлеңді оқу үстінде сөздің соңындағы дауысты дыбыс пен келесі сөздің бастапқы әріпінің дауысты дыбыстан басталуын айтуымызға болады. Ондай жағдайда дыбыстың үндесуіне орай бір әріптің түсіріліп айтылуын айтуымызға болады. Жоғарыда айтқандарымызға М. Шахановтың өлеңдерінен мысал келтіре аламыз. Әрбір өлеңді оқығанда әрбір дыбыстың үйлесімді келуі, екпіннің дұрыс қойылуы, бәрі-бәрі оқырманға тікелей әсер етеді. Дыбыстардың қайталанып келуі, қатаң

дыбыстардың бірнеше рет қайталануын да дәлел келтіріп айтуымызға болады. Өлеңдегі әрбір дыбыстан автордың көңіл-күйін: қуанышын, ренішін, өкінішін, таңданысын тағы да басқа сезімдерін байқауға болады. Енді М. Шахановтың «Өркениеттің адасуы» атты поэмасының үзіндісі «Компьютербасты жарты адамдар» өлеңіне талдау жасайық. Біз оның әрбір жолына мән бере қарастырымыз. Бұл үзінде көбіне өлең түрінде емес, оқып отырғанда прозалық шығарма іспеттес. Шығарманың алғашқы жолынан бастайтын болсақ:

«Елге ұстаздық еткен қарттан алғыр, құйма құлақты» – деген жолында орфоэпиялық заңдылықтарға сәйкес, оқып қарасақ ұстаздық еткен деген сөздерді оқығанда алғашқы сөздің соңындағы қатаң қ дыбысы ұяң ғ дыбысына ауысады. Және де құйма құлақты деген сөздерді оқығанда екінші сөздің басқы әріпі қатаң қ дыбысы ұяң ғ дыбысына ауысып тұр.

– Аға неше балаңыз бар соңыңыздан самғаған? – деген жолдағы соңыңыздан деген сөздің бір буыны – ны түсіріліп айтылады.

Мұндай буын санының кеміп, артып кетуі әрине өлең өлшеміне, өлең ырғағына әсерін тигізеді. Өлеңдегі дыбыстардың түсіп қалуын Қ. Жұмалиев жылысу, қабысу заңдылықтары деп, өлең ырғағын анықтауда басты құрал болатынын өзінің еңбегінде атап көрсетті [1, 125 б.].

– Бір жарым! – деп тіл қатыпты әлгі адам, деген жолда тіл қатыпты сөздерінде екінші сөздің басқы әріпі қатаң қ дыбысы тағы да ұяң ғ дыбысына өзгеріп тұр, және де әлгі адам сөздерінде алғашқы сөздің соңғы дыбысы мен екінші сөздің басқы әрпі дауысты і және а әріптері, оқылған кезде і дыбысы түсіріліп оқылады (әлгі адам). Яғни, буын жылысу заңына байланысты кеміп тұр. Тармақтағы буын саны дауысты дыбыс бойынша 12 болса, айтылу барысында 11, қара өлең өлшемімен жазылған болып есептеледі. Өлеңде осы заңдылық басым қолданылған.

Бұл жолдар арқылы М. Шахановтың «Өркениеттің адасуы» поэмасындағы фонетикалық эффектті көрсетіп отырмыз.

Өлең – еркін сөйлейтін жай сөздер тіркесі емес, ырғағы мен ұйқасы белгілі қалыпқа түскен, шумағы мен бунағына дейін белгілі тәртіпке бағынған нақты сөздер тізбегі, өлеңдегі әр сөз адамның жан жүйесімен, көңіл күйімен, сезім толқындарымен өзекті байланыста: ұйқас пен ырғақ та, шумақ пен бунақ та, – бәрі осыдан туған. Өлеңдегі әрбір тыныс, үн, үзіліс адам жанын жұлқып-жұлқып та қалады, сілкіп-сілкіп те алады. Өлеңнің әр ырғағы мен бунағындағы көл-көсір сыр ұялап, сезім шалқып жатады. Өйткені, өлеңдегі әр дыбыс мәні сөз мәнін әрі толықтырады, әрі ауыстырады. Нағыз ақынның күдірет күші сондай ол өзі жазған өлеңдегі «бір ғана образбен, бір ағна сөзбен, қаласа тіпті бір ғана дыбыспен... өмірді өзгеше құбылыс қалпында, қозғалыс үстінде әркімнің көз алдына әкеле алады (Некрасов). Өйткені нағыз ақын «сөз бен дыбысты үндестікке әкеледі. Өйткені ақын үндестік ұлы. Үндестік – күллі дүние жүзілік күштің кепілі, әлемдік өмірдің әрі мен әсемдігі» (Блок).

Біздің қолымыздағы М. Шахановтың «Өркениеттің адасуы» атты поэмасынан үзінді келтірейік. М. Шахановтың ұлттық сипатқа терең бойлай алатынын Б. Кәрібаева атап көрсеткен болатын. Осы тұрғыда «Компьютербасты жарты адамдар» атты өлеңіне назар аударайық [2, 45 б.].

Елге ұстаздық еткен қарттан алғыр, құйма құлақты

Қонақтары сұрапты:

– Аға, неше балаңыз бар соңыңыздан самғаған?

– Бір жарым! – деп тіл қатыпты әлгі адам, –

Ал, дәл айтсам, үш ұлым бар зерек әрі білімді,

Үшеуі де ғылым қуып назарға ерте ілінді.

Сол үш ұлдың бірі ғана қайсар, ұшқыр арманынын,

Техникалық санаты мен ғылыми өр талғамын

Өз ұлтының сан ғасырлық, рухына жалғады,

Содан шуақ, қуат алып, ғалымдық ой толғады,

Екі ұлымның тағдырында бұл өзгеріс болмады.

Екеуі де жалаң білім шеңберінде сорлады.

Рухы, жаны аласаның зорлық жатар парқында,

Сондықтан қос перзентімді санаймын мен жарты ұлға.

Мейлі, мейлі, екі ұлымды қақса да уақыт арқадан

Нағыз ұлым біреу ғана, ана екеуі – жарты адам!

Автордың бұл жырында өлең мен көркем қара сөздің өзара жақындығымен қатар, айырмасы да үлкен. Оқушылардың ой-сезіміне сурет арқылы әсер етеді. Автор өмір құбылысын әдеби образдардың көмегімен таныстырып, тәлім-тәрбие береді. Эстетикалық сезімімізді оятады.

Ақынның өлең құрылысы, яғни қазақ поэзия тілі секілді силлабикалық өлең құрылысына жатады. Демек, қазақ тіліндегі өлең шығарудың негізгі шарты буын санын бірдей келтірумен орындалады. Өлшеуіші буын, бірақ бұл өзгермей бекіп қалған нәрсе емес. Өзгеруі мүмкін нәрсе сөйтсе де, қазіргі дәуірде әлі буын заңы күшті. Біз енді сол буын құрылыс заңдарына тоқтаймыз.

Автордың өлең құрылысы әр түрлі. Сондықтан өлеңнің сыртқы құрылыстарына біраз тоқтап өтуге тура келеді. Бірнеше жолдар мағына жағынан, дыбыс үйлестілігі (ұйқас) жағынан қиюласып келіп шумақ құрайды. Өлең сөйлемдеріндегі синтаксистік бір ойдың бітуін шумақ деп атайды. Шумақ болу үшін өлең жолдарының көбі не аз болуы шарт емес, синтаксистік бір ойдың бітуі шарт.

Әр шумақта бірнеше тармақ болады. Шумақта тармақ екеуден кем болмайды. Ал М. Шахановта сұрау, арнау түріндегі бұл өлең ұйқас, ырғақ динамика жағынан лирика, тіл тақырып актуальдылығы, дыбысталуы жағынан публицистика. Табиғатында ерікті ұйқас дәстүрлі өлең ұйқасында алшақтамайды. Бұл стилистиканың тәсілі негізгі идеяға тікелей бағынышты,

соған қызмет етіп, жатқандықтан өзінің экспресивтік мәнінде тұрып-ақ дара стильдің өзіндік функциясын атқарып тұрады.

Ия, бізді қайда апармақ мына заман ақпалы?

Ұлан-байтақ жерімізді жарты адамдар қаптады.

Қайда барсаң көз алдында өнеге боп жарқылдар

Жарты ұстаздар,

Жарты қыздар,

Жарты ұлдар.

Жүрек отына орап айтқан осы жолдар да әлгі пікірімізді дәлелдейді. Тағы да сол стиль, жалынды риторикалық сұрау стилі. Алғашқы шумақтың сыртқы пішімінің өте ұқсастығына қарамастан айырма бар. Мұнда публицистік пафос ішкі монологпен қабысады. Ырғақ, экспрессия, өр сезім авторда ішкі монолог, философиялық талдау бүгіндік сипатымен ерекшеленеді.

Стильге ықпал ететін поэтикалық пішімнің бірі ұйқас мәселесінде М. Шаханов көп ізденіске түскен. Жоғарыда келтірілген шумақтарда бұл бағыттағы ізденіс-жаңалығы айқын байқалады. «Компьютербасты жарты адамдар» өлеңінде ты, ын, ды, ар, сөздеріне түскен екпіннен ішкі монолог үлгісі басым. М. Шаханов та иір-қиыр тарихтың, ит жығыс арпалыстың талай заңдылығына жетік, түптің түбінде әділдік айдыны ғана азаматқа құт мекен екенін пайымдау бар. Алайда, бұл үгіттік үлгі емес. Уақыттың өзінен туған поэтикалық үлгі. М. Шахановтың сөзі жаңа дәуірімізге лайықталған қаратпа сөз.

Біз қанша мың жас өскінді аттандырдық шет елге:

Білім алып келсін дедік,

Жер, ел танып көрсін дедік.

Бірақ осы ізгі үмітті жалаң білім өтер ме?

Зұлымдық та білім – қызға ғашық болып сүйісті,

Кім тежемек, кім қайырмақ бұл пенделік күйісті?

Жалғыз жол бар:

білім әркез рухани байлыққа

Терең тамыр жіберуге тиісті.

Бұл жолдар да М. Шаханов поэтикасында дара стильге тән иірімдерден анық елестетін жолдар жоқ. Алғашқы үш жолы – лирикалық «менің» тұжырымы жалаң алынбай, белгілі оқиға желісімен сабақтасып тұр. Яғни, М. Шаханов лирика мен эпиканы поэзия биігінде табыстыруда деген пікірді Д. Кәрібаева атап айтқан болатын [3, 67 б.]. Қазіргі таңда «ұлттық» мәселенің айрықша назарға ілінуі тегін емес. М. Шахановтың өлеңдері ең алдымен ел тағдырын толғаумен қатар, жастарға ой салатын арнау түрлерімен де жазып отырады.

Сен жас қанат ғаламзатқа болмақ үшін өтімді,

Түнгі оттарды іздеп ұшар көбелектер секілді,



Қасиетті ата қоныс, өзен-тауын жерсінбей,  
Ойын тұсап ессіз, көзсіз еліктеудің жарқылы,  
Тек батыстық даңғаза өнер толқынында қалқыды.

Бұл шумақ қара өлең ұйқасына жатады. Автордың лирикаға тән асау сезім қызуы басылмайтын, монолог үлгісінде көрініп отырған ақын сезімі сенімге айналып, сенімі сезімге ұласып лирикалық толғаныс түрін туғызады, жанрды жаңалайды. Өлең үдемелі жолымен (градация) өрістейді. Алғашқы шумақтағы «сен жас қанат ғаламзатқа болмақ үшін өтімді», «Қасиетті ата қоныс, өзен-тауын жерсінбей» деген сөз түйіні толғаныс түрінде қалыпты ойлану, байыпты бағдарлау сипатын танытып, кең тыныс берсе, ең соңғы шумақтағы «Тек батыстық даңғаза өнер толқынында қалқыды» арқылы ақын сезімі ширғып ең жоғарғы нүктеге көтеріліп ақын әр жолдарда өз ойын айқын жеткізіп сабақтап отырады.

Жалпы М. Шаханов осы үдемелі тәсілді көбірек қолданады. Француз зертеушісі Ф. де Соссюр «Шындығында да Мұхтар өлеңдерінің әсерлілігі – мағынасы тереңде жатқан сөздің қайталанып контекстік қызмет атқара алуында» деп айтқан болатын [4, 5 б.].

Жоғарыдағы өлеңге қайта үңілейік:

16, 7, 15, 12, 15, 16, 15, 14, 16, 17 т.б. Бұл өлеңде жалпы 7-8 буынның қалпына түсірудің, яғни бір жолдан екі жол жасаудың мүмкіндігін шеберлікке төселген ақынның 7-8 буынды өлең түрін жалғыз жолға сиғызуы деуімізде негіз жоқ. 7-11 буын аралас келген тармақпен бірде 7, бірде 6, бірде 4 жолдан тұратын шумақ қалыпты қара өлең ырғаққа қамалмай, еркін құралған. Оның өлеңнің құрылысы да, мазмұны да дәлелдеп тұр. Яғни жоғарыдағы буын, тармақ шумақ сандарының өзі-ақ айқындап тұр.

Соссюрдің айтқанындай, М. Шахановтың жоғарыдағы өлеңінде сазды сарын мағынасы сөздердің дыбысталуына ғана емес, мағыналық сөйлемдердің бірдей дыбысталуына күрделеніп тұр. Мысалы, ортадағы екі шумақтағы

«Білім алып келсін дедік,  
Жер, ел танып көрсін дедік».

Мағыналық жағынан бір-бірін толықтырып тұрған сөйлемдердің күрделі баяндауыштардың дыбысталуы бірдей. Контексте бір-ыңғайластық туып тұр.

Сандық жағынан сәл төмен мына бірыңғайластық сөйлемдер де, сол себепті өлеңде бірдей дыбысталады:

Ал, дәл айтсам, үш ұлым бар зерек әрі білімді,  
Үшеуі де ғылым қуып назарға ерте ілінді.

«Білімді, ілінді» дыбысталуы бір болғанмен өзінің алдыда тұрған шумақтардағы біз келтірген мағыналас сөздерге қарсы мәндес.

Сонымен бірге барлығында шырқау шегіне көтеріледі. Субъект әрі кеңістік айқындала түседі. Я, үдемелі дамыту үлгісіндегі өлеңнің соңғы

жолы аса ұтымды шыққандықтан өлеңнің тұтас тынысын айқындап тұр. Ең алдымен контексте бұл сөйлемнің символдық мәні айрықша роль атқарады. Халқының үлкен болашағын аңсаған ақынның жүрек жарды арманын аңғарту қиын емес.

Оян, Данте, Фирдаусидің және Абайдың айбыны!  
Бөгей алмау ғасырға сын бұл таскынгөй қайғыны.  
Қол қусырып көнеміз бе,  
Үнсіз жата береміз бе,  
Робот-түйсік арқаланған,  
Мейірімі тұл жарты адамдар  
Жердің бетін түгел жаулап жеткенше?  
Дөңбекшиді көңіл-ғалам,  
Бүгін өлу жеңіл маған,  
Осы рухсыз жеңістердің ертеңіне сенгенше...

Тіл қашан да ойдың көрінісі, ақын тілінде сол нәзік иірімдер, батыл ырғақтар ақын жаңашылдығымен сабақтас. Екіншіден, ұйқасты сөз ғана емес қосарланған тіркес, тұтас сөйлем құрап тұратын кездері болады [Абайға тән – Б. К.] Мысалы «көңіл – ғалам, жеңіл маған» тұтас тіркес әрі грамматикалық тұлғасы жағынан екі сөз табы. Ұйқас құрайтын сөздердің әр түрлі келуін В. Жирмунский тарихи жағынан кештеу пайда болған деп атап көрсетті [5 с. 292]. Бұған қарап ақын өлеңіндегі сөздің дыбысталуы жағынан үндес сөздер не грамматикалық бір тұлғадағы жеке сөздер ұйқас құрауға қатыспайды деп ойлауға болмайды. Он тармақтан тұратын өлеңнің қалған алты жолы кәдуілгі егіз ұйқаспен «деп» етістіктің қайталануы арқылы ұйқас құрайды. Ақын белгілі бір тәсілмен қалып қоймайды «Өркениеттің адасуы» поэмасында әр шумақтарда өлеңнің тілдік жанарын кеңітті, акустика-құраудан арылып, өлеңді ауыз екі сөйлеу тіліне жақындатты. Өзгеріске түсетін ендеше, фонетика ғана емес лексика да екен. Зерттеуші Д. Самайлотовтың «Ұйқас синтаксистік жолымен емес, морфологиялық жолмен ғана жасалады» – деуі сондықтан болуы керек.

«Слог – это единица низшей степени. Более крупной единицей является слово, еще более крупной – фраза» – дейді Б. Томашевский [6, 122 б.]. Ендеше, өлең табиғатындағы логикалық екпін түсетін сөз, әсіресе сөйлем ескерулері керек болар жоғарыдағы өлеңнің жаңаша интонациялық құрылымы жаңа ырғақтың тынысқа тең мүмкіндік тудыратыны белгілі. Мәселен, «Қол қусырып көнеміз бе, үнсіз жата береміз бе» дегенде өзгеше тыныс беріп тұр. Ендеше, алғашқы тармақтағы екпін қол «қусырып» сөзіне интонация түссе, ал логикалық екпін «бе» тіркесіне түсіп тұр. Сондықтан буынға негізделген қара өлең ырғағына келмейді, айрықша жігермен, сөздерге екпін түсіре оқуды талап етеді. Екінші жол буынға негізделгендіктен белгілі әуенмен оқуға көнеді. Үшінші жол қайтадан мағыналық екпінге ауысады. Бірақ өлеңнің

реті бір қалыпты емес, ойдың бітіуіне орай шарықтап, кейде бәсеңдей, бірде үдеп отырады. Сөйтіп толқын-толқын ырғақ, шумақ осылайша бір-бірімен байланысты тұтастық алады.

Жалпы алғанда М. Шаханов поэзиясының көркемдігі жоғары. Қазіргі таңда өзі қатарлы ақындардан озық тұрған, ойы орынды, тілі жүйрік ақындардың бірі. Ақын болғанда шыншыл ақын. Өзі өмір сүрген ортаның кем-кетігін, жаман әдеттерін көрсеткен ақын. Өлеңдерінің мазмұны бай, көрнекті, тіл ұстарту өнері қалыптасқан, қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар ақын. Шығармалары шет тілдерге аударылып әлем әдебиетінде өзіндік орнын қалыптастырды. Әйтсе де дейтұрғанмен ақын өлеңдерін өзге тілге аударғанда өзге тілге аударуда түрлі жіберілген қателіктер бой көрсетіп қалады.

Ақынның буын, тармақ, шумақ, ұйқас түрлері аудармада бір қатармен беріліп, кейбір өлшемдер азайып, буын өлшемдері мен ұйқастар жоғалып отырған. Бір тілден бір тілге аударғанда фонетикалық дыбыстардың өзгеріске ұшырауын ескере отырып, М. Шахановтың шығармаларының өзге тілдерге, соның ішінде ағылшын тіліне аударылуы біз үшін құрмет деп білеміз.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жұмалиев, Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы : Мектеп, 1969. – 125 б.
- 2 Шаханов, М. Өркениеттің адасуы. – Алматы : Өлке, 1999
- 3 Кәрібаева, Б. Қара өлең және лирика (оқу құралы). – Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, Алматы, 2001. – 67 б.
- 4 «Ана тілі» журналы. – №9. – 2000.
- 5 Жирмунский, В. Теория стиха. Ленинград : «Сов. Писатель», 1975. – 292 б.
- 6 Томошевский, Б. В. Стих и язык. – Москва, 1959. – 122 б.

Материал 04.09.15 баспаға түсті.

*G. T. Ersultanova, A. X. Seidullaeva*

### Фонетический эффект в поэзии М. Шаханова

Алматы-Менеджмент-Университет. г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 04.09.15.

*G. T. Ersultanova, A. Kh. Seidullayeva*

### Phonetic effect in poetry of M. Shakhanov

Almaty Management University, Almaty.

Material received on 04.09.15.

*В этой статье были обсуждены фонетические изменения слов, виды повторения звуков и семантическое отношение звуков.*

*Phonetic variation of the words, kinds of sound repetition and semantic relation of sounds are discussed in this article.*

УДК 81.44.

### Б. К. Жумабекова

к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

## ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ СИСТЕМЫ И СРЕДЫ В ВЫСКАЗЫВАНИЯХ С СЕМАНТИКОЙ УГРОЗЫ

*В данной статье рассматривается взаимодействие системы и среды в высказываниях с семантикой угрозы в сопоставительном аспекте (на примере казахского и немецкого языков).*

*Ключевые слова: семантика угрозы, речевая среда, высказывание, вербальные и невербальные средства экспликации, контекст.*

В интерпретации семантики высказываний важную роль играет речевая среда. А. В. Бондарко, рассматривая взаимодействие системы и среды, трактует среду, как «...множество языковых (в части случаев также и внеязыковых) элементов, играющее по отношению к исходной системе роль окружения, во взаимодействии с которым оно выполняет свою функцию». И дальше «роль среды выполняют элементы контекста и речевой ситуации; к среде относятся лексические значения и лексико-грамматические разряды слов, влияющие на данную категорию, а также элементы «категориального окружения» – другие грамматические категории, взаимодействующие с категорией, рассматриваемой как исходная система» [1, с. 194-196].

Угроза – запугивание, обещание причинить кому-нибудь неприятность, зло [2, с. 734].

Доминантным средством выражения семантики угрозы является глагольная форма 2-го лица – центральная форма императивной парадигмы.

*Атасы ауыр жүк көтерген адамиша алқынып бар дауысымен ақырды:*

*– Ұрып көр, төр көзді үйден орын тауып берейін! (Б. Нұржескеев)*

В обеих частях данной полипредикативной конструкции употреблены императивные формы, эксплицирующие значение угрозы; в первой части она выражена деепричастием с суффиксом -ып и повелительной формой

от глагола *көрү*, а вторая часть – 1-ым лицом единственного числа. Здесь побудительное значение сопровождается семантикой последовательности действий.

*Streng drohte sie mir mit dem Finger. – Sei ruhig. Fang nicht wieder davon an. (W. Dirie)*

В данной речевой ситуации актуализаторами семантики угрозы в словах автора являются глагол *drohen*, значение которого явно эксплицирует семантику угрозы и паралингвистическое средство – помахивание пальцем. Р. К. Потапова, В. В. Потапов, исследуя паралингвистические средства в немецком языке, описывают паралингвизм, имеющий коннотативное значение угроза: указательный палец полусогнут, остальные прижаты к ладони, однократное движение рукой вперед – назад; указательный палец выпрямлен, ладонь повернута к говорящему, покачивание рукой от себя к себе [3, с. 131].

*Артынан құда шығып: – Келерсің, бәлем, үйге! – деп жұдырығымды түйемін. (С. Мұратбеков)*

Прагматическую установку угрозы эксплицируют будущее предположительное время, междометие *бәлем* и невербальное средство – помахивание кулаком в воздухе. Краткость высказывания подчеркивает высокую степень его категоричности.

Г. В. Колшанский объясняет использование неязыковых средств двумя причинами: избыточностью выбора вербальных средств и материальной конкретностью коммуникативного процесса. Ученый пишет: «... В принципе языковая система сама по себе всегда достаточна для того, чтобы внутренними средствами выразить любое мыслительное содержание, включая чувства, волеизъявления и различного рода эмоции. Однако возможная избыточность языка при полном вербальном раскрытии какого-либо содержания в естественных условиях снимается по разным причинам путем элиминирования чисто языковых средств и одновременного включения в коммуникацию экстралингвистических средств, подкрепляющих абсолютную однозначность конкретного речевого акта.

Снятие избыточности речевого высказывания, диктуемого определенными целями коммуникации, может быть доведено до такой степени, когда фактически разрушается словесная коммуникация. Именно в этих условиях паралингвистические средства и компенсируют недостающий минимум вербальной структуры высказывания» [4, с. 7].

*– Ich werde dich verprügeln, und dann schau mal, ob dir das gefällt, – schrie sie und kam drohend auf mich zu. (W. Dirie)*

Семантика угрозы заложена уже в содержании первой части высказывания и дополняется семантикой следствия во второй части. Важное место отводится в этой ситуации контексту: действиям говорящего (*schrie*,

*kam auf mich zu*), вводящее слово *drohend* усиливает данную прагматическую установку.

Семантику угрозы презентуют также сложноподчиненные предложения, в которых используются часто императивные формы глагола.

Повелительные формы употребляются в сложноподчиненном предложении, «где выполнение одной ситуации обуславливается выполнением другой, например, в условных и уступительных придаточных, обозначая теоретически допустимую ситуацию, при осуществлении которой реальной становится и ситуация, обозначаемая в главном предложении» [5, с. 48].

*– Жуынып келмесең, төсекке жатқызбаймын. (F. Мүсірепов)*

При невыполнении условия, вербализованности в придаточном предложении, может стать реальной ситуация угрозы, обозначенная в главном. Повелительная форма образована следующим образом: к основе глагола присоединяются суффикс отрицания -ба, суффикс будущего времени -й и личное окончание -мын.

*– Wenn Sie uns nicht in Frieden lassen, knöpflich sie mir einzeln vor, – drohte Wolzow. (D. Noll)*

Угроза, выраженная в данном сложноподчиненном предложении, подтверждается также словами автора, а именно – полнозначным глаголом *drohen*, семантика которого определяет данную прагматическую функцию высказывания. Адресат при этом находится в зависимом от адресанта положении. Побудительная семантика в сложноподчиненных предложениях в сопоставляемых языках дополняется семантикой условия.

*– Әй, Жаман, енді тыныш жат, әйтпесе, басыңды да көмін тастаймын тұшықтырып. (С. Мұратбеков)*

*Holt sagte drohend: Du nimmst sofort das Bein weg, oder es setzt was! (D. Noll)*

В обоих высказываниях в сопоставляемых языках угроза эксплицирована сложносочиненными предложениями: с противительными союзами *әйтпесе* и *oder*. Угроза, выраженная во второй части высказывания, становится реальной при невыполнении условия, высказанного в первом предложении. Здесь побудительное значение пересекается с кондициональным. Социальный статус говорящего выше статуса слушающего.

*– So erfahren Sie denn, mein Herr, unser letztes Wort! Falls ihr Beauftragter mit der Störung einer öffentlichen Veranstaltung, wie eine Theatervorstellung es ist, nicht aufhört, sind wir entschlossen, die bewaffnete Macht gegen ihn zu Hilfe zu nehmen, – dabei entfernte er sich (der Advokat) weiter, rückwärts und eilig. (H. Mann)*

В данной речевой ситуации угроза выражена двумя следующими друг за другом высказываниями. В реализации семантики угрозы в первом высказывании участвуют лексические средства: частица *denn*, презентующая уверенность говорящего в своей правоте; наречие *so* характерно для

ситуации, где прослеживается статусная дистанция между адресантом и адресатом. Вокатив *mein Herr* звучит в этой ситуации несколько иронично, адресат использует его, понимая свое явное преимущество. В сложноподчиненном предложении, где при невыполнении обозначаемого в условном придаточном, становится реальной ситуация, высказанная в главном предложении. При этом говорящий (адвокат) своим поведением дистанцируется от адресата, что актуализировано в словах автора. Речевая ситуация характеризуется еще и тем, что социальный статус говорящего выше статуса слушающего.

В работе Г. Е. Блинушовой рассмотрено взаимодействие вербальных и невербальных средств при реализации побудительных речевых действий. Как отмечает исследователь, побуждения связаны с невербальным действием адресата теснее, чем любой из других видов речевых действий, т.к. в большинстве случаев адресант побуждения ожидает невербальной реакции адресата. Описывая вербальные и невербальные средства выражения побуждения и особенности их взаимодействия, ученым выделяется также национально-культурный компонент в использовании кинем [6, с. 21].

Как мы видим, семантика угрозы выражается чаще всего сложными предложениями. «Специфика речевого акта угрозы состоит в том, что по форме это сложное предложение, в котором есть требование и обещание негативных последствий в случае невыполнения этого требования. Части сложного высказывания с угрозой семантически противопоставлены. Семантика второго элемента модели речевого акта угрозы всегда отрицательна, т.е. имеет знак «плохо» для адресата» [7, с. 73].

В данных высказываниях выражена угроза адресату с тем, чтобы не допустить определенного действия адресата. В прохибитивных предложениях каузируется неисполнение контролируемого действия, и они имеют значение запрета [5, с. 35].

Прагматическое воздействие данных предложений состоит в том, что неисполнение прескрипции будет иметь серьезные последствия для адресата (адресатов).

Каждое из приведенных выше высказываний имеет свою специфику, «... определяемую социальным статусом коммуникантов и их прагматическими установками, временной соотнесенностью предписаний с вербальными и другими действиями адресата» [8, с. 76].

Таким образом, семантика угрозы в казахском и немецком языках выражается сходными средствами выражения. Доминантным средством являются высказывания с эталонной формой 2-го лица повелительного наклонения. Семантика угрозы представлена также формами глагола-сказуемого в форме настоящего и будущего времени изъявительного наклонения; сложноподчиненные предложения с придаточными условия

и уступки, сложносочиненные предложения с сочинительными союзами. Речевая среда (контекст и речевая ситуация) использована в качестве фона функционального описания языковых средств выражения угрозы.

Различия заключаются в том, что в средствах экспликации семантики угрозы немецкого языка представлены такие конструкции, как модальные глаголы **müssen, sollen** в сочетании с инфинитивом смыслового глагола; односоставные предложения, выраженные инфинитивом, партицип 2; глагол-сказуемое в пассив настоящего времени; смысловый глагол в инфинитиве; псевдопридаточные предложения, что является следствием грамматических особенностей языков. Высказывания с семантикой угрозы сопровождаются побудительной интонацией.

Актуализаторами семантики угрозы выступают контекст, речевая ситуация, вводные слова *drohend, drohen*, невербальные действия адресанта.

Средства экспликации угрозы в сопоставляемых языках очень многообразны и могут быть как вербальными, так и невербальными. В рассмотренных выше высказываниях семантика угрозы пересекается со значениями требования, в то же время сопровождается значением негативного для адресата результата при невыполнении поставленных адресантом условий.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 **Бондарко, А. В.** Теория значения в системе функциональной грамматики: на материале русского языка. Языки славянской культуры. – М., 2002. – 736 с.
- 2 **Ожегов, С. И.** Словарь русского языка. – М., 1999. – Т. 1. – 924 с.
- 3 **Потапова, Р. К., Потапов, В. В.** Язык, речь, личность. – М. : Языки славянской культуры, 2006. – 986 с.
- 4 **Колшанский, Г. В.** Паралингвистика. – М. : Издательство ЛКИ, 2008. – 96 с.
- 5 **Груздева, Е. Ю.** Типология императивных конструкций. – СПб. «Наука» : С. – Петербургское отделение, 1992. – 304 с.
- 6 **Блинушова, Г. Е.** Взаимодействие вербальных и невербальных факторов при реализации побуждения в современном немецком языке. АКД на соискание уч. степени к.ф.н. – М., 1994. – 21 с.
- 7 **Ерофеева, Е. В.** Прямые и косвенные способы выражения речевого акта угрозы во французском языке //Филологические науки. – 1997. – № 3, С. 73-79.
- 8 **Матезиус, В.** О системном грамматическом анализе // Пражский лингвистический кружок. М. : Прогресс, 1967. – 226 с.

Б. К. Жұмабекова

**Сөйлеудегі жүйе мен ортаның бірлескен іс-әрекетіндегі семантикалық қауіптер**

С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.  
Материал 10.08.15 баспаға түсті.

*B. K. Zhumabekova*

**The interaction between the system and the environment in the expressions of the semantics of the threat**

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.  
Material received on 10.08.15.

*Мақалада сөйлеудегі жүйе мен ортаның бірлескен іс-әрекетіндегі семантикалық қауіптер арқылы салғастырмалы аспектісі негізінде қарастырылады (қазақ және неміс тіліндегі мысалдар арқылы).*

*This article considers the interaction between the system and the environment in the expressions of the semantics of the threat in comparative aspect (on the examples of the Kazakh and German languages).*

УДК 821.0:512.122 (075.8)

**Н. К. Жусупов<sup>1</sup>, М. Н. Баратова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>д.ф.н., профессор; <sup>2</sup>к.ф.н., профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова, г. Павлодар

**ПОНЯТИЯ «ДВЕРЬ», «ЗЕРКАЛО», «МОРЕ», «НИТЬ», «КЛЮЧ», «БЕЛЫЙ» В СТИХОТВОРЕНИЯХ МАШХУРА ЖУСИПА**

*В данной статье рассматриваются такие понятия как «дверь», «зеркало», «море», «нить», «ключ», «белый» в стихотворениях Машхура Жусипа.*

*Ключевые слова: тюркская поэзия, лирический герой, индивидуальный стиль, метонимия.*

В целом, в тюркской поэзии наблюдается тенденция к расширению значения слова, усиления выразительности мысли путем использования

какого-нибудь определенного эквивалента. Это присуще и эквиваленту «дверь» («есік»):

1. Тірілерді баққан ажал – бір есік,  
Түбі бәрің бұл есікке кіресің!  
Юсуф Баласағуни – XI в. [с. 67, 147, 186].
2. Ырза болып, Елік жиі шақырды,  
Құты тасып, бақ есігі ашылды.  
Там же.
3. Ғашық есігін Мәулім ашты маған сыйлы,  
Топырақ қылып, әзір бол деп мойнымды иді.  
Кожә Ахмет Яссауи – XIII в. [с. 60, 18, 83].
4. Тариқаттың сарайында тайрандадым,  
Хақиқаттың есігін аштым, достар.  
Там же.
5. Махаббаттыңның есігін мен бірінші аштым,  
Сондықтан да есігіңнің тұтқасында сақина секілдімін.  
Хорезми – XIV в. [1, с. 109].
6. Двери в мир открыла песня для тебя.  
Песня провожает в землю прах, скорбя.  
Абай – XIX в. [2, с. 93].  
(«Туғанда дүние есігін ашады өлең,  
Өлеңмен жер қойнына кірер денен»).
7. Қолы ашық бұл дүниеде мырзаларға  
Ұжмақтан періштелер есік ашар.  
Машхур Жусип [3].
8. Жолаушы жатқан өгіп, бұл бір – тесік,  
Шығады мыңнан біреу тауып есік.  
Біле алмай қайсысынан шығарымды,  
Болып тұр мұны айтудан тілім тесік.  
Там же.

В самом начале слово «дверь» («есік») употребляется в своем основном значении, во втором примере, сочетаясь с отвлеченным понятием «счастье, удача» («бақ»), приобретает переносное значение, тем самым, расширяется значение данного слова. В третьем и четвертом отрывках, сочетаясь с другими отвлеченными понятиями, слово приобретает эмоциональную окрашенность. В подтверждение тому – выражения «двери любви» («ғашық есігін»), «двери истины» («хақиқаттың есігін»). У Хорезми благодаря сочетанию слова «дверь» с отвлеченным понятием «любовь» («махаббат») расширяется значение анализируемого слова, тем самым, расширяются возможности человека. Абай и Машхур Жусип продолжали эти традиции, придавая художественной литературе особую выразительность.

Машхур Жусип успешно продолжал традиции Хорезми в использовании образа «зеркало» «айна»:

Сүйіктімнің жүзін көргенде,  
«О, жанымның айнасы» - деймін.  
Хорезми – XIV в. [1, с. 115].

1. Биязы сөзі жатық, майда болар,  
Кеудесі – көңілі зерек – айна болар.  
Асылдың асыл затын тануменен,  
Өзінде жақсы құлық пайда болар.  
Машхур Жусип [4].

2. Айна қыл өзінді - өзің түзетуге,  
Бұ жүрген жақсы, жаман көп адамды.  
Там же.

Как мы видим, в творчестве Хорезми сочетание отвлеченного понятия «душа» («жан») с образом зеркала служит для выражения внутренних чувств лирического героя. Что касается Машхур Жусипа, в первом примере настроение героя подобно зеркалу, что определяет возможности познания истины. В последнем отрывке человек, по мнению акына, чтобы избавиться от своих недостатков, должен представить себя в качестве зеркала. Благодаря этому усиливается сила воздействия произведения на читателя.

Обращает внимание на созвучие Юсуфа Баласагуни и казахских акынов XVI-XIX вв. в использовании образа «море» («теңіз»):

1. Как море, душа человека бездонна,  
В ней жемчуг познания лежит потаенно  
Юсуф Баласагуни – XI в. [с. 67, 69, 134].

(«Кісі көңілі-түпсіз теңіз, ойласаң,  
Білім – інжу, түбінде – анық, қойма сан»).

2. Білімділік – шым бүркеген бір теңіз,  
Бұрқырар су, аяқ басып жүрсеңіз.  
Там же.

3. Темір еді ханымыз,  
Теңіз еді халқымыз  
Тебірлерге қалғанда  
Теңселер сойды ауыр ноғай жұртыңыз.

Шалкииз Тиленшиулы – XV-XVI вв. [5, с. 76].

4. Сердце – море, а радость его – жемчуга.  
Жизнь для сердца, без радости – не дорога!  
Море сердца становится морем печали,  
Гаснет пламя в глубинах и глохнут его берега.  
Абай – XIX в. [2, с. 306].

(«Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас,  
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас»).

5. Қуандық, Сүйіндік пен егіз еді,  
Ақылға – Мұса – Арғынның теңізі еді.  
Машхур Жусип [6, с. 298].

Итак, в первых двух отрывках конкретное понятие «море» («теңіз») использовано акыном для раскрытия образованности человека, его души. В третьем примере анализируемое слово используется в значении множественности. В творчестве Абая данный образ показывает глубину и разнообразие человеческих чувств. У Машхур Жусипа этот образ выражает мудрость того или иного деятеля.

В творчестве Юсуфа Баласагуни в качестве связующего элемента чувств используется образ нити («жіп»). Что касается Машхур Жусипа, то в его творчестве нить разрывает чувства. Эти явления свидетельствуют о разнообразии художественно-выразительных средств в литературе, о преемственности традиций:

Кешірдім де, жалғадым сөз – жібімді,  
Айтқын – неге теріс бурдың жүзіңді?  
Юсуф Баласагуни – XI в. [7, с. 107]

1. Қайрат қыл, жалқаулықтың жібін үзіп,  
Көрген жан түңілмесін күдер үзіп.  
Машхур Жусип [с. 23, 94, 131].

2. Дүние үшін бірін-бірі көрмей безіп,  
Ағайын – татулықтың жібін үзіп.  
Там же.

Говоря о расширении значения слова, его силе воздействия на читателя, следует обратить внимание на сочетание слова «ключ» («кілт») с отвлеченными понятиями «радость» («шаттық»), «слово» («сөз»):

1. Айран-асыр, тамаша, аң-таң қалдық,  
Тіл-кілт, сөз-асыл тас, кеуде-сандық.  
Машхур Жусип [6, с. 223].

2. Шат болсаң, шаттықтың да кілтін ашар,  
Өлген үміт тіріліп, өрге басар.  
Там же [6, с. 271].

3. Пайғамбар қиын сөздің кілтін ашты,  
Шат болып періштелер таңырқасты.  
Там же [6, с. 297].

4. Жел сөздің тұнып жатқан кілтін аштым,  
Әр түрлі тоқтау айтып, көңілін бастым.

Бұрынғыдан, соңғыдан түк қалдырмай,  
Уатып, жұбату ғой менің қастым.

Там же [с. 223, 231].

Итак, компетенция трактуется как уровень развития личности или как общеобразовательный результат. Отмечается также, что «компетентность» – производное, вторичное по отношению к компетенции понятие. По мнению Г. Селевко, это интегральное качество личности, проявляющееся в способности, основанной на знаниях и опыте, которые приобретены в процессе обучения и социализации и ориентированы на самостоятельное и успешное участие в деятельности. Таким образом, компетентность понимается в педагогической науке как интегративное качество (характеристика) личности, определяющее круг ее полномочий и функций в сфере той или иной деятельности.

При определении иерархии и состава компетенций очень важно рассмотреть понятие «ключевая компетенция» – определенная сфера и область окружающей действительности. Ключевыми компетенциями можно назвать такие, которыми должен обладать каждый член общества и которые являются универсальными и применимыми в разных ситуациях.

Под ключевыми компетенциями также понимаются умения надпредметного характера, формирование которых должно происходить на всех предметах

школьного цикла. Ядром компетенции являются деятельностные способности – совокупность способов действий. Операционально-технологический компонент определяет сущность компетенций. Поскольку реализация компетенций происходит в процессе выполнения разнообразных видов деятельности для решения теоретических и практических задач, то в структуру компетенций, помимо деятельностных (процедурных) знаний, умений и навыков, входят также мотивационная и эмоционально-волевая сферы.

Высшая школа должна сегодня готовить своих учеников (которым жить в середине 21 века) к переменам, развивая у них такие качества, как мобильность, динамизм, конструктивность.

Уровень образованности, особенно в современных условиях, не определяется объемом знаний, их энциклопедичностью. С позиций компетентностного подхода уровень образованности определяется способностью решать проблемы различной сложности на основе имеющихся знаний. Компетентностный подход не отрицает значения знаний, но он акцентирует внимание на способности использовать полученные знания. При таком подходе цели образования описываются в терминах, отражающих новые возможности обучаемых, рост их личностного потенциала.

Главной целью компетентностного подхода в начальном языковом образовании является формирование развитой языковой личности младшего школьника, его теоретического мышления, языковой интуиции и способностей, овладение культурой речевого общения и поведения.

Высшая школа – самоценный, принципиально новый этап в жизни ребенка: начинается систематическое обучение в образовательном учреждении, расширяется сфера его взаимодействия с окружающим миром, изменяется социальный статус и увеличивается потребность в самовыражении.

Содержание и формы учебной деятельности проектируют определенный тип сознания и мышления учащегося. Усвоение ребенком системы научных понятий является базой для формирования теоретического отношения к действительности и развития теоретического мышления и основ теоретического сознания.

Языковая компетенция – способность учащихся употреблять слова, их формы, синтаксические структуры в соответствии с нормами литературного языка, использовать его синонимические структуры в соответствии с нормами литературного языка, использовать его синонимические средства, в конечном счете – владение богатством языка как условие успешной речевой деятельности. Позитивный результат будет достигнут только в том случае, если работа по формированию языковой, образной речи проводится преподавателем не фрагментарно, а систематически на всех уроках и во внеурочной деятельности.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Баранников, А. В. Содержание общего образования: Компетентностный подход. – М. : ГУВШЭ, 2002. – 357 с.
- 2 Гетманская, А. А. Модульный подход в формировании ключевых компетенций у учащихся // Интернет-журнал «Эйдос». – 2005. – <http://www.eidos.ru/journal/2005/0910-24.htm>.
- 3 Савелова, Е. К. Формирование культурной компетентности // Высшее образование в России. – 2004. – № 11.
- 4 Хуторской, А. В. Ключевые компетенции: технология конструирования // Народное образование. – 2003. – № 5.
- 5 Хуторской, А. В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы // Народное образование. – 2003. – № 2.
- 6 Хуторской, А. В. Ключевые компетенции и образовательные стандарты // Интернет-журнал «Эйдос». – 2002. – 23 апреля. – <http://www.eidos.ru/journal/2002/0423.htm>.
- 7 Чошанов, М. А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения. – М., 1996. – 275 с.

Материал поступил в редакцию 28.05.15.

*М. Г. Мамедова, Н. А. Жунусова, А. Т. Рахметова*

**Орыс тілі сабақтарындағы коммуникативтік құзыреттіліктің дамуы**

Е. А. Букетов атындағы  
Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанда қ.  
Материал 28.05.15 баспаға түсті.

*M. G. Mamedova, N. A. Zhunusova, A. T. Rakhmetova*

**Development of a communicative competence at the Russian language lessons**

Academician E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda.  
Material received on 28.05.15.

*Мақалада жоғары мектепте коммуникативтік құзыреттілік туралы сұрақтары қарастырылады, заманауи жағдайдағы оқытудың құзыреттілік әдістемесі сараланады.*

*In this article there is considered the issue of communicative competence in high school, the method of competency approach in education in the modern conditions is analyzed.*

**А. К. Манабаева, К. В. Лабик**

студенты, кафедра «Иностранная филология и переводческое дело», Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар

**УПОТРЕБЛЕНИЕ АББРЕВИАТУР  
В СОВРЕМЕННОЙ РЕЧИ**

*Данная статья посвящена употреблению аббревиатур в современной речи и средствах массовой информации, так как тема аббревиатур является актуальной. Наука и технологии не стоят на месте, и в прессе все чаще можно встретить использование сокращений, которые понятны не каждому читателю или слушателю. Наиболее часто сокращения используются в статьях и текстах экономической и политической направленности. Целью статьи является ознакомить читателя с основными принципами изучения аббревиатур, способами их образования.*

*Ключевые слова: Аббревиатуры, сокращения, способы образования, СМИ, пресса.*

В настоящее время знание иностранных языков для гражданина РК является одной из первостепенных задач. В современном мире, полиязычном и мультикультурном, как никогда актуальна проблема сопряженности языков, поиск эффективных и жизнеспособных программ в области языков по консолидации обществ. Об этом свидетельствует программа «Триединство языков», которая была утверждена Указом президента РК от 20 ноября 2007 года относительно казахского, русского и английского языков [1]. В XXI веке, в эпоху высокоскоростного развития технологий и ежеминутного обновления информации, появление все новых и неизвестных никому аббревиатур является вполне привычным. Сегодня, в период политических и социально-экономических перемен, мы наблюдаем новый «взрыв» в сфере использования сокращений. Вновь появилась необходимость систематизировать все пополняющие нашу речь сокращения.

В доказательство продуктивности способа аббревиации в современной речи, появилась необходимость составить отдельный словарь сокращений. Несомненно, основная задача аббревиатур – это экономия устной речи и письменного текста. При произношении аббревиатура по времени звучания примерно в пять раз короче соответствующего ей словосочетания, а при написании экономия еще более впечатляюща. Однако преимущества

такой экономии хороши только до тех пор, пока эти сокращения понятны собеседникам. По этой причине, мы, студенты кафедры «Иностранная филология и переводческое дело» Павлодарского государственного университета им. С. Торайгырова, под руководством доцента нашей кафедры Г. К. Кенжетасовой решили составить электронный словарь аббревиатур казахского, русского, английского и немецкого языков.

Мы собрали теоретический материал об образовании аббревиатур, изучили виды аббревиатур, способы их образования, способы их перевода и конечно собрали фактический материал для нашего словаря.

Этот словарь актуален не только при изучении новых слов, но и при переводе иностранных текстов, в которых используются аббревиатуры. Аббревиатуры в иноязычном тексте могут привести к сложности при его переводе.

Наш электронный словарь аббревиатур казахского, русского, английского и немецкого языков предназначен, прежде всего, для облегчения процесса перевода, как для переводчиков, так и для студентов, изучающих данные языки. Практическая значимость словаря находит свое выражение в том, что может найти широкое применение в практике преподавания вышеуказанных языков, а также может быть использован при составлении глоссариев и написания других научных работ.

Интерес к изучению аббревиатурных образований обусловлен не только их активным распространением в СМИ, но и сложностью, заключающейся в расшифровке и понимании аббревиатур. Появление новых реалий в современном мире послужило поводом к возникновению значительного количества неизвестных ранее сложносокращенных слов разного типа.

На настоящий момент существуют различные способы образования аббревиатур, которые используются в различных сферах, но наиболее популярны в политической и экономической сферах.

Аббревиатурные образования подвергаются изучению по следующим признакам: структурному и географическому. По структурному признаку различают: аббревиатуры инициального типа, аббревиатуры, состоящие из начальных частей слов; аббревиатуры смешанного типа, аббревиатуры, состоящие из начальной части слова (слов) с целым словом; аббревиатуры, состоящие из сочетания начала первого слова и начала и конца второго слова или только конца [2]. По географическому признаку, согласно классификации профессора Е. А. Журавлевой [3; 6] встречаются интернациональные, казахстанские, локальные (относящиеся к определенному городу или региону страны) типы аббревиатур.

Интернациональные аббревиатуры, относительно Республики Казахстан, классифицируются следующим образом: мировые, общерусские, азиатские. На страницах казахстанских газет интернациональные мировые

инициальные аббревиатуры мы можем встретить как на латинице, так и на кириллице, с расшифровкой или без расшифровки.

Наибольшую трудность при составлении словаря аббревиатур представляли сокращения, употребляемые и актуальные преимущественно в нашем регионе, в нашей стране, такие как: Партия народного единства Казахстана (ПНЕК), республиканская физико-математическая школа (РФМШ), Усть-Каменогорский свинцово-цинковый комбинат (УСЦК), и др., а также аббревиатуры, не имеющие расшифровку в русском языке. При переводе аббревиатур были использованы как электронные словари АBBYU Lingvo x5 15.0 и Мультигран, так и бумажный Большой англо-русский, русско-английский словарь В. К. Мюллера.

Материалом исследований послужили аббревиатуры, взятые из статей таких отечественных газет, как: «Казахстанская правда» и общественно-политическая газета «Время», а также казахстанских интернет-источников articlekz.com и kaznews.net.

В данной статье мы приводим отрывки из газетных статей с использованием сокращений, которые также входят в наш электронный словарь.

Примеры аббревиатур, употребляющихся на латинице, но имеющих расшифровку в русском контексте: «Цзян Цзэминь – руководитель комитета по контролю и управлению государственным имуществом Китая и бывший председатель крупнейшей китайской нефтяной компании **CNPC** (*Китайская Национальная нефтегазовая корпорация*) подозревается в «серьезных нарушениях дисциплины», что является партийным синонимом слова коррупция» [4]; «Словом, **АТМ** (*Automated Teller Machine – автоматическая кассовая машина*) не только все больше набирается «ума», но и развивает коммуникативность, обретая при этом повышенную надежность» [5].

Примеры аббревиатур, употребляющихся на латинице, но не имеющих расшифровки: «Дипломатические представительства **АСЕАН** (*Ассоциация государств Юго-Восточной Азии*) создали в Астане свой комитет» [6]; «Эксперты НЭПК «Союз «Атамекен» считают необходимым предоставить предпринимателям отсрочку по реализации нормы об обязательной установке **POS-терминалов** для приема платежей с использованием платежных карточек, вступившей в действие с 1 января 2013 года» [7], где **POS-терминал** – *Point of Sale Terminal – терминал торговой точки* и т.д.

Примеры аббревиатур, получивших распространение на кириллице и имеющих расшифровку в русском контексте: «В ходе встречи Государственный секретарь отметила высокий уровень сотрудничества Казахстана с **ОБСЕ** (*Организация по безопасности и сотрудничеству в Европе*), ярким свидетельством чему стало председательство страны в данной организации в 2010 году» [8]; «Мероприятие организовано Генеральной

прокуратурой РК при поддержке *Управления ООН по наркотикам и преступности (ЮНОДК)*» [9].

Примеры аббревиатур, употребляющихся на кириллице, но не имеющих расшифровки: «Он подчеркнул, что Казахстан – один из активных партнеров **НАТО** (*НАТО – Организация Североатлантического договора*) в Центрально-Азиатском регионе, который призывает к сотрудничеству, стабильности и миру» [10]; «Как сообщает агентство, Али бин аль-Хусейн на данный момент занимает пост вице-президента **ФИФА** (*FIFA*), а также является главой федераций футбола Иордании и Западной Азии» [11], где **FIFA** – *Federation International de Football Association – Международная федерация футбола* и т.д.

Интернациональные аббревиатуры получили распространение как на кириллице, так и на латинице и являются неотъемлемой частью речи современного гражданина. Интернациональные аббревиатуры мирового распространения очень разнообразны, также разнообразны и способы их использования в разных языках: многие аббревиатуры подвергаются транслитерации (НАТО), другие остаются в русском контексте неизменными (АСЕАН). Многие из аббревиатур закрепились в лексиконе носителя языка, но среди них есть и такие, которые еще не успели получить широкое распространение. Исходя из этого, можно говорить о проблеме, связанной с расшифровкой аббревиатурных образований в газетном тексте, которая продолжает быть актуальной и сегодня. Это позволяет говорить о необходимости изучения интернациональных мировых аббревиатур в дальнейшем.

Большинство аббревиатур прочно входит в язык современного общения. Продуктивность этого процесса объясняется, в первую очередь, экономией речевых средств. Однако, в современной речи занимает доминирующие позиции и другая причина функционирования аббревиатур – стремление к необычности, лексическим инновациям. В последнее десятилетие возросла и экспрессивность ряда сокращений. Появляются они чаще всего в речи молодежи как сознательное нарушение нормы. Человека привлекает определенная свобода в создании такого слова. Е. А. Земская так охарактеризовала современный период развития языка: «Ослабление внешней цензуры и автоцензуры способствует раскрепощению языка, отказу от стандартных, навязываемых советской идеологией форм выражения, или к их осмеянию, травестированию. Язык приобретает черты раскованности, живет полнокровной жизнью» [12].

В современном обществе, развивающемся быстрыми темпами, мы не успеваем следить за всеми новыми словообразованиями, аббревиатурами и неологизмами. В последнее время все больше в прессе встречаются сокращения, и порой в СМИ проскальзывает новая, непонятная нам



аббревиатура. Наш словарь поможет любому желающему пополнить свой словарный запас новыми аббревиатурами, актуальными для нашей страны, а также будет незаменимым помощником для любого, изучающего иностранный язык.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Государственная программа развития языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы // edu.gov.kz.
- 2 Современный русский язык / Под ред. В. А. Белошапковой. – М., 1989.
- 3 **Журавлева, Е. А.** Словарь аббревиатур по материалам средств массовой информации Казахстана. – Кокшетау : Келешек – 2030, 2007. – 159 с.
- 4 Общественно-политическая газета «Казахстанская правда», выпуск от 02.09.2013// Информационный портал kazpravda.kz.
- 5 Общественно-политическая газета «Казахстанская правда», выпуск от 15.05.2013// Информационный портал kazpravda.kz.
- 6 Общественно-политическая газета «Казахстанская правда», выпуск от 05.05.2014 // Информационный портал kazpravda.kz.
- 7 Общественно-политическая газета «Казахстанская правда», выпуск от 01.06.2013 // Информационный портал kazpravda.kz.
- 8 Общественно-политическая газета «Казахстанская правда», выпуск от 18.02.2015 // Информационный портал kazpravda.kz.
- 9 Общественно-политическая газета «Казахстанская правда», выпуск от 14.05.2014// Информационный портал kazpravda.kz.
- 10 Общественно-политическая газета «Казахстанская правда», выпуск от 30.01.2015// Информационный портал kazpravda.kz.
- 11 Общественно-политическая газета «Казахстанская правда», выпуск от 06.01.2015 // Информационный портал kazpravda.kz.
- 12 **Земская, Е. А.** Современный русский язык. Словообразование Учебное пособие / – 3-е изд., испр. и доп. – М. : Флинта : Наука, 2011. – 328 с.

Материал поступил в редакцию 03.08.15.

*А. К. Манабаева, К. В. Лабик*

**Аббревиатуралардың заманауи сөйленімде қолданылуы**

С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.  
Материал 03.08.15 баспаға түсті.

*A. K. Manabayeva, K. V. Labik*

**Usage of abbreviations in a modern speech**

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 03.08.15.

*Осы мақала аббревиатуралардың қазіргі сөйленімде және бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылуына арналған, өйткені аббревиатуралар тақырыбы өте өзекті. Ғылым мен технологиялар күн сайын дамуда, ал баспасөзде оқырманға немесе тыңдарманға түсініксіз қысқарған сөздер көп кездеседі. Аббревиатуралар мен қысқарған сөздер экономикалық және саяси мақалалар мен мәтіндерде өте жиі қолданылады. Аталмыш мақаланың мақсаты – оқырмандарды аббревиатуралар мен қысқарған сөздердің зерттеуінің негізгі қағидастарымен және олардың жасалу тәсілдерімен таныстыру.*

*The article is devoted to usage of abbreviations in a modern speech as this theme is an urgent question nowadays. Science and technologies constantly develop and we often find different abbreviations in articles which sometimes are not clear to a reader or listener. Acronyms, is another name of abbreviations, that are frequently used in articles and texts on economics and politics. The purpose of the article is to give the reader some information on the main principles of their studying, formation methods and to draw readers' attention to the fact that abbreviations are not explored enough.*

### Б. Момынова<sup>1</sup>, У. Ф. Әнесова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>фил.ғ.д., профессор, Абылай хан атындағы Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы қ.;  
<sup>2</sup>докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ИШАРАТ-СИМВОЛДАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ

*Коммуникациядағы бейвербалды амалдарды зерттеу әр ұлттың мәдени өмірін, салт-дәстүрін білу үшін аса маңызды болып табылады. Ал коммуникацияда аталған амалдар көмекшілік қызмет атқарады. Олардың арасында символға айналған ым-ишарат түрлері бар және олардың таңбалық, коммуникативтік қызметі, этнографиялық сипаты тең түсіп жатады. Мұндай бейвербалды амалдар кешенді түрде орындалады, көркем әдебиеттерде көп кездеседі.*

*Кілтті сөздер: ым-ишарат, коммуникация, бейвербалды амалдар, кешенділік, салт-дәстүр, ишарат-символ, құзыреттілік, коммуникативтік жағдаят.*

Тілдік қатынасқа түсетін адамнан коммуникативтік құзыреттілік талап етіледі. Шындығында да ауқымды лингвистикалық әлеуеттілігімен ерекшеленіп тұратын коммуникативтік құзыреттілік:

1. жағдаятқа бейімділік және оған қоса әлеуметтік мінез-құлықтың вербалды және бейвербалды құралдарын еркін игеруден;

2. әрқилы және әртүрлі коммуникативтік жағдаяттардың арасынан тез және ыңғайлы яки адекватты жолды тауып ала білуден;

3. тілдік қатысымның тиімді, ұтымды, қолайлы техникасын меңгеруден барып қалыптасады. Бұлардың қатарына тілдік қатысымның, мінез-құлықтың белгілі бір нормаларын игеруді, сонымен бірге өзін-өзі ұстаудың этно- және әлеуметтік-психологиялық эталондарын, стандарттарын, стереотиптерін тілдік тұлғаның бойына сіңіруін де міндетті түрде жатқызу керек. Өйткені «Коммуникацияға қатысушылардың өзара ықпалдастығы, коммуникативтік құзыретті қалыптастыра білуі сөз актісіндегі ерекше маңызды жайт болып табылады. Адресаттың айтылған сөз бен сөйлеушінің нені айтқысы келіп отырғанын салыстырып, сөз ауанын түсінуі адресаттың тілдік, әрі коммуникативтік құзыреттілігіне жатады», - дей келе, белгілі ғалым Н. Уәли коммуникативтік құзыреттілікке айрықша көңіл бөлу керектігін көрсетеді [1, 9-10 б. ].

*Коммуникативтік құзыреттілік* біртіндеп қалыптасады және адам тұлға ретінде өсе түскен сайын нығая береді. Тұлға ретінде адам коммуникативтік құзыреттілігін тек вербалды емес, *бейвербалды амалдарды* меңгеру, игеру, түсіну, дұрыс пайдалану арқылы да арттырады. Өйткені бейвербалды амалдар тілдік қатынас кезіндегі маңызды, кей жағдайларда міндетті, тіпті кейбір ситуацияларда тек өздері ғана қолданылатын, сөйтіп коммуникациялық қызмет атқара алатын, коммуникацияға қатысу арқылы оны нәтижелі ететін қатынас амалдары.

Қатысым – ақпараттық–коммуникативтік үдеріс және осы үдеріс вербалды және бейвербалды құралдардың көмегі арқылы адамдар арасындағы ақпарат алысу, алмасу мүмкіндігін тудырады, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз етеді. Ал ақпарат алмасу мен түсінісу кейде сөйлесу мен сөздің қатысымсыз орындалатын бейвербалды амалдармен жүзеге асады. Жүзеге асу барысына дауыс интонациясы, ишараттар, ым және т.б. қатысады. Түсінісу, қандайда бір болмасын ойды өзгеге жеткізу, тілдік қатынасқа түсуші адамға тапсырма беру, жүктеу сияқты мақсаттармен бірге аталған амал түрлері арқылы сезімді сездіру, адамның эмоционалдык жай-күйін білдіру әрекеті орындалады. Сонда коммуникация кезінде жасалатын бейвербалды амалдардың коммуникативтік құзыреттілікті білдіретін компоненттердің қатарына жататыны айқындала түседі. Әр ұлттың өзіндік, ментальдылығы айқын ым-ишараттары болады және бұл ишараттар ұлттық сана, салт-дәстүрмен, ана сүті, ата жолымен қалыптасады.

Коммуникацияда көмекшілік қызмет атқаратын ым-ишараттардың жіктелісі лингвистикадағы универсалды заңдылыққа бағынады. Дегенмен де өз тарапымыздан кинесикалық ишараттардың бір тобын мақала тақырыбын ашатындай етіп, осылайша бөліп қарастыруды дұрыс санадық. Қазақ халқында ым түрлері де, ишараттар да көп. Олардың бір бөлігі қазақ дәстүрінде символданып, таңбалық мағынаны білдіруге көшкен. Оларды ишарат-символдар деп бөліп атауды дұрыс санадық.

Х. В. Шелестюк *символдарды тілдік және сөйлеу символдары* деп бөліп қарастырады: «Тілдік символдар «символдық аура» түрінде сөздің лексикалық мағынасында қалыптасқан ассоциативті кешен болып адам санасында тұрақтанып қалады, яғни олар архетиптік немесе мифологиялық және мәдени-стереотиптік семалардың жиынтығын білдіреді.

Мәдени-стереотиптік символдар мәдениет иелерінің барлығы үшін ортақ және кешенді болады. Мақалада талданатын ишарат-символдар қазақ дәстүрінде бейвербалды түрде орындалады және кешендік сипатпен, ассоциациясымен ерекшеленеді.

*Ат қою.* Бұл – дәстүрлік амал. *Қайтыс болған адамның жан-жақтан келетін туыс-туған, дос-жаран, жақын-жегжаттары, рулас ағайындары ауылға жақындағаннан аттың басын жіберіп, дауыс салып, жоқтан*

келетін амал түрі. Шауып келе жатқан аттың үстіндегі адам қайқайып тікөден-тік отырмайды, екі жаққа дүркін-дүркін кезек шайқатылып я болмаса еңкейіп, ат жалын құшып, дауыс сала шабады.

Төменде келтірілген мысал *ат қоюдың* қалай, қайтіп орындалатынын, кімдер орындайтынын, семантикасында қандай мағына жатқанын, қандай көңіл-күйді жеткізіп тұрғанын сипаттап береді:

Аттылардың қалың тобы осындай лек-лек боп, Құнанбай шоғырын алдына салып келе жатқан. Бір сәтте осы жұрт екі қоныстың арасындағы сар жазықты айғай-шуға батырып, оң жақтағы биік қара адырды бөктерлеп Жәнібекке қарай *ат қойды*.

Бұл елдің ежелгі ырымы бойынша өлімге бата оқи барудың ең үлкен шарты *осылай айғайлап: «Ойбай, баурым!» деп, жылай шабу болатын* (М. Әуезов. Шығ. 20 томдығы. – 3-том. Абай. Роман-эпопея. – Алматы : Жазушы, 1979. – 424 б., 215 б.).

Сол *шабысты әуелі үлкендер бастамақ керек*. Бағанадан қалың топтар Құнанбай шоғырына қарап келе жатыр еді. Қазір сол Құнанбайлар өздері де *үн салып, аттарын борбайлап, еңкейе шауып жөнеліп берді* (М. Әуезов. Шығармаларының 20 томдығы. – 3-том. Абай. Роман-эпопея. – Алматы : Жазушы, 1979. – 424 б., 215 б.).

*Ат қоюға* байланысты қазақ дәстүрінде орындауға тыйым салынған ишарағтар бар. Соның бірі – *ауылға қарай, ауылға жақындағанда атты борбайлап шауып келуге тыйым салуға* байланысты қалыптасқан. Ал екіншісі – *балалардың ат қойып ойнауына тыйым* жасалады. Мысалы:

Тақырдың ортасынан шұңқыр қазып, соған бір қу сүйекті әкеп бейітше томпайтып көміп қойып жан-жақтан андыздап *«ат қойып»*, ұзақ шуласқан. (М. Әуезов. Абай жолы. Роман-эпопея. – Алматы : Жазушы, 2006. – 237 б. 55 б.).

Шешесі мұны сол қолынан шап беріп ұстап алып:

Сен жаңағы *ат қойған* деген пәлені қайдан шығардың? Оның жаман ырым екенін айтпап па едім! ... – деп, жұлқып қалып етпетінен салып, құйрығына шапалақпен салып-салып жіберді (М. Әуезов. Абай жолы. Роман-эпопея. – Алматы : Жазушы, 2006, 237 б. – 56 б.). Бұл мысалда ат қойған ойынды жамандық, яғни *өлім шақырады деп үлкен адамның ырымдауы және соған орай баланың осы істі қайтадан істемесін деген ниетпен жазалануы* көрініс тапқан.

*Әйелдің шашын тарқатып, екі иініне жаю ишараты*. Ері, азаматы, асыраушысы қайтыс болған үйдің әйелі жасайтын салттық ишарат. Мысалы:

*Қара шашын тарқатып, екі иініне жайып салған* (М. Әуезов. Шығармаларының 20 томдығы.-3-том. – Абай. Роман-эпопея. – Алматы : Жазушы, 1979. – 424 б., 199 б.).

*Шаршыны//салыны//орамалды шорт байлау*. Ері, азаматы, асыраушысы қайтыс болған үйдің әйелі, қыздары орындайтын салттық

*ишарат*. Бұл кезде Бөжейдің өз үйінің ішінде қара сұр бәйбіше шаршысын шорт байлаған (М. Әуезов. Шығармаларының 20 томдығы. – 3-том. – Абай. Роман-эпопея. – Алматы : Жазушы, 1979. – 424 б. – 199 б.).

Бөжейдің екі қызы да бастарындағы бөркін тастап, *қара салыны шорт байласып* алыпты (М. Әуезов. Шығармаларының 20 томдығы. – 3-том. – Абай. Роман-эпопея. – Алматы : Жазушы, 1979. – 424 б. – 200 б.).

*Қара желек жамылу ишарат-символы*. Ері қайтыс болған әйелдің басына орамалды бос салуы. Тап орта тұста басына *қара желек жамылған* Бөжейдің бәйбішесі *аңырап отыр* (М. Әуезов. Шығармаларының 20 томдығы. – 3-том. Абай. Роман-эпопея. – Алматы : Жазушы, 1979. – 424 б. – 217 б.).

*Қара тігу ишарат-символы*. Ертеде қазақтардың ұзын найзаның басына ту іліп, өлік үстіне тігілген ақ үйдің оң жақ белдеуіне тігуі, қыстыруы. Өлікті құрметтейтін қазақтар өлікке арнап үлкен, сатанатты үй тігетін болған. Тудың түсі адамның жасына, әлеуметтік жағдайына (статусына) яки тұқымына байланысты болады.

Мысалы: Егер Бөжей жай қара қазақ емес, төреден шыққан болса, сол төрелердің өзді-өз тұқымының туларын тігер еді. *Ақ тулы, көк тулы, ала тулы* деген төрелердің тұқым-тұқымы, жік-жігі осындайда көрінетін. Ал *қарадан кісі өлсе тудың түсі өліктің жасына қарай* болады.

...Сүйіндік *жас кісі өлсе, туы қызыл болатынын, кәрі өлсе, ақ болатынын* айта келіп: «Бөжейдей орта жасты кісінің қаралы туы – бір жағы ақ, бір жағы қызыл болуы керек» дегенді айтты (М. Әуезов. Шығ. 20 томдығы. – 3-том. Абай. Роман-эпопея. – Алматы : Жазушы, 1979. – 424 б. – 197 б.).

*Ат кекілін, құйрығын шорт кесу, тұлдау символ-ишараты*. Қадірменді азамат дүниеден қайтқанда, оның қысы-жазы серік қылып астына мінген аттарының кекілі мен құйрығын шорт (тура, қиыс емес) кесіп, жалын қысқартуды тұлдау дейді. Тұлданған ат символдық мәнге ие болған, оны көрген қазақтар өлген адамның аты екенін бірден түсінген. Тұлданған ат мінілмейді, келесі жылы өлген адамның жылын өткізіп, атап ас бергенде, сойылатын болған.

Мысалы: Бөжейдей азаматтарының ыстық көзіндей болған екі серік аты келгенде барлық үлкендердің өздері де еңіреп-еңіреп жіберісті. Өзгеден бұрын бойын жиып алған тағы Байдалы болды. Ол әуелі оң жақ босағада тұрған күрең атқа кеп:

– Жануар-ай, иең кетіп тұл қалдың ғой, сен бейбак! – деп, жақындап келді де күрең аттың кекілін шорт кесті. Содан құйрығынан алып, уыстап тұрып, дәл тірсегінен жоғары келтіре, қалың құйрығын да борт-борт кесіп алды. ... Мынау тұлданған екі ат келесі жылға шейін мінілмейді. Қол тимей семіріп барып, жыл асқан соң иесінің асына сойылады (М. Әуезов. Шығ. 20 томдығы. 3-том. Абай. Роман-эпопея. – Алматы : Жазушы, 1979. – 424 б. – 196 б.).

**Бет тырнау.** Азаматы, асыраушысы қайтыс болған әйелдің екі бетін тырқатарымен тырнап, жыртуы. Екі бетінің ұштары жылап жыртықан тырнақтың табын сақтап, жарадар боп тұр (М. Әуезов. Шығармаларының 20 томдығы. 3-том. – Абай. Роман-эпопея. - Алматы: Жазушы, 1979. - 424 б. - 200 б.).

**Ерлер киетін тымақты (қыздардың) теріс киюі.** Қайтыс болған ардақты әкені жоқтау кезінде, қазаны аза тұтқан қыздардың ерекше киюі, қаралы салтанат белгісі, символдық ишарат. Олары өзге қыздан бөлінгенде байқалды. Бастарына еркектің бас киімін киіпті. Қара мақпалмен тыстаған жұқа қара елтірі тымақтары бар. Қыз киетін бас киімнің артын алдына келтіріп, теріс киіпті (М. Әуезов. Шығармаларының 20 томдығы. – 3-том. Абай. Роман-эпопея. - Алматы: Жазушы, 1979. - 424 б. - 210 б.).

**Тұлдаған атты ерттеп, жетекке алу ишарат-символы.** Қайтыс болған ер-азаматтың ер-тоқымын тұлданған атқа ерттеп, көшкенде жетекке алу ишараты өлімді ерекше күтуді, жыл бойы өлген адамның артын айрықша күтіп, құрметтеуді, өлген адам жыл бойы жоқталады дегенді білдіреді.

Енді ғана анық көрінді, орталарына жетекке алған тұлдаған қара көк аттың үстіне Бөжейдің ер-тоқымы ерттеліпті. Ер үстіне сол Бөжейдің осы өткен қыста Қарқаралыға киіп барған қызыл күрең ішігі жабылыпты (сонда, 210 б.).

**Ердің қасына қамшы шанышп, оған өлген адамның тымағын теріс қаратып кигізіп қою.** Өлген ер-азаматтың ұстаған қамшысын ердің қасына шанышп қою – азаматты жоқтауды, қара тұтуды, азалылықты білдіреді. Өлікті құрметтеу үшін жасалатын кешенді ишарат-символ. Ердің қасына қамшысын шанышп, соған да теріс қаратып, Бөжейдің қысқы түлкі тымағын кигізіпті (сонда, 210 б.).

**Таяққа сүйену ишарат-символы.** Қайтыс болған адамға ет жақын ер адамдардың таяққа сүйеніп тұрып жоқтауы. Қалың нөпір, көп жұрт келіп көңіл айту, жоқтау ұзаққа созылатын болғандықтан, екі қолының алақанын бірінің үстіне-бірін қойып, таяқты кеудесіне тіреп тұрып азалы екенін сездіру, таяқты тірек ету, сүйену, талығып, құлап кетпеу үшін пайдалану мақсаты да жоқ емес дәстүрлі ишарат-символы. Сонымен бірге «таяқ ұстап қалу», «ақ таяққа сүйену» – мал-жанды жоғалту, айрылу, өлген қимас адамның артында қалу дегенді білдіретін ишарат-символ.

Байсал бір рет қалың жиын жылап кеп жағалай көріскен кезде, түрегеп тұрған қалпынан тәлтіректен, жығылып та кетті. Сүйеніп тұрған таяқ та тіреу болмады (сонда, 196 б.).

Абай орта тұста келе жатып, ақ үйдің сыртында оқшауырақ жерде ұзын-ұзын ақ таяқтарға төстері мен қос қолдарын тіреп, бүгіліп тұрған, отыз шамалы еркекті көрді. Шеттеу тұста Балағаз, Базаралы сияқты жас жігіттер де ақ таяқтарға таянып егіліп тұр (сонда, 216 б.).

**Аттан адамдарды қолтықтап түсіру** ишараты әртүрлі ситауативтік жағдаятқа байланысты орындалады. Біріншісі – сыйлау, құрметтеу мақсатында жас қыздар ер жігітті, сүйікті адамын аттан қолтықтап түсіреді. Екіншісі – сал-серілерді сыйлаудан барып дәстүрге айналған аттан қолтықтап түсіру ишараты. Үшіншісі – қайтыс болған адамға көңіл айтып, жоқтау айтып келген аттыларды қолтықтап, аттан демеп түсіріп, көрісуге апару үшін жасалатын ишарат. Ишараттардың бәрінің мағыналық астарында сыйлау, көңілінің ерекше екенін білдіру және жылап, шаршап келіп тұрған адамға демеу беру мәні бар. Мысалы: Шауып келген үлкендердің аттарын анадайдан жүгіре-жүгіре шығып, ұстап-ұстап алып, иелерін қолтықтап түсіріп, еркектерге көрістіргелі жетектеп әкетіп жатқан көп-көп ықшам жігіттер бар (сонда, 216 б.).

**Көрісу ишараты** – өлген адамды жоқтаған екі адамның құшақтарын айқастырып, жылап тұрып орындайтын кешенді ишаратын еркектер орындаса, үйде отырған әйелдердің алдына жылап келген еркектер тізе бүгіп отыра кетіп, құшақтасып көрісу ишараты жасалады. Көбінесе көрісетін, дауыс салатын әйелдер болып келеді. Қайтыс болған адамды әйелдердің дауыс салып, жоқтау айта отырып орындайтын позасы (қалыбы).

Тыстағы еркектермен бір-бір құшақтасып, көрісіп болған үлкендерді сол арада қолма-қол ақ үйге қарай айғайлатып, жылатып әкетіп жатыр (сонда, 217 б.).

Отырған әйелдердің алдына жылап келген еркектер тізе бүгіп отыра кетіп, құшақтасып көрісіп жылайды (сонда, 217 б.).

...Құдайберді тура Бөжейдің өз бәйбішесіне қарай жылап барды. Сол кісі алдыңғы көрісушіден босаған соң, құшақтап, аңырап:

- Аға-екем, бауырым!-деп бас салды.

**Мықынды қос қолмен таяну ишараты.** Үлкен күмбез ақ үйдің іші оң жақ босағадан дәл төрдің ортасына дейін қатар тізіліп, мықындарын қос қолдарымен таянып, аңырап жылап отырған қатындарға толы екен (сонда, 217 б.).

**Ел азасы, ел сыйлайын адамның атынан озып кетпеу, сыйлы адамның атының мойнын оздыру.**

Алды аяндап, арты желіп отыратын ұзын торы ат, өзге жиынның барлығын еріксіз бүлкететіп, желдіріп келеді. Сонда да, тап ортадағы торы аттың бас мойыны өзге қатардан үздік шығып отырады. Жүріп келе жатқан топ намаздағы имамдай қып, аяңшыл торыны, зор денелі Құнанбайды алға салып келеді. Бірен-саран жастардың аттарының басы оқыс ілгерілеп кетсе, қасындағы үлендері зекіп, күбір етіп: «тарт, шегін!» деп, тойтарып тастайды (сонда, 75 б.).

Сонымен бірге салт-дәстүрді бейнелейтін, әдет-ғұрыптың бейвербалды амал түрінде, бәлкім бұрынғы замандарда орындалып, кейіннен амал үнемі орындалмаса да, тілде вербалданған ат құйрығын кесісу, бетіне күйе жағу,

қамшымен көзге шұқу, артынан бір уыс топырақ шашу, бетіне түкіру, шаңырағын жығу, туырлығын тілгілеу, жағасын ұстау/жагадан алу сияқты тұрақты тіркестерді жатқызу дұрыс деп білеміз. Мысалы:

– Ал, кайтесің? – деп, Смағұлды *жагадан ала бергенде* (бұл жерде физикалық әрекет орындалады, фразеологиялық тіркеске жатпайды, бірақ жататындары да барын ескертеміз – Б.М.), Абай екеуін айырып жіберіп, Смағұлға қарады (М. Әуезов. Абай жолы. Роман–эпопея. – Алматы: Жазушы, 2006. – 237 б. – 104 б.) Осы сияқты көне немесе халықтың салт-дәстүрімен бірге жасасып келе жатқан бейвербал амалдарды қызметі мен мағынасына қарай екіге бөлуге болады:

а) амал, қимыл-әрекет мүлде орындалмайтын, бастапқы функциясы көмескіленген бейвербал амалдар, оларға: *ат құйрығын кесісу, бетін тырнау, қамшымен көзге шұқу*, т.б.;

ә) тұрақты тіркеске айналса да, сөйлесу барысында әлі де болса орындалып жататын бейвербал амалдарға *бетіне күйе жағу, бетіне түкіру, қол сілтеу, жер тепкілеу, шашын жұлу* т.б. жатады. Бұлар жалқы мағыналы емес, қолданылып тұрған контекстіне қарай әртүрлі мағыналық реңктерді білдіреді. *Көз тимесін деп баланың бетіне күйе жағып қою* әлі де орындалып тұратын ишарат. Дәл осындай фразеологизм бар, бірақ мағынасы *қаралау, айыптау, кіналау, масқаралау* дегенді білдіреді.

Сондай ишараттардың тағы бірі - *артынан топырақ шашу* бейвербалды амалы - *әбден ренжісіп, бір–бірінен ат құйрығын кесісіп, кетіскен, бір–бірінен көңілі қалған адамдардың жасайтын ишарасы*.

Көңілі қалған адамның *жерден бір уыс топырақ алып кетіп бара жатқан адамның артынан шашу ишарасының* астарында қарғыс мән жатыр, бұл - «қарасы батсын!» деген қарғыс ниеттен туған ишара түрі. Байқалып тұрғандай, алдымен бейвербал амалдың еркін тіркес түрінде айтылып, кейіннен тұрақталып отыруы тілдік бірліктердің даму заңдылығына сәйкестенген. Егер схема түрінде көрсетер болсақ, төмендегідей болып шығады:

Бейвербал амал *орындалады* – еркін тіркес түрінде *вербалданады* – *тұрақты күйге өтеді* – *символданады* – *фразеологизмге* айналады.

Семиотикалық белгілердің, әрине, олардың ішінде паразэлементтер де бар, тілге («язык») қатысы тұрғысынан және соған орай алатын орнына берілген бағаға көңіл аударып көрелік: «Аса жаңа зерттеулерге қарағанда, символикалық әрекеттердің тілі тұтастай алғанда адамзат тарихында, жекелей алғанда бір адамның өмір тарихында, сөйлеу тілінің алдында, одан бұрын жүреді және соңғысын танып-білуде, игеруде база ретінде қызмет атқарады» [11, с. 351].

Қорыта келгенде, салттық, дәстүрге айналған ым-ишараттардың маңызы әр ұлттың мәдени өмірінде, коммуникациясында алатын орны ерекше. Олар жалқы мағыналы болады және қалыптасқан коммуникативтік жағдаятқа қарай бірнеше мағынаны білдіре береді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Уәлиев, Н., Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. – 10.02.02-қазақ тілі мамандығы бойынша филол. ғ. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дис. авторефераты. - Алматы, 2007.

2 Иванов, В. В. Примечания//Леви-Строс К. Структурная антропология. – М., 1985 // . – 364 с.

Материал 19.06.15 баспаға түсті.

Б. К. Момынова<sup>1</sup>, У. Г. Анесова<sup>2</sup>

### Семантика казахских традиционных жестов-символов

<sup>1</sup>Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана;

<sup>2</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 19.06.15.

B. Momynova<sup>1</sup>, U. Anessova<sup>2</sup>

### Semantics of Kazakh traditional gesture-symbols

<sup>1</sup>Abylai Khan Kazakh University of World Languages and International Relationship;

<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty.

Material received on 19.06.15.

*Изучение невербальных элементов в коммуникации является неотъемлемой частью в познании культуры, традиции каждого народа. Данные средства играют вспомогательную роль в коммуникации. Среди них существуют такие жесты, которые воспринимаются как символы и наравне выполняют знаковую, коммуникативную, этнографическую функции. Такие невербальные элементы являются комплексными, часто встречаются в художественной литературе.*

*The research of non-verbal elements in communication is an integral part in studying culture, tradition of every nation. These methods play a supporting role in communication. Among them are such gestures, which can be perceived as symbols and can have sign character, communicative and ethnographic functions. Non-verbal elements like these can be applied in a complex way, usually can be found in fiction.*

**Қ. С. Мұқышева**

докторант, Әл-Фараби Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

## **ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ «ДАЛА» КОНЦЕПТІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

*Автор «дала» сөзін концептуалды ұғымдарға жатқызып, оны тек географиялық объект емес, сонымен қатар нышан әрі көркем бейне болатындығын жан-жақты дәлелдейді.*

*Кілтті сөздер: кеңістік, географиялық объект, эпикалық, көшпенді халық, түсіндірмелі сөздік.*

Еуразия даласындағы мал өсірушілердің тіршілік аумағы Ұлы Дала деген атқа ие болды. Қазір бұл әбден тұрақтанған географиялық, геоклиматтық және тарихи термин. Тарихтан бұрынғы замандарда, соңғы Мұз дәуіріне дейін ол бұдан да үлкен аумақты алып жатты және Мамонт Даласы деп аталды. Мұз дәуірі кезінде бұл жерлер тіршіліксіз мұзды шөл дала болды. Неолит заманында оны Жылқы Даласы деп атауға болатын. Заратуштра заманында ол Тұран деген атқа ие болды. Антик (көне) әлемінің авторлары Скифтер, қытайлар – «әзезілдер елі», ал арабтар Дешт-і-Қыпшақ деді. Орта ғасырларда және ХІХ ғасырға дейін еуропалықтар оны Ұлы Татария деп атады. Орыс эмигранттары – еуропаның ресейлік классиктері Н. Трубецкой, П. Савицкий одан кейін Л. Гумилев Ұлы Даланы материктің өзге аймақтарынан: Еуропа, Үндістан, Афразия, Қытай, Қиыр Шығыстан ерекшеленетін, географиялық, экономикалық және тарихи тұрғыдан тұтас өзгеше субконтинент – Еуразия деп атауды ұсынды. Шынында да, Ұлы Даланың таулы-далалы және шөлді ландшафтары, сонымен қатар шұғыл-континентальды құрғақ климатының Еуропа және Азиямен ортақ тұстары көп. Байырғы тұрғындардың да көптеген ұқсас жақтары, өзгеше мәдениеті, ортақ этносаяси тарихы бар және ұлы суперэтнос – Еуразияның далалық мал өсірушілері болды.

Еуразияның негізгі ландшафтық уәжі – шексіз кең байтақ дала – шартты түрде «жазық» деп аталатын кеңістік түсінігінің пайда болуына ықпал жасады. Бұл түсінік тарихи тұрғыдан бұрынғы кезеңдерге тіркелген және географиядан кең мағынасы болған. Әр түрлі халықта ол түрлі мазмұнмен толығып отырды. Орыс халқының тарихында көшпенді халықтар – «қыпшақтар» («половцы»), яғни «далада тұратын адамдардың» жері мағынасын беретін «Поле» ұғымы бар. «Поле» ұғымының кеңістікті сипаттамасы анық – бұл «үлкен жазық орын». Бұл терминнің қазір жаңа баламасы бар, ол – «степь».

Славян мифопоэтикалық түсініктер контекстінде «поле», «степь» ұғымдары адамның сопылыққа қарсы, ішкі тыйымдарынан еркін мінезінің синонимі болып табылады. Л. Н. Толстойдың «Живой труп» пьесасының кейіпкері Федя Протасов мінез-құлықтың мұндай түрін сипаттай отырып былай дейді: «Бұл – дала, бұл оныншы ғасыр, бұл бостандық емес, еркіндік».

«Дала» терминінің шығуының әлі де болса бір мағыналы түсініктемесі жоқ. Бұл сөз көптеген жалпы еуропалық тілдерде кездеседі, «step» - «жазық, тегіс болу» деген. Латыш тілінде stiept – «созылып жату» дегенді білдіреді. Әзербайжандық «тар» - бұл «ашық, тегіс орын», хинди тілінде tar – «алаң, иен жер». Әр түрлі континентте дала әр қилы аталады: Солтүстік Америкада - прерия (көгалды, шалғынды аймақ); Оңтүстік Америкада - пампа немесе пампас, ал тропиктерде – льянос. Оңтүстік америкалық льяностың Африкадағы және Австралиядағы баламасы саванна болады. Жаңа Зеландияда даланы туссоки деп атайды.

Ғалымдар бұл терминді біресе «тепу, теппи – бью (соғамын), битъ (соғу), рублю (шабамын), рубить (шабу)» сөзімен байланыстырады – ендеше «соғылған, шабылған орын», біресе топот (дүбір), топтать (таптау) сөзімен жақындастырады, бұдан степь-дала – «тапталған орын - вытопанное место» деуге болады. Оны латыштың Stiept – «созылып жату» сөзінен шықты деп те айтады.

Мұның бәрі сөздің этимологиясын анық түсіндірмесе де, көркемдік жағынан түсінік береді: дала – бұл өте үлкен «кең жайылған», «тапталған» және «шабылған» жер.

Географиялық әдебиетте дала мен оның түрлеріне берілген ондаған анықтама бар. Қазіргі географиялық анықтамалар мен энциклопедиялар дала табиғатына төмендегідей сипаттамалар береді:

Дала – солтүстік және оңтүстік жарты шарлардың қоңыржай және субтропиктік зоналарында шөптесін өсімдіктер өскен жазық. Ағашсыз кеңістікте тығыз немесе жартылай тығыз жабыны бар, шөп басқан, өсімдік түрлеріне өте бай тип. Қоңыржай географиялық белдеудің континентальды бөліктеріндегі ландшафт түрі. Дала климатының ерекшелігі кең температуралы диапазон болып табылады – жазы өте ыстық, қысы суық, сонымен қатар ылғалдылығы төмен. Даланың табиғат әлемінің көптүрлілігі ғалымдарға даланы аймақшаларға бөлуге мүмкіндік берді, алайда бұл аймақшалардың барлығын біріктіретін өзіндік ерекшеліктері: ағаштың жоқтығы, шөптесін өсімдіктердің басым болуы, ал жануарлар әлемінде кемірушілердің көптігі. Қазақ тілінде лексикалық баламасы – дала сөзі бар. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде дала – «шөптесін өсімдікті кеңістік; жайылым». «Кеңістіктің» семантикалық үлесі қарастырып отырған лексикалық мағыналарды біріктіреді.

Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде мынадай түсініктеме келтірілген. Дала – 1. Кең–байтақ жазық өңір, құла тұз. Сусыз шөл дала. 2. Есік алды, тыс. 3. Ауылды жер, қыр. Дала қосы – науқан кезіндегі уақытша баспана. Дала поштасы – әскери бөлімнің далаң жердегі поштасы. Далаға айтты – сөзі зая кетті. Далаға тастады – а) қараусыз қалдырды, қадірлемеді. ә) шаңына да ілеспеді, маңайламады. Даланы басына көтерді – қатты сөйлеп даурықты.

«Дала» концептісі қазақтың тілдік санасында сөздік мақалаларының түсіндірмесінің мағыналарынан әлдеқайда кең. Бетегелі далаларда «қан майдан ұрыс» болып, халықтың тағдыры шешілді.

Дала тарих сияқты, эпикалық мағынасы бар сөз.

Дала кеңістігінің «шексіздігі» бұрын-соңды даланы көрмеген адамдарға қатты әсер еткен. Вильгельм Рубрук (XIII ғ.) өзінің Алтын Ордаға жасаған саяхатын жалпы суреттегенде, саяхат барысында және жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасқа түскенде туындаған қиындықтарға оқырманның көңілін аударып отырып, шексіз жазықпен қозғалып бара жатқан көш жайлы толғаныспен еске алады: «Оңтүстік-шығыс бағыттағы заңғар таулардың арасында аңғар созылып жатты, сонан-соң таулар арасында тағы бір үлкен теңіз көрінді, осы аңғар арқылы бірінші теңізден екіншісіне дейін өзен ағып жатты, сол аңғарда қатты желдің тоқтаусыз соғып тұратыны сонша адамдар бұл жерден жел теңізге ықтырып әкетпесін деген үреймен өтеді... біз теңіздей кең жазыққа кірдік» [1, 117 б.]. Джон Кэстль 1736 ж. жаңа Қазақстанның аумағына жасаған саяхатында былай деп жазған: «...Жер ... жаппай төбешіктер тізбегінен тұрады және теңіз дауылынан кейін толқындары тыныштанбаған ашық теңіздей көрінеді. Бұл шөл далада өсетін шөп үшкір болып келеді, екі күн жаяу жүрсең, аяқ киімсіз қалуың мүмкін» [2, 85-86 б.].

Даланы қабылдау – кең көлемді әрі кең мағыналы. Осындай қасиеттермен сипатталатын объект ретінде даланы қазіргі кезде концептуалды ұғымдарға жатқызады. Ол тек географиялық объект емес, сонымен қатар нышан әрі көркем бейне. Әдеби шығармаларда «дала» ерекше әлем, жұмбақ және керемет әдемі кеңістік түрінде суреттеледі. Авторлар даланы суреттеу арқылы өзінің дүниеқабылдауын, табиғатқа деген көзқарасын, туған жерге деген махаббатын білдірген, өз шығармалары кейіпкерлерінің сезімін, ойын, арманы мен жай-күйін бейнелеген.

Классикалық прозада шексіз дала бейнесін «заттар әлемі» және «аспан мен дала әлемі» деп белгілеуге болады. Екі көзқарастың өзара қатынастары «бөлінетін» және «бөлінбейтін» болып белгіленген. Заттар әлемін жеңіл жолмен мүшелеуге, бүлдіруге, және бұзуға болады. «Бөлінбейтін» мұнда кеңістіктің белгісі сияқты үздіксіздіктің топологиялық ұғымының баламасы түрінде көрінеді. Сондықтан кеңістік ұғымына адамдарды үздіксіз, бөлшектеуге келмейтін тұтастыққа біріктіретін музыка, би, той, қырғын, серіктестік сияқты «бөлінбейтін» құбылыстар жатады» [3, 434 б.].

Саяхатшылардың хаттары мен күнделікті жазбаларындағы шұғыл континентальды климатта орналасқан дала мен шөлді сипаттаулары Н. В. Гогольдің суреттеулерінен ерекшеленеді. Олардың айқындығы мен бейнелілігі кем түспейді, алайда бұл басқа далалар. Еуразияның орталығында орналасқан далалардың сипаты мүлдем өзгеше. Н. М. Пржевальский Гоби шөлін тіршіліксіз, адам тұрмайтын әлем ретінде суреттейді: «Апталар бойы жолаушының көз алдында қайталанатын сол бір бейнелер: біресе қыста былтырғы қурап қалған шөптің сарғыш түсімен құбылып тұратын ұшы-қиыры жоқ жазық, біресе жартастардың қаралау, айғыздалған тізбектері, біресе арасында шыңынан жүйрік бөкеннің бейнесін байқауға болатын жайпақ төбелер... Ондаған, тіпті жүздеген шақырымдар бойы үнемі жолаушыны өзінің шыжыған ыстығымен тұншықтыруға немесе құмды дауылымен көміп тастауға дайын тұрған тақыр сусыған құм. Онда бір тамшы су жоқ, не бір аң, не бір құсты көрмейсің, тірі жансыз бос қалғандық мұнда адасып келген адамның жанын түршіктіреді» [3, 21, 22 б.].

Польшалық демократ Адольф Янушкевич (1803-1857) көптеген жылдарға жер аударылып, Қазақстанда өткізген кездерінде жазған хаттары мен күнделіктерінде қазақ даласын анық суреттейді [4, 82-84 б.]. А. Янушкевичтің жер аударудағы серіктесі Бронислав Залесский оның ойын мақұлдап, қайталайды. Ол қазақ даласы антикалық Тозақтың орны болуы әбден мүмкін еді деп жазады. «Қазақ даласының өмірі» атты суреттер альбомының (1865) алғы сөзінде ол шөлді ландшафтардың сұлулығымен қатар олардың адамды тұнжырататын бірқалыптылығын да атап өтеді: «... Мен шөл даланың кеңдігіне үйрендім... Осы кең байтақ көкжиек, осы шексіз кеңістік адамға азаттықтың өткір сезімін ұялатады. Бұны әркім сезініп көрді, бірақ ол ұзақ уақыт жалғаса берсе, бір түрліліктен жалығасың, қаңырап тұрған шөлден шаршайсың» [5, 14 б.].

Густав Зелинский өзінің «Степи» поэмасында қазақ даласының бейнелерін төмендегідей жырлаған:

«Видел ли ты степи? Когда весенним утром с юга потянет приятным ветром.

А травки, которые таились в земле, брызнут – схватят майское дыхание, И увядшее лоно родительницы закроют зеленым убранством молодости. Если ты видел это, склони гордое чело пред тем, что ввело тебя в этот круг чудес...».

Шөл даланың шексіз жазық кеңістігі туралы көркем түсініктер дәстүрлі қазақ мәдениетінде кездеседі. Даланың шексіз жазығында бүкіл өмірін өткізген көшпенді-мал өсіруші даланы музыкалық және поэзиялық туындыларында жырлайды. Даланың айбынды бейнесі Тәттімбеттің «Сары жайлау» күйі сияқты музыкалық туындылардан көрінеді. Құрманғазы шығармашылығының биік шыңы таза үндестілікке толы, қазақ даласының

шексіз жазығының бейнесін суреттейтін «Сары-Арқа» («Кең дала») күйі болып табылады.

Дала – дүние қабылдау мен тіршілік әрекетінің барлық деңгейіне – табиғи және мәдени, ұтымды және эмоционалды, саналы түрде меңгерілетін және санасыз, жеке және қоғамдық деңгейлеріне әсер еткен, түркі менталитетінің қалыптасуындағы анықтаушы категория. Э. Шакенова атап өткендей, – «эр халықтың өз ландшафты бар, оны қабылдауда халықтың мәдени дәстүрлері икемделеді, қазақ халқының табиғатындағы осындай анықтаушы кешен дала мен тау болды. Шексіз кеңдік пен биіктік көшпенді тайпалардың өміріне ықпал еткендігі сөзсіз, онда қатаң тұрмыс және ұлылық пен руханилыққа деген анық байқалатын талпыныстары үйлесіп жатыр» [6, 70 б.].

Дала мен тау бейнелері көрнекті қазақ ақыны Олжас Сүлейменовтың поэзиясында жетекші кеңістікті бейнелер болып табылады [7, 29 б.]. О. Сүлейменов шығармаларындағы дала ұғымы үнемі көшпенділердің мекен еткен орнымен байланыстырылады. Ақын даланың жағдайын жылдың ең ыстық кезінде жазады, соның салдарынан ол құрғақ, аптап, үнемі ыстық, ормансыз, шөлді жазық, күйіп кеткен және т.с.с. түрде анықталады.

Дала пейзажи сараңдығы және бір түрлілігімен ерекшеленеді. Оның жамылғысы – сор-тақыр, саз, құм, тас. Өсімдіктерден қарағаш, тал, бетеге, жусан өседі. Негізгі түстері – сары мен жасыл. О. Сулейменов поэзиясында шыдатпайтын ыстығына қарамастан дала өз түстерін сақтап қалады. Пейзаж бір түсті емес, ол - жасыл шөпшен әрі «күрең сары», «күрең жасыл» қырандар және бүркіттермен ойнайтын күн сәулесінің алтын нұры өткен, жарқыраған әсем көрініс. О. Сулейменовтің пікірі бойынша, даланы кеңдік, маңғаздылық, асықпаушылық және немқұрайдылыққа дейін жеткізетін тыныштық сипаттайды. Бірақ бұл тыныштық тіршіліктің жоқтығын білдірмейді. Керісінше, табиғат әлемі өзінің қарқынды және әр түрлі тіршілігін кешуде. Шексіз жазық далада жүген-құрық тимеген жылқылар табыны мен отар-отар қойлар мекендейді, түйелер жайылып, кесірткелер шапшаң жорғалайды.

Ұшы-қиыры жоқ даланы ақын қырат-үстірттері жоқ «дөңгелек жазық» түрінде көреді, өйткені «дала биік тауларды сүйемейді». Дегенмен, кішігірім төбешіктер, қорғандар даланың әсем көрінісін бұзбай, оған үйлесімді кірігіп тұрады.

Сулейменовтің шығармашылығын зерттеген А. Жуминова ақынның даласы тау тізбектері мен су көздерінің ландшафтыларын қамтитын Отан, сүйікті өлке ретінде ұғынылады деген қорытындыға келеді: «Верни меня в родные степи, хочу туда, где солью Балхаш умывал, где плыл Каратал». Дала көшпенділердің туған үйінің бейнесі ғана болмайды: «Я сижу в эпицентре великой Голодной степи», бұл жерде голодная степь – «Бетпақ-Дала» шөлінің тура аудармасы – оның тұрғындарының жинақтаушы белгісі ғана емес: «Степь гуляла в победе, забыв обо мне», сонымен қатар аналық бастауын

алады: «матерью – степь мы называем». Эпикалық ұлттық дәстүр бойынша О. Сулейменовтің далаға деген көзқарасы ерекше: в ней «захоронена радость», она «тянет к себе, так что ноги под тяжестью гнутся», на ней «бездонны озера», лежащая «огромным аэродромом», которая «может пулю ту перехватить, расплавить в себе, остановить», ее «не забудешь», и кто к ней не вернулся, тот «жизнь утратил». Ақын үшін дала – бұл оның туған жері мен халқының тарихы (3).

Даланың семантикалық баламасы – шөл. Шөл пейзажының дала көрінісінен айырмасы шамалы, ерекшелік тек «майда тас» - құмның көптігі мен бүкіл шөлді әлемді өз бойына тартатын жалғыздықта деуге болады. Алайда шөл әлемінің жалғыздығы қатып қалғандықты білдірмейді, ол жанданған және онда көптеген тіршілік иелері бар. Өлеңдерде шөл даланың көктемдегі гүлдеуінен бастап күнге күйіп, тақыр далаға айналғанына дейінгі өзгерістері бақыланады. Ақын көбінесе қуаң даланы жылдың ең ыстық мезгілінде көрсетіп, оның ландшафтысына тән жағдайға қарайды. Барлық тіршілікті қыбыр етпеуге мәжбүрлейтін, шыдатпайтын ыстықтың сипаты «мелшиіп қалу, қатып қалу» етістіктерімен беріледі. Титығыңа жететін күндізгі қапырықтан кейін шөл даланың тіршілік иелері біраз тыным алатын кез – түнде өмір жандана бастайды, түнгі шөл даланы ақын көп суреттеген.

Дала-степь сөзінің семантикалық құрылымы қазақ және орыс тілдерінің түсіндірмелі сөздіктерінің көмегімен талданады. Орыс тілінің түсіндірмелі сөздіктерінде степь сөзінің негізгі мағынасы беріледі: «құрғақ климат белдеуіндегі көлемді, ормансыз, тегіс, шөптесін өсімдіктер өсетін кеңістік». Қазақ тілінде лексикалық баламасы болатын дала сөзі бар. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде дала – «шөптесін өсімдікті кеңістік; жайылым». «Кеңістіктің» семантикалық өрісі қарастырылып жатқан лексикалық мағыналарды біріктіреді.

Сонымен қатар, зерттеліп отырған мәтіндерде дала сөзі тірек, негізгі, кеңістікті белгі ретінде пайдаланылады. Осы лексикалық бірлік «орын (кеңістік)» категориалды-лексикалық семасын сақтай отырып, нақты кеңістікті концептуалды қабылдауды қамтитын эмпирикалық мағыналардың толық қатарын береді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Рубрук, В. де.** Путешествие в восточные страны Вильгельма де Рубрук в лето благодати 1253 // Путешествия в Восточные страны Платона Карпини и Гильома де Рубрука. – Алматы : Галым, 1993. – С. 76-173.

2 **Кестль, Дж.** Дневник путешествия в году 1736-м из Оренбурга к Абулхаиру, хану Киргиз-Кайсацкой Орды. – Алматы : Жибек жолы, 1998. – 152 с.



3 **Лотман, Ю. М.** Заметки о художественном пространстве Путешествие Улисса в «Божественной комедии» Данте // Избранные статьи: В 2-х т. – Таллинн : Александра, 1992. – Т.1. – С. 434-463.

4 **Янушкевич, А.** Дневники и письма из путешествия по казахским степям. – Алма-Ата : Казахстан, 1966. – 268 с.

5 **Залесский, Б.** Жизнь казахских степей. – Алма-Ата : Онер, 1991. – 168 с.

6 **Шакенова, Э.** Художественное освоение мира // Кочевники. Эстетика. – Алматы : 1991. – С. 62-93.

7 **Сулейменов, О.** Аз и Я. Книга благонамеренного читателя. – Алма-Ата : Жазушы, 1975. – 304 с.

Материал 10.07.15 баспаға түсті.

*К. С. Мукушева*

#### **Специфика концепта «степь» в языковой картине мира казахов**

Казахский национальный университет  
имени аль-Фараби, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 10.07.15.

*K. S. Mukusheva*

#### **Linguocultural specificity of the concept «steppe» in the language picture of the world of Kazakh people**

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty.

Material received on 10.07.15.

*Автор относит слово «дала» к концептуальному понятию, и поясняет что это не только географический объект, но в месте с тем что это слово является символом и художественным образом.*

*The author refers the world «dala» to the conceptual notion and explains that it is not just a geographical object but a symbol and an image as well.*

ӨОЖ 811.512' 367 М 85

#### **М. Д. Мұсабаева<sup>1</sup>, Ш. К. Акимкожаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к, доцент; <sup>2</sup>аға оқытушы, Алматы Менеджмент Университеті, Алматы қ.

### **ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ КҮРДЕЛІ ҚҰРЫЛЫМДАР ПАРАДИГМАСЫ**

*Бұл мақалада қазақ тіліндегі дәстүрлі тіл біліміндегі күрделі құрылымдардың синтаксистік парадигмасының жасалу жолдары анықталады.*

*Кілтті сөздер: күрделі құрылымдар, модальдік мағынасын, синтаксистік парадигма, грамматикалық категориялар, құрмалас сөйлем, зерттеу объектілері.*

Дәстүрлі тіл біліміндегі құрылымдар сабақтас құрмалас сөйлем, салалас құрмалас сөйлем құрмалас сөйлем және аралас құрмалас сөйлем деп жіктеледі. Олардың өзі іштей мезгіл, себеп, шарт, қарсылықты және т.б. мағыналық түрлерге бөлінеді. Мысалы: залдағы жарық сөндірілді де, пердесі баяу сырғып, сахна ашылды (З. Қабдолов). Көзімді ашып алдыңғы жаққа қарасам, екі адам қарауытып тұр екен (Ғ. Мүсірепов). Үй маңайында басқа байлық көрінбейді, қазір үйдің төменгі жағына киіз жетпеген соң, туырлық орнына ши ұстатып қойыпты (Ғ. Мұстафин).

Келтірілген мысалдардың алдыңғысы салалас, екіншісі сабақтас, ал соңғысы аралас құрмалас сөйлемдер. Бұлар өзара синтаксистік парадигма құрап тұрған жоқ. Синтаксистік парадигма- сөйлеушінің мақсатын жүзеге асыратын құрылымдардың қатары. Синтаксистік парадигма-сөйлеушіге таңдау мүмкіндігін беретін тіл жүйесінің ішкі мүмкіндігі. Яғни күрделі құрылымдардың салаласа, сабақтаса және араласа байланысуы бір мағынаны берудің түрлі нұсқалары болып табылады. Кез келген салалас немесе сабақтас сөйлем синтаксистік парадигма құрай бермейді. Ол үшін олар бір мағынаны берудің түрлі тәсілі болып тұруы шарт. Сондықтан да жоғарыда келтірілген үш сөйлем (салалас, сабақтас, аралас) өзара парадигмалық қатар құрай алмайды.

Күрделі құрылымдар парадигмасы функционалды грамматиканың зерттеу әдісі арқылы анықталады. Алдымен мағына белгілі болады, сонан кейін барып оны жасайтын құралдар түгенделе бастайды. Мәселен, мезгілдік қатынасты білдіретін құрмаластар сабақтас және салалас сөйлемдер арқылы да байланыса береді. Бірақ мұнда олар дәстүрлі синтаксистегі сияқты жеке-жеке қарастырылмайды, бір мағынаны яғни мезгілдік мағынаны білдірудің тәсілдері ретінде қарастырылады да, өзара синтаксистік парадигма құрайды.

Тұлғалық тіл білімінде белгілі бір грамматикалық категориялардың өздеріне тән айырым белгілері, грамматикалық көрсеткіштері болады. Бұл оны өзгелерден саралап, өзіндік қасиетін даралап тұрады. Осыдан келіп әрбір грамматикалық категория өзіне тән заңдылықтарымен қалыптасып, дамып, жетіліп отырады. Құрмалас сөйлем синтаксисінің дамуындағы негізгі арна жеке жай сөйлемдердің мағыналық үйлесудегі қосындысынан алынады. Демек, құрмаластың өзі жай сөйлемдерден өрбіп шыққаннан кейін, енді оның өзіне тән айырым белгілері, зерттеу объектілері келіп шығады. Ондай айырым белгі ең алдымен құрмалас сөйлем синтаксисінің өз алдына үлкен бір саласы болудағы негізінен шығып жатады. Құрмалас сөйлемнің айырым белгісі дегенімізде, ол оны жай сөйлем синтаксисінен ажырата алатындай болу керек. Сонда ғана құрмалас сөйлем синтаксисінің жеке бір саласы ретінде танылады [1,9 б.].

Құрмаластарға берілетін анықтамада оның құрамындағы екі, одан да көп сөйлемдердің предикаттық қатынастың негізінде тұлғалық, мағыналық және интонациялық жағынан өзара тығыз байланыса жұмсалып, күрделі бір ойды білдіре айтылуын көрсетеді. Құрмалас сөйлемдер байланысу тәсілінде, компоненттерінің санына және білдіретін мағыналарына қарай бірнеше топқа бөлінеді. Мұның ішінде синтаксистік қатарға негіз болатын байланысу тәсілдері мен компоненттерінің саны. Күрделі құрылымдар байланысу тәсіліне және компоненттерінің санына қарай бір мағыналық қатынасты білдірудің түрлі тәсілдері ретінде синтаксистік қатар құрай алады.

Құрмаластың өзі алдымен жалғаулықсыз және жалғаулықты болып бөлінеді. Жалғаулықты және жалғаулықсыз құрмалас сөйлемдер кейде грамматикалық жақтан ұқсас болады, бірақ олардың қызметі, құрылымы айтылу интонациясы сәйкес келе бермеуі мүмкін. Жалғаулық арқылы берілетін модальдік, мағыналық белгілер-жалғаулықты құрмалас сөйлемдерден ажыратып тұрады. Сондай-ақ жалғаулықсыз сөйлемдердің барлығы жалғаулықты қабылдай бермейді, кейде жалғаулықсыз сөйлемдер арқылы берілмеуі де мүмкін. Жалғаулықты құрмалас сөйлемдерде мағыналық қатынас жалғаулықтар арқылы көрінсе, жалғаулықсыз сөйлемдерде синтаксистік бірлік компоненттердің лексика-морфологиялық құрамы, баяндауыш тұлғасы, интонация т.б. арқылы көрініп отырады.

Тұлғалық синтаксисте жалғаулықсыз құрмалас сөйлемдердің құрмаластың бөлек бір түрі екендігі айтылады. Тіпті құрмаласты байланыстырушы жалғаулықтарды сабақтас, я салалас деп топтайтын көзқарастар да кездесіп қалады. Мәселен, А. М. Пешковский жалғаулықтар туралы мынандай пікір айтады: «Егер жалғаулық бір сыңардың құрамына кірігіп тұрса, онда оның сабақтастырушы, ал екі компоненттің арасында тұрып, екеуіне де тән болса салыстырмалы болғаны» [3,470 б.].

Жалпы тіл білімінде құрмалас сөйлемдерді бөліп жіктеуге екі принцип қолданылады. Олар: **тұлғалық және жұмсалымдық**. Ұ. Салиеваның

айтуынша, функционалдық принцип құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің мағыналық қатынасына сүйенеді, яғни мұндай жағдайда бағыныңқы сөйлем басыңқының бір мүшесінің орнында қолданылады. Құрылымдық принцип бағыныңқының басыңқымен байланысу сипатына байланысты [2,56 б.]. байқап отырғанымыздай, ғалым функционалдық және құрылымдық принцип дегенде, компоненттерінің жұмсалыу ерекшелігі мен байланысу тұлғасын айтып отыр. Яғни бұнда тіл біліміндегі функционалдық бағыт туралы әлі әңгіме көтеріле қойған жоқ.

Мәселеге функционалдық тұрғыдан келу деп біз (жоғарыдағыдай құрамаластың компоненттерінің жұмсалыуы емес) жалпы құрылымның жеке сөйлем ретінде басқа өзі тектес құрылымдармен қатар парадигма құрай алуын айтамыз. Бұл мәселе сөйлеуші мақсаты, сөйлеу актісі, сөйлеу жағдаяты категорияларымен тығыз байланысты. Бұл жайлы модальдік мағынасын беретін синтаксистік парадигмалар деген тарауда жан-жақты сөз болады.

Күрделі құрылымдар парадигмасына кіретіндер негізінен жүйе ішіндегі элементтерді қамтиды. Синтаксисте туынды бұрын болмаған сөйлемдер пайда болып жатады десек те, сөйлемнің сыртқы қалыбы (тұлғасы) шектеулі болады. Оған статистика жүргізіп, анықтап, шамамен есебін табуға болады. Мұндағы мақсат тілді электронды құралдарға салып пайдалану. Осы мақсатқа жету үшін тіл деңгейлерінің ең жоғарғысына жататын синтаксистік бірліктерді модельдеу үдірісі тіл білімінде жалғасып келеді. Бұл өзі өте күрделі мәселеге жатады. Тілдің төменгі деңгейлерінің фонема, морфема, лексика және т.б. саны шектеулі әрі олардың тіл жүйесіндегі тұлғалары белгілі. Ал синтаксис деңгейіндегі бірліктерге келетін болсақ, жағдай басқаша. Әсіресе коммуникативтік бірліктердің санын, мәнін анықтау қиын. Олар адам шығармашылығымен байланысты туынды бірліктерге жатады. Күн сайын тіл жүйесінде бұрын болмаған мыңдаған сөйлеу үлгілері (сөйлемдер) туындап отырады. Дегенмен, олардың модельдерін табуға болады. Қазіргі жағдайда сөйленім модельдері дегеніміз бір мағынада жұмсалатын сабақтас, салалас және аралас құрмалас сөйлемдердің парадигмасы.

Тіл жүйесіндегі кез келген тұлға көпмағыналы болып келеді. Мәселен, сабақтас сөйлемдер үш-төрт тәсіл арқылы жасалғанымен, мағыналық қатынасты білдіру жағынан келгенде бірнеше түрге бөлінеді. Ал коммуникативтік мағынасы жағынан ондаған, жүздеген түрге бөлініп кетеді. Дәстүрлі синтаксистік тәсілімен қарасақ, әр сөйлемді жеке-жеке талдау мүмкін емес. Сондықтан деңгейлік синтаксис сөйлемдерді әйтеуір бір белгісіне қарап топтастыруды басты мақсат етіп алады. Бірақ дәстүрлі синтаксис өкілдерінің өзі тілдің негізгі функциясы (коммуникативтік) сөйлем арқылы іске асатындығын айтты: «Сөйлемнен басқа тілдік элементтердің ешқайсысы да ол қызметті атқара алмайды. Сөйлемнің басқа тілдік элементтерден, солардың ішінде сөздер тіркесінен ең негізгі өзгешілігі-

оның коммуникативтік ең басты және бірден-бір тұлға екендігінде. Сондықтан сөйлем синтаксистің ең негізгі объектісі деп есептеледі. Адам өз ойын, көңіл-күйін басқаларға сөйлем арқылы білдіре алады, сөйлем арқылы басқалардың ойын біледі. Сөйлем қисындық пайымдауды жарыққа шығаратын материалдық көрсеткіш», [4, 5 б.] – дейді Т. Қордабаев.

Сөйлем аяқталған ойды емес, жеке ойды білдіреді [4, 6 б.], – дейді ғалым, Біздіңше, анықтаманың өзі терең талдауды, әрі қарай дамытуды қажет етеді. Шындығында жеке ойлар қисындық жағынан аяқталмауы да мүмкін. Сондықтан сөйлем аяқталған ойды емес, жеке ойды оған тетелес басқа ойдан бөліп көрсететін коммуникативтік дербес тұлға. Бұдан сөйлем әрдайым ойды білдіреді деген қорытынды шығаруға да болмайды. Сөйлем адамның көңіл-күйін, күйініш-сүйінішін, өзін қоршаған әлемге қатынасын т.б. байқатуы мүмкін. **Мысалы,** Тәйт! Әй-әй-әй! Мәссаған! Ойдайт дерсің! Е, Бәсе! Бұл жағдай сөйлемді анықтауда оның тек ойымен, санамен қатынасын ғана басшылыққа алудың жеткіліксіз болатындығын байқатады.

Сөйлемге тән белгілер, оның грамматикалық сипатын айқындайтын синтаксистік категориялар-коммуникативтік, модальдық және предикаттық белгілер. Бұл категориялардың әрқайсысының өздеріне тән ішкі мағыналық және сыртқы материалдық көрсеткіштері бар.

Кейбір әдебиеттерде сөйлемге логикалық ойды білдіреді деген анықтама беріледі, бірақ ойды аяқтау үшін кейде бір сөйлем жеткіліксіз болатындығы белгілі. Сонда сөйлем пайымдауымен тепе-тең болып шықпайды.

Сөйлемнің қандай болсын басқалармен қатынас жасау, оларға өзінің ойын, ішкі эмоциясын білдіру үшін қолданылады. Осы тұрғыдан келгенде жай сөйлем мен құрмалас сөйлем парадигма құрай алады.

Мына кестеге назар аударайық:

Құраушы негіз	Синтаксистік парадигма
Мағынаның ортақтығы	1. жай сөйлем 2. құрмалас сөйлем

**Жай сөйлемдер:** Қатты жел тұрды. Теңіз толқыны күшейді.

**Құрмалас сөйлемдер:** Қатты жел тұрып, теңіз толқыны күшейді.

Құрылымдардың мағыналық ортақтылығы оларды бір парадигмалық қатарда қарауға мүмкіндік жасап тұр.

Жай сөйлемдердің күрделенген түрі де құрмалас сөйлемдермен қатар құрай алады. Мысалы: Бұрын жай адамды үйге маңайлатпайтын, бос жүрсе қандай адамды болса да алып тастайтын ит енді бөтен кісі көрсе, қыңсылап үйге тығылатын болды (С. Мұқанов). Бұл мағынаны мынандай тұлғамен де беруге болады: Бұл ит бұрын жай адамды үйге маңайлатпайтын, бос жүрсе қандай адамды болса да алып тастайтын, енді ол бөтен кісі көрсе, қыңсылап үйге тығылатын болды.

Құрылымдардың біріншісі жай (күрделенген жай) сөйлем де, екіншісі құрмалас сөйлемдерге жатады. Оларды парадигмалық қатарға біріктіріп тұрған мағынаның ортақтығы.

Құрмалас сөйлемдер де өзара парадигмалық қатар құрай алады. Құрмалас сөйлемдерді жай сөйлемнен ажырату мәселесі қазақ тіл білімінде де, жалпы түріктануда да үлкен талас тудырып келгендігі белгілі.

Қазақ тілінде құрмаласқан сөйлемдерді талдау П. И. Мелиоранскийдің еңбектерінен басталады. Автор мұнда оларды қазіргі қазақ тіл білімінде қалыптасқан жүйеде сөз етпегенмен, сабақтас жөнінде біршама дұрыс пікірлер айтқан. Мәселен, шартты рай етістігі сабақтас сөйлемнің екі түрін-шартты және мезгіл бағыныңқы сөйлемдер жасайтынын автор сол кезде-ақ айтып кеткен. Сол сияқты көсемшенің жұрнақтары сабақтас құрмалас сөйлемнің мезгіл, себеп, амал, мақсат, шарт түрлерін де жасай алатынын дұрыс баяндаған. Бірақ автордың құрмалас деп көрсеткен сөйлемдерінің түгелі дерлік дәстүрлі синтаксис тұрғысынан алғанда жай сөйлемдерге жатады. Жігіт тағы да аң аулай кетті. - Юноша опять ушел чтобы охотиться. Бір кішкене құла тай үстіне тер қатып жүр екен. - Небольшой серый жеребенок на нем пот засохши, бегал [5, 33 б.]. Міне, жоғарыда айтып өткеніміздей, автор сөйлемдердің қазақ тіліндегі құрамына қарамай, орыс тіліндегі аудармасына сүйенген. Сондықтан құрамына екі етістігі бар жай сөйлемдердің барлығы да құрмалас сөйлем болып табылған. Десекте, Мелиоранский қазақ тіл білімінде синтаксистің дамуына елеулі әсер етті деуге болады.

Бұл мәселені жиырмамыншы жылдардан бастап төл ғалымдарымыз да қолға ала бастады. Қазақ тілі білімінің барлық саласы сияқты құрмалас сөйлемдерге қатысты терминдердің түгелі дерлік сол кезден бастап қалыптасты. Сол кездерде талдап отырған материалдардың мазмұнын жете түсінетін түркі халықтарының төл ғалымдары көптеп шығы бастаған еді. А. Байтұрсынұлы, Ф. Капрюлю, Н. Хикмет, Х. Зайноллы, А. Низами, Ә. Шарипұлы және т.б. орыс түркологтары И. И. Мещанинов, С. Е. Малов, Л. В. Щерба, В. А. Гордлевскийлермен тең дәрежеде болғанын кезіндегі ғылыми баспасөзден, Бакуде өткен түркологтардың алғашқы құрылтайының материалдарынан анық байқауға болады. Отызыншы жылдардан бастап түркология ғылымының ұлттық жұлдыздары біртіндеп сөне береді де, оның көш басына орыс ғалымдары шықты. Бұл құбылыстың нақты көрінісі- елуінші жылдарға шейін кейбір түркі халықтарының ұлттық грамматикасын орыс түркологтарының жазуы.

Қазақ тілі білімін қалыптастыруда Ахмет Байтұрсынұлы салып теткен іздің өзіндік ерекшелігі бар. Ғалым еңбектерінде құрмалас сөйлемдердің жасалу тәсілдері арнайы сөз болмаған. Құрмалас сөйлемдер қазіргі қазақ тіліндегі қалыптасқан жүйеге сай өте дәлдікпен топтастырылған [6, 300 б.].

Отызыншы жылдардағы құрмалас сөйлем жайындағы пікірлер ең алдымен мектепке арналған оқулықтар мен оқу құралдарында кездеседі. Сондай алғашқы құралдардың бірі – С. Аманжоловтың басқаруымен жазылған «IV жылдық тіл кітабы». Мұнда көсемшелердің құрмалас сөйлем жасаудағы қызметі жөнінде сөз болған. Онда құрмаласты А. Байтұрсынұлының ізімен сиысқан және қиысқан деп екіге бөліп, соларға талдау жасаған. Ал, 1936 жылғы жазылған Қ. Жұбановтың «Қазақ тілінің програмында» салалас құрмалас сөйлемнің жасалу тәсілдері көрсетілген. Онда автор салалас құрмаластың он түрлі жасалу жолын көрсетеді де, солардың екінші түрі өткен шақ көсемше арқылы болатындығын айтады. Мұнда автор мысалдағы (Қой маңырап, түйе боздап, ауыл у-шу) жай сөйлемдердің бір-біріне мағыналық тәуелсіздігін критерий етіп алмағанға ұқсайды. Өйткені осы програмда сабақтастардың құрмаласуын бір ғана тәсілмен көрсетеді де, оған шартты рай формалары егістіктен болған сөйлемдерді ғана жағқызады [7, 23 б.].

Профессор Қ. Жұбанов салалас пен сабақтастың айырмашылығы жөнінде өзінің пікірін екінші бір еңбегінде сол кездегі Ақтөбе облысындағы жеті жылдық мектептің мұғалімі Жанғазы Жолаевқа жолдаған хатында айтқан: «Сабақтас күрделі сөйлем бас сөйлемнің бір мүшесіне ғана байланысты болады да, салаласта олай емес, бір сөйлем екіншісіне солайымен байланысады, біріне-бірі мүше емес. Жанғазы жас та, Ақжарқын –асау [8, 33 б.]. Бұл - салалас. Ал автор «Жұрт мақтайтын жырау - осы» деген сөйлемді сабақтас деп түсіндіреді.

Қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлем жөнінде арнайы еңбек жазғандардың қатары онша көп емес. Жоғарыда аталған П. М. Мелиоранский, А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбановтармен қатар Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, С. Жиенбаев, М. Балақаев, Т. Қордабаев, О. Төлегенов, Қ. Есенов, Қ. Шәукенұлы, Р. Әмір, Т. Сайранбаев, Б. Сағындықұлы, Қ. Мамбетбеков, Ұ. Салиева, М. Серғалиев, С. Айтжанова, Б. Қапалбеков, Ж. Садирова, Б. Елікбаев және т.б. кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғап, монографиялар жариялап, құрмалас сөйлем туралы көптеген мәселелердің шешімін табуға өз үлестерін қосты. Осы ғалымдардың зерттеулерінің арқасында құрмалас сөйлемдер ілімі теориялық жақтан да, практикалық жақтан да дамыды. Олардың барлығына жеке-жеке тоқталу біздің мақсатымызға жатпайды. Сондықтан біз оларды атап өтумен ғана шектеліп отырмыз. Кейінгі зерттеулерге үңілетін болсақ, құрмаластардың нақты аспектілері қаралып, мәселеге тереңдеп ену жағы басым болды. Құрмалас сөйлемдерді үш қырынан қарастыруға болады: біріншісі-құрылымдық типтері, екіншісі-мағыналық түрлері, үшіншісі-жасалу тәсілдері.

Дәстүрлі синтаксиске арналған еңбектерде осылай қарастырылып келеді де. Құрмаластар осы үш тұрғыдан да парадигма құрай алады.

Құрылымдық типтері: сабақтас, салалас және аралас байланысуы.

**Сабақтас+іргелес:** Көктем шығып, жер көгерді. Мал жайылымға шықты.

**Салалас+іргелес:** Көктем шықты, жер көгерді, мал жайылымға шықты.

**Аралас:** Көктем шықты, жер көгеріп, мал жайылымға шықты.

Көпсыңарлы салалас: Көктем шықты, жер көгерді, мал жайылымға шықты.

Көп бағыныңқылы сабақтас: Көктем шығып, жер көгеріп, мал жайылымға шықты.

**Жасалу жолдары:**

Күрделі құрылымдардың синтаксистік парадигмасын мынадай құрмаластар құрауы мүмкін:

**1. Салалас сөйлем**

а) жалғаулықты құрмалас

б) жалғаулықсыз құрмалас

**2. Сабақтас құрмалас сөйлем**

а) шартты рай арқылы жасалған сабақтас

ә) есімше арқылы жасалған сабақтас

б) көсемше арқылы жасалған сабақтас

**3. Күрделі құрмаластар**

а) Аралас құрмалас сөйлем

ә) Көп сыңарлы салалас

б) Көп бағыныңқылы сабақтас

Байқап отырғанымыздай, сегіз қатардан тұратын парадигма пайда болды. Белгілі бір мағынаны беру үшін осы сегіз қатардан да сөйлем шығады деп айта алмаймыз. Бұл берілетін мағынаның күрделілігі мен әмбебаптығына байланысты болады. Екіншіден, жоғарыдағы тұлғалардың тіл жүйесіндегі қолданғыштық потенциалына байланысты болады. Парадигма құралу үшін екі бірлік қатарласа келсе жеткілікті болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Есенов, Қ.** Құрмалас сөйлем синтаксисі. – Алматы, 1995.– 136б. – ISBN5-7090-0193-7.

2 **Салиева, Ұ.** Қазіргі қазақ тіліндегі жалғаулықсыз құрмалас сөйлемдер //фил.ғыл. канд. диссерт. – Алматы, 1974. – 159 б. – ISBN 9965-31-443-8.

3 **Пешковский, А. М.** Русский синтаксис в научном освещении. – М., 1955. – 520 б. – ISBN 5-8360-0412-9.

4 **Қордабаев, Т.** Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі. – Алматы : «Санат», 1955. – 175 б. – ISBN 5709001937.

6 Байтұрсынұлы, А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 23 б. – ISBN 5-7063-0320-7.

7 Жұбанов, Қ. Қазақ тілінің програмы. – Алматы, 1936. – 23 б. – ISBN 9965-26-096-6.

8 Жұбанов, Қ. «Жанғазы». – Қазақ тілі мен әдебиеті, 1958. – №2. – 33 б. – ISBN 9965-26-096.

Материал 24.08.15 баспаға түсті.

*М. М. Мусабаяева, Ш. К. Акимкожаева*

#### **Парадигма сложных конструкций в языкознании**

Алматы Менеджмент Университет, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 24.08.15.

*М. М. Musabaeva, Sh. K. Akimkozhaeva*

#### **Paradigm of complex structures in linguistics**

Almaty Management University, Almaty.

Material received on 24.08.15.

*В статье определяются пути образования синтаксической парадигмы сложных конструкций в традиционном казахском языкознании.*

*This article defines the formation way of syntactic paradigm of complex structures in a traditional Kazakh linguistics.*

#### **Г. Т. Мұхамеджанова**

докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

#### **КӨРІКТЕУІШ ТІЛДІК ҚҰРАЛДАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ**

*Мақалада поэтикалық көркем тіл көрсеткіші – көріктеуіш тілдік құралдардың кейбір теориялық мәселелері мен түрлері қарастырылды.*

*Кілтті сөздер: көріктеуіш құралдар, бейнелеуіш құралдар, бейне, сөз бейне, бейнелілік.*

Көркемдеу категориясының әртүрлі мағынада түсіндіріліп жүргендігіне байланысты «тілдің көркемдеуіш құралдары» ұғымы да әртүрлі анықталады. Кей ғалымдардың еңбектерінде «тілдің және сөйлеудің (егер олар автор сөзінің коммуникативтік мақсатымен сәйкес келсе) барлық құралдары көркемдеуіш құралдар бола алады» десе [1, 30], ал басқа ғалымдар тобы тілдің көркемдеуіш құралдары нақтылық, анықтық, экспрессивтілікке себепші болатын тілдік құралдар болып табылады және адресаттың сөйлеуді толық қабылдауын (мәтіндегі ақпаратты түсінуге максималды түрде жақындау) қамтамасыз етеді деп есептейді [2]. Тілдің көркемдеуіш құралдарын таңдау және қолдану сөйлеудің таңдалған жанры мен стиліне, әңгімелесу жағдайына, сонымен қатар автордың индивидуальдылығына да байланысты болады.

Отандық ғылыми еңбектерде көркемдеуіш, бейнелеуіш, көріктеуіш терминдері синоним ретінде қолданылады. Біз де өз зерттеуімізде «көріктеуіш құралдар» терминін қолдандық. Алайда орыстың кей лингвистикалық зерттеулерінде «көркемдеу – бейнелеу» категориялары ұқсас, бірақ бір емес деп көрсетіледі.

Бейнелеу категориясы туралы айтқанда, бейнелілік ұғымын түсіну қажет, ол, өз кезегінде, бейне терминінің әртүрлі мағынада түсіндірілуіне байланысты әрқилы беріліп жүр. «Бейне» терминінің көптеген түрлі мағыналарға ие екендігін есте сақтау қажет, әсіресе, ол «поэтикалық», «көркем», «шығармашылық» сияқты эпитеттермен бірге берілгенде немесе «бейнелі ойлау» сияқты тіркестерде қолданылғанда әрқилы түсіндіріледі. Мұндай жағдайлардың бәрінде «бейне» термині түрлі семантикалық реңктерге жүктелген. Сонымен, әдебиеттануда «ақиқатты түсіну және қайта қалыптастыру тәсілдері тек өнерге ғана тән, ерекше сипатталатын эстетикалық категория» деп түсіндірілетін көркем бейне түсінігі кең қолданылады. Бейне деп сонымен бірге көркем шығармада шығармашылық түрде жасалған кез келген құбылысты айтады, мысалы, соғыс бейнесі, халық бейнесі, романдағы Абай бейнесі».

Біз үшін сөз бейненің (словесный образ) ерекшелігі, бейне мен сөз арақатынасы туралы сұрақ маңызды. Бейнелілік туралы айтқанда, шығарманың поэтикалық тілі туралы сөз етеміз. Профессор Р.Сыздық: «Поэтикалық деген анықтауыш тек поэзияға қатысты ғана емес, жалпы бейнелілікке (образдылыққа), көркемдікке қатысты деген мағына береді. Сондықтан поэтикалық сипат өлең сөзге ғана емес, прозалық шығармаларда да көрінеді» деп түсіндіреді [3, 74].

Бірінші жағдайда бұл түсініктер көркем суреттеу құралдары деп аталатын мәтінді құрудың қандай да бір арнайы тәсілдерін қолданумен байланысты: «Поэтикалық образ – бұл анағұрлым күшті әсер туындату тәсілдерінің бірі. Тәсіл ретінде міндеті бойынша поэтикалық тілдің басқа тәсілдеріне, қарапайым және жағымсыз параллелизмге, салыстыруға, қайталауға, симметрияға, гиперболаға, жалпы алғанда, фигура аталатынның бәріне тең» [4, 333]. Поэтикалық бейне «стильдің құбылысы сияқты» «салыстыру, метафора, эпитет, метонимия, синекдоха, гипербола, параллелизм, ұқсату және т.б. түрлі поэтикалық құралдар қолданылған кезде көрініс береді.

Сөз бейненің негізі ретіндегі троптар мен фигуралар туралы концепциялар көркем мәтіннің «жалпы бейнелілігі» туралы ілімге қарсы қойылады (А. М. Пешковский, Г. О. Винокур, В. В. Виноградов, А. А. Потебня, Д. Н. Шмелев, В. Д. Левин және т.б.). Осы концепцияға сәйкес «...поэтикалық бейнелілік тек қана троптар мен фигураларда ғана емес, ойдан шығарылған немесе әлемнің эстетикалық бейнесінің өзіндік жүйесі ретіндегі поэтикалық сөздің ішкі мәнінде және оның эстетикалық құрылымының функционалды ерекшелігінде көрінеді» [5, 155].

Орыс ғалымы А. М. Пешковский Л. Н. Толстойдың «Кавказ тұтқыны» әңгімесінде троптардың болмауын көрсете және бұл шығарманың күмәнсіз бейнелілігін мойындай отырып, «мәселе тек бір ғана бейнелі сөйлемдерде емес, әр сөздің шарасыз бейнелігінде, себебі ол көркемдік мақсаттарда жалпы бейнелілік аясында беріледі (...). Арнайы бейнелілік сөздер сәтсіз қолданған жағдайда жай сөздерге қарағанда жүдеу нәтиже беретін бейнеліліктің бастауын күшейту құралы болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда, «бейнелі» сөз бейнелі емес сөзге қарағанда жүдеу болуы да мүмкін.

Г.О. Винокур да бейне мен бейнелілікті осы бағытта қарастырады: «Көркем сөз тек қана қалайда метафоралық қатынаста бейнелі емес. Метафоралық емес поэтикалық сөздерді, сөйлемдерді және бүтін шығармаларды көптеп келтіруге болады. Бірақ көркем сөздің шынайы мәні ешқашан оның тура мағынасында тоқтап қалмайды. (...) Поэтикалық тілде іс жүзінде, бос, өлі, шартты-еркін мағыналы уәжсіз сөздер мен формалар болмайды» (Г. О. Винокур, «Поэтикалық тіл түсінігі» мақаласы, 1947). Осы тұрғыдан келгенде, көркем әдеби шығарма құрылымында өткір экспрессивті-бейнелі қызметтер семантикалық бейтарап, мүлдем бейнелі емес есімдік сөздердің үлесіне түсуі мүмкін.

Д. Н. Шмелев бейнеліліктің 2 типін көрсетеді: көркем сөз және жалпыхалықтық тіл: «Тілдік бейнелілік – ұжымдық көрсеткіш, ал көркем бейне – жеке адамның көрсеткіші, оның мағынасы белгілі бір нақты мәнмәтінде толығымен ашылады. Көркем бейне «бейтарап» сөз құралдары арқылы да жасалуы мүмкін және олар сол кезде бейнелі сөз бірліктері бола алады» [6, 107].

Қарастырылған концепциялар бейнеліліктің екі типі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді: сөздер мен сөйлемдерді ауыспалы мағынада қолданылатын троптық және троптық емес («бейнелі емес бейнелілік»). Сөздің троптық емес бейнелілігі (сөйлеу, мәтіннің бөлігі немесе бүтін мәтін) деп оның авторлық эстетикалық міндетімен сәйкес келуі түсініледі.

Троптық бейнелілік және троптық емес бейнелілік те тілдің көріктеуіштері бола алады. Бізге В. В. Виноградовтың да пікірі маңызды: «ол сөзден, сөз тіркесінен, абзацтан, әдеби шығарманың бөлімінен және бүтіндей немесе бүтін әдеби шығармадан тұруы мүмкін. Бірақ ол әрқашан әдеби шығарма стилінің эстетикалық ұйымдасқан құрылымдық бірлігі болып табылады» [7, 107].

Сонымен, лингвистикада тілдің бейнелік-көркемдеуіш құралдары туралы екі түрлі түсінік қалыптасты.

Біріншісі («тар») «сөздердің тіркесуінің, бірігуінің және қолданылуының ерекше тәсілдерімен» (троптар мен стилистикалық фигуралармен) және кейбір «сөз арқылы сөйлеудің дыбыстық ұйымдасуының тәсілдерімен» (дыбыстық құралдармен – әуезділік, аллитерация, ассонанс, дыбыстық қайталаулар және б.) байланысты.

Осы терминнің екінші («кең») анықтамасына сай бейнелеуіш-көріктеуіш құралдар деп автор ойымен эстетикалық уәжделген тілдің барлық стилистикалық ресурстарын айтады.

Еңбектерде бейнелеуіш-көріктеуіш құралдары әркілі түсіндірілсе де, нәтижесі ретінде қарастырылып отырған ұғымды білдіруде терминологиялық әртектіліктің орын алғандығын айту қажет. Мысалы, троптар мен фигураларды көрсету үшін «поэтикалық құралдар», «сөздің бейнелеуіш құралдары», «көркем суреттеу құралдары» сияқты анықтамалар қолданылады, сонымен бірге, соңғы анықтама кейбір зерттеулерде бейнелеуіш-көріктеуіш құралдарды «кең» мағынада көрсету үшін қолданылады. Сондай-ақ,

- көркем сөз түрлері (Жұмалиев Қ.)
- бейнелеу, бейнелеуіш құралдар (сөздікте)
- көріктеу, шеберлік тәсілдері (Балақаев М.)
- стилистикалық құралдар (Шалабай Б.)
- көркемдік, көріктегіш құралдар (түрлі диссертациялық жұмыстарда)
- көріктеуіш құралдар (Сыздық Р.)

Тілдегі көріктеуіш құралдарға байланысты анықтап алатын мәселенің бірі – олардың түрлері. Тақырыпты зерттеу барысында тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдары тілдегі көріктеуіш құралдарды әртүрлі жіктейтіні байқалды.

Б. Шалабай өзінің «Қазақ тілінің стилистикасы» еңбегінде стилистикалық бояуының сипатына орай, тілдік құралдар функционалды бояулы және экрессивті бояулы болып бөлінетіндігі, функционалды бояулы құралдар функционалды стильдердің түр-түріне сәйкес өзіндік ерекшеліктерге ие болып, (мысалы, ғылыми стильдегі терминдер, көркем әдебиет стиліндегі троптар мен фигуралардың түрлері, ауызекі сөйлеу тіліндегі қарапайым сөздермен диалектизмдер функционалды бояулы құралдар), ал экрессивті құралдарға тілдің эмоционалды-экрессивті бояуға ие құралдары жататындығын көрсетеді [8].

Р. Сыздық «Сөз құдіреті» еңбегінде қазақ прозасы тілінің көркемдік-эстетикалық сипатын таныту үшін шығармадағы сөз таңдауы, сөз қолданысы, сөз әрлеуі секілді шеберлік сәттерін талдаған. Осы сөз әрлеу дегенде «көркем шығарма тіліндегі жеке сөздердің (және тіркестердің) «қылығы»: қызметі, стильдік жүгі», яғни адам сезіміне әсерлілікті күшейту мақсатында қолданылатын көріктеуіш құралдардың қолданысы. Автор көріктеуіш құралдар деп шығарма бойындағы эпитет, метафора, метонимия, литота, әсірелеу, теңеу, фразеологизмдер, парцелляция, қайталамалар, аллитерация, ассонансты талдаған [3].

Жас зерттеуші М. Т. Әбікенов «Сафуан Шаймерденов прозасы тілінің көркемдік ерекшеліктері» атты диссертациялық жұмысында көркем шығармадағы тілдік құралдар – жеке дыбыстардан бастап, лексема, фразеологизмдер, күрделі синтаксистік құрылымдар шығарманың мазмұнын беретін көркемдеуіш бірліктер деп тұжырымдайды [9].

Тіл ғылымы бойынша зерттеулерде дәстүрлі түрде мынадай топтарды кездестіреміз, бұнда негізінен тіл ғылымы саласының аспектілері мен тармақтарына қарай топтастырылады:

– фонетикалық көріктеуіш құралдар: дыбыстық қайталамалар, дыбыстарға еліктеушілік, дыбыстық символизмдер;

– лексикалық көріктеуіш құралдар: омонимдер, синонимдер, антонимдер, полисеманттар (сөздің көп мағыналылығы), паронимдер, стильдік бояулы лексика, фразеологизмдер, тарихи сөздер мен жаңа сөздер, кей реттерде диалектизмдер мен қарапайым лексика;

– сөзжасамдық көріктеуіш құралдар: экрессивтік мән тудыратын аффикстер; архаизм қатарындағы сөзжасамдық тұлғалар;

– грамматикалық көріктеуіш құралдар: сөз таптары нұсқаларының контексте ауысып қолданылуы;

– сонымен қатар тіл ғылымы бойынша зерттеулерде троптар мен стильдік фигуралар да аталады.

Тіл ғылымы бойынша бұлайша бөлуде функционалды стилистиканың тармақтары мен олардың ерекшеліктері, жеке адамның коммуникативтік акт кезінде ақпарат жеткізу мүмкіндіктері, адресаттың ақпаратты қабылдауын ескеру мәселелері есепке алынады. Сөйтіп, тілші-ғалымдар әрбір функционалды стильдің өз ерекшелігін және олардың ортақ сипаттарын, тіл арқылы қарым-қатынас жасау жағдаяттарының, жанр мен стильдің өзіндік айырмашылықтарын қарастыра келе, көріктеуіш құралдарға жүйелі тұрғыдан қарап, олар эмоцияны жеткізу, адресатқа қалайда әсер ету, айтылатын сөздің қарқындылығы, анықтығы, экрессивтілігі мақсаттарында жұмсалады деп бағалайды. Тілші-ғалымдар әсіресе газеттік-публицистикалық стильдің ерекшеліктерін басшылыққа алып, жоғарыда көрсетілген топтастыруларды осы стильдің басты белгілеріне байланыстырады, яғни фонетикалық, лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық көріктеуіш құралдар, троптар мен метафоралардың, эпитеттер мен теңеулердің, стильдік бояулы лексиканың жұмсалуы газеттік-публицистикалық стильдің басты белгілерінің бірі деп есептейді. Сонымен қатар көріктеуіш құралдардың көркем әдебиетте қолданысы да активті деп көрсетіледі.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Савова, М. Р.** Выразительность // Педагогическое речеведение: Словарь-справочник. – М. : Флинта : Наука. – 1998. – 308с. – С. 29, 30.

2 Стилистический энциклопедический словарь русского языка / под ред. М. Н. Кожинной. – М. : Флинта : Наука, 2006. – 696 с.

3 **Сыздық, Р.** Сөз құдіреті. – Алматы : Санат, 1997. – 224 б.

4 **Шкловский, В.** Собрание сочинений в трех томах. Том третий. О Маяковском. За и против. Достоевский. Из повестей о прозе. Тетива. – М. : Художественная литература, 1974. – 744 с.

5 **Виноградов, В. В.** Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. – М. : Изд-во АН СССР, 1963. – 255 с.

6 **Шмелев, Д. Н.** Функционально-стилистика дифференциация языковых средств // Грамматические исследования: Функционально-стилистика аспект. – М. : Наука, 1989. – 284 с.

7 **Виноградов, В. В.** Проблемы русской стилистики. – М. : Высшая школа, 1981. – 320 с.

8 **Шалабай, Б.** Қазақ тілінің стилистикасы. Оқу құралы. – Алматы: Республикалық оқулық баспа орталығы, 2006. – 304 б.

9 **Әбікенов, М. Т.** Сафуан Шаймерденов прозасы тілінің көркемдік ерекшеліктері. Ф.ғ.к. дәрежесін алу үшін дайын диссерт. Астана, 2006. – 125 б.

Материал 09.09.15 баспаға түсті.

*Г. Т. Мухамеджанова*

### **Виды выразительных языковых средств**

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы.  
Материал поступил в редакцию 09.09.15.

*G. T. Mukhamejanova*

### **Types of expressive language means**

Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty.  
Material received on 09.09.15.

*В статье рассматриваются некоторые теоретические вопросы и виды художественных языковых средств.*

*Some theoretical questions and types of artistic language means are examined in the article.*

ӨОЖ 82-9,882.151.212.2

### **Қ. С. Мұхитов<sup>1</sup>, А. Қ. Трушев<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>магистрант; <sup>2</sup>С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

## **МӘШҰР-ЖҮСІП ЖИНАСТЫРҒАН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

*Берілген мақалада Мәшүр-Жүсіп Көпейұлы жинаған мақал-мәтелдерінің классификациясы және жинастыру үлгісі қарастырылған.*

*Кілтті сөздер: мақал-мәтелдер зерттелуі, мақал-мәтелдер классификациясы, фольклорист-ғалым, нақыл сөздер.*

Мақал-мәтелдер – әрбір халықтың көне байлығының рухани қазынасы. Ол – өз бастауын адам баласының тым ертедегі саналы қоғам құраған балаң кезінен алып, ғасырлар бойы еленіп-екшеліп, сұрыпталып, толассыз толығып, келе жатқан жанды құбылыс, халық даналығының қорланып жиналған қоры, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан рухани мирасы.

Қазақ мақал-мәтелдерінің бастау көзі сонау Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастау алады. XII-XIII ғасырлардан бізге жеткен жазба ескерткіштердің тілінде мақал мен мәтелдер баршылық. Мысалы: Орхон жазбаларында: «Бастыны еңкейтіп, тізеліні бүктірген» («Күлтегін» жырынан), «Өлімнен ұят күшті» («Тоныкөк» жырынан) деген мақал-мәтелдерді кездестіреміз. Ал Махмұт Қашқаридің «Дивани лұғат-ат түрік» сөздігінен: «Ұлы болсаң, кішік бол, халық үшін бәлік бол», ал «Құдатғу біліктен»: «Біліп сөйлеген білекке саналар, білімсіз сөз өз басын жояр» [1, 56 б.] дейтін мақал-мәтелдерді байқауға болады. Бұл деректерге сүйене отырсақ, мақал-мәтелдердің бастауы сонау көне ескерткіштерден бастау алып, шығармалардың тілінде қолданыста болғанына көз жеткіземіз.

«Мақал мәтелдердің пайда болып, қалыптасуы үлкен екі факторға байланысты. Оның біреуі – сыртқы фактор болады да, екіншісі – сәйкесінше ішкі фактор» (Ә. Қайдар).

Ғалымның зерттеуіне сүйене отырып, мақал-мәтелдердің шығуын ішкі фактор қатарына жатқызып, оны этностық қауымның ұзақ тарихи процесіне, тіршілік тәсілдеріне, өзіндік дүние танымы мен болмыстағы құндылықтарды бағалай білуіне байланысты деп білсек, сыртқы факторын сол этникалық қауымның бір табиғи ортада, географиялық аумақта, бірге жасап, біте қайнасып кеткен басқа халықтармен араласуының, бір-біріне тигізетін рухани-мәдени әсеріне байланысты деп қараған жөн.

Мақал-мәтелдердің зерттелуін бүкіл тюркология көлемінде қарасақ, Нәкый Исәнбаттің «Татар халық мәкәльләре» (40 мыңға жуық мақал), С. Гапаровтың «Синтаксический строй киргизских пословиц», Ю. Ф. Ефимовтың «Лексика-грамматические особенности» сынды еңбектерін келтіруге болады.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің зерттелуі Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерге қатысты материалдарға шолу жасау барысында оларды жинақтау, сұрыптау, жүйелеу, жариялау ісінің екі кезеңнен тұратыны анықталды, оның алғашқысы – XIX ғасырдың екінші жартысы. Кеңес дәуірінің 1948 жылдарына дейін мақал-мәтелдерді тек халық аузынан жинап, жеке басылым ретінде шығару жұмыстары жүргізілген болса, екінші кезең - оларды тілдік тұрғыдан зерттеудің қалыптасуымен сипатталады.

Қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым – Ш. Уәлиханов. Ал баспа бетіне тұңғыш жариялаған қазақ ағартушысы Ы. Алтынсарин болатын. Одан соң, 1899 жылы өзіне дейінгі жарияланған 1500 мақал-мәтелдерді жинақтап, «Сборник киргизских пословиц» (Оренбург) деген атпенен қазақ тілін алған зерттеуші тюркологтардың бірі В. В. Катаринский жариялайды.

Осы дәстүр жалғасып, қазақ мақал-мәтелдері 1923 жылы Мәскеу қаласында «Мың бір мақал» деген атпен, 1927 жылы Ташкентте «Қазақ мақалдары» деген атпен (құрастырушы Ә. Диваев), Алматыда 1935 жылы



«Қазақ мақалы мен мәтелдері» деген атпен (құрастырушы Ө. Тұрманжанов) жариялана бастайды [2].

Ш. Уәлиханов пен Н. Н. Березин архивтерінде XIX ғасырдың елуінші жылдарында ел аузынан жазып алынған екі жүзден аса мақал-мәтелдер сақталған. Сондай-ақ, қазақ ауыз әдебиетінің басқа үлгілерімен бірге қазақ мақалдары мен мәтелдерін де жинақтап, жеке жинақтар шығарып, қазақ тілі мен әдебиетінің, тіл ғылымының, мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан Ы. Алтынсарин, Ө. Диваев, В. Радлов, Щ. Ибрагимов, М. Терентьев, т.б. сынды ағартушы, ғалымдардың еңбегі ерекше.

Қазақ мақал-мәтелдерінің ғылыми тұрғыдан зерттелуіне арналған іргелі монографиялық зерттеулер де, мақалалар да баршылық. Солардың ішінен ғалым Б. Шалабаев алғашқылардың бірі болып, аталмыш тұрақты тіркестер тобын арнайы қарастырып, олардың негізгі мағыналық топтарын, жанрлық ерекшеліктерін анықтады. М. Ғабдуллин өзінің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» деген еңбегінде қазақ халқының шаруашылығын, кәсібін, тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын мақал-мәтелдердің өмір танытқыштық мәні мен қызметін айқындаса, С. Нұрышев оларды даму тарихы тұрғысынан қарастырды.

Мақал да, мәтел де қазақ тіліне араб тілінен кіріккен. Арабша мақал «орынды айтылған сөз» дегенді білдіреді екен. Мәтел сөзі [масал] сөзінен деформацияланған (с~т). Мақалдарды мәтелдерден айыру керек. Мақалдың басты өзгешелігі болып оның бітімі және дидактикалық мазмұны табылады. Мәтел үйрету мінезімен, ақылды қорытындының бітімсіздігімен айырылады. Сонымен мақал-мәтелдің жалпы мағынасы оның құрамындағы компоненттердің (мақал мен мәтел) тура мағыналарынан туындаса, мәтелдердің жеке мағынасы оның астарлап айтылған ауыспалы идиомалық мағыналары негізінде қалыптасады. Мақал, әдетте жалпылама мағынаны білдірсе, мәтел белгілі бір ситуацияға байланысты іске асқан, не асуға тиісті құбылыстың, не іс-әрекеттің тек өзіне ғана тән мағынасын білдіруге бейімділігі [3, 56 б.].

Сонымен мақал дегеніміз – нақыл сөз. Ол өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, түйіп, ықшамдап беріп, бір не екі тармақтан тұратын, алдыңғы жолдарында пайымдап, соңғы жолдарында қорытылған ой айтады. Көбіне ұйқасқағ аллитерацияғағ ассонансқа бейімделіп құрылады.

Мақалдар тура және ауыспалы мағынада қолданылады. Ауыспалы мағынадағы сөздер ішкі астары бар, тұтас бір ойды білдіреді («Бір жеңнен қол шығар, бір жағадан бас шығар»), («Ырысқа қарай ұл өсер, Қонысқа қарай мал өсер»), («Ел – ырыстың орманы, ер – ырыстың қорғаны»), («Ер жігіт үш ақ үй тігеді, үш қара үй тігеді»).

Мәтел – өзінің негізгі түйіндеуін кесіп айтпайтын, бір-бірімен кереғар шендестіруі жоқ, қорытындысы тұспалды, қысқа да нұсқа нақыл сөз. Мақалға өте жақын. Мәтел сыңар тармақ болып келеді. Сөз үстемелене келіп, мақалға

айналады. Мысалы, «Қаңбақтан қашсаң, дөңбекке» – мәтел. «Қаңбақтан қашсаң, дөңбекке жолығасың» – мақал. Мәтел тура, ауыспалы, астарлы мағынада қолданылады. Мәтел адамның айтқан пікіріне ой қосады, сезімін әсерлі де айшықты жеткізеді.

Зерттеушілер арасында, «мақал мен мәтелдің қайсысы бұрын пайда болды?» деген сауал бар. Біздің ойымызша: мақал-мәтелдердің құрам-құрылым жағынан бұрын соң шықты деп айту талас тудырса да, мағына жағынан мақалдардан мәтелдер бұрынырақ пайда болғанға ұқсайды. Өйткені логикаға жүгінсек, себебі мен салдарын бірден айтатын мақалдарға қарағанда себебін ғана айтып, салдарын этнос жадынан тауып білуді талап ететін мәтелдер бұрынырақ дүниеге келген көне де байырғы құбылысқа ұқсайды [3, 58 б.].

Мақал-мәтелдер күнделікті қолданатын ауызекі сөйлеу стилінде, публицистикалық жанрларда, кейбір ғылыми контексттерде, кез келген көркем шығармада кездеседі. Бұдан мақал-мәтелдердің аса кең диапазонда қолданыс табатынын аңғарамыз. Мақал-мәтелдер аса бұрыннан зерттеушілік жұмыстардың бір нысаны болып келе жатқандықтан, осы аталған мақал-мәтелдерге әдебиет, тіл, философия, педагогика тұрғысынан анықтама беруге болады. Маселен, белгілі орыс ғалымы Г. Л. Пермяков: «С одной стороны, пословицы и поговорки – явления языка, устойчивые сочетания, во многом сходные с фразеологическими оборотами. С другой – это определенные логические единицы, выражающие то или иное суждение. С третьей – это художественные миниатюры, в яркой, чеканной форме обобщающие факты самой действительности», [4, 10 б.] – деп көрсетсе, академик Мұхтар Әуезов: «Мақал-мәтелдер халық әдебиетінің қоғамдық құбылыстарын кең қамтып, өмірдегі әр қилы қарым-қатынастарды әсерлі де көркем бейнелейтін, тақырыбы, идеялық мазмұны бай, ең бір мол саласы» – деп тұжырымдайды.

Қазақ халқының мақал-мәтелдерін жинастырып зерттеген, топтап жүйелеген фольклорист-ғалымдар бірқыдыру көп. Олардың ішінен бөліп көрсететініміз – Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Оның жинаған жазба мұраларынынан көптеген құнды деректер кездестіруге болады. Аталған деректерден алып қарастыратынымыз – мақал-мәтелдер болмақ.

Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында фольклордың барлық жанрлары қамтылған. Егер жанр бойынша жіктеп жүйеге келтірсек, ертегілерден 15 шақты мәтін үлгі; батырлық жырлардан – 5-6; ғашықтық жырдан – 2-3; қисса-дастандардан – 11-12; тұрмыс-салт жырларынан – 30-40 шақтысы; аңыз-әңгімелердің – 200-300 үлгісі; жаңылтпаштың – 100-150 шақты көлемі; жұмбақтың қара сөз бен өлең түріндегісі – 50 шақтысы; мақал-мәтелдердің 2,5 мың жолдық мөлшері; ақындар айтысының 27 үлгісі; 30-40 шақты ақын-жыраулардың өлеңдері, дастандары т.б. орын алған. Сондай-ақ қолжазбалар ішінде шежірелер, діни өлеңдер мен нақылдар, әлі баспа бетін көрмеген

күлдіргі сөздер топтамасы, т.б. нұсқалары бар. Мұндай үлгілерді жинағанда ара-жігін бөліп-жармай, жаңа-ескі деп қарамай, шамасы келгенше фольклордың әр жанрын қамтып, барлығын жан-жақты жинауға тырысу тек Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлында ғана емес, көптеген басқа фольклорист ғалымдардан көптеп кездестіруге болады [5].

Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында сақталған мақал-мәтелдер тақырыптарының көп түрлілігімен құнды. Бұл тақырыптағы мақал-мәтелдердің жіктелісіне қарағанда, Мәшһүр-Жүсіп халықтың өміріне, тұрмыс-тіршілігіне, адамның түрлі мінез-құлықтарына т.б. байланысты туған мақал-мәтелдер тобын мол жинаған сынды. Бірақ жазбада сақталған мақал-мәтелдер жеке мысалдармен топтастырылып, олардың өзіндік ерекшеліктері, мән-маңызы ашылмаған деуге болады. Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында сақталған мақал-мәтелдердің осындай тұстарын айқындап, саралап, жүйеге келтіру маңызды деп білеміз. Жазбада сақталған мақал-мәтелдердің тақырыптық тобы әр алуан. Мәселен 1) *Өнер-білім, ақыл туралы* мақал-мәтелдерді сараптасақ: Ақыл – малда, көрік – көмейде; Ақылсыз бас – аяқтың әлегі; Ақылы жоқтың – жақыны жоқ; Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады; Өнер алды – қызыл тіл; Өнерді үйрен де, жирен; 2) *Бінтымақ-бірлік жайындағы* мақал-мәтелдер: Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді; Ердің ерлігін білмеген – Құдайдың «бірлігін!» білмейді; 3) *Адамгершілік-сыйластық жайында*: Иесін сыйлағанның – итіне сүйек сал; Үлкейіп барып, сыпайыны көр, кішірейіп барып, шынайыны көр; 4) *Адамның мінез-құлқы жайындағы* мақал-мәтелдер: Айдан – анық, сүттен – ақ, күннен – жарық, судан – тұнық; Сарғайған жетер мұратқа; 5) *Денсаулық, ауру турасындағы* мақал-мәтелдер: Айналырған ауру алмай қоймас; Ауру – астан, дау – қарындастан; 6) *Ел мен жер жайлы* мақал-мәтелдерге: Ел даусыз болмайды, тау құрсыз болмайды; Жақсы болсаң, жердей бол, бәрін шыдап көтерген; 7) *Еңбек туралы мақал-мәтелдер*: Бейнет түбі – рахат; Ексең егін, ішерсің тегін; 8) *Әділдік туралы мақал-мәтелдер*: Әділ биде ата жоқ, тура биде туған жоқ, туғанына бұрған биде иман жоқ; Әділ бидің елін дау араламайды, әділ патшаның елін жау араламайды; 9) *Барлық пен жоқтық турасындағы мақал-мәтелдер*: Бар ағайын пәтуада болмас, жоқ ағайын сатуда болмас; 10) *Отбасы, жанұя туралы мақал-мәтелдер*: Жақсы әке – қырық жыл азық; 11) *Мал туралы мақал-мәтелдер*: Малды – тапқанға баақыз, отынды – тергенге жаққыз; Малым – жаным садақасы, жаным – арым садақасы; Мал – байдікі, жан – Құдайдікі; Мал бітсе көзге тал бітеді; 12) *Сөз өнері, тіл жөніндегі* мақал-мәтелдер: Басқа пәле неден? Басқа пәле – тілден!; Қызыл тілде буын жоқ; Тіл – қайыстан қатты, қылыштан өткір; 13) *Жақсы мен жаман туралы* мақал-мәтелдер: Жақсы жүрісінен пұл болады, жаман жүрісінен құл болады; Жылқыда өт жоқ, жақсыда кек жоқ, жаманда тек жоқ; Жақсы – көргенін айтады, жаман – бергенін айтады; жақсы лепес – жарым

ырыс; 14) *Санға байланысты*: санамасаң, саннан шық; мың асуға – бір тосу; Мыңды беріп, бірді алсаң, бір байырғыдай болмайды; Мыңның түсін білгенше бірдің атын біл; Қырық кісі – бір жақ, қыңыр кісі – бір жақ; қыс тоқсан түспесе, мұз қатпайды; Жетім құрсағы – жетеу; Жұт – жеті ағайынды, күйеумен – сегіз ағайынды; 15) *Қыз-ұл атаулыға қатысты мақал-мәтелдер*: Қыз – қылығынан; Қыздың қырық жаны бар; Қызың өссе, қылықтымен ауыл бол, ұлын өссе ұлықтымен ауыл бол; Қыз ауыр ма, тұз ауыр ма? Ұл жеп жайына кетті, қыз жеп байына кетті; Ұл он беске жеткенше – қолға ұстаған қобызың, ұл он бестен асқан соң, тіл алмаса – доңыздың. 16) *Ұрлық-қарлық туралы*: Ұрлық қылса, өледі, шөп жесе, қақалады; Ұры байымас, сұқ семірмес; Ұры басынып ұрлайды, қонақ таңдап қонады; Ұры – түн асқанша, қасқыр – дөң асқанша;

Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында сақталған осындай мақал-мәтелдер тақырыптарының көп түрлілігімен, әрі көлемділігімен құнды. Мәшһүр-Жүсіптің шығармаларының V-томдығында 1152 мақал-мәтелдер алфавит реті бойынша берілген. Мұнда адамның мінез ерекшелігіне, бітіміне, тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына, дінге т.б. байланысты түрлері көптеп кездеседі. Мәселен, қолжазбада: «Қазақтың: Ат – биеден, алып – анадан» деген сөз тараулары мәнісі, «Екі қырағыдан су қараңғы», «Ұйқыда өскен бұзау өгіз болмайды», «Абылай аспас сары бел» дегеннің мәнісі, «Ала арқан жоғалады, бір лақ алып табылады» дегеннің мәнісі, қазақ: «піріден емес, мұраттан» деуінің мәнісі, – деп аталатын т.б. мақал-мәтелдер топтамаларының қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімін танытудағы мәні үлкен. Сондай-ақ қолжазбалардың бірінде Мәшһүр-Жүсіп саны 176 мақал-мәтелді бір бөліп көрсеткен. Мұндағы мақал-мәтелдердің барлығы рет-ретімен нөмірленіп жазылған. Және де әр беттегі әр мақал-мәтел басынан аяғына шейін жаңадан нөмірленіп көрсетіліп жалпы қолжазбаның 13 бетін қамтиды.

Мәшһүр-Жүсіп өз жазбаларында қысқаша түрде жазып алған мақал-мәтелдерінің кімнен, қалай, нендей жағдайда көшірілгеніне анықтама беріп отырған. Мысалы, «Байды Құдай атқаны, «Жабағы жүнін сатқаны», – деп басталатын топтаманы Мәшһүр-Жүсіп Шортанбай қожа айтты десе, «Қарадан хан қойса, қасиетті болмайды, Үлгісізден би қойса, өсиетті болмайды», «Кәлимасыз пір болса, кереметі болмайды, Үлгісізден би қойса, өсиеті болмайды» деп басталатын бір топ мақал-мәтелдерді Мұса Шорман би ұғлынан естігенін жазып қалдырған. Сол сияқты Исабек (Ғайсабек) ишан дуамнан мына мақалды естігенін жазады: «Байлық – мұрат емес, жоқтық – ұят емес». Сондай-ақ «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді», «сөз тапқанға қолқа жоқ» мақалдарының қайдан шыққаны, түп төркіні туралы қызықты, баянды әңгіме түрінде айтып береді. Міне, осы сынды қысқаша түсіндірмелер, сілтемелер Мәшһүр-Жүсіп күнделіктерінен, қалдырған қолжазбаларынан көптеп кездеседі. Мұның өзі фольклорлық мұраны

жинастыруда фольклорист-ғалымның тыңғылықты жұмыс атқарғандығын аңғартады.

Мәшһүр-Жүсіп жинастырған мақал-мәтелдердің мағына-мәні де мейлінше терең, дені айшықтау түріне бай келеді. Сөздердің өзара үндесіп, үйлесуі, ішкі ұйкастардың бірізділігі, ассонанс, аллитерациялардың мол қолданысы бірден көзге түседі. Мәселен, «Ағайын арасынан ақсайды, «Ат турасынан ақсайды», «Алма алмадан реңк алады», «Ұйықтаған ұйқы алады», «Ұйықтамаған жылқы алады», т.б. ассонанс арқылы жасалса, «Күндестің күлі – күндес», «Сұлу – сұлу емес, сүйген – сұлу», «Қатын қайраттанып, қазан қайнатпайды», «Қойдан қоңыр қойшының өгізі», «Күлсең, кәріге күл», т.б. мәтелдердің аллитерация арқылы жасалған бірнеше үлгісін көруге болады [6].

Қазақ мақал-мәтелдерінің жиналуы, жариялануы, зерттелуі сөз болғанда, Мәшһүр-Жүсіп еңбектерінен аттап өту – ғалымның еңбегін бағаламаумен пара-пар келеді. Оның мақал-мәтел тақырыбындағы жинастырған зерттеулері бірталай дүние. Осы күнге дейін ғұламаның қыруар шығармалары жарыққа шыққанымен, әлі де болсын кейбір еңбектері аударылмай, баспа бетін көрмеген. Мұның өзі фольклор танушының мұрағатының қалыңдығын байқатады. Осыған қарағанда атқарылатын еңбектің де көп болғаны. Ғалымның мұраларын жинастырып, жариялау ісі – бүгінге ұрпақтың еншісінде. Бұл істің әлі де жалғасын табары анық.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Қашқари, М.** («Диуани лұғат-ит-түрк») 3 томдық шығармалар жинағы. Т.1. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы : ХАНТ, 1997. – 592 б.
- 2 [http://semgu.kz/files/shakarim2013\(4\).pdf](http://semgu.kz/files/shakarim2013(4).pdf)
- 3 **Қайдар, Ә.** «Халық даналығы» Алматы : Тоғанай Т., 2004. – 559 б.
- 4 **Пермяков, Г. Л.** «Пословицы и поговорки народов Востока». – 1979. – 359 б.
- 5 [http://kk.wikipedia.org/wiki/Мәшһүр\\_Жүсіп\\_Көпеев](http://kk.wikipedia.org/wiki/Мәшһүр_Жүсіп_Көпеев).
- 6 12. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 5-том. – Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2005. – 410 б.

Материал 11.09.15 баспаға түсті.

*К. С. Мухитов, А. К. Трушев*

### Изучение пословиц собранных Машһүр-Жусупом Копеевым

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 11.09.15.

*К. С. Мухитов, А. К. Трушев*

### Study of proverbs collected by Mashkhur Zhusup Kopeev

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 11.09.15.

*В данной статье рассматриваются классификация и образцы сбора пословиц собранных М. Ж. Копеевым.*

*In the article there are reviewed the classification and samples of proverbs collected by M. Zh. Kopeev.*

УДК 81'373.611

**Р. А. Омарова, Г. К. Кенжетеева, Р. Д. Кенбаева,**

<sup>1</sup>к.ф.н, профессор; <sup>2</sup>к.ф.н, ассоциированный профессор; <sup>3</sup>студент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар

## АББРЕВИАТУРЫ, ИЛИ СОКРАЩЕНИЯ

*Аббревиатуры актуальны не только при изучении новых слов, но и при переводе иностранных текстов. Перевод сокращений и аббревиатур всегда являлся актуальной темой для изучения, но в последние десятилетия ему уделяется особое внимание. Аббревиатуры в иноязычном тексте могут привести к сложности при его переводе.*

*В данной статье освещается история возникновения аббревиатур, их типы и разновидности, возможные варианты расшифровки аббревиатур при переводе.*

*Ключевые слова: аббревиатура, аббревиатура буквенная, аббревиатура звуковая, рекурсивная аббревиатура, акронимы.*

Что нужно знать и помнить при употреблении в письменном языке, а также в последующем при переводе аббревиатур. Во – первых, конечно, почему они появились и какую роль они выполняют в настоящее время. Итак, краткий экскурс в историю возникновения аббревиатур.

Аббревиатуры, или сокращения, издавна применялись на письме у всех народов, обладающих письменным языком. Целью сокращений были экономия места на носителе текстовой информации (бересте, керамических табличках, пергаменте и т. д.) и быстрота написания часто употребляемых слов и выражений. Одними из первых аббревиатуры появились в античных надписях,

позднее получили распространение и в рукописях. С помощью так называемой суспензии, то есть используя начальные буквы слов, римляне сокращали сначала имена собственные (C. – Gaius, Q. – Quintus), а в дальнейшем и другие слова (cos. – consul, v. c. – vir clarissimus, «светлейший муж»). Повторение одной и той же буквы обозначало множественное число (coss. – consules, vv. cc. – viri clarissimi). Аналогичные аббревиатуры встречаются в греческих курсивных папирусах и надписях на монетах. Аббревиатуры использовались также для сокращения единиц меры и веса. Римские юристы так часто прибегали к суспензии, что были составлены своды сокращений (Notae iuris) и системы (правила) сокращения букв, которые дошли впоследствии до средневековья. Одной из таких систем стала система «Тироновых значков», являющихся основой римской тахиграфии (быстрописи). Древние римские аббревиатуры, или тиротанские отметки, перешли вместе с латинским языком в Средние века, где они встречаются прежде всего в надписях и на монетах, а затем в рукописях, особенно начиная с XI века, также и в грамотах, из которых они не исчезают до XVI века включительно. Встречающиеся в позднейших латинских рукописях и грамотах аббревиатуры состоят, обыкновенно, из пропусков, а ещё чаще – из соединений букв.

С тех пор, как вошли в употребление прописные греческие и латинские буквы, появились настоящие сократительные знаки для слогов, двойных согласных, двойных гласных и целых слов. В греческих рукописях встречается множество подобных знаков, отчасти перешедших и в печатные издания греческих писателей, из которых совершенно исчезли лишь в новейшее время. Поэтому в старинных греческих грамматиках можно найти перечень употребительнейших аббревиатур. Метод контрактуры, то есть сокращение слова с помощью его начальных букв и окончания, греки использовали вначале для сокращённого написания так называемых Nomina sacra («священных имен»), например  $\theta\varsigma$  вместо  $\theta\epsilon\omicron\varsigma$  («бог»). Римляне заимствовали эту систему и применяли её и для обозначения обычных понятий (frs – fratres, брат, gra – gratia, благодарность). Условное обозначение сокращения, черта над аббревиатурой, сменила примерно в III веке нашей эры обычную ранее точку. Аббревиатуры были заимствованы также и из скорописи, например = «esse» («быть»), – «est» («есть»).

Уже в позднем римском курсиве использовались почти все виды аббревиатур. В средние века аббревиатуры получили дальнейшее распространение, в особенности в юридических, медицинских и богословских текстах.

В настоящее время они употребляются в письменной форме лишь для частной или личной потребности в скорописании; но в тех бумагах, которые назначаются и для прочтения другими, в особенности печатных, их стараются избегать. Только в некоторых случаях допускаются исключения:

встречаются в научных работах, при цитатах, библиографических указаниях, технической документации и пр. нельзя избежать аббревиатур;

1) в научных работах, при цитатах, библиографических указаниях, технической документации и пр. нельзя избежать аббревиатур;

2) в отдельных науках, как математика, информатика (языки программирования, базы данных, САПР), астрономия, физика, химия, естественная история, грамматика, музыка изв. аббревиатуры и даже чертежи вызываются необходимостью;

3) для единиц измерения СИ и СГС;

4) для указания монет и денежных единиц;

5) в особых справочных изданиях – календарях, лексиконах, библиографиях; наконец, в некоторых литературных произведениях, особенно английских, по старой привычке удерживаются сокращения некоторых, беспрестанно употребляемых слов.

В переводческой практике часто случается, что в тексте оригинала попадают аббревиатуры, незнакомые переводчику. Очень важно правильно расшифровать такие сокращения для качественного перевода оригинала на русский язык или другой иностранный язык. В этом поможет подборка словарей аббревиатур, акронимов для перевода с английского, французского, немецкого и других языков.

Довольно часто пользователи ищут расшифровку таких сокращений, как пп или п/п, которые часто употребляются в таблицах в графе «номер по порядку». Однако, у таких коротких сокращений может быть не одна, а несколько расшифровок. Поэтому нужно внимательно смотреть, соответствует ли выбранный вариант тематике документа. Так, например, аббревиатура ПО может быть расшифрована как «производственное объединение», так и «программное обеспечение» или ещё несколько десятков вариантов. У этого термина существуют и другие значения, см. Аббревиатура (значения). **Аббревиатуры** (итал. abbreviatura от лат. brevis – краткий) делятся на сложносокращённые слова и инициальные аббревиатуры. **Сложносокращённое слово** – это слово, составленное из сокращённых начальных элементов (морфем) словосочетания. **Инициальные типы сложносокращённых слов** или акронимы – это слова, образованные путём сложения начальных букв слов или начальных звуков, в свою очередь подразделяются на аббревиатуры буквенные, звуковые и буквенно-звуковые.

Разновидности:

### 1 Инициальная аббревиатура

**1.1 Аббревиатура буквенная** составлена из алфавитных названий начальных букв слов, образующих исходное словосочетание.

КНБ [ка-эн-бэ] – Комитет национальной безопасности  
м.н.с. [эм-эн-эс] – младший научный сотрудник.

СМК [эс-эм-ка] – стандарт менеджмента качества

МКС [эм-ка-эс] – международная космическая станция

ВСМ [вэ-эс-эм] – войска специального назначения

ОБСЕ [о-бэ-эс-е] – организация по безопасности и сотрудничеству в Европе

В составе русских буквенных аббревиатур чтение некоторых названий букв может не совпадать с их общепринятыми названиями в алфавите.

Так, буква «Ф» («эф») может произноситься как «фэ»:

ФБР [фэ-бэ-эр] – Федеральное бюро расследований

ЛФК [эл-фэ-ка] – лечебная физическая культура

РФФ [эр-фэ-фэ] – радиофизический факультет

Буква «К» («ка») может произноситься как «кэ»:

КСК [кэ-эс-ка] – кооператив собственников квартир

Буква «Н» («эн») может произноситься как «нэ»:

ДНР – [дэ-нэ-эр] - Донецкая народная республика

Буква (эл) может произноситься как «лэ»

ЛНР [лэ-нэ-эр] – Луганская народная республика

Буквы «С» («эс») и «Ш» («ша») как «сэ» и «ше»:

США [сэ-ше-а] – Соединённые Штаты Америки

Буква «С» (эс) может произноситься как «сэ»

БСМП [бэ-сэ-эм-пэ] – больница скорой медицинской помощи

**1.2 Аббревиатура звуковая** (аббревиатура акрофонетическая) образована из начальных букв элементов исходного словосочетания, но читаемая не по алфавитным названиям букв, а как обычное слово (например, «ЦУМ» читается как [цум], а не [цэум]):

АСУ – автоматизированная система управления

вуз – высшее учебное заведение

ГЭС – гидроэлектростанция

ГРУ – главное разведывательное управление

МИД – министерство иностранных дел

**1.3 Аббревиатура буквенно-звуковая** образована частично из названий начальных букв, частично из начальных звуков слов исходного словосочетания.

ГИБДД [ги-бэ-дэ-дэ] – Государственная инспекция безопасности дорожного движения

**1.4 Бэкроним-аббревиатура**, составленная по уже существующему слову. При этом бэкроним может как объяснять исходное значение слова, так и придавать слову новое значение.

КАСКО – Комплексное Автомобильное Страхование Кроме Ответственности. Также является фактически расшифровкой испанского слова casco (остов, корпус), которым назван этот вид страхования.

Бэкроним также может быть шуточной расшифровкой уже существующей аббревиатуры.

ОБЖ – Общество Беременных Женщин (варианты: Охрана Беременных Женщин, Общество Бездомных Жён).

**1.5 Рекурсивная аббревиатура (рекурсивный акроним). Основная статья: рекурсивный акроним.**

Расшифровка включает и саму аббревиатуру.

RHP – RHP Hypertext Preprocessor

**1.6 Аббревиатуры-слова** (смысловые) Начальные буквы являются обычным словом

SMILES – англ. Simplified Molecular Input Line Entry Specification

SMART – англ. Smiles ARbitrary Target Specification, System Management

Arts

**2 Сложносокращённые слова** (слоговая аббревиатура)

**2.1 Сложение начальных частей двух и более слов**

продмаг – продовольственный магазин

завлаб – заведующий лабораторией

Коминтерн – коммунистический интернационал

Интерпол – интернациональная полиция

старпом – старший помощник

стройбат – строительный батальон

машфак – машиностроительный факультет

**2.2 Сложение начала одного слова с другим словом словосочетания**

завсклад – заведующий складом

матчасть – материальная часть

медчасть – медицинская часть

дипработник – дипломатический работник

роддом – родильный дом

медработник – медицинский работник

драмкружок – драматический кружок

телесеть – телевизионная сеть

теракт – террористический акт

разведуправление – разведывательное управление

**2.3 Сложение начальной части слова с формой косвенного падежа существительного**

завкафедрой – заведующий кафедрой

беруши – «береги уши» (название затычек для ушей)

**2.4 Сложение начала первого слова с началом и концом второго или только с концом второго**

мопед – мо(тоцикл)+(велоси)пед

**3 Графическое сокращение**

«т. д.» – так далее.

«т. п.» – тому подобное.

- «т. е.» – то есть.  
 «т. к.» – так как.  
 «т.н.» – так называемый.  
 «т. о.» – таким образом.  
 «т. с.» – так сказать.  
 «н/д» – нет данных.

#### 4 Смешанное сокращение

Начальная часть слова соединяется с аббревиатурой

РосНИИ – Российский научно-исследовательский институт

КазГосНТИ – Казахский Государственный научно-технический институт

БелАЗ – Белорусский автомобильный завод

КамАЗ – Камский автомобильный завод

#### 5 Тавтологическое сокращение. Основная статья: Плеоназм

Устойчивые словосочетания, в которых аббревиатура (как правило, иностранного происхождения) используется одновременно со словом (обычно перевод последнего слова), которое входит в данную аббревиатуру

вирус ВИЧ

DVD-диск

PIN-код

язык HTML

IP-протокол

SMS-сообщение

VIP-персона

ГИС-система

АвтоВАЗ – автомобильный Волжский автомобильный завод

БТА банк – Банк Туран Алем банк

IT-технологии

#### 6 Заимствованные слова, бывшие изначально в родном языке сокращениями

спам – от англ. spam – Shoulder of Pork and hAM («свинные лопатки и окорока»), а по другим данным, от англ. SPiced hAM (Интересен тот факт, что в литературе по созданию сетевых протоколов, служб и прочего SPAM расшифровывается как System Post Automatic Mail, что в переводе означает Система Автоматической Почтовой Рассылки. Кстати такая расшифровка более подходит и по смыслу и по самому принципу, в народе же больше прижилась версия происхождения от словосочетания Seriously Pissing-off Advertising Mail, что можно перевести как «действительно раздражающая рекламная почта»).

лазер – от англ. laser, сокращение от light amplification by stimulated emission of radiation.

квazar – от англ. quasar, сокращение от QUASi stellAR radio source «квазизвёздный – радиоисточник».

интернет – от англ. Internet, сокращение от Interconnected Networks – объединённые сети.

Выше изложенное можно использовать при восприятии, воспроизведении, понимании и переводе аббревиатур, которые в достаточной мере употребляются в допустимых случаях исключения, которые мы позволим себе назвать еще раз:

1) в научных работах, при цитатах, библиографических указаниях, технической документации и пр. нельзя избежать аббревиатур;

2) в отдельных науках, как математика, информатика (языки программирования, базы данных, САПР), астрономия, физика, химия, естественная история, грамматика, музыка изв. аббревиатуры и даже чертежи вызываются необходимостью;

3) для единиц измерения СИ и СГС;

4) для указания монет и денежных единиц;

5) в особых справочных изданиях – календарях, лексиконах, библиографиях; наконец, в некоторых литературных произведениях, особенно английских, по старой привычке удерживаются сокращения некоторых, беспрестанно употребляемых слов.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Ахманова, О. С. Словарь лингвистических терминов. – 2-е изд. – М. : Советская энциклопедия, 1969. – 608 с.

Материал поступил в редакцию 11.09.15.

*Р. А. Омарова, Г. К. Кенжетаяева, Р. Д. Кенбаева*

#### Аббревиатуралар немесе қысқарған сөздер

*С. Торайғыров атындағы*

*Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.*

*Материал 11.09.15 баспаға түсті.*

*R. A. Omarova, G. K. Kenzhetayeva, R. D. Kenbayeva*

#### Abbreviations or shortenings

*S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.*

*Material received on 11.09.15.*

*Аббревиатуралар жаңа сөздерді зерттеуде ғана емес, сонымен қатар шетел тіліндегі мәтіндерді аударуда да өзекті. Қысқарған*

сөздер мен аббревиатураларды аударуға соңғы он жылда ерекше мән берілуде, өйткені шетел тіліндегі мәтіндерде кездесетін аббревиатураларды аудару қиындық туғызуы мүмкін.

Мақалада аббревиатуралардың шығу тарихы, олардың түрлері мен типтері, аударма кезінде аббревиатуралардың мағынасын ашу варианттары қарастырылады.

*Abbreviations are topical not only while learning new words, but while translating foreign texts. Translating shortenings and abbreviations has always been a topical issue to study, but during the last decade it is paid a special attention.*

*Abbreviations in a foreign language text may lead to difficulties while being translated.*

*The present article is devoted to the history of abbreviations emergence, their types, and varieties, possible options of decoding the abbreviations in the process of translating them.*

ӨОЖ 212. 522. 122 (61)

### **Б. Т. Панзабек<sup>1</sup>, У. Куанышқызы<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.м., аға оқытушы; <sup>2</sup>«Филология» мамандығының 2 курс магистранты, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

## **КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ПСИХОЛОГИЗМ МӘСЕЛЕСІ**

*Мақалада көркем әдебиеттегі психологизм мәселесі қарастырылып, оның бүгінгі қазақ әдебиетіндегі маңызы мен өзектілігі сөз етіледі. Сонымен қатар осы саланы зерттеушілердің нақтылы зерттеу жұмыстары арқылы дәйектеледі. Жазушы қаламынан шыққан туындылардың психологиялық шығармаларға жатқызудағы басты критерийлерді анықталып, психологиялық туындының маңыздылығын көрсету мақаланың өзектілігі болып табылады. Жиырмасыншы жылдары қазақ әдебиет әлеміне жаңа серпін әкелген М. Әуезов шығармашылығы қарастырылып, психолог-жазушының адам психологиясына терең үңіле білуі, ішкі сезімін, толғанысын жоғарғы деңгейде суреттей алу ерекшелігі жайлы айтылады. Әлем әдебиеті мен орыс әдебиетін зерттеушілерінің психологизмге қатысты құнды пікірлері келтіріліп, сол арқылы қазақ әдебиетіндегі психологизм табиғатын түсіндіруге болатындығы көрсетіледі.*

*Кілтті сөздер: психологизм, психологизм табиғаты, тип, адам жанының диалектикасы, психологиялық талдау, жисынттық бейнелеу, психолог-жазушы.*

Әдебиеттану ғылымының жүйелі түрде шұғылданатын негізгі мәселелерінің бірі - көркем әдебиеттегі психологизм тақырыбы. Бүгінгі күнге дейін көркем әдебиеттегі психологизм жайлы бірқатар зерттеу жұмыстары жасалынған. Сондай-ақ бұл тақырып өз маңызын әлі күнге дейін жоймай, әрі қарай зерттеуді талап етіп отыр. Өсіресе, романдардағы көркемдік психологизмге байланысты нақтылы зерттеу жұмыстары басымдық. Ал, шағын әңгіме-повестер әлі зерттеліп, әрі қарай көркемдік әлемі мен даралық сипаттары тұрғысынан зерттеуді талап етіп келеді. Қазақ ауыз әдебиетіндегі лиро-эпикалық жырлардың жанрлық ерекшелігі әу баста кейіпкердің ішкі сезім күйлері, психологизмі, лирикалық және эпикалық баяндаумен астасып келетіні бәрімізге белгілі. Сондықтан осы жағынан алғанда, бұл тақырып өзекті. Қазақ әдебиетінің көркем повестеріндегі психологизм табиғатын жан-жақты зерделеп көру қажеттілігі туындап отыр.

Әлем әдебиетінде, орыс әдебиетінде психологизмнің жай күйі туралы бірнеше монографиялық еңбектер жазылып, маңызы жоғары материалдар қатары баршылық. Алайда, соған қарамастан психологизмнің көптеген теориялық аспектілері зерттеуден тыс қалып келеді. 70-80 жылдардағы психологизм мәселесі барлық ұлттар әдебиетінде бар. Сондықтан психологизм мәселелерін қазақ әдебиетіндегі қалыптасқан әдеби дәстүрмен байланыстыра отырып, оның идеялық даму барысын талдап, қазіргі стильдік дамудағы орнын анықтауға болады. Адамдардың рухани және материалдық өміріндегі күрделі, прогрестік өзгерістер және сондай өзгерістерге байланысты туған адамдардың интеллектуалдық талап-тілектері қазақ әдебиеті алдында үлкен міндеттер туғызуда. Дәлірек айтқанда, дүниедегі өзгерістер қазақ әдебиетін, қазіргі адамның ішкі дүниесін, талап-тілегін, дүниетанымын, қоғамдық өмірдегі тарихи рөлін бейнелейтін анағұрлым жетілген көркем тәсілдерді табуы талап етіп отыр.

Көркем суреттеудің хас шебері, заманының заңғары М. Әуезовтің: «Орыс жазушыларында анық сүйетінім: Толстой мен Достоевский. Адам жанын соларша қойма ақтарғандай ақтармаған соң, жазушылықтың мәні де жоқ. Прозаға психология араласпаса, өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы» деген сөзінің өзі психология ғылымының көркем әдебиетпен қаншалықты тығыз байланыста екендігін аңғару қиын емес. «... көркем шығарма – адам психологиясының ішкі иірімдері. Күрделі де, терең ойлау жүйесі, сана мен сезімдегі жанды қозғалыстарды ашу арқылы ғана ажарлана түседі», – деген сөздері көркем әдебиет үшін адам психологиясын оқырманға ұтымды, ұғынықты етіп жеткізе білудің маңыздылығын көрсетеді [1, 129 б.].

Кез келген үлкен қаламгер өз тақырыбын үнемі іздеп жүреді. Бірі оны қоғамнан, бірі отбасылық өмірден, енді бірі жеке адамдардың басындағы қайғы-реніштен табады. Сол арқылы әркім өзінің тақырыбындағы психологиялық жай-күйді жеткізуге тырысады. Ал, Әуезов повестерінде жеке адамның психологиясын тереңірек аша түсу, оның жеке басының күйініш-сүйініш сезімін әсерлі беру мәселелеріне басымдық беретінін аңғарамыз. Кейіпкердің жан дүниесіне үңіліп, оны әр қырынан танытатын көркемдік құралдарды пайдалану арқылы ғана жазушының шеберлігі, таланты байқалады. Әдебиеттің сатылай даму жағдайына байланысты уақыттың алға қойған талаптарының бірі – адам жанының диалектикасын ашу, кейіпкердің рухани әлеміне үңілу, ішкі жан сарайына психологиялық талдау жасау, адамның ішкі дүниесінің құпиясын ашу болып отыр.

Психологизм табиғаты кез келген шығармада кездеседі. Сондықтан да психологизм табиғатының кішкентай көріністеріне қарап ондай шығармаларды психологиялық туындыларға жатқыза салуға болмайды. Оқырманды бастан-аяқ бір психологиялық күйден екінші психологиялық

күйге оңай ауыстыра алатын, шығармадағы кейіпкердің жан толғанысын, ішкі сезімін, жай-күйін бірге сезініп, сонымен бірге ойланып, бірге дйттіген мақсатына жету үшін соңына дейін кейіпкермен бірге өмір сүргізетін шығармалар қатарын психологиялық туындыларға жатқызуға болады. Алайда адамның ішкі жан дүниесіне ерекше көңіл бөлетін, оны терең суреттей алатын жазушыны психолог-жазушы деуге әбден болады. Себебі, мұның өзі - бір өнер. Жазушының даралық сипатының бір көрінісі. Психолог-жазушылардың қолданатын психологизмінің екі типі бар. И. В. Страхов бойынша нақтылап керсетіп берсек: «Психологизмнің екі типі бар: кең типтегі психологизм және тар типтегі психологизм», - дейді әдебиет зерттеушісі [2, 4].

Бұл жердегі тип дегеніміз шартты түрде айтылып отыр, ал психологизм әртүрлі әдістерге, бағыттарға ортақ. Тар типтегі психологизм деп жеке адамның ішкі жан дүниесіне ерекше көңіл бөлетін, оны неғұрлым тереңірек, дәлірек, толығырақ сипаттайтын шығармаларды айтсақ, кең типтегі психологизмге адам өмірін, оның әлеуметтік тұрмысын ішкі жан сарайы арқылы жалпылама сипаттайтын әдебиетті жатқызуға болады.

Жалпы адамның өзіне тән мінез-құлқын сипаттау жағынан алғанда психологизмнің екі түрлі аспектісі бар. Біріншісі, жеке адамның мінез-құлқын, оның ойы, эмоциясы арқылы сипаттауға болады. Екіншісі, адамның мінез-құлқын психологиялық суреттеусіз-ақ беруге болады. Яғни, кейіпкердің ішкі жандүниесін тікелей суреттемейді, алайда оның күрделі характерін тек қана оның іс-қимылынан білуге болады.

Көркемдік психологизм үшін мінез-құлқын қарастыру тәсілінен гөрі, кейіпкердің ішкі жан дүниесін, ойын, толғанысын көркем түрде суреттей білудің маңызы зор. Егер көркем шығармада кейіпкердің мінез-құлқын ашып көрсету үшін негізгі тәсіл ретінде психологиялық суреттеу қолданылса, онда шығарманың психологизмі жөнінде әңгіме қозғауға болады.

А. Иезуитов: «Психологизм – мазмұн мен форманың да маңызды проблемасы: ол адамның аса бай, ішкі өмірін бейнелеп жеткізуде мазмұн мен формаға соқпай өтпейді. Бұл ретте әсіресе, жазушының психикалық машығы мен жеке тәжірибесі, жалпы барша болмысы ашық әрі көрнекті рөл атқарады», – деген екен [3, 47].

Психологиялық талдау мәселелері орыс және әлем әдебиеттерінде кеңінен зерттелген, ал қазақ әдебиетінде әлі күнге дейін өзекті тақырыптардың бірі болып, өзектілігін жоймай келеді. Көркем сөздің үлкен шебері М. Әуезов «Заман шарты» деген мақаласында: «Біз адамның сыртқы ісін көп баяндап, оның ішкі жан дүниесіне аз үңілеміз, образдарды даралау, характер дәрежесіне жеткізу үшін психологиялық талдауға көңілді баса бөлген жөн» деді [4].



Осы тұрғысынан алғанда психологиялық суреттеудің негізінен үш түрлі формасын И. В. Страхов ұсынып, былай тұжырымдаған екен: «Психологиялық талдаудың негізінен екі формасы бар: біріншісі, кейіпкердің мінез-құлқы, оның ішкі ойы, түсі, елесі арқылы суреттеу, яғни іштей психологиялық талдау жасау. Екіншісі, сыртқы психологиялық талдау жасау, яғни, кейіпкердің мінез-құлқы оның сөйлеу ерекшелігі мен мимикасы және тағы басқа психологияның сыртқы көрінісі арқылы суреттеу» [2]. Ал, психологиялық суреттеудің үшінші формасын жиынтық форма деп атаймыз. Жиынтық бейнелеуде кейіпкердің ішкі дүниесінде өтетін процестер неғұрлым қысқа түрде беріледі. Мысалға алатын болсақ, Стендаль адам сезімін атап келеді де, бірақ оны толық суреттемейді. Міне, осындай суреттеуді жиынтық бейнелеу деп атауға болады. Ал психологиялық бейнелеудің үш формасы арқылы бір ғана психологиялық күйді сипаттауға әбден болады.

Өмірдегі шындық пен көркем шындықтың бірлігін сақтау – әдебиеттегі психологизмнің басты мақсаты болып табылады. «Көркем шығармадағы өмір шындығының басты бір кепілі психологияда, соны жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық, творчестволық феномен – психологизм», – деген зерттеуші Б. Майтановтың сөзі бар [5, 4].

Бұл жерден аңғарғанымыздай, жазушыға ең алдымен оқырман үдесінен шығу үшін жазып отырған еңбегіндегі негізгі шындыққа назарын көп аудару. Солай ғана өз оқырманын табады әрі жоғалтпайды. Ағылшын жазушысы Э. Хемингуэй осы жайлы былай деген екен: «Егер жазушы өзінің не жазып отырғанын өте жақсы білетін болса, өзінің білетінінің көбісін тастап кетуі мүмкін. Жазушы шындықты жазатын болса, онда оқырман жазушының не айтқысы келгенін жазушыдан кем түсінбейді» [6, 188].

Заманымыздың заңғар жазушысы, ұлы суреткер М. Әуезовтің артына қалдырған рухани мол мұрасының, әлі де болса ашылмаған қырлары мен сырларының көп екендігі айтпаса да түсінікті. Өлемдегі кез келген кемеңгер жазушының шығармашылығы тәрізді М. Әуезов шығармаларының тағылымы – таусылмас қазына.

Қаламгердің жиырмасыншы жылдардың орта тұсында жаңа сапалық қадамдары – «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман». Осыған дейінгі шығармаларында М. Әуезов көбінесе қоғамдық, әлеуметтік қайшылықтарды ашуды, әшкерелеуді ғана негізгі нысана етіп келсе, ендігі жерде бостандық, ерік, бақыт үшін қажырлы күреске шыға алатын жандардың тағдырын көрсетуге ойысты. Суреткер өзінің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінде өктемдікке қарсы наразылық білдіріп қана қоймай, әлеуметтік теңдік үшін күресе білетін езілген тап өкілінің толыққанды ұнамды бейнесін жасай алды.

М. Әуезовтің жиырмасыншы жылдардағы шығармаларында көбінесе ескі қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігі сөз етіліп келгендіктен, зерттеушілер тарапынан жазушының сол уақытта жарық көрген туындыларындағы сатылап

жетіліп, айқындалып, күрделеніп көрініс берген эволюциялық өзгерістерге жете мән берілмеді. Шынында да осы аталған кезеңнің өзінде- ақ жазушының дүниетанымында ірі жаңарулар орын алған-ды.

«Суреткер белгілі бір қоғамда өмір сүреді, білгілі бір қоғамдық коллективтің мүддесіне ортақтасады, сондықтан оның творчествосында да белгілі қоғамдық мән және мазмұн бар. Бұл даусыз шындық», – деп академик З. Қабдолов айтқандай, осы шындықты әр ұрпақ өз заманының тұрғысынан қарап, саралап өз сөзін айтары сөзсіз. Заман озған сайын оған әр ұрпақ өз таным деңгейі тұрғысынан оралып соғып отырады. Оның үстіне егемендік лебі, тәуелсіз сана осы бір қатпары мол шығарманың тарихи-әлеуметтік мәніне терендегіп үнілдіре түседі.

Жиырмасыншы жылдардың күрделі кезеңі жазушы өмірі мен шығармашылығына үлкен сын болды. Қазақ даласында болып жатқан өзгерістер мен сілкіністер ел тұрмысы мен әлеуметтік ахуалын ауыр күйге душар етті. Ойлы, саналы азаматтардың ұлт тағдырына деген алаңдаушылығын туғызды, олардың тұншыққан ой-пікірлері көркем шығармаларда жиі бой көтеріп отырды. Бұл кезең Әуезов үшін ғана емес, сол дәуір саналыларының көпшілігіне жеңіл жүк болған жоқ, әйтсе де, Әуезов үлесіне тиген салмақты орны айырықша еді. Бір жақсысы, жиырмасыншы жылдарда ойды тежеу, сақтана сөйлеу, көлбіртіп айту машығы болмады.

М. Әуезов алғашқы шығармаларының өзінде-ақ өмір шындығын бар болмысымен шебер жеткізіп, «бұның бәріне кім кінәлі?» деген сауалды көлденең тартады. Оны «тек қырдағы көп пысықтың көп пасықтығынан» ғана көріп қана қоймай, азып-тозып, ыдырап, келешегін жоғалта бастаған феодалдық-патриархалдық үрдістердің бұдан әрі шыдап болмас әлеуметтік қайшылықтары мен рухани азғындауын жеріне жеткізе әшкереледі. Ойшыл талант зиялы қауым көкірегіндегі осы сауалға жауап іздеді.

Әуезовтің осы бір сұрапыл жылдары тарихи тақырыпқа жазылған шығармалары өз кезеңінің шындығын, отарлаудың қоғам мен санаға тигізген зиянын көркем түрде ашық жеткізумен ерекшеленеді. Бұл орайда әдебиеттанушы әрі жазушы З. Қабдолов та қаламгердің күрделі туындылары негізінен тарихи тақырыпқа арналғанымен, түпкі мақсаты өзі өмір сүрген дәуірдің шындығына оқырман назарын аудару екендігін атап өткен. Осы жылдары жазылған көркем туындыларына мазмұн, сюжеттік желі, идеялық арқау болған факторлар – дала қазақтарының мінезі, сыры мен сипаты, ру аралық қақтығыстар, күштінің әлсізге көрсетер жәбірі, бай-жуандардың кедейлерге үстемдігі мен өктемдігі, қалың мал, барымта, құн, жер, жесір дауы. Бірақ мұның бәрі жалаң баяндалмай, терең, ойлы да сырлы суреттер болып келеді. Сондықтан да бұл шығармалардың ең басты тақырыбы – адамның ішкі жан дүниесі. Әдебиеттану терминімен айтсақ – психологизм.

Психологиялық тереңдік, тіл шеберлігі жазушының алғашқы туындыларының өзінде-ақ кеңінен көрініс берді. Тақырыбы ортақ сюжеттері желілес әңгімелердегі аянашты ауыр хал әсерлігінің үстіне, өмір үшін күресудің керектігін де меңзейді. Зәбір көріп, жапа шеккендер тағдырдың тауқыметіне әртүрлі жолмен қарсы тұрады. Тіпті олар өздерін құрбандыққа да шалуға даяр. М. Әуезов бейнелеуіндегі кейіпкерлер тағдыр ауыртпалығын көп көрген рухы мықты адамдар ретінде көрінеді. Жалпы Әуезовтің алғашқы туындыларында өмір ағысындағы, қоғам дамуындағы адамдардың тауқыметі тағдыры арқылы адам жан дүниесіндегі ішкі қайшылықтарды ашу басты өзек болып тартылады. Осы жылдардағы шығармаларда айырықша көзге түсетін бір жай - өмірден соққы көріп, ауыр азап тартқандардың ар-намыс, адамгершілік қасиеттерін ашып көрсету, яғни, қазан төңкерісінен бұрынғы қазақ даласының тіршілігі мен тағдыры – Әуезовтің жан-жақты зер салып, терең таныған дүниесі. Әдебиетке үлкен жол салған жазушы қаламының тегеурінді екенін таныта отырып, әуелгі қадамынан-ақ сол кездегі қоғамдық тіршіліктің қай саласына да батыл араласып, қазақ қауымының ең күрделі, ең өзекті мәселелерін қозғағаны көрінді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Жұртбай, Т.** «Ұлы қаламгердің қиын кезеңі». – Жұлдыз. – №10. – 1991. 129 б.
- 2 **Страхов, И. В.** Психологический анализ в литературном творчестве: В 2 ч. – Саратов, 1973. – Ч 1. – 4 с.
- 3 **Иезуитов, А.** Проблема психологизма в эстетике и литературе. Сб. «Проблемы психологизма в современном литературе. – Л., 1970. – 47 б.
- 4 Қазақ әдебиеті газеті. – 1960. – №28.
- 5 **Майтанов, Б.** Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы : Жазушы, 1987. – 4 б.
- 6 **Хемингуэй, Э.** Избранное произведения. – М., 1959. – т 2. – 188 с.

Материал 28.08.15 баспаға түсті.

*Б. Т. Панзабек, У. Қуанышқызы*

### **Проблема психологизма в художественной литературе**

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.  
Материал поступил в редакцию 28.08.15.

*B. T. Panzabek, U. Kuanyshkyzy*

### **The problem of psychology in imaginative literature**

Kazakh State Women's Pedagogical University, Almaty.  
Material received on 28.08.15.

*В данной статье рассматривается проблема психологизма и определяется основа психологизма, также его значение и место в казахской художественной литературе. Теоретически обоснованы главные критерии психологизма и на основе этого объясняется актуальность и значительность данной статьи. Также был проделан обзор исследовательских работ по мировой и русской литературе. На основе этих исследований можно теоретически обосновать проблему психологизма в казахской литературе. В статье рассматриваются разные взгляды о психологизме, объясняется с точки зрения аспекта необходимость и возможности.*

*This article considers the problem of psychology, its importance and relevance in the modern Kazakh literature. The article also identifies the main criteria of psychological works. The article discusses different views of psychology, explains aspect in terms of necessity and possibility.*

ӨОЖ 821.512.122:398

### **Б. А. Рустембаева**

магистрант, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

## **ХАЛЫҚТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ-ТӘРБИЕЛІК МӘНІН АШУДАҒЫ ЭТНО-ФОЛЬКЛОРЛЫҚ САРЫҢДАР (ОБАЛ, САУАП, КИЕ Т.Б.) МЕН ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ҰҒЫМДАРДЫҢ КӨРКЕМДІК МӘНІ**

*Мақалада қазақ прозасының мәтіндік құрылымында адамзат баласы санасының сонау сәби шағынан бастап түрлі тарихи кезеңдерді жинақтайтын сенім, түсінік іздері көрініс тапқан екені сөз етілген. Әрине, этнография, фольклор, көркем әдебиеттің әр қайсысы бөлініп, енісініп алып, ақ отау тіккендей өз алдына тарихы, бай тәжірибесі мен өзіндік бағыт-бағдары қалыптасқан жеке-жеке жүйе екендігі бесенеден белгілі. Оларды көркемдік тұрғыдан ұштастырып, түрлі ғылым салалары арасындағы диалектикалық бірлікті өз талап-талғамына жарату хас талантқа ғана тиесілі.*

*Қазақ халқының табиғатындағы әңгімешілдік тарихи жадының мықтылығы көркем прозаның күні бүгінге дейінгі асыл арналарының бірі. Қандай проза түрін алсақ та, ондағы дәстүр мен салттың, танымының ежелден бергі үзілмеген арқауы әрбір қаламгер шеберлігіне байланысты әрқилы көрініс тауып отырады. Бұл әсіресе өмір мен өлім мәселесін қозғауда айқын көрінеді.*

*Кілтті сөздер: фольклор, психологизм табиғаты, тотемдық ұғым.*

Көркем шығарманың тіліндегі фольклорлық сана мен үрдісті бөлшектеп алудың мүмкін еместігі, олардың диалектикалық бірлігі мәңгілікке жалғасатын заңдылық екендігіне осы туынды айғақ бола алады. Себебі, құмалақтың болжамына 40 жыл сүйеніп, үмітпен өмір кешкен ананың үмітінің өшу сәтін суреттеуде түс көру мотивін зерделілікпен пайдаланған. Жазушы композициясындағы тағы бір ерекшелік – сюжет арқауына түс көру эпизодын кіргізу тәсілі. Түс – сюжетті ашатын кілт, характерлердің көңіл-күйінен хабар береді, оның қорқыныш күдігін, арман-қиялын елестетеді. Кейде түс көру әлемі уақиғаны көмкеру орнына жұмсалады.

Нұрбердінің қарасұр жүзі демде түнеріп сала берді. Құмалақты асықпай үш салаға бөліп, әр саланың үймесін төрт-төрттен жіктеп, екшеп, шаршылап тартып болған ол, еңсесін көтермей, бір әудем уақыт үнсіз отырып қалды.

– Иә, Құдай, жебей гөр өзін, – деп күрсінді Жұмағыз кемпір. – Жебей гөр жалғызымды...» [1, 125].

Адам тағдырындағы көнеден келе жатқан ұғымдардың мән-маңызы, жайсыз түсіне қобалжып, құмалақшыға қайта үңілген сәттегі осы бір ауыз сөзіне сидырылған.

Ал құмалақшының оқыс шешім қабылдап жылдағыдан бөлек құмалақты сөйлетуі Жұмағыз кемпірді ғана емес, бүкіл жұрттың ой-санасына қалай әсер еткенін баяндайтын тұстарда да психологизм заңдылықтары шебер үйлескен.

Нұрберді тамағын бір кенеп алып, тағы бірер сәт үнсіз толғана түсіп, пәстеу үнмен сөйлеп кетті:

– Жеңгей, көрген түсің бекер болмас, құмалақ жылдағыдай емес, хабары көңілді көншітпей отыр. Бекем болғаның жөн. Есіл азамат елге, өзіңе оралғысы-ақ келген, бірақ амал қайсы, тағдыр жазуы солай болыпты... Соған енді көнуіміз керек те, жеңгей. Бекем бол!.. Жан-рухы пейіштің төрінен орын алыпты Сейітжапарыңның, иманы жанатты болсын!..» [1, 126].

Дидахмет Әшімханұлының «Зауал» әңгімесінде аң мен құстың киесі туралы ұғым өзек етілген. Қазақ фольклорындағы ертекерде жаралы құсқа жасаған достығы үшін қарақұс пен бүркіт адамға қазына тарту етеді. Тотемдік ұғым поэтикалық тәсіл қызметін атқарады. «Аңның адамға көмегі – адамның жасаған жақсылығына қарымтасы деп түсініледі. Ежелгі сенім

бойынша тотем бүкіл руды, тайпаны қорып жүреді, егер аңшы жыртқыш хайуанмен айқаста тотем көмектеспесе, сәттілік болмайды. Өйткені, ол рудың әр мүшесін қорғап-қолдап жүреді. Сол себепті әрбір аңға, жолға, жорыққа шыққан адам рудың тотеміне сыйынады. Оны өзінің иесі, киесі деп біледі. Сондықтан ертегіде қамқоршы аңдар адамға ғажайып шарапат жасағаны туралы суреттеліп, көне дәуірдің тынысы бізге жеткен» [2, 213].

Осындай табиғаттың бірлігін ту еткен әңгімелер кең тараған. Ал осы бірлікке қарсы әрекет еткендер жазаға ұшырайды дейтін мифтік сана бүгінгі прозада экологиялық апатты, адам сезімінің жұтандыққа ұрынуын көрсетуде көп пайдаланылады. Талданып отырған әңгіме кейіпкері Кемелдің тығырыққа тірелген тұсын табиғат құбылысымен астастыра суреттеу шеберлігі табиғатқа эстетикалық қатынасты аңсаудан туған.

Пейзаждық бейнелер арқылы әдетте эпикалық кейіпкердің дүниеге, түрлі-түсті сұлулыққа қатынасы айқындалып, әсерлі бір суреттер жасау үшін әр түрлі құбылыстар өзара салыстыра алынады. Жаратылыс шындығы сыртқы түр-тұрпат сұлпасын жеткізудің негізгі бір құралы ретінде көріне отырып, алдымен ол адамды уағыздайды, адамды түсіндіреді.

Өнер туындыларындағы да байырғы мифологиялық наным-сенімдердің біртіндеп адам баласының жеке сезім, көңіл-күй иірімін суреттеуге ауысуының нәтижесінде табиғатқа кәдімгі шын мағынасындағы эстетикалық қатынас орнығады. Бұл таным тарихы дүниені көркемдік тұрғыдан игерудің бір ұлы бастамасы болатын.

«Кемелдің көз алдында шыр көбелек айналып жатқан сансыз шырақ біртіндеп алыстай берген сияқты... Иә, әне, олар шырқай көтеріліп барды да, шырқау биікке байланды да қалды. Байланған жерде бұны мазактағандай тұс-тұстан жымыңдап қоя берді. Артынша Кемелге оның барлығы шырап-бұлдырап қып-қызыл тұман қойнына сіңіп кеткендей болды...» [3, 115]. Шығармадағы табиғат көрінісі, пейзаж көбіне адаммен тұстасып, оның көңіл-күйімен, оның ішкі өмірімен, толғаныс-қуанышымен, сезім құбылысымен тығыз байланыста дамып, кейіпкерінің айналасынан алған әсеріне, сол сәттегі сезімдік қабылдауына қарай құбылта бейнелейді.

